


Жуқан
Желтоқсан

Ақ
Сарбаз





Алматы — «КӨКІЛ» — 1997

ББК 84 Қаз 7-4.

Ж 43

Ж 43 Желтоқсан Ж. (Едихан Шаймерденұлы).
Ақ Сарбаз.— Алматы: Көкіл, 1997.—232 бет: илл.
ISBN 9965-9019-2-9

Кітап Жиһан, Адам, Материя, Ғарыш заңдары, Эволюцияның алтыншы сатысы туралы жана білім жинақтаған. Алғашқы басылымы кең оқырман қауымына, әсіресе ғалымдарға, жазушыларға, журналистерге, студенттерге арналған болатын.

Алайда, осы уақыт ішінде ең үлкен қызығушылық білдіргендер — ортаншы және жоғарғы класс оқушылары болып шықты. Кездесу барысында олардың сұрақтарына жауап бере жүріп, автор кітапты Жиһан құрылымының заңдарын тануға талпынған әрбір адам түсінетіндей етіп қосымша мәлімет енгізіп жетілдірді.

ББК 84 Қаз 7-4.

Ж 4802000000-02
00(05)97

ISBN 9965-9019-2-9

© Едихан Шаймерденұлы, 1997.
© «Көкіл» баспасы, 1997.

АВТОРДАН

Адамзат тарихында айтулы құбылыс болып өтті — Жер планетасы Эволюцияның алтыншы сатысына шықты. Бұл ахуал барлық адамдардан өз істері үшін ғана емес, сондай-ақ сезімдері мен ойлары үшін де ерекше жауапкер болуын талап етеді.

Жаңа сатыға өтудің ерекше мәні ескеріле отырып, кітапта, жаңа Дәуірдің басында ілесе келетін бұлтарылмас өтпелі процестерді түсінуге қажетті білімнің бір бөлігі паш етіледі.

Бұл кітапқа деген болашақтағы оқырманның ықыласын еске ала отырып, адамзат тарихының қасіретті беттері жайлы көп айтыла қойған жоқ. Мәлімет адамдарға қарсы пайдаланылуы мүмкін деген жерлерде де айналып өту қағидасы қолданылды.

Жалпы адамзаттық күрделі проблемалар айтылатын шытырман қиын жерлерде, автор, жақсыны асырып, жаманды жасыруды талап ететін ұлттық этикалық норманы басшылыққа алды.

Автордың компьютер жүйелерімен жақсы таныс болуы шығармаға айнымас таңбасын түсірген. Кітаптың, қоғамдық сана жетілген сайын толықтырып, кеңейтіп отыруға лайықталған блоктық-модульдік құрылысы осыдан келіп шығады.

Бұл кітаптағы барлық ерекше информация автордың өзінің рухани өрлеуінің тәжірибесінен алынған және логика мен ғылыми анализге сүйенеді. Автор ешбір «жатпланеталықтармен» және ТҰО-мен (танылмаған ұшу объектітері) кездеспеген, ақылға сымас қабілеттерден ада.

Кітап барлық деңгейдегі оқырмандарға түсінікті болуы үшін, күрделі терминдерді қолдану барынша шектелген. Болашақта басқа тілдерге аудару мүмкіндігі ескерілгендіктен шығарманың бейнелеу, баяндау машығы қарапайым етіп құрылды.

Адамзаттың, Эволюцияның алтыншы сатысына қарай жылжуы және алтыншы саты халқы туралы кітаптың басты ойын қабылдауға артық мәлімет бөгет болмас үшін, баяндаудың үдемелі қарқынын сақтауда белгілі ұғымдарды қысқартып беру көзделді.

Кітаптың мұқабасында алты жұлдыздан тұратын пирамида бейнеленген. Пирамиданың тұғырында Эволюцияның алғашқы үш сатысын меңзейтін үш жұлдыз тұр. Екі жұлдыздан тұратын екінші қатар төртінші мен бесінші сатыны, ал пирамиданың шыңындағы жалғыз жұлдыз — физикалық дүниедегі Эволюцияның алтыншы, күрмеуші сатысын білдіреді.

Пирамиданың үстінде Мәңгі Жолды бейнелейтін қазақтың ұлттық символы орналасқан. Алтыншы сатының халқы Жерұйықтың Жасыл Жұлдызына осы жолмен жүріп жетеді.

Автор, кітаптың оқырман санасында дінге, тарихқа, әдебиетке, өнерге деген құштарлықты оятатынына және ақыр соңында рухани түлеу мен прогреске жетелейтініне сенеді.

ЕКІНШІ БАСЫЛЫМҒА АЛҒЫ СӨЗ

Бұл кітап Адамзаттың Жаңа Эволюциялық сатыға өтуді жоспарлаған дайындығының жалғасы болып табылады.

Бірінші кітап, кейінгі еңбектерде кенінен ашылуға тиісті жаңа білім турасындағы шағын анықтама күйінде жазылған. Бұл басылым оқырман тарапынан үлкен ықыласқа ие болды, және көп жағдайда бұл шығарма жайындағы пікірлер қайшылықты болып келетін.

Автордың жорамалдағанындай, ең ықтиятты оқырмандар — келесі мыңжылдықта ғұмыр кешуге тиіс адамдар болып шықты. Сол себепті, бұл кітап, негізінен ең балауса оқырманға бағыпталлады. Сол үшін күрделі ұғымдар түсінікті етіп баяндалады және арқаулы тұстары бірнеше рет нақтыланып, қайталанып отырады.

Оқырманның бірінші басылымды іздемей-ақ қоюына болады. Бірінші кітаптың тексті сөз ғана түзетулермен түгелдей сақталған. Тараулардың аттары мен саны да өзгеріссіз қалды.

Кітапты бірінші тараудан бастап оқу шарт емес. Жетінші тараудан бастап, артынан сегізінші және тоғызыншы тарауға көшуге болады. Жетінші негізгі тараудан басталған шеңберлі қозғалысты жалғастыра отырып, одан соң төртінші, бесінші және алтыншы тарауды оқыған жөн. Ең соңында түбегейлі бірінші тарау мен оны түсіндіретін екінші және үшінші тарауды оқу керек.

Қалыптасқан зерттеушінің дәстүрлі жолмен жүріп, бірінші тараудан тоғызыншы тарауға дейін оқып шыққаны дұрыс.

Кітапта айтылған жайттардың барлығы ұзақ ой сарабынан өтуі керек, одан кейін сену-сенбеу — оқырманның өз еркінде. Осыдан кейін қарапайымнан күрделіге жылжи отырып Ғарыш Зандарын өмірге, тіршілікке пайдалануға болады.

Бұл басылым да үлкен ықыласқа ие болып, оқырман үшін Жаңа Білім Сарайына апарар жол ашады деп шамалаймын.

I. ЭВОЛЮЦИЯ САТЫЛАРЫ

Жаратушының әмірімен бүкіл Жіһан, Ғарыштын негізгі жеті заңына сәйкес қозғалып дамиды.

- I. Рух Эволюциясының Заңы.
- II. Ғарыштық Әділет Заңы.
- III. Иерархия Заңы.
- IV. Тіршілік Айналымының Заңы.
- V. Ұқсастықтар Заңы.
- VI. Еркін Ерік Заңы.
- VII. Эволюция Жолындағы Құрбандық Заңы.

Барлық Ғарыш заңдары өзінен өрбитін негізгі заң — Эволюция заңы болып табылады.

I. Рух Эволюциясының Заңы. Ол жеті сатылы цикл болып табылады, спираль бойынша жылжып, өзінің шыққан тегіне, бірақ әлдеқайда биік деңгейде келіп түйіседі. Адам бітіміне тиісті Рух Эволюциясының Заңы төмендегідей, сатылар бойынша құрылады:

1. Ментал денесі.
2. Астрал денесі.
3. Менлік (Эгоцентризм).
4. Мінсіз Физикалық дене.
5. Ақыл — Логика.
6. Ізгілік — Мейірбандық.
7. Өлмес Жан.

II. Ғарыштық Әділет Заңы. Карма Заңы деп те аталады. Жеті сатысы бар, спираль бойымен өрбиді. Спираль бойымен шексіздіктен шексіздікке бір нүктеден тарқатылып, жоғарғы деңгейдегі нүктеге шиыршықталған Кеңістік аясында алғашқы екі негізгі заңға орай Уақыт та спираль бойымен жылжиды.

Карма Заңының жеті деңгейі бар:

1. Жеке бастың Кармасы (жеке Карма).
2. Ұжымдық Карма (топтық Карма).
3. Әулеттік Карма.
4. Ұлттық Карма.
5. Мемлекеттік Карма.
6. Планеталық Карма.
7. Ғарыштық Карма.

III. Иерархия Заңы. Бұл заң алдыңғы екі заңнан өрбиді де тіршіліктің жеті деңгейіне сәйкес құрылады. Тіршіліктің әрбір деңгейі де өз ішінде иерархиялық сатылардан құрылады:

Бірінші Ғарыш кезеңі.

1. Нольдік деңгей.
2. Минералдар Дүниесі.
3. Өсімдіктер Дүниесі.
4. Жануарлар Дүниесі.
5. Саналы тіршілік иелерінің Дүниесі.
6. Астралды тұлғалар Дүниесі.
7. Менталды тұлғалар Дүниесі.

Екінші Ғарыш кезеңі.

Биік Тіршілік Иелерінің Дүниесі — Гиперкөнестік немесе Құдіретті формалар Дүниесі.

Үшінші Ғарыш кезеңі.

Күмбірлеген Күй Сфераларының Дүниесі.

IV. Тіршілік Айналымының заңы немесе Құбылу заңы. Ол жеті сатылы болып келеді, Эволюция мен Карма заңдарына сәйкес спираль бойымен жылжиды да Иерархия заңына сәйкес түзіледі.

V. Ұқсастықтар заңы. Иерархия заңынан өрбиді және тіршіліктің жеті деңгейімен тарайды. Бұл заңға сәйкес, биік дүниелер төменгі дүниелерге ұқсас, бірақ та биік дүниелер Эволюция спиралі бойынша әлдеқайда биік деңгейде тұр.

VI. Ғарыштың жеті заңын орындаудың Еркін Ерік Заңы. Бұның да жеті сатысы бар, себебі, осы заңды орындаған тұлға өзі үшін Карманын жеті деңгейінің бірін тудырады. Бұл заңға сәйкес, әрбір тұлға, Жиһан құрылымының заңдарын орындаудағы жолын өз еркімен тандап алуға ықтиярлы. Анағұрлым биік дамыған өркениеттердің өздерінен төмен тұрған өркениеттер Кармасына килікпеуі жайлы Ғарыш Серіктестігінің кепілдігі осы заңнан келіп шығады.

VII. Эволюция жолындағы Құрбандық заңы. Карма заңына сәйкес жеті сатысы бар.

Өзінің өлмес жанының жолына шалынған құрбандық жеке бастың ұнамды кармасын немесе карманың бірінші деңгейін қалыптастырады.

Өз халқының жолына шалынған құрбандық мейірбан ұлттық карманы немесе төртінші дәрежедегі карманы тудырады.

Өзін-өзі бүкіл Адамзат жолына құрбан еткен тұлға алтыншы дәрежедегі — планеталық карманы немесе одан анағұрлым биік Ғарыштық карманы тудырады.

Өзін-өзі құрбан ету — Эволюцияның негізгі қозғаушы күші болып табылады да барлық жеті заңды шыққан тегіне, асылына тоғыстырады.

Эволюция Заңы

Ғарыш заңдарына сәйкес, эволюциялық процесс басынан аяғына дейін жеті кезен арқылы өтеді. Адамзат бұл жеті кезен-сатының бесеуінен асып өзінің эволюциялық дамуының алтыншы сатысына көтеріліп келе жатыр.

Әрбір кезен-саты өз кезегінде жеті бұтаққа бөлінеді, және әрбір бұтаққа адамзаттың эволюциялық өрлеуіндегі сол сатыға жүктелген негізгі принциптердің біреуінің белгілі бір қасиетін шындап жетілдірген халықтардың бір тобы сәйкес келеді.

Тіршіліктің шексіз айналымы эволюцияның бірінші сатысынан басталады. Құдіретті өмір Ұшқынының, яғни монаданың манайына ментал денесі, яғни ой денесі қалыптасады. Осылайша бірінші сатыда Ментал Денесінің принципі шындалады.

Эволюцияның екінші сатысында ментал денесінің манайына астрал денесі, яғни сезімдер мен эмоциялар денесі қалыптасады. Сондықтан эволюцияның екінші сатысы Астрал Денесінің принципін іске асырады.

Үшінші сатыда Өлмес Жан физикалық денеге ие болады. Эволюция барысында астрал денесі өзінің вибрациясы арқылы өуелі физикалық дүниенің ең нәзік, эфирлік материясын тартып алады. Одан кейін физикалық дүниенің газ тәрізді құрамдылары тартылады, одан әрі, негізінен судан тұратын, бұ күйінде келетін неғұрлым тығыздалған құрамдылары тартылады, осылайша физикалық дүниенің ең күрделі құрамдыларын иемденгенше, бұл құбылыс жалғаса бермек.

Физикалық дене өсіп, күрделенген сайын қоршаған дүниені сезім мүшелері арқылы түйсіну дәрежесі де өсе түседі және Құдіретті Сана көлегейленеді де бірте-бірте физикалық ақыл, тұлғаның ментал денесіндегі сақталған Абсолюттік Білімді көлеңкелейді. Ақыр соңында, Адам, Құдіретті Сананың соңғы ұшқындарынан айрылып, өз эмоциялары мен сезімдерінің, және өлі кемеліне жетпеген физикалық ақылының нағыз құлына айналғандығынан — өзінің сезінуім арқылы қабылдағандарым ғана рас, — деген түйсікке келеді. Үшінші сатының эволюциялық қозғалысының нысанасы Менлік (Эгоцентризм) принципі болып табылады.

Барған сайын өскен менлік қоршаған ортаны танып білудің құралы — Физикалық Дененің бұдан ары жетілуіне әкеледі.

Төртінші саты — Физикалық денені жетілдіру сатысы болып табылады, бұл принципті көне гректер мен олардың мұрагерлері — римдіктер толығымен орындап шықты. Олар мінсіз физикалық денеге табынуға дейін жетті.

Римдіктер май мен шарап сататын автоматтарды ойлап шығарды, бір ақшалық жүйеден екінші ақшалық жүйеге аударатын механикалық компьютерлерді пайдаланды. Грецияның философиялық мектептерін дамытқан

олар заттың атомдық құрылымының сырын ашты. Осымен қатар Мысыр мен Бабыл, Үнді мен Қытайдағы философиялық ой да биік өреге жетті.

Дәл осы уақытта аң терісін жамылған Солтүстік-Батыс Европа тайпалары негізі алдыңғы сатыларда қаланған келесі принцип — Ақыл принципі енді ғана жетілдіре бастаған. Европа халықтары осы принциптің ең озық өкілдері болып табылады.

Ақылға сүйенген бесінші саты адамдары машиналық өркениетте елеулі табыстарға жетті, ал енді техниканы одан ары асқындыра дамыту — ең соңғы қауіпті шегіне тіреп, адамзатты апатқа ұшыратуы мүмкін. Әсіресе ядролық энергетиканың бақылаусыз дамуы өте қауіпті, өйткені бұнда адамдар төртінші өлшемге — яғни астрал дүниесінің шегіне баса көктеп кірді, ал бұл жазалаусыз қалмайды.

XX-шы ғасырдың аяғында Ғарышта көптен ансаулы алтыншы сатының ең алғашқы бұтақтары бұр жарды. Бұл күндері алтыншы сатының адамдары сыртынан атомдық-компьютерлік өркениеттің кедей туысындай көрінеді, алайда, соған қарамастан, олардың генокодында Ақылдан да биік келесі принцип сақтаулы.

Алтыншы сатыда Мейірбандық — Ізгілік принципі жетілетін болады. Адамдар осы принцип арқылы ғана адам тәрізді жануардан Ғарыштық Адамға дейін эволюциялық ұмтылыс жасай алады.

Өз айналасына деген шексіз махаббатын дамыта білген алтыншы сатының балалары ғарыш энергияларын басқара алады да сол арқылы тіршіліктің бұдан да биік формасына өтеді. Адам алтыншы сатыда ғана жетілмеген, қолайсыз физикалық денесін сарқып, Ғарыш Адамына айнала алады. Адамзаттың өткен бес сатыда жинаған қорының ең асылын игерумен бірге Эволюцияның алтыншы сатысы жетінші сатының да барлық бұтағын бойына сиғызған.

Эволюция сатыларын өтудің санды заңдылығы бар:

1. Өз сатысының номеріне сәйкес бұтақ номері осы сатының принциптерін жете дамытқан бір немесе бір топ халыққа лайық болады.

Саты № = Бұтақ № → принцип иелері.

Үшінші сатының үшінші бұтағы Менлік принципі шегіне жеткізді.

Төртінші сатының төртінші бұтағына жататын Көне Греция халықтары Физикалық Дене принципі мінсіз дәрежеге жеткізіп жалпы адамзаттық мәдениетті қалыптастырды.

Бесінші бұтақтан шыққан европалықтар бесінші сатының Ақыл принципі шегіне жеткізе дамытты.

2. Принцип иесінен кейін тұрған бұтақ адамзаттың келесі сатысын өрбітетін бір топ халықты тудырады.

Саты № + 1 = Бұтақ № → Эволюцияның келесі сатысы.

Бір Жаратушыға деген ілкі сенімнің арқасында Үшінші сатының төртінші бұтағында Мінсіз Дене принципі Менлік принципі жемді. Нұх

ЭВОЛЮЦИЯ САТЫЛАРЫ

Келесі эволюциялық кезең

7 саты:
Өлмес
Жан

1	2	3	4	5	6	+++ 7 ###
---	---	---	---	---	---	-----------------

6 саты:
Ізгілік —
Мейірбандық

1	2	3	4	5	### 6 ###	+++ 7 +++
---	---	---	---	---	-----------------	-----------------

5 саты:
Ақыл —
Логика

1	2	3	4	### 5 ###	+++ 6 +++	7
---	---	---	---	-----------------	-----------------	---

→{ЭТ}

4 саты:
Мінсіз
Физикалық
Дене

1	2	3	### 4 ###	+++ 5 +++	6	7
---	---	---	-----------------	-----------------	---	---

→{ЭТ}

3 саты:
Менлік
(Эгоцентризм)

1	2	### 3 ###	+++ 4 +++	5	6	7
---	---	-----------------	-----------------	---	---	---

→{ЭТ}

2 саты:
Астрал
Денесі

1	### 2 ###	+++ 3 +++	4	5	6	7
---	-----------------	-----------------	---	---	---	---

→{ЭТ}

1 саты:
Ментал
Денесі

### 1 ###	+++ 2 +++	3	4	5	6	7
-----------------	-----------------	---	---	---	---	---

→{ЭТ}

ЭТ — эволюциялық тығырық.
+++ — келесі сатыға өту.
— негізгі принциптің дамуы.

пайғамбардың тұқымы деп аталатын бұл бұтақтан адамзаттың төртінші сатысы өсіп шықты.

Төртінші сатының бесінші бұтағынан бесінші — Ақыл сатысы өсіп шықты, ал бесінші сатының алтыншы бұтағынан адамзаттың Ұлы алтыншы сатысының алғашқы балауса өркені өсті.

3. Әрбір сатыда, бесіншіні қоса, негізгі принциптің иелерінен эволюциялық тығырық пайда болады. Эволюцияның бір ғана принципін дамытып, келесісін дамытпағандықтан пайда болған эволюциялық тығырыққа асқына дамыған принцип мағынасыздық халге дейін жеткізіледі.

Бірінші және екінші сатының эволюциялық тығырықтары шынымен-ақ тірі элементалдар, жындар, эльфтер және аңыздардың басқа кейіпкерлерінің түріндегі тығыз денесіз тіршіліктің әр түрлі формаларын өрбінтті.

Үшінші сатыда асыра дамытылған Менлік принципі магиялық рәсімдерге негізделген құрбандық шалудың жан түршіктіретін түрлерін шығарған әр алуан мөжуси культтерді тудырды. Осының барлығы үшінші саты континентінің басым бөлігін жойып жіберген планеталық апатқа ұрындырды.

Мағынасыздыққа жеткізілген төртінші саты, яғни Физикалық Дененің принципі адам тәнін ақылға симас кейіптерде, тіпті айуандық максаттарда пайдаланатын шығыс жекпе-жектері мен йогалық секталарды тудырды.

Егерде бесінші сатыда Ақыл — Логика принципі Мағынасыздыққа жеткізілсе, онда адамзаттың тарихы қасіретті қиямет-қайышмен аяқталып тынады. XX-шы ғасыр аяғындағы өркениет сырқатынан құтылудың жолы — Эволюцияның алтыншы сатысына өту болып табылады.

Бесінші сатының жетінші Ақыл бұтағына, өз сатысы принципінің ең талапты мұрагерлері ретінде экономикалық жағынан жете дамыған Жапония мен Оңтүстік-Шығыс Азия халықтары тартылып бара жатыр. Алайда бұл бұтақ, эволюциялық тығырыққа бұрылмай, адамзаттың басқа бұтақтары сияқты, өзінің эволюциялық қабілеттерін сақтай отырып, Мейірбандық жолымен ізгілікті ұмтылыс жасап шексіз Ғарышқа жол тартып бара жатқан алтыншы, жемісті бұтаққа қосыла алады.

XX-шы ғасырдың аяғында Солтүстік Америка мен Европада өткен ізгілікті дүмпулер бесінші бұтақтағыларды алтыншы саты халқының ірге тұсына әкеліп тіреді. Барлық адамға нәсіліне, ұлты мен әлеуметтік жағдай-тегіне қарамастан алтыншы сатыға жол ашық.

Эволюцияның бесінші сатысы дүниеге ғылым мен өнердің асқарларын берді, алайда бесінші сатыда тұрған алып алтыншы сатыда тұрған сәбиден ынта қойып тәлім алатын болады.

4. Эволюциялық тығырығы жоқ болғандықтан алтыншы саты өзінің жетінші бұтағынан тура келесі жетінші сатыға өтеді.

Алтыншы саты балаларының бойындағы Жиһан мен өздерінің болашағы жайлы Абсолюттік Білімді басуға ешқандай асқына дамыған физикалық дененің де, тым ілгері дамыған физикалық ақылдың да шамасы жетпейді.

Алтыншы саты адамдары эволюциялық жол бойында ауыр сынға түседі, алайда олар саһаралық бабаларынан дарыған биік руханиеттің арқасында бұл сыннан сүрінбей өтеді. Жазмышқа шексіз сеніп және өздерінің азап шегуі бүкіл адамзаттың жинап алған күнәсінен туындағанын білгендіктен, олар алтыншы сатыда физикалық денелерін сарқып, тұрпайы физикалық дүниені тастап шығуға мүмкіндік алады. Физикалық дүниемен салыстырғанда мүмкіндіктері мүлдем шексіз астрал дүниесі алтыншы саты адамдарының мекеніне айналады.

Алтыншы саты адамдары өз эволюциясының соңында физикалық дүниені тастап шығады да астрал, одан әрі ментал дүниелеріне өтеді. Адамның эволюциясы қабаттас дүниелерге көшумен аяқталмайды, одан әрі оған Биік Тіршілік Иелерінің Дүниесі, содан соң Күмбірлеген Күй Сфераларының Дүниесі де ашылады. Бұл Универсал Ғарыш Модулінің (УҒ Модулі немесе УҒМ — деп қысқартуға болады) арқасында мүмкін болады. УҒ Модулін төбесінде қабаттас дүниелерге жол ашып беретін ілгек-спираль бар пирамида кейпінде бейнелеуге болады.

Үшінші және төртінші саты адамдарының Модулінде бұл ілгек алғашқы орамдарын енді ғана бастаған болатын, ал бесінші саты адамдарында ол төртінші өлшемге еніп тұрған спиральдің бірнеше орамына шыршықталды.

Саналы өмірді қамтамасыз ету үшін және астрал дүниесімен ынтымақтасу үшін, алтыншы саты адамдарында бұл спираль келесі орамдарына тарқатылады және әрбір жаңа орам қосылған сайын келесі эволюциялық шағын сатыға өту басталады.

Бұл орын ауыстырулардың барлығы, Адам о баста Жиһан Эволюциясын үдетуге әсер ете алатын, ерекше дамып эволюцияланатын тұлға ретінде жоспарланғандығынан мүмкін болады. Сол себепті, Адам қабаттас дүниелерде өмір сүріп әрекет ете алуы үшін, Жаратушы оны өзіне кейіптес және ұқсас етіп жасады.

5. Жетінші саты адамдары бізге жоғарыдан берілген Өлмес Жанның принципін жетілдіру арқылы эволюциялық спиральді өзінің шыққан тегіне апарып, бірақ та әлдеқайда биік деңгейде тұйықтайды. Егер ең басында Өлмес Жан Жаратушыдан бөлініп сыннан өтіп жетілу үшін физикалық дүниеге түсірілген болса, енді соңында, эволюциялық тұрғыдан мінсіз Өлмес Жан Жаратушыға қайтып оралады да, осылайша өзінің эволюциялық циклын тұйықтайды.

Карма Заңы

Эволюция заңынан орбитін Ғарыштық Әділет — Карма заңы да өзінің жеті саты-деңгейлерінің бойымен жетіледі.

Бірінші сатыда қажетті жеке бас кармасы қалыптасады, ал екінші кезеңде ол — мектепте, басқа оқу орнында, әскери қызметте, жұмысқа, спортта топтық кармаға айналады.

Екінші сатыда қалыптасқан қажетті топтық карма үшінші кезеңде әулеттік кармаға айналады.

Үшінші сатыда қажетті әулеттік карма қалыптасады да төртінші кезеңде ұлттық кармаға айналады.

Төртінші сатыда қажетті ұлттық карма қалыптасады да өзінің бесінші кезеңінде мемлекеттік кармаға айналады.

Бесінші сатыда қажетті мемлекеттік карма қалыптасады да алтыншы кезеңінде планеталық кармаға айналады.

Алтыншы сатыда қажетті планеталық карма сомдалады да, соңғы жетінші кезеңінде ғарыштық кармаға айналады.

Жетінші сатыда қажетті ғарыштық карма қалыптасып келесі Эволюциялық Кезеңге өту басталады.

Біріншіден бастап бесіншіні қоса қамтитын аралықтағы әрбір сатының асқына дамығандығынан, қарманы Мағынасыздық дәрежесіне жеткізетін Карма тығырығы пайда болады.

Бірінші сатының кармалық тығырығы жеке бастың менмендігін туғызады.

Екінші сатының кармалық тығырығы топтық тұйықтық пен сектанттықты тудырады.

Үшінші сатының кармалық тығырығы әулеттік және рулық жікшілдікті, династиялық қатыгездікті туғызады.

Төртінші сатының кармалық тығырығы ұлтшылдықтың ен ауыр түрлерін тудырады.

Бесінші сатының кармалық тығырығы мемлекеттік тоталитаризм мен әлемдік соғыстарды, билік аймағы үшін таласқан системалардың табан тірескен дұшпандығын тудырады.

Карма заңдарына сәйкес, егер бір адамның екінші адамға деген шексіз сүйіспеншілігі келесі карма сатыларымен үйлеспесе, жеке бас қармасы тығырыққа тіреледі.

Құмарлығының объектісін құдайға теңеу — бұдан да ауыр салдарға ұрындырады.

Бірін-бірі сүйген жандардың өзара қатынастары топтық қармамен неғұрлым үйлескен жағдайда олардың қарым-қатынастары соғұрлым жағымдырақ болып дамиды. Бұл заң атам заманнан әйгілі болған және негізінен әркім өз теңімен отау құрған. Топтық қарманың қайшылықтары осылай ғана жойылатын.

Егер топтық және жеке қарманың шарттары сақталса, онда әулеттік қарманың тұрақтылығынан отбасының босағасы берік болады.

Одан әрі әулеттік карма ұлттық кармаға қосылады, себебі әулет, ұлтты құрайтын тұрақты бірлік болып табылады.

Болашақ алтыншы саты қармасының төменгі деңгейлері, Қарманың планеталық, ал одан әрі ғарыштық сатыларына жеткен қоғам құрылымының өзімен-ақ сақталады.

Қарманың алтыншы планеталық және жетінші ғарыштық деңгейлерінде кармалық тығырықтары болмайды.

КАРМА САТЫЛАРЫ

7 саты:

Ғарыштық
Карма

1	2	3	4	5	6	+++
						7
						###

6 саты:

Планеталық
Карма

1	2	3	4	5	###	+++
					6	7
					###	+++

5 саты:

Мемлекеттік
Карма

1	2	3	4	###	+++	7
				5	6	
				###	+++	

→{КТ}

4 саты:

Ұлттық
Карма

1	2	3	###	+++	6	7
			4	5		
			###	+++		

→{КТ}

3 саты:

Әулеттік
Карма

1	2	###	+++	5	6	7
		3	4			
		###	+++			

→{КТ}

2 саты:

Ұжымдық
Карма

1	###	+++	4	5	6	7
	2	3				
	###	+++				

→{КТ}

1 саты:

Жеке
Карма

###	+++	3	4	5	6	7
1	2					
###	+++					

→{КТ}

КТ — Карма тығырығы.

Ғарыш заңдарының барлығын, оның ішінде ерекше орын алатын жетінші — Құрбандық заңын орындау арқылы қарманың неғұрлым жоғарғы деңгейлеріне үнемі ұмтылу жолымен қармалық тығырықтардан құтылуға болады.

Жеке бастың мүддесін ұжымның жолына құрбан ету арқылы біз қайырымды топтық карма тудырамыз.

Топтық мүдделерімізді өулет, ру, династия атына құрбан ету арқылы мейірбанды өулеттік карма қалыптастырамыз.

Өулеттік мүдделерімізді өз халқымыздың атына құрбан ету арқылы мейірбанды ұлттық қарманы қалыптастырамыз.

Өзінің жеке, ұлттық мүддесін құрбан еткен халық мейірбанды мемлекеттік қарманы тудырады.

Өздерінің мемлекеттік қармаларын құрбан еткен Жер халықтары алтыншы деңгейлі мейірбанды планеталық қарманы тудырады да Эволюцияның алтыншы сатысына өтеді.

Өздерінің планеталық мүдделерін құрбан ету арқылы Жоғары Дамыған өркениеттердің тұрғындары Ғарыш Бауырластығын құрады.

Иерархия Заңы

Тіршіліктің әрбір деңгейі, келесі кезенге өткенше, планеталық оралым деп аталатын мерзімде өзіне бұйырған Эволюцияның жеті сатысы бойынша дамиды.

Нольдік деңгей — Күдіретті Логос—Сөз арқылы Жиһанды тудыратын Ілкі материяны бойында сақтап эволюциялық дамудың басын құрайтын ноль өлшемді дүние. Бұл дүниенің жетінші сатысын Ғарыштық вакуум алып тұр.

Бірінші деңгей — шыңында, өзінің формасын жадында ұстайтын кристалдар орналасқан, эволюциялық бір өлшемді минералдар дүниесі. Бұл дүниеден өмір минералы — су ерекше орын алады.

Екінші деңгей — қарапайым балдыр, қына мен мүктен басталып, гүлдермен аяқталатын, және ең шыңында мәдени өсімдіктер орналасқан эволюциялық екі өлшемді өсімдіктер дүниесі. Бұл дүниеде ерекше орын алатындары — тары, күріш, бидай сияқты дәнді дақылдар.

Үшінші деңгей — эволюциялық үш өлшемді жануарлар дүниесі. Микробтардан басталып жоғары дамыған жануарлармен аяқталады. Адамға ең жақын тұрған жануар болғандықтан және бойында эволюциялық Иерархияна жан-тәнімен беріліп адалдық сезімін қалыптастырғандығынан бұл дүниеден ит есімді жануар ерекше орын алады.

Төртінші деңгей — үш өлшемді физикалық дүниеден төртінші өлшемдегі астрал дүниесіне өз еркімен шығуға мүмкіндік алған Адамдардың эволюциялық төрт өлшемді дүниесі.

Бесінші деңгей — Астрал дүниесі. Әрқайсысы жеті сатыға бөлінетін екі бөліктен тұрады.

Астрал дүниесінің бір бөлігі физикалық дүниеде тұратындарға, яғни кейіптелгендерге арналған.

Адамның бұл дүниеде өмір сүріп іс-әрекет жасауы үшін, ноль-астралды денемен көмкерілген жеті қабатты астрал денесі болады. Физикалық дүниеде өмір сүрушілердің астрал денелерінің физикалық дүниеден қайтқандардың астрал денелерінен басты айырмасы осы.

Астрал дүниесінің екінші бөлігінде физикалық дүниеде қайтыс болған тұлғалар, яғни **аруақтар** тұрады.

Астрал дүниесінің тұрғындары өздерінің үш өлшемді кеністігінде тіршілік кешеді. Олар үшін ментал дүниесі төртінші өлшем болып табылады. Өздерінің төртінші өлшемдеріне олар ұйқы немесе шому кезінде барады, және олардың ментал дүниесінде тудырған ой формалары астрал дүниесіне келіп сымбатқа ие болады.

Алтыншы деңгей — Ментал дүниесі. Бұл дүние де әрқайсысы жеті сатыға бөлінетін екі бөліктен тұрады.

Ментал дүниесінің бір бөлігі физикалық дүние тұрғындарына арналған.

Осы дүниемен қатынасу үшін кейіптелген жанның ноль-менталды денемен көмкерілген жеті қабатты ментал денесі болады, ал аруақтардың ментал денелерінің ноль-менталды денесі болмайды.

Ментал дүниесінің басқа бөлігінде физикалық дүние мен астрал дүниесін тастап шыққан тұлғалардың ментал денелері тұрады.

Эволюцияның келесі кезеңі — Гиперкеңістікте сүретін Биік Тіршілік Иелері, Ғарыш Құрылысшыларының Дүниесі болып табылады.

Одан әрі Күмбірлеген Күй Сфераларының дүниесіндегі Өмірүсті басталады.

Барлық Ғарыш Құрылысшылары Биік Дүниелердегі өздеріне тиесілі ғұмырларынан, сый-биліктерінен өз еркімен бас тартып, бүкіл ғұмырларын Эволюциялық Жоспарды іске асыруға арнаған. Сондықтан олар өздерінің биліктері жүретін өмір деңгейлеріне сөйкес Минералдар Дүниесінен бастап, яғни өмірдің бірінші деңгейінен басталатын Иерархия заңы бойынша жеті сатылық деңгейге бөлінетін Ғарыш Құрылысшылары бола алады:

1. Бірінші саты — Минералдар Дүниесіне.
2. Екінші саты — Өсімдіктер Дүниесіне.
3. Үшінші саты — Жануарлар Дүниесіне.
4. Төртінші саты — Саналы Тіршілік Иелерінің Дүниесіне.
5. Бесінші саты — Астралды тұлғалар Дүниесіне.
6. Алтыншы саты — Менталды тұлғалар Дүниесіне.
7. Жетінші саты — Биік Тіршілік Иелерінің Дүниесіне.

• Тұлғаның дайындық дәрежесі мен эволюциялық деңгейіне орай Ғарыш Құрылысшысының әрбір деңгейі өз ретімен тағы да жеті класқа бөлінеді.

Болашақ Ғарыш Құрылысшысы ментал, астрал және физикалық дүниелерінде эволюциясын аяқтағаннан кейін өзінің жаңа кезеңін өмірдің бірінші деңгейі — Минералдар дүниесінен бастайды да өмірдің бірінші деңгейін жаратуды үйрену үшін Бірінші класқа түседі. Сатыдан сатыға өткен ол тіршіліктің қарапайым түрлерін құруды үйреніп, бірінші сатының жетінші класын аяқтағаннан кейін — тағы да бірінші класқа, бірақ та екінші сатының бірінші класына өтіп Өсімдіктер Дүниесіндегі мінсіз жетілген өмір түрлерін жаратуды үйренеді.

Ғарыш Құрылысшылары осылай дәріс алып өмір деңгейлерімен жылжи береді. Эволюциялық ағынды жылдамдату үшін Ғарыш Құрылысшыларының өз қалауымен физикалық дүниеде тууға хақысы бар және бұл дүниеде олар Ғарыш мектебінде игерген дағдыларын қолданып, жетілдіре алады. Бұл оларға тарихтың ағымына өз істерімен әсер ету үшін адами қоғамда ең көзге көрінер орын алуына мүмкіншілік береді.

Сондықтан асыл тастардың сарапшысы, он саусағынан өнер тамған зергер немесе минералдарды зерттеуші ғалымның, Тіршіліктің бірінші деңгейінің Құрылысшысы болуы әбден ықтимал.

Ұлы селекционер, жаратылыстанушы, биолог екінші және үшінші деңгейдің Құрылысшысы болып шығуы мүмкін.

Ұлы дәрігер, генетик, этнограф Адамдар дүниесі жайлы білімін пайдаға асырып жүрген төртінші деңгейдің Құрылысшысы болып шығуы мүмкін.

Әйгілі жазушылар мен ақындар, музыканттар мен суретшілер, сәулетшілер бесінші деңгейдің Құрылысшысы болып шығуы мүмкін.

Адамзаттың гүлі боп саналатын діни қайраткерлер, ойшылдар, гуманистер — алтыншы дәрежелі Ғарыш Құрылысшылары болуы мүмкін.

Ғарыш Құрылысшылары алтыншы деңгейден бастап Планеталық Рух деп аталады, себебі физикалық және кабаттас дүниелерді қоса олардың ықпалы біріншіден алтыншыға дейін барлық тіршілік деңгейлеріне тарайды.

Мысалы, Жердің Планеталық Рухы алтыншы деңгейдің алтыншы класындағы Ғарыш Құрылысшысы болғандықтан Тудырушы ретінде ол біріншіден бастап бесіншіні қоса тіршілік деңгейлерінен тізбекті түрде өткен. Ментал дүниесін алтыншы сатыға дейін қадағалағандығының арқасында ол өзінің мүридтерінен философияның, ғылым мен өнердің кеменгерлерін тудыра алған.

Алтыншы деңгейдің жетінші класының Ғарыш Құрылысшылары Жүйелік Рух деп аталады. Олар барлық тіршілік деңгейлерін, ментал дүниесінің ең жоғарғы, үшінші дүние — ой дүниесінің «үшінші аспан» деп аталатын жетінші сатысын қоса қадағалап отырады. Жүйелік Рухтар жұлдыз жүйелеріндегі өмір ағындарын басқарады.

Тіршіліктің жетінші деңгейлі Ғарыш Құрылысшылары галактикалық кеңістіктегі, содан кейін Эволюция спиралі бойымен галактикалар арасындағы және одан да ары бүкіл Жиһандағы өмір ағындарын басқарады.

Осы кезде жетінші дәрежелі Құрылысшылар Ғарыштық Құрылысшылар Мектебінде ұстаз және тәлімгер жетекші болады.

Барлық Құрылысшылар Ғарыш Серіктестігіне бірігеді.

Ғарыштық классификация бойынша біздің адамзат алтыншы сатыға өтер кезеңінде Эволюцияның бесінші сатысында тіршіліктің төртінші деңгейінде деп саналады. Алтыншы сатыға өту — планеталық оралымның аяқталуымен тіршілік деңгейлерінің ауыстырылуына дайындық деп табылады. Сол себепті, тіршіліктің төртінші деңгейінен бесінші деңгейіне, яғни Астрал дүниесіне жалпы планеталық өту кезеңін жеңілдету үшін барлық Ғарыш Құрылысшылары Жер планетасында физикалық денелерінде туылуы қажет.

Біздің планеталық айналымымыз, ең соңғы адам физикалық дүниеден кайтып, оны біздің тіршіліктес бауырларымыз — жануарларға босатқанда ғана аяқталады. Осы кезге дәлдеп тіршіліктің төртінші деңгейінің Ғарыш Құрылысшылары тіршіліктің үшінші деңгейінің бұрынғы тұрғындарының ілкі Универсал Ғарыш Модульдеріне лайықтап жаңа сипат жаратады, сол арқылы олар Эволюцияның келесі кезеңін эволюцияның бірінші сатысында мүлдем жаңа ментал денелерін құрастырудан бастауға мүмкіншілік алады. Содан кейін екінші сатыда олар астрал денесін жетілдіреді, одан әрі эфирлік және физикалық денені иемденгенше осылай өздерінің Эволюция сатыларын жалғастыра бермек.

Жануарлардың орнын осы дүние өсімдіктерінің екі өлшемді кодтары басады, ал өсімдіктердің орнына минералдар дүниесі ауысады.

Минералдардан босаған орынды толық дамымаған, өздерінің эволюциялық жоспарын орындамаған тіршіліктің бірінші деңгейінің бастапқы векторлары толтырады. Минералдар дүниесінде, сондай-ақ, өсімдіктер, жануарлар, тіпті саналы тіршілік иелері — адамдар дүниесінің сынына толмай түбіне түскен монадалары өздерінің эволюциясын жалғастырады.


Осылайша тіршілік айналымының тағы бір үлкен кезеңі аяқталады да кристалдардың ымырт тіршілігінен саналы тіршілік иелерінің дүниесіне дейін және одан әрі Иерархияның жоғарғы деңгейлерінің бойымен жаңа оралым басталады.

Ұқсастықтар заңына сүйене отырып минералдар дүниесіндегі тіршіліктің бастапқы векторлары — жақұт, зүмруд пен алмас кристалдары сияқты асыл тастардың бастапқы векторлары келесі планеталық оралымда жетіле келе өсімдіктер дүниесінің өсем гүлдеріне айналады деп жорамалдауға болады.

Сондай-ақ орхидея, раушан, қалдақ, лилия мен лотос гүлдерінің екі өлшемді кодтары жануарлар дүниесіне өтіп, ең алдымен жануарлар дүниесінің тірі гүлдері болып саналатын түрлі-түсті көбелек пен қауырсындары мың бояуға малынған құстар болып кейіптеледі де, ақырында Аңдар патшалығының кербез өкілдеріне айналады.

Тіршіліктің төртінші деңгейі — Саналы Тіршілік Иелерінің дүниесінде, Эволюцияның төртінші сатысынан бастап Еркін Ерік заңы күшіне енеді де, тұлға өзінің эволюциялық дамуындағы іс-әрекеттерін өз еркімен тандап алу хұқығына ие болады.

ИЕРАРХИЯ ДЕНГЕЙЛЕРІ



ИС — иерархиялық сөре.
+++ — келесі денгейге өту.
— негізгі принциптің дамуы.

Физикалық дүниедегі тіршілік деңгейлері бес сатыдан өтіп елеулі түрде эволюцияланды.

Бұны Жануарлар дүниесінің қазба қалдықтарынан байқауға болады. Тіршіліктің үшінші деңгейінің екінші сатысының соңында трилобиттер салтанат құрған кезеңнің болғаны белгілі. Содан кейін Жерді динозаврлар жайлаған үшінші сатының заманы келді. Бұдан соң жануарлар дүниесі өзінің төртінші сатысына көтерілді де денелері дәу мөлшерге жеткен жылы қанды жануарларды дүниеге келтірді. Сонымен, өмірдің үшінші деңгейіндегі Эволюцияның аумалы бесінші сатысының аяғында қазіргі заманымыздың жануарларын көріп отырмыз, ал олардың ішінде, әсіресе үй жануарларының дамығандығы соншалық, тіпті өздерінің иелерінің мінез-құлықтарына ие бола бастады.

Тіршіліктің Иерархиялық деңгейлері Құрбандық заңына сәйкес эволюцияланады да, өздерінің бұрынғыдан да биік тіршілік деңгейіне өтуіне керекті қармалық ахуалшы тудырады.

Минералдар өсімдіктер мен жануарлар клеткаларының құрамына кіреді, ал кристалдар адамға күрделі ғылыми технологияларда қызмет етеді.

Өсімдіктер, өздерін жануарлар мен адамдар дүниесінің атына құрбан етіп, олар үшін азық пен киімге, отынға айналады.

Жануарлар өздерін әлдеқайда биік деңгейде құрбандыққа шалады. Олар адамға азық пен киім болып қана қоймайды, сондай-ақ Саналы Тіршілік Иелерінің еңбегіне де араласады.

Адамзат та өзін құрбандық етумен дамиды. Бірақ бұл әлдеқайда биік, рухани деңгейдегі құрбандық.

Адам өзінің ізгілікті және рухани игіліктері үшін, өзінің Құдайды түсініп-тануы үшін бұл жалғанның молшылығын, ал көп жағдайда тіпті өз жанын құрбан етуі арқылы тіршіліктің әлдеқайда биік деңгейлері, яғни қабаттас дүниелерге өтеді де, одан ары қарай рухани лидерлердің бірі болып дами алады.

Адамзаттың болашақ Лидерлері астрал және ментал дүниелерінде аз уақыт өмір сүреді де, олардың астрал және ментал денелері тез сейіліп, Биік Тіршілік Иелерінің Дүниесіне өту үшін Универсал Ғарыш Модулін босатады. Осы сәтте адамзаттың болашақ Ұстазының Универсал Ғарыш Модуліне адамдарға өкеліп берілетін Жана Білім жиналып, жазылады, Биік Тіршілік Иелерінен қажетті өкілеттер алу үшін олармен уақыт пен кеңістікте керекті болашақ байланыстар қалыптастырылады.

Жиһанның барлық тіршілік иелерінің Универсал Ғарыш Модулі бірдей етіп жаратылған. Сондықтан Биік Тіршілік Иелері Жиһанның әрбір төмен тұрған өркениеттерінде өмір сүріп, іс-әрекет жасап және оларға көмектесе алады.

Ғарышта, өмір негізі мен формасына қарамастан, әрбір планеталы физикалық дүниенің өзіндік астрал және ментал дүниелері болады.

Ғарыш Зандарын бұзбай, Биік Тіршілік Иелері кез келген планетадағы саналы тіршілік Эволюциясының бағытын үдете немесе түзете алады, және олардың осындай көмек көрсетуге жалғыз ғана мүмкіндігі бар.

Ғарыш заңдарына сәйкес, Биік Тіршілік Иелерінің, төмен тұрған өркениеттердің қармасына килігуіне тыйым салынған, әйтседе, Жер планетасы, және онымен бірге бүкіл Жиһан, Биік Тіршілік Иелерінің жан кешті ерлігі мен көмегінің арқасында Эволюция ағынында сақталып келеді. Ғарыш заңдарын айналып өтуге болмайды, сол себепті, өздері үкімдеген заңдарды адамзаттың орындауына көмектесу үшін Биік Тіршілік Иелерінің жалғыз ғана мүмкіндігі бар. Бұл үшін олар тұрпайы физикалық дүниеде, Жердегі ананың құрсағынан тууы керек. Бұдан кейін Биік Тіршілік Иелерінің Жердегі жолы көдімгі адамның жолындай болады.

Мейірбандық пен Ортақтасу заңына ілесе отырып Биік Тіршілік Иесі өзінің Универсал Ғарыш Модулін ажыратып алады да ментал дүниесіне еніп, өзіне Жерде қажет болатын болашақ ақыл-ойын қалыптастырады. Одан әрі, астрал дүниесінен өткенде оның Универсал Ғарыш Модулі өзінің вибрациясына сәйкес астрал материясын тартады да, өз сезімдерінің өткізгіші және сонымен қатар болашақ физикалық денесіне ұқсас болатын астрал денесін қалыптастырады. Биік Тіршілік Иелерінің басқа адамдардан айырмасы — олар физикалық дүниеде туу үшін әрқайсысының ұлттық, әулеттік, және жеке бас қармалары барлық шартқа сай келетін болашақ ата-анасын өздері таңдайды. Биік Тіршілік Иесі үшін тұрпайы физикалық дүниеге келу — өзінің рухани қуатынан уақытша айырылып өз еркімен эволюциялық төмендеу болып табылады.

Барлық адамдар сияқты олар да туған кезінде өздерінің өткен ғұмырларын ұмытады, тек саналарының терең түбінде Биік Дүниелерде бұрын тұрақтағандығын білдіретін үзінділер сақталып қалады. Универсал Ғарыш Модулінің арқасында, барлық сәбилер нәсілдік, ұлттық және әлеуметтік тегіне қарамастан, дүниені мейірбандылықпен түйсіне білуде бір-біріне ұқсас болып келеді. Әрбір сәбидің бойында Жаратушының өзінен өрбитін Құдіретті өмір Ұшқыны бар, сондықтан адамның балаға деген пейілінен оның Бір ғана Құдайдың өзіне сену деңгейін бағалауға болады.

Карма заңы бойынша, физикалық дүниедегі Биік Тіршілік Иесінің жолы ауыр болуы керек. Тек қана азап пен қасіреттің жолын кешіп, және бұл жағдайда адамдарға ыза сақтамай ғана өзінің рухани қуатынды қайтарып, адам баласына Эволюцияның келесі сатысына өтуге көмектесе аласың.

Бұл жағдайда Биік рухани күштің иесі физикалық дүниенің толық хұқықты мүшесі болғандықтан Ғарыш заңдары бұзылмай сақталады. Оның да көдімгі адамның қанындай қызыл қаны бар, тәні мен жаны ауырады, физикалық өлімнен қорқады, алайда оның құрбандығының құны барлық адамның ауыр қармасын өтеп сөйілтеді.

Мысал ретінде қарапайым көміртегінің графит түріндегі үйінділері мен тура сондай химиялық формуласы бар көміртегінің орасан зор қысым мен биік температурадан өткізіліп, қатаң сақтаулы өлшеммен қырланған, яғни баға жетпес гауһарға айналған кесегін келтіруге болады.

Бүкіл адамзаттың Ғарыш заңы алдындағы құны — графиттің құнындай, ал адам кейпіндегі, Эволюция көрігінен өткен, мейірбандықпен

қырланған Биік Тіршілік Иесінің құны — баға жетпес рухани гауһардын құнындай.

Ұқсастықтар заңы бойынша рухани деңгейдегі графит пен гауһардын арасындағы өтпелі ахуалды Бір ғана Жаратушыға сенушілер кешеді. Олар Биік Тіршілік Иелері мен эволюциялық тұрғыдан алғанда жете дамымаған адамдардың ортасында жүреді.

Тіршілік Айналымының Заңы

Эволюция заңына сәйкес әрбір тұлға өзінің Универсал Ғарыш Модулінің (УҒМ) ішінде өмірден өмірге өте жүріп Эволюцияның жеті сатысын кешеді.

Бұл қозғалыс микроцикл, миницикл және толық циклдан тұрады.

1. Эволюцияның микроциклы физикалық, астрал және ментал дүниелеріндегі, туғаннан өлгенге дейінгі аралықтағы бір ғұмырдан тұрады.

2. Миницикл жеті ғұмырдан тұрады.

3. Толық цикл эволюция сатылары бойындағы қозғалыстан тұрады. Жетінші сатыдан өткеннен кейін аяқталады және кем дегенде 49-дан бастап жүздеген ғұмырларға дейін қамти алады.

Әрбір тұлғаның ғұмырының бастапқы микроциклы Ұқсастықтар заңына сәйкес Эволюцияның сатылы заңын толығымен қайталайды.

Ментал, астрал және физикалық үш дүниелердің бойымен айналмалы қозғалысын бастаған УҒМ әуелі ментал дүниесінен өтіп ноль-менталды денемен көмкерілген ой денесін иемденеді.

Бұл кіші саты Эволюцияның бірінші сатысын қайталайды.

Содан кейін УҒМ қалыптасқан ментал денесімен бірге астрал дүниесінен өтіп, физикалық денені қалыптастыруына арналған модель және программа болып табылатын ноль-астралды денемен көмкерілген сезім денесін иеленеді.

Бұл кіші саты Эволюцияның екінші сатысын қайталайды.

Одан әрі ноль-менталды және ноль-астралды денелеріне киінген УҒМ физикалық дүниеге өтеді. Бұл жолда астрал денесі эфирлік материяны жамылады да ақырында аналық ұрықтың ішінен келіп шығады.

Бұл кіші саты Эволюцияның үшінші сатысын қайталайды.

Тұлғаның физикалық денесінің кемеліне келгенге дейінгі аралықтағы қалыптасуы мен жетілу барысы Эволюцияның төртінші сатысына сәйкес келеді.

Сананың бұдан кейінгі жетілу жолы мен дененің толықтай Ақылға бағыну барысы Эволюцияның бесінші сатысын қайталайды.

Өмір жолының аяғында Дене де, Ақыл да келесі — Ізгілік принципіне бағынуға өтеді.

Осылайша Эволюцияның алтыншы сатысы қайталады.

Ең соңында физикалық дүниені тастап шығып қабаттас дүниелерге өткен адам өзінің Өлмес Жанын жетілдіру арқылы Эволюцияның жетінші сатысын қайталайды.

Алдымен астраладағы, содан кейін ментал дүниесіндегі ғұмырын аяқтаған УҒМ өмір айналымын толық бітіріп, жаңа циклды бастауға дайын тұрады.

УҒМ-нің Эволюция сатылары бойынша қозғалысы Ғарыштық Әділет заңына, яғни Карма заңына бағынады. Бұрынғы өткен микроцикл-ғұмырларында жинақтаған Кармасына сай, тұлғаның УҒМ-і өзіне сәйкес ой және сезім-күй денесін иемденеді. Содан кейін физикалық дүниеде жаратылғанда, өткен ғұмырларында көтеріле алған Карма деңгейлеріне сәйкес келетін ошақты, әулетті, ұлтты иемденеді.

Физикалық дүниедегі ғұмырын аяқтаған тұлға, осы өткен өмірінің нәтижесі бойынша, кармасына сәйкес қабаттас дүниелердің өзіне бұйырған сатыларында ғұмырын жалғастырады.

Тұлғаның әуелі астрал, одан кейін ментал дүниелеріндегі ғұмыры аяқталғаннан кейін УҒМ-і жаңа кезеңге дайындала бастайды. Міне осы кезде Карма заңы өзінің толық күшіне енеді де, тұлға алдымен кармалық дешифратордан өтеді. Тестіден өтуші тұлғаның өмір деңгейлерінің қайсысына баруға міндетті екенін осы дешифратор анықтайды.

Егерде УҒМ-нің ұшар басынан тым құрымаса спиральдің алғашқы шиыршығы табылса болды, оған төрт өлшемді эволюциялық кеңістікте орналасқан Саналы Тіршілік Иелерінің дүниесіне туннель ашылады.

Ауыр қылмыс, әсіресе Ұлы Аналық Негізге қарсы қиянат жасаған тұлға төртінші өлшемнің координата спиралінен айрылады да адами ананың энергетикалық арнасына тартыла алмайды.

Сондықтан төртінші координатадан мақұрым пирамида Адамдар Дүниесіне өте алмаған күйі эволюциялық үш өлшемді тіршілік деңгейі — Жануарлар Дүниесіне құлап түседі.

Егерде адам, ізгілікке қарсы қылмыс істеген болса, адаммен Келісім-Шартқа отырған үй жануарларын азаптаған болса, Жануарлар дүниесін қырып-жойған болса, онда пирамиданың аппликаат көгі деп аталатын Z координатасы жойылады.

Осының салдарынан тұлғаның координаттық коды екі өлшемдік дәрежеге түседі, яғни жануардың қарапайым аналық энергетикалық арнасына тартыла алмайды да, оның екі өлшемді тұлғасы енді Өсімдіктер Дүниесіне құлап кетеді.


Егерде тұлға бұдан да асқан қылмысқа барып бөгденің эволюциялық игілігін оның ғұмырын иемденіп немесе геноцидке салып ұрлаған болса, қоршаған табиғи ортаны құртуға қатысқан болса, онда қылмысты тұлға тағы бір координатасынан айрылады да, тіпті өсімдіктердің ұрығына да тартыла алмай қалады.

Енді тұлғаның координаталық коды бір өлшемді болады да эволюциялық бір өлшемді Минералдар Дүниесіне құлайды және өзінің эволюциялық жолын нольден бастауға мәжбүр болады.


ИЕРАРХИЯ ДЕҢГЕЙЛЕРІ






Менталды тұлғалар дүниесі



Астралды тұлғалар дүниесі




Саналы Тіршілік Иелерінің дүниесі



Жануарлар дүниесі

Өсімдіктер дүниесі



Минералдар дүниесі

Нольдік деңгей

Эволюция жолындағы тұлғалар планеталық оралым деп аталатын Иерархия деңгейлерімен жоғары ұмтылады. Эволюция жолындағы тұлғалардың тіршіліктің келесі иерархиялық деңгейіне өту мезгілі иерархиялық Дүниелердің әрқайсысы жеткен және ең алдымен Саналы Тіршілік Иелері Дүниесінің жеткен эволюциялық сатыларымен анықталады.

Адамзат Эволюцияның алтыншы сатысына және Карманын планеталық деңгейіне жеткен жағдайда планеталық оралым аяқталады да Саналы Тіршілік Иелері астрал дүниесінің әлдеқайда қолайлы эволюциялық ортасын иемдену үшін физикалық дүниеден қайтуға дайын болады.

Эволюциялық даярлықты графикалық түрде Универсал Ғарыш Модулінің спираліндегі орамдар санынан анықтауға болады. Орамдардың саны астрал дүниесінің жеті сатысына сәйкес — жетіге жеткен кезде Адам қабат-тас дүниелерге біржолата көшуге дайын болады.

Адамзат үшін, алтыншы сатыға өту — бірнеше ғасырдан кейін адамдардың физикалық дүниеден біржолата қайтып, тіршіліктің келесі иерархиялық деңгейіне толығымен өтетіндігін білдіреді.

Астрал дүниесінде өмір сүретіндердің астрал дүниесімен екі арадағы байланыс спиралі Универсал Ғарыш Модулінің ішіне тартылып, оның орнына ментал дүниесімен байланыстыратын спиралі пайда болады. Ментал дүниесі танылған сайын спираль тарқатыла түседі де, тұлғаның астрал дүниесіндегі эволюциясының соңында бір нүктеден төртінші орамға дейін тарқатылған және қайтадан жетінші орамға дейін шиыршықталған жеті орамды ұршық тәрізді түріне келеді.

Бұндай тұлғаның ментал дүниесіне өтуіне орай жеті орамды спиралі тағы да УҒМ-нің ішіне тартылып, оның орнында пайда болған ілгек арқылы Биік Тіршілік Иелерінің келесі, шексіз дүниесінде бірінші деңгейдің бірінші класындағы Ғарыш Құрылысшысы бола алатын тұлға осы дүниемен байланыса алады.

Тұлға осы иерархиялық деңгейлермен неғұрлым жоғары өрлесе Универсал Ғарыш Модулінің орамдар саны соғұрлым көбейе түседі.

Ғарыш Құрылысшысы әрбір деңгейдің келесі класына өтер алдында өзінің білімін қолданып және шеберлігін шыңдау үшін физикалық дүниеге төмен түсуге міндетті.

Осы уақытта оның өзін-өзі Құрбандыққа қиюға даярлығы да қатал сыннан өтеді, егер ол түнек иелерінің торына түссе, онда ол барлығын басынан, Адамдар Дүниесінің деңгейінен бастауға мәжбүр болады. Ал егер ол қылмыс жасаса, онда одан да төменірек түседі.

Сондықтан да болашақ Ғарыш Құрылысшылары қатал тандаудан өтеді және Жер тұрғындарынан шыққан Ғарыш Құрылысшылары ерекше сыйқұрметке бөленеді. Олар көп емес, бірақ та Жер планетасының физикалық дүниесінде кешкен азаптарынан өтіп, жеңе білгендіктерінен олар Ғарыш Бауырластығының ең күрделі және нар тәуекел деген тапсырмаларын Ғарыштық Серіктестіктің барлық тіршілікті дүниелерінде орындай алады.

Негізінен бұндай лидерлер өздерінің туған планетасында дүниеге келеді, еңбек етеді, шайқасады, өледі, өйткені барлық Жарық күштерінің Түнек күштеріне карама-қарсы тұратын жері осында. Ғарыш Құрылысшыларының тыныс алуға да уақыты жоқ деуге болады, сондықтан Биік Тіршілік Иелерінің Дүниесіне өтіп, жана мүмкіндіктері мен өкілеттерін иеленіп, Жер планетасындағы жұмыстарын ары қарай жалғастыру үшін астрал дүниесінде қырық күн болғаннан кейін олар ментал дүниесіне көтеріліп оны қас-қағым сәтте өтеді. Осы кезде олар бауырластарына өздерінің тәжірибесін беріп, ал өз класында білген-түйгенін ортаға салып, бір-бірімен сырласады — ақыр соңында өз іс-әрекеттеріне баға алып және жұмыстарының келесі кезеңін анықтау үшін Ғарыш Бауырластығының алдына келеді.

Осыдан кейін, Тіршілік Айналымының заңына сәйкес, Ғарыш Құрылысшысы қайтадан төмендеп физикалық дүниеге түсе бастайды.

Осы уақытқа қарай оның болашақ анасы жасы 4,5 айға толып, қалыптасып үлгірген ұрпағына ие болады да кейінірек физикалық дүниеге келтіру үшін оның УҒМ-ін өзінің энергетикалық арнасы арқылы бойына тарта алады.

Бұндайда нағыз фантастикалық жағдай пайда болуы мүмкін — бойында өз нәрестесін көтерген болашақ ана физикалық дүниедегі ақырғы күндерін сүріп жүрген өзінің болашақ сәбиін кездестіреді.

Олар бір-бірін міндетті түрде таниды және түсіндірусіз, елжірей бауыр тартқандарын өзара сезеді, ал ана болса, олар аз уақытқа ғана айрылысатындарын түсініп, — шексіз Тіршілік айналымында ағып жүрген миллиардтаған жандардың арасынан, қабаттас дүниелерге тартылған Карманын үзілмес жіптерімен кімге таңулы екенін аналық жүрегімен сезіп, сол бір жалғызын ғана өзіне тартып алатынын біледі.

II. ҚАБАТТАС ДҮНИЕЛЕР

1. Үш Өсиет-Келісім

Бірінші заң — Эволюция заңына бағынып, дүниеге келген адам өзінің көрілігі мен қайтыс болар шағына қарай бұлтарыссыз жылжиды.

Бұл жылжудың шарттары Екінші заң — Карма заңына тәуелді. Адамның эволюциялық және әлеуметтік сатыдан алар орны Бірінші және Екінші заңға тікелей тәуелді Үшінші заң — Иерархия заңынан келіп шығады.

Бір ғұмырлық циклын аяқтап болған адам Төртінші заң — Құбылу заңына сәйкес өз өмірін қабаттас дүниелерде жалғастырады. Қабаттас дүниелердегі барлық өмір мерзімдерін аяқтағаннан кейін адам, Бірінші заңға бағынып, осы Бірінші заңнан өрбитін өмірдің үздіксіз айналымына тартылып, қайтадан жер бетінде дүниеге келеді. Эволюциялық дәуірлердің барлығы іске аспайынша бұл қозғалыс тоқтамақ емес.

Адам жаны мекен ететін дүниелер Бесінші заң — Ұқсастықтар заңына бағынады, және бұл дүниелердегі адамның өмір сипаты, оның Алтыншы заң — Еркін Ерік заңына сүйене отырып алдыңғы Зандарды қалай орындағанына тәуелді.

Адамның бұл дүниелерде болу мерзімі, оның өз бойында Жетінші заң — Мейірбандық пен Құрбандық заңына сәйкес келетін қасиеттерді қаншалықты дәрежеде дамытқанымен белгіленеді.

ОСЫ ЗАҢДАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ, ӨЗ КЕЗЕГІНДЕ СПИРАЛЬ БОЙЫМЕН ЖЫЛЖИТЫН УАҚЫТ АҒЫНЫНДА ӨРБИДІ. УАҚЫТТЫҢ СПИРАЛЬМЕН ЖЫЛЖУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ, ӨТКЕН ЗАМАНДА БОЛҒАН Оқиғалар қайталанып отырады.

Ілкіде, өзінің эволюциялық сәбилік кезеңінде ғұмыр кешіп жатқан адамзатқа Мұса пайғамбар жіберілді. Сол арқылы Жаратушы адамзатпен Бірінші Өсиет-Келісім жасады. Одан кейін Будда келіп, Ғарыштың Эволюция, Карма және Құбылу заңдарын Бірінші Келісімге қосымша ретінде әкелді, себебі нәрестелік дәуіріндегі адамзат өзінің қайдан шыққаны туралы азапты сұраққа жауап іздеу үстінде еді.

Бұл ізденістер, эволюциялық тұрғыдан жас болғанымен, азғындап біткен адамзатты рухани өлім шегіне әкелді де барлық адамдардың ауыр қармасын бейтараптау үшін адами анадан Құтқарушымыз — Иса пайғамбар дүниеге

келді, ал Ол арқылы Жаңа Өсиет — Жаратушының балауса адамзатпен Келісімі іске асты.

Содан кейін көмелетке толған, өз істеріне толығымен жауап беруге тиісті адамзатпен соңғы пайғамбар — Мұхамет арқылы Соңғы Өсиет — Келісім жасалды. Рухани дәуір толық бір айналып шығып эволюциялық спираль бойынша өз жолының бастауына қайтып оралды.

Бұл өсиеттерден Құдай мен Оның Жаратқаны — біздің Жиһан туралы Абсолюттік Білім келіп шығады.

«Әу баста Сөз болды» (Иоанн 1, 1). Құдіретті Сөз арқылы алдымен Күмбірлеген Құдіретті Күй Сфераларының Дүниесі пайда болады, содан кейін әзірге жай пенделердің өресі жетпейтін Биік Тіршілік Иелерінің Дүниесі, одан сон ой материясының дүниесі — Ментал Дүниесі, одан ары сезімдер материясы кейінде келетін Астрал Дүниесі және ең соңында Физикалық Материя Дүниесі пайда болады.

Физикалық дүниеден бөліп алып қабаттас дүниелерге көшіргенде Бірінші (Көне), Жаңа және Соңғы Өсиеттердегі көптеген даулы текстер түсінікті болып шығады.

Адамның топырақтан жаратылуы туралы постулаттан өмірдің үлгілері — алғашқы формалары астрал дүниесінде пайда болғанына меңзейді, сондықтан Көне Өсиеттегі адамның жаратылуы туралы текстерге қабаттас дүниелерден бөліп дұрыс түсінік беру мүмкін емес.

Бұл жөнінде Құран абсолютті түрде дәл айтады. 23-ші «Мүминұн» сүресі:

«12. Расында Біз адамды нағыз балшық тегінен жараттық.»

Бұл ең алдымен, эволюцияның II-ші сатысында алғашқы астрал материясынан адамның пішін-үлгісі жаратылғанын анықтайды, және одан кейін ғана «... Жаратушы Иеміз Адам мен оның әйеліне теріден киім жасап оларға кигізді» (Болмыс 3, 21).

Үш Өсиеттің өлімнен кейінгі ғұмырды жалғастыру туралы қағидаларының барлығы — бүкіл өмір бойы өз Келісімінің бір де бір шартын бұзбай, сол Келісім бойынша туу мен өлім айналымының шеңберін бұзып шыққан сенушілерге ғана қатысты.

Өз қармасын толығымен сарқыған және Өсиеттердің бірін аяғына дейін орындаған сенуші-имандылар бұдан арғы құбылуы қажет етпейді және Ғарыштық Соттың басталғанын хабарлайтын керней үнін күтіп ментал дүниесінде жасай береді.

Бұл жайында апостол Павелдің айтқаны бар (1-ші Коринфтіктерге, 15-ші тарау):

«51. Сендерге Құпияны айтамын: біздің бәріміз өлмейміз, бірақ барлығымыз өзгереміз»

52. Кенет, қас қағым сәтте, соңғы кернейдің үнінде; өйткені керней шақырады, және өлілер өзгермеген күйінде тіріледі, ал біз өзгереміз.»

2. Аруақтар дүниесі

Алтыншы сатының халқы қабаттас астрал және ментал дүниелерімен тікелей қатынас үстінде өмір сүретін болады. Өзіндік астрал және ментал денелері арқылы осы дүниелермен қатынасуға адамның барлық құралдары бар.

Адамның физикалық денесі, оның Өлмес Жанының физикалық дүниедегі ғұмырын қамтамасыз ететін сауыт болып табылады. **Күдіретті өмір Ұшқынының нақтырақ анықтамасы — Универсал Ғарыш Модулі.** Бұл Модульде жинақталған эволюциялық қор әрбір тұлғаның өмір және іс-әрекет деңгейін қамтамасыз етеді.

Өткен ғұмырлар жайлы барлық мәлімет Универсал Ғарыш Модулінде зейінделіп, сақталады.

Физикалық дүние астрал дүниесінің, немесе «жұлдыздар» дүниесінің нольдік деңгейлерінің ұқсасы болып табылады. Астрал дүниесі бүгінгі ғылым жеткілікті дәрежеде зерттеп үлгірген аса нәзік материядан тұрады.

Барлық денелердің өмірлік әрекеттерінің барысында адамның манайында жоғары жиілік өрісінде көрінетін түрлі-түсті боянып, интенсивті сәулеленетін, аура деп аталатын тұрақты энергия өрісі пайда болады. Аураның сапасы адамның эволюциялық жетілуінің деңгейімен анықталады. Адам өзінің астрал және ментал денесіне өз қаламдарының ізін мәнігіге таңбалайды және қабаттас дүниелердегі өзінің болашақ ғұмырын өзі белгілейді.

Адамның астрал денесі, оның физикалық денесінің сыңары болып табылаты және астрал денесінің бөлшектері физикалық денені құрайтын материя бөлшектерінің арасына еркін орналасады, сондықтан бір дене екіншіге кигізілгендей болып тұрады.

Ментал, яғни ой дүниесі, тіршіліктің энергиялық деңгейлерінің дүниесі болып табылады және тұлғаны ешқандай форма түрімен шектемейді.

Ментал дүниесінің материясы астрал дүниесі бөлшектерінің арасына қалай орналасса, ментал денесі де астрал және физикалық денелерге солайша салынған, ал ментал дененің өзіне Универсал Ғарыш Модулі салынған.

Өресі төмен сезімдер мен ойлар қабаттас дүниелердің төменгі бөліктеріне орналасады. Сезімі мен ойы неғұрлым биік болған сайын адамның астрал немесе ментал денесі энергетикалық арнамен соғұрлым жоғарырақ көтеріледі. Қабаттас дүниелерде уақыт та спираль бойымен жылжиды және физикалық уақыттың бір минутының ішінде астрал дүниесінде оның тұрғындарының өмірлерінің ондаған жылдары, ал ментал дүниесінде — жүздеген жылдары өтуі мүмкін.

Бұны қабаттас дүниелер бөлшектері жылдамдығының физикалық дүниедегіден әлдеқайда басым болғандығымен түсіндіруге болады.

Астрал дүниесінің төменгі деңгейінде физикалық дүниеде әзірше өмір сүріп жатқан тұлғалардың астрал денелерімен қатар физикалық дүниеде қайтыс болғаннан кейін ноль-астралды денелерінен айырылып өздерінің алдағы тағдыры жайлы үкімді тосып отырғандардың астрал денелері араласа қоныстанады. Бірсыпыра уақыт адам физикалық дүниенің астралды жұптарының арасында болады.

Оның денесінің эфирлік және газ құрамдылары ыдырағаннан кейін астрал дүниесінің төменгі қабатымен арадағы байланысы үзіледі. Бұл мерзім діндерде белгілі, ол 7 күннен 9 күнге дейін созылады. Осы мерзімде жақындары марқұмның аруағы сияқты бір елесті көруі мүмкін, бірақ та қайтыс болған жанды мазаламаған жөн және мүмкіндігінше тым қатты қайғыға берілмеуі керек. Келесі ғұмырына қарай өткен жанды жоқтап, кері шақыру — мағынасыз, тіпті қатыгез әрекет болып табылады, себебі, физикалық дүниені тастап шыққандар аяқталған ғұмырында жинақталған кармасынын жеңілденгенін қажет етеді. Физикалық дүниеден қайтыс болғандар бұдан соң қырық күннің ішінде өз үкімін тосады. Үкімін алғаннан кейін аруақтар одан ары физикалық дүниенің қарапайым тұрғындарының астрал денелері өте алмайтын астрал дүниесіндегі өз бөлігіне өтеді.

Тек қана Биік дүниелерге шақырылғандар астрал дүниесінің тірілер үшін тыйым салынған бөлігінен өте алады.

Қайтыс болғандардың астрал дүниесінің алғашқы үш сатысы діни кітаптарда Тозак деп аталады. Әрбір саты өз кезегінде үш шенберге бөлінеді. Бұлар Тозактың әйгілі тоғыз шенберін құрайды.

Келесі төртінші, бесінші және алтыншы сатылар Тазартқышты құрайды.

Астрал әлемінің соңғы жетінші сатысы — Эдем, яғни Ұжмақ қақпасы деп аталады.

Әр адам өз өмірінің барысында, сапасы мен мықтылығы өткен ғұмырындағы атқарған істеріне сай келетін, 7 қабатты астрал денесін қалыптастырады.

Аруақ ретімен, әуелі Тозак арқылы өтіп, оның ішіндегі әрбір сатыда өзінің астрал денесінің сол сатыға байланысты қабаттары қаншалықты мықты болса, соншалықты шамада кідіреді.

Ауыр қылмыс жасаған тұлғалардың астрал денелерінің төменгі қабаттары қалындап қатай түседі де, ауыр азап шегу үстінде қарыздарын өтеп, осы денелерін тоздырып сарқығанға дейін Тозакта қала береді.

Ал бұндай денелері жеңіл тұлғалар Тозактың сатыларында ұзақ аялдамай, тіпті олардың қасынан қолма-қол, кідіріссіз өтеді деуге болады.

Үш Өсиет-Келісімнің біреуін ұстанып толығымен орындап шыққан сенушілер Тазартқыштан тез өтіп, астрал дүниесінің жетінші сатысы — Эвнояда өмір сүреді. Осы сәттен ары қарай Бір Жаратушыға ғана сенетін ізгі ниетті адамдар үшін бұрынғыдан да қызықты, толысымды жаңа өмір басталады.

Әбден тозған, әсіресе аурулы денесінен босап шыққан адам өлім сәтінде бостандықтың тілмен айтып жеткізгісіз қуанышты күйіне шомады. Астрал денесі жеңіл және икемді, сондықтан өзінің өліп бара жатқан физикалық денесінің дірілі адамның ойына да келмейді. Физикалық өлім кезінде адам ешқандай ауру мен қасіретті сезбейді. Бір ғұмырдан екінші ғұмырға өтердегі, бұл сансыз рет кешілген күй тіршілік иесі үшін табиғи да үйреншікті күй. Бұндай аурусыз, уақытша өлім күйін адам күнде, ұйқы кезінде, физикалық денесін тастап астрал дүниесіне, ал одан кейде тіпті ментал дүниесіне де өткенде кешеді.

Діндерден белгілі адам жанының өлместігінің расында анық негізі бар. Физикалық дүниені тастаған жанның астрал дүниесіндегі ең алғашқы сезімі — өлім деген атымен жоқ дүниенің осындай әдемі жаратылуы үшін Биік Төңірдің алдында шексіз ризалы сүйіспеншілік сезімі. Күйбің ойдың құрсауынан босаған сана бір-ақ сәтте Төңірдің Ойымен жаратылған Жиһанның шынайы құрылымын көреді, және астрал дүниесінде жаңадан туған адам, тасталған физикалық дүниедегі өзінің бұрынғы ауыр деген мәселелеріне қуана күледі.

Астрал дүниесінде де дәл осындағыдай, бірақ әлдеқайда алуан түрлі табиғат — ландшафт, өзендер, теңіз бен мұхиттар бар.

Астрал дүниесінің тұрғындары өздері тастап шыққан физикалық дүниедегідей, сол физикалық дүниеде өздерінің қалыптастырған кармасына сай күрес пен еңбекке толы күн кешеді, сүйеді, шығармашылықтың қуаныш-қасіретін көреді.

Алайда астрал дүниесінің мүмкіндіктері физикалық дүниенің мүмкіндіктерінен әлдеқайда биік, ал астрал денесінің сезімталдығы әлдеқайда бай және нәзіктеу болады.

Қапияда қаза тапқан немесе соғыста өлген адамдар көбінесе өздерімен не болғанын, неге олар өздерінің өлі денелерін сыртынан көріп тұрғанын алғашында түсіне алмайды, тек біраз уақыттан кейін өлімнің жоқтығын, өздерінің басқа дүниеде екендігін, нағыз өмірдің енді ғана басталғанын түсінеді.

Астрал дүниесінде адамдар өздерінің қайтыс болған жақындарын, таныстарын, достары мен жауларын кездестіріп, оларға кармалық қарыздарын қайтарады.

Астрал дүниесінде ауыр сыннан тайсақтау, жердегідей сырынды жасыру, алдау және өтірік айту мүмкін емес.

Кармасы ауыр адамдардың астрал дүниесіндегі ғұмыры діндерде жақсы белгілі, және нанымды дәлдікпен баяндалған. Қарапайым еңбек адамдары көбінесе, өздерінің астрал дүниесіндегі өмірін, өздерінің тура сол, физикалық дүниедегі өмір сүріп еңбек еткен жағдайларында жалғастырады. Физикалық дүниеде қалған туыстары мен жақындары қабаттас дүниелерге өтіп кеткендердің тағдырын әлеуір жеңілдете алады. Ең сауапты көмегін бұндағылар қайтыс болғандарға, олардың заттық және рухани қарыздарын өтеу арқылы көрсете алады. Адамның физикалық дүниедегі қарыздары толығымен өтеліп болмайынша оған, Карма заңы бойынша, қабаттас дүниелерде де ілесіп отырады.

Физикалық дүниені тастап шыққан адам үшін қарыздарының қырық күн ішінде өтелуі оның құтқарылуына сауабын тигізуі мүмкін, себебі, қырықыншы күні астрал дүниесіндегі өркімнің ғұмырының тағдыры шешіледі. Жерде өлген тіршілік иесінің бірде-біреуі қасиетті қырық күн өтпестен бұрын астрал дүниесін тастап кете алмайды.

Бірін-бірі сүйген жандар бір-бірімен барлық қабаттас дүниелерде кездесіп отырады, сондықтан бұндайға кәдімгідей дайын болу керек те, физикалық дүниеден қайтқан жақын жанды сенбеушілік білдіріп кеудеден итеруге болмайды.

Астрал дүниесіндегі адамның ғұмыры жер уақытымен есептегенде ондаған күндерден жүздеген жылдарға дейін созылуы мүмкін. Астрал дүниесіндегі ғұмырын аяқтаған адам қайтадан өлгендей болып, күні біткен астрал денесін тастап шығады. Осы сәтте адамның астрал денесінен оның ментал денесі Универсал Ғарыш Модулімен бірге бөлініп шығады да ментал дүниесі деп аталатын, ой материясының дүниесіне енеді.

Мұнда аруақ әрбір сатыда ментал денесі қабаттарының мықтылығына сай мерзімге кідіре отырып, сатылар тізбегімен жоғары қарай өтеді. Ортақ игілік хақындағы биік ойлармен өмір сүрген адам ментал өлемінің жек көрушілік, қызғаныш, бұзақылық, мансапқорлық ойлары жүрген төменгі қабаттарынан шапшаң өтіп ой дүниесінің алтыншы, жетінші қабаттарына көтеріледі. Ол жерде кіршіксіз идеялар дүниесінде, сұлулыққа сүнгіп, әдемі ойлар тудырып өмір сүреді. Физикалық дүниеде жүрген кезінде адам үлкен шабыт қанатына мінген сәтте ғана бұл ғажайып сұлулықпен астаса алатын еді.

Ментал денесінің, физикалық дене мен астрал денесінен айырмашылығы — оның әдеттегідей формасы болмайды, адамның «менлігі» қаптаған энергетикалық ұйысу күйінде болады. Ментал дүниесінде тіршілік иесі идеялар өлемінде өмір сүреді, және өзінің шығармашылық мүмкіндігін толық іске асыруға керектің барлығына ие болады.

Әлемдік діндерде ментал дүниесі Ұжмақ ретінде белгілі. Бір ғана Жаратушыға сенетіндер үшін ментал дүниесіндегі өмір — имандылықпен өткізген ғұмырларының зейнеті болып табылады. Олар, Ғарыш Соты басталғанға дейін ментал дүниесінде, жер уақыты бойынша мыңдаған жыл өмір сүреді.

Кейбір, нақты өліп, бірақ та ноль-астралды денелерін сақтағандар, клиникалық өлімнен кейін, өздерінің қарыздарын өтеу үшін, Биік Күштердің өмірімен астрал дүниесінен кері қарай, физикалық дүниедегі өз денелеріне қайтарылуы мүмкін. Бұндай адамдарға жерлік ғұмырына ораларының алдында жарыққа бөленген тұлғалар жолығып, қайтарылуының себебін түсіндіреді. Олар кері қайтарылатын жанның санасындағы астрал дүниесі туралы мәліметтің денін өшіріп, физикалық дүниедегі өмірге кедергі келтірмейтінін ғана қалдырады.

Негізінен болашақ жайлы мәлімет өшіріледі, себебі бұндай білім қарапайым адамның қармалық қарыздарын қайтаруын қиындатуы мүмкін. Өздері қысқа мерзімге ғана аялдаған әдемі дүние туралы қалдық елестер бұндай адамдардың дүниетанымын жақсы жағына өзгертеді. Олардың барлығы бұдан былай құлшына сенушілерге айналып, өздерінің бұрынғы жерлік ләззаттарына ықыластығынан түбегейлі арылады. Бұндай адамдар үшін өлім ұғымы атымен жойылады, ал физикалық дүниедегі өмірінің жалғасуын олар жақын адамдары мен қоғам алдындағы міндет ретінде қабылдайды.

3. Адамның тууы мен өмірі

Әрбір өмірінде адам үдемелі түрде Эволюцияның барлық жеті сатысынан өтеді.

Эволюциялық айналымды бастағанда Универсал Ғарыш Модулі алдымен ментал дүниесінен өтеді. Бұл кезеңде ол, ментал дүниесінің осы тұлғаның эволюциялық қорына толығымен сәйкес келетін материясын ғана өзіне тартып алады да, тұлғаның болашақ интеллектуалдық деңгейін қалыптастырады. Содан соң ментал денесі ноль-менталды қабықшамен көмкеріледі. Бұл кезең Эволюцияның бірінші сатысын қайталайды және осы атаулы өмірдің эволюциясының бірінші кіші баспалдағы болып табылады.

Одан әрі, Универсал Ғарыш Модулі астрал дүниесінен өтеді де, енді болашақ физикалық дененің барлық өзіндік ерекшеліктері таңбаланған астрал материясымен көмкеріліп ноль-астралды қабықшаға ие болады. Бұл кезең Эволюцияның екінші сатысына сәйкес келеді.

Бұдан соң осы тұлға алдыменен физикалық дүние тұрғындарына арналған астрал дүниесінің бөлігінде ноль-астралды денеде туады.

Біраз уақыт ана өзінің ноль-астралды денесі арқылы астрал дүниесінде жана туған сәбиімен қарым-қатынаста болып оның физикалық дүниеге келуіне дайындалады.

Астрал дүниесінен ана өз сәбиінің болашағы жайлы мәлімет алуы мүмкін және оны алдын ала осыған орай тәрбиелеуге дайындалады. Сондықтан да болар, ұлы адамдардың аналары өз балаларының болашағы туралы өрқашанда білген.

Соңғы кезеңінде бұл Модуль ана кұрсағына тартылады да, болашақ физикалық денені сомдау үшін ұрпақтың ішіне орналастырылады.

Өлмес Жанның өзіндік физикалық денесін тапқан аса маңызды бұл сәті, Эволюцияның үшінші сатысының қайталануы, яғни Универсал Ғарыш Модулінің физикалық дүниеге батуы болып табылады.

Жана туған нәресте биік руханиетті тіршілік иесі болғанымен, оның санасы бастауыш деңгейде болады. Одан әрі, физикалық дене мен сана өскен сайын, руханиет өлсірейді де, үшінші кіші баспалдақтың принципі — Менлік іске қосылады. Жасөспірім дүниені өзінің сезім мүшелері арқылы ғана түйсінеді, және бұл жасында оның менмендігі мен тұлғалануының ең биік деңгейге жетуі эволюциялық себептерге негізделеді.

Бұдан ары «меннің» сұраныстары төртінші кіші баспалдақ принципінің дамуы барысында іске асады да жас адамның барлық ұмтылысы өзінің физикалық денесінің қажеттерін қанағаттандыруға бағытталады. Бұл кіші баспалдақта руханиеттің құлдырауы ең төменгі деңгейіне дейін жетеді. Өсіп келе жатқан дене руханиеттің әрбір жылғын тырп еткізбей буып тастап отырады.

Айналасындағы дүниені тануын жалғастыра келе адам бесінші кіші баспалдақ — Ақыға өтеді де, енді көбінесе өзінің сезім мүшелері мен эмоцияларына емес, — ақылына жүгінеді. Сана өскен сайын таным нысанасының аясы кеңейе түседі де, адам, өзін қоршаған дүниенің жарасымдылығының

Бастапқы себебі болуы тиіс деген сенімге келеді, яғни саналы түрде Құдай туралы түсінікке ие болады.

Осы сәттен бастап өзінің қайтыс болуына дейін адам алтыншы кіші баспалдақ — Ізгілік пен Мейірбандыққа көтеріледі. Өсіп келе жатқан руханиет адамды, кемелденген санасын сақтай отырып, эволюция спиралінің бойымен сәби руханиетінің деңгейіне қайтарып әкеледі. Одан әрі, руханиет өсіп, ал сана, дене және менлік өшкен сайын адам біржолата сәбилік күйге енеді де, қайтыс болар сәтінде жаңа туғаң нәрестеге ұқсайды. Ол, тек керісінше, физикалық дүниеден астрал дүниесіне қарай туады да, сол дүниеде өз эволюциясының алтыншы, кіші баспалдағын жалғастырады.

Астрал дүниесіндегі ғұмырын аяқтағаннан кейін тіршілік иесі ментал дүниесіне өтеді де, микроэволюцияның ең соңғы, жетінші кезеңіне кіреді. Сонымен, бір ғұмырдың жеті баспалдақты микроциклы аяқталды да, микроэволюцияның спиралі өзінің бастапқы күйіне, бірақ та әлдеқайда жоғары деңгейде қайтып оралды.

Белгілі мөлшердегі микроциклдардан дұрыс эволюциялық жылжуының нәтижесінде адам енді Эволюцияның әлдеқайда биік, жалпы адамзаттық сатысына өтеді.

Өзінің нәсілі мен ұлтына және әлеуметтік ахуалына қарамастан барлық адамдар эволюцияның белгілі бір сатысында тұрады.

Үшінші сатыда эволюциялық тұрғыдан кемшін дамыған, сиқыр, магия, экстрасенсорика, астрологиямен айналысып, азған рухтар және Түнек Күштерімен астасуға апаратын әрекет атаулының бөріне бой ұсынған адамдар тұрады.

Өз денесінің керегін ғана күйттеген адам Эволюцияның жалпы адамзаттық төртінші сатысында тұрады және оны өзінің кіші оралымды өмірлерінде ұзақ-та азапты жол тосады.

Ақыл-ойы кемел дамығанымен, мейірбандығын өреге жеткізе алмаған адам Эволюцияның бесінші сатысында болады.


Өз бойында Мейірбандық принципің дамытқан адам алтыншы сатыдан табылады және болашақта адамзаттың рухани Жетекшісі болу үшін шұғыл рухани дамудың хұқығын алады.

Физикалық дүниеде өмір сүріп жатқан адам уақытының бір бөлігін астрал дүниесінде өткізеді, ал кейде, биік шабыттағы шығармашылық ізденістерінің кезінде, немесе ерекше дамыған тұлға ретінде, Биік Күштердің шақыруымен ментал дүниесіне де зиярат етеді.

Физикалық дүниеде келешекте болатын оқиғалар осы дүниенің барлық саналы тіршілік иелерінің ой әрекеттерінің қорынан ең алдымен ментал дүниесінде, идеялар күйінде қалыптасады.

Менталдағы жоспар астрал дүниесіне нақты әрекеттер түрінде танбаланады. Астрал дүниесіндегі бұл оқиғалар белгілі бір уақыттан кейін астралдағы жоспарды толығымен қайталайтын физикалық дүниеге танбаланады.

ҚАБАТТАС ДҮНИЕЛЕР АРҚЫЛЫ ЖЫЛЖУ



Физикалық дүниеде астрал және ментал жоспарына адамдардың еркін еріктері қосылады. Олар өздерінің әрекеттерімен, эмоцияларымен және ой формаларымен бұрынғы кармаға қосылатын жаңа кармалық байланыстарды тудырады.

Белгілі бір уақыттан кейін жаңарған карма туындаған ой формалары арқылы ментал дүниесіне әсер етеді де, өзіне эмоциялар материясын тартып алып астрал дүниесінің нақты оқиғаларына айналады. Содан кейін алдыңғы кармалық циклдың негізгі оқиғаларының қайталануымен кармалық сценарий астрал дүниесінен физикалық дүниеге түсіп орындалады.

Ұйқы кезінде, астрал және ментал дүниелеріндегі өмір физикалық дүниенің уақытымен өлшегенде өте қысқа мерзімде өтеді. Осы мерзім ішінде астрал дүниесіндегі тұлға, физикалық дүниеде көптеген жылдарға созылып қайталанатын оқиғаларды басынан өткізе алады. Астрал дүниесіндегі ғұмырында адам кармалық байланыстарды қалыптастырады, ал содан кейін физикалық дүниеде адамдар бір-бірімен бұлтармай кездесіп, өзаралық қарыздарын қайтарады.

Астрал дүниесіндегі оқиғалар физикалық дүниедегі оқиғалардан бірнеше сағаттан көптеген онжылдықтарға дейін оза алады.

Ментал дүниесіндегі оқиғалар жердегі оқиғалардан жүздеген немесе мыңдаған жылдарға оза алады.

Физикалық дүниеде өмір сүріп жатқан адамдар ұйқы кезінде өздерінің астрал денелерімен, яғни өздерінің осы астрал денелерінің жете алған астрал дүниесі деңгейлерінің тұрғындарымен қатынасады. Адамның рухани өмірі неғұрлым сезімтал және бай болған сайын, оған астрал дүниесінің соғұрлым биігірек деңгейлерінің есігі ашылады.

4. Өрлеу үстіндегілер

Алтыншы сатыдағы адамдардың өмірлерінің негізгі бөлігі кейіптелгендердің астрал және ментал дүниелерімен ашық қатынаста және ынтымақтастықта өтетін болады.

Рух өрлеуінің бастауыш кезеңдерінде қабаттас дүниелермен қатынасқа түсуші өзінің ой астарына басынқы бөгеулер енгізу арқылы қорқытуға тырысқан түнек тұлғаларының тегеурінді қарсылығына ұрынады.

Қаранғылардың бөгеулерін ажырату қиын емес, өйткені сайтаншылардың Ғарыш шайқасындағы жеңілістерінен кейін олар астралдағы Тозақтың төменгі қабаттарын ғана қадағалай алады, яғни, олардың энергиялық қоры шамалы. Ұйқыда жатқан адамға жіберетін елестердің фоны түнек тұлғаларының әлсіз энергиялық қуатына байланысты сұрғылттау болады. Әдетте бұл, ізгіліктің кебін киген, болашақта келуі мүмкін дәулеттің, менмен арманның орындалуы кейпіндегі суреттер. Осының бәрі — эволюциялық тұрғыдан алғанда балаң адамдар түсіп қалатын тұзақ үлгілері.

Биік дүниелермен қатынасқанда өрлеуші нұрлы бейнелерді көреді де, өзінің өткені мен бүгінгі жайлы, көбінесе өзіне жақпайтын, бірақ аяусыз нақты, шын мәлімет алады. Рухы күштілер ғана өздері туралы осындай аяусыз шындықты қабылдап, оның — сүрінгенге кінәсін мойындатып, болашақта алдынан қандай қиындықтар шығатынын білдіріп тұрған — Биік әділет екенін түсінеді.

Бұдан әрі өрлегенде алтыншы сатының адамдары кармалық спиральдің неғұрлым ыңғайлы орамдарына еніп, енді өздерінің кармалық достарымен, еріптестерімен және сүйген жандарымен кездеседі.

Одан әрі өрлеуші қабаттас дүниелердің жоғарғы деңгейлерімен тұрақты байланыста болады да, олардың күдіретті сұлулығын көріп түйсінеді.

Адамның Биік күштермен кездескендігінің ақиқаттығын болып жатқанның қуатты энергиялық қоректендірілуі айғақтайды. Сол себепті, нағыз оқиға биік сәуле аясында, жарыққа бөленген тұлғалардың қатысуымен өтеді.

Қабаттас дүниелердегі планеталық, тіпті ғарыштық маңызы бар кармалық әрекеттер, сонынан осындай қуат ергенде ғана физикалық дүниеде кейіптеле алады.

Астрал дүниесінен жақын болашақта өзінің қатысуымен өтетін оқиғалар жайлы мәлімет алған адам, өз істерінде өте сақ болуы керек.

Егерде алтыншы сатының адамы өзі қаламаған оқиғаны болдырмауға тырысса, мысалы, астрал дүниесінде ендігі болып өткен оқиғадан бой тартса, онда қабаттас дүниелер арасындағы әрекеттестіктің себеп-салдар байланысы бұзылады. Астралдағы жоспардан бұл, елеусіз болып көрінетін ауытқу, ең алдымен жергілікті көлемдегі катаклизмдерді туғызуы мүмкін, ал жоспар, бұған да қарамастан, бәрібір орындалмаса, зілзаладың аймағы одан да зор болып ұлғая береді.

Егер өрлеуші өзіне биіктен түскен жарлықты бұлжытпай орындаса, онда оның ештеңеден қорықпауына болады, себебі, оның өзі кармалық жоспардың бөлігі болып табылады.

Бұл жолда өрлеуші өзінің шегіне жетіп, оның ары қарай жылжуы тоқтап қалатын сәті болады. Бұндайда өзінің рухани өрлеуінің «күдіреттілігі» жайлы алдамшы сезім пайда болады, бірақ та бұл — жалған сезім. Бұл әншейін, қордаланған білімді жүйеге келтіріп, келесі өрлеудің алдындағы демалыс үшін қажетті кідіріс.

Алайда бұл кідіріс, ақиқаттың біразын білген жан заңды жолмен алған білімін ізін басып сонынан келе жатқан өзі сияқты өрлеушілерге беріп болмайынша, созылуы мүмкін.

Йогтық транс пен кейбір шығыс жекпе-жектерінің психофизикалық жаттығулары арқылы астрал дүниесінің төменгі деңгейлеріне рұқсатсыз, зорлықпен кіретін бұрынғы сатылардың тәжірибесінен, алтыншы сатыда тұрған адамдардың айырмасы — бұлар биіктен жеткен жарлыққа бағынып қана қабаттас дүниелерге зиярат етеді.

Ауыр кармалық қарыздарды өтеместен медитациямен шұғылданудың ешқандай мағынасы болмайды, ол рухани сапардағы жай ғана көмекші құрал болып табылады.

Игілікті ой мейірімді сезімдермен айғақтанып, қайырымды істермен бекігенде ғана ментал, астрал және физикалық дүниелердің үшбірлігі іске асады.

Астрал дүниесіне магиялық әдіс арқылы кіру бұдан да үлкен қылмыс болып табылады. Бұл жерде магияның ақ немесе қара болуының еш айырмасы жоқ, себебі, магия тек қана қараңғы, яғни сайтаншыл болады.

Сондай-ақ психотроптық құралдар мен есірткілерді пайдалануға болмайды.

Бұл тәсілдер арқылы тұлға астрал дүниесінің ең төменгі деңгейлеріне күшпен кіреді де өзін ауыр кармаға душар етеді және келесі ғұмырында санадан айрылады да өткен ғұмырында бойында болған психофизикалық қабілеттерді пайдалана алмайды.

Эволюциялық жағынан жете дамыған адамдар өздерінің астрал дүниесіндегі қатысқан оқиғаларын естерінде сақтай алады. Бұл білім оларға физикалық дүниедегі оқиғаларды көп жылға дейін алға қарай болжауға мүмкіндік береді. Ментал дүниесіне шақырылғандар өз уақытынан мыңдаған жылдарға озған оқиғаларды көреді және Биік Күштердің рұқсатымен сенушілерге келешектің сырын ашып бере алады.

Пайғамбарлардың айтқандарының барлығы нақты мәліметтік негізге сүйенеді және басты сипаттарымен физикалық дүниеде іске асады. Астрал және ментал дүниесінен бөлінген түрде бұндай білімге ие болу мүмкін емес, себебі, физикалық дүниенің заңы бойынша нақты болжам жасау — мәліметтің жағдайға сәйкес кризистік мөлшерін қажет етеді.

Ментал дүниесі, яғни ой дүниесімен қатынасы бар адамдар неше түрлі ілім мен діндердің арасынан әжептәуір әдемі және логикалық жағынан мінсіз, жалған ілімдерден Күдіретті Ақиқатты ажырата алады. Ұйқыдан оянған адам сананың терең қабатында Жиһан құрылымының заңдары жайлы шын білімнің бір бөлігін есінде сақтап қалады. Бұл білім адамға, физикалық дүниеде, өзінің эволюциялық деңгейіне сәйкес, ментал дүниесінен қабылдай алған наным мен дінді ғана тандап алуға мүмкіндік береді. Эволюция барысында ментал дүниесінің анағұрлым биік деңгейлерімен қатынасқан адам Күдіретті Мейірім дүниесіне жетіп, Бір Жаратушыға деген сенімге ие болады.

5. Адамның жеті центрі

Жаратушыға ұқсас етіп сомдалған адам микрокосмос болып табылады, және болашақта Биік Тіршілік Иелерімен иық теңестіруге мүмкіндігі бар. Бұған жеткізерлік, адам денесінде жеті негізгі және бірнеше ондаған көмекші центрлер бар.

Көмекші центрлер медицинада акупунктуралық нүктелер ретінде белгілі. Сол нүктелерге әсер ету арқылы адамның сырқатын емдеуге болады. Ал жеті негізгі центрлер адамға рухани бағытта қызмет етеді.

Бұл центрлердің ахуалы мен сапасы жайлы мәлімет Универсал Ғарыш Модулінің ішінде сақталады да тұлғаның эволюциялық игілігі ретінде ғұмырдан-ғұмырға беріліп отырады. Қарапайым адамның бұл центрлері аз дамыған, тек эволюциялық тұрғыдан ілгері дамығандардың ғана ояна бастаған немесе істеп тұрған центрлері бар.

1. Төменгі немесе түпкі центр омыртқаның ең төменгі нүктесіне орналасқан.

Бұл центрдің бақылаусыз және асқына дамуы өнер адамдарының өмірбаянынан білетініміздей аумалы психикалық күй, сексуалдық ауытқуларға және басқа ауруларға апарып соғады.

Діндердің тәжірибесінде бұл центрдің оянуынан туған шығармашылық қуатты тұрақтандырып басудың әдістері бар. Бұндай жағдайда сенушілерге ораза ұстау, тізгінделу және адамдар тұрмайтын жырақтау жерде онаша тұру тапсырылған. Бұл қағидаларды ұстанбаған шығармашыл адам «кундалини өрті» ішімдікпен, есірткімен және әдепсіз жүріспен өшіруге мәжбүр болған, ал бұның бәрі өз кезегінде ауыр қармаға айналады. Талай ұлы адамдардың талқан болған тағдыры тарихтан белгілі, сондықтан алтыншы сатының перзенттері өздерінің оянып келе жатқан центрлерінің дамуын асқан сақтықпен қадағалап, аялай білуі керек.

Жаңа дәуірде төменгі центрлердің ықпалы бұрынғы сатылардың дәуірлеріндегідей онша маңызды болмайды. Сондықтан, классикалық йогадан белгілі, адамның ұрпақ жалғастыру қабілетін реттеп отыратын белдемше центрі негізгіден көмекшіге айналады.

2. Келесі центр — төсетекте орналасқан «энергетикалық» центр. Көдімгі адамдарда бұл центр энергияның қоры болып табылады да, ағзадағы энергетикалық тепе-теңдікті реттеп отырады. Эволюциялық тұрғыдан озып кеткен адамдарда, бұл центр өз қорынан басқа центрлердің жұмысын қамтамасыз етеді. Бұл центрдің оянуының белгісі — адам ағзасының ет белогынсыз өмір сүру қабілетінің пайда болуында, яғни бұл белокты көкөніс пен сүт тағамдарынан өндіріп ала бастауында. Болашақ, алтыншы сатының адамдарында «энергетикалық» центр басқа центрлермен жараса дамып, аз тамақпен қанағаттану әдетін қалыптастырады да тіпті ақырында, ғарыштық энергиядан қуат алуға дейін жеткізеді.

Ет-сүт тағамдарынан, балық етінен бас тарту арқылы, эволюциялық негізсіз, энергетикалық центрдің жұмысын жасанды түрде жандандыру — ең тәуір деген нәтижеде тозып-өлсіреуге өкеліп өзіннің жалпы адамзаттық міндетінді орындай алмайтын халге жеткізеді.

3. Үшінші центр кеудеде, екінші центрдің үстіне орналасқан. Бұл центр адамның астрал денесінің вибрациялық ырғағын қалыптастыру үшін және

сол арқылы физикалық дененің тіршілік ырғағын қалыптастыру үшін қызмет етеді.

4. Төртінші центр жүрек тұсында орналасқан. Бұл центр басқа центрлердің эволюциялық тұрғыдан жандануын және одан кейінгі қызметін қадағалап отырады. Адам, бойында өзін қоршаған ортаға деген шексіз махаббатын оята алғанда ғана, оның басқа центрлерінің эволюциялы, заңдылы оянуының басталуы мүмкін болады.

5. Бесінші центр көмейге орналасқан. Бұл центрді дамытқан алтыншы сатының адамдары, оның тербелісі арқылы физикалық дүниеде кез келген қашықтыққа және эволюциялық дамудың барысында астрал және ментал дүниелеріне де хабар бере алатын болады.

6. Келесі центр адамның басында — сфералық фокустаушы айна сияқты желке сүйектен басталып қастан сәл жоғарырақ тұста мандай сүйекке келіп тіреледі. Руханиеті жоғары адамдардың бұл центрінде астрал және ментал дүниелерінен алынған мәлімет зерделеніп бағамдалады. Осыдан келіп физикалық дүниедегі болашақ оқиғаларды болжап білудің сыры ментал және астрал дүниелерінде болып өткен оқиғалардан ашылады. Бұл центр оянған сайын адам өзі жинақтаған қуат қорын кеңістікке сәулелей алады. Осы арқылы, түрлі энергетикалық вампирлерден қорғану мақсатында энергетикалық сауыт қалыптастыруға болады.

Алтыншы саты адамдарының бұл центрі кейіннен ғарышта сейілген энергияны центрлеп, түрлендіріп және қабаттас дүниелерге жібере алатын болады.

7. Соңғы центр адам денесінің ең жоғарғы нүктесі — тақ төбесінде орналасқан. Бұл — адамды Биік дүниелермен жалғастыратын центр болып табылады. Ғарыштан келген мәлімет осы жетінші центр арқылы қабылданып, басқа центрлерге таратылады.

6. Ену арнасы мен өрлеу арнасы

Осы центрлер арқылы қабаттас дүниелермен іске асатын байланысты, графикалық түрде, физикалық дүниенің жазықтығында тұрған адам кейпінде бейнелеуге болады.

Физикалық дүниенің жазықтығымен бір қабатта жүрек арқылы астрал, яғни сезімдер мен эмоциялар дүниесі өтеді, ал бастағы алтыншы центр арқылы ментал дүниесі, яғни ой дүниесінің жазықтығы өтеді.

Бұл жазықтықтар бір-бірімен қиыса алмайды және өзара, вертикаль бойынша қабаттас дүниелердің жазықтықтарын көктей өтетін энергетикалық арна арқылы жалғасады. Бұл арна жұлынның бойымен, төменгі центр мен бастың центрлерінің аралығында орналасқан. Бұл арнаның бойымен қабаттас дүниелердің арасындағы нәзік материяның, энергия мен мәліметтің қозғалысы іске асады.

Осы арналар арқылы ментал, астрал және физикалық дүниелер арасындағы байланыстарды ғибадатхана құрылысының мысалы арқылы түсінуге болады:

— Алдымен, кейіптелгендердің ментал дүниесінің жоғарғы деңгейлерінде ғибадатхананың идеясы туындайды.

Содан кейін бұл ой сәулетшінің санасында пісіп-жетіледі де бірте-бірте ену арнасы арқылы ментал дүниесінің төменгі деңгейіне дейін түсіп сызба түріндегі ғибадатхананың қалаулы пішінін иеленеді.

— Енді, ғибадатхананың жобасы әбден жетілген сәтте ол ену арнасы арқылы төмен қарай сәулетшінің төртінші центріндегі астрал дүниесінің жоғарғы деңгейлеріне тартылады. Бұнда жоба ғибадатхананың алғашқы моделі ретінде кейіптеледі. Сәулетшінің толғаныс сезімдері ғибадатхананың моделін одан әрі жетілдіре береді де, ақыр соңында, әбден жетіліп болған модель кейіптелгендердің астрал дүниесінің төменгі деңгейіне түседі.

— Бұдан соң, ғибадатхана салынатын жерді иеленіп отырған мемлекеті және халқымен тығыз байланысқан сәулетшінің қармасына сәйкес, белгіленген күні мен сағатында бұл жоба сәулетшінің арнасы арқылы физикалық дүниеге өтеді де, астрал дүниесінің мінсіз формалар әлемінен келген ойдың материяға айналуы басталады.

Дәл осындай жолмен музыканттардың центрлері мен ену арнасы арқылы физикалық дүниеге халық әуендері мен күйлер, халық әндері және классикалық музыканың маржаңдары ментал дүниесінің мінсіз дыбыстар әлемінен келіп жетеді.

Қосулы арна және істеп тұрған центрлері арқылы барлық адамдар сезімдері және ойларымен өзара байланысатын болады, ал кейінірек алтыншы сатының адамдары бұл арналары мен центрлері арқылы кез келген қашықтықта, астрал дүниесінде сезімдерінің энергиясын, ал ментал дүниесі арқылы — мәліметті таратып және қабылдай алатын болады.

Бұл арнаның өткізгіштік мүмкіндігі адамның эволюциялық дамуының деңгейіне тәуелді. Өткен дәуірлердегі адамдардың көпшілігінде бұл арна, негізінен, туған не өлген сәтте іске қосылып, туған немесе ғұмырларын аяқтаған денелерді келесі кеңістіктерге тасымалдаудың құралы болған.

Адамдардың қабаттас дүниелер арқылы қатынасуының қалай іске асатынын түсіну үшін, бір-бірімен астрал дүниесінің жазықтығы арқылы сезіммен, ал ментал дүниесінің жазықтығы арқылы оймен қосылған барлық адамдарды елестету керек.

Физикалық дүниеде, өзінен алыс жерде жүрген баласына төнген қатерді сезген ананың абыржуын осы байланыстармен түсіндіруге болады. Жүрек центрі арқылы бір-біріне жақын және сүйген жандар астрал дүниесінің тербелісін қабылдайды, яғни бұнда бір-біріне сәйкес эмоциялық жиіліктердің резонансы туады.

Бастың центрлері арқылы ментал дүниесінде үлкен қашықтыққа, онымен қоймай көп адамға ой тасымалдап жеткізу қабілетін де осылайша түсіндіруге болады.

Астрал дүниесімен түйіскен кезде адам, өз санасының ішіне — әлдебір құдыққа құлап кеткендей болады. Бұл, астрал денесінің арна арқылы және Жүрек центрі арқылы астрал дүниесінің жеті жазықтықтарының біреуіне қарай жылжуынан туған әсер.

Ментал денесінің Универсал Ғарыш Модулімен бірігіп арна мен жоғарғы центрлер арқылы, астрал дүниесінен ментал дүниесінің жазықтығына қоныс аударуы да осылай өтеді.

Жаратылып келе жатқан тұлғаның ментал дүниесінен астрал дүниесінің жазықтығына, ал одан ары ананың бойындағы ұрпаққа қарай жылжуы да осылай өтеді, тек кері ретпен іске асады.

Энергетикалық арна көзге көрінбейтін екі энергетикалық ағыстан тұрады. Бұлардың ең түйінді жері — жеті биік центрлер болып табылады. Бұл екі ағыс бірінші төменгі центрде, энергетикалық бөгет арқылы жалғасады, бірақ өзара араласпайды.

Оң ағыс қабаттас дүниелердің энергиясы мен материясының енуі үшін керек.

Адам дүниеге келерден бұрын оның Универсал Ғарыш Модулі өзінің болашақ анасы тарапынан тартылып, так төбесінде орналасқан жетінші центр арқылы ананың энергетикалық арнасына өтеді. Одан ары, осы арнамен төмен жылжи отырып, Модуль, ментал дүниесімен жалғасқан алтыншы, бастағы центрге түседі. Ментал дүниесінен, Модуль, тұлғаның болашақ интеллектуалдық деңгейіне сәйкес келетін ментал материясын өзіне тартады және кейінтелгендер дүниесіндегі тіршілігі үшін қажетті ноль-менталды қабықшаны иеленеді.

Болашақ ұлы ғалым құғын мен налаға, қасіретке толы ғұмырларды бірінен кейін бірін кешіп, өзінің ментал денесін жетілдіріп, кемеліне келтіреді. Ақыр соңында, Универсал Ғарыш Модулінің бір дөнін ғана тиянақтайтын соңғы ғұмырында ол көптеген ғұмырдың шешілмеген сауалдарын шешіп өзін даңқ тұғырына көтеретін ментал денесін иеленеді.

Алайда, бұл ғалым өзінің ашқан жаңалықтары үшін қармалық жауапкер, сондықтан адамдарға зиян келтіретін жағдайда оның, өзінің интеллектуалдық игілігінен бас тартуға хұқығы бар. Ізгілікті қадам тұлғаға жылдам дамудың хұқығын береді де, келесі циклда бұндай адам, болашақта рухани басшылардың бірі болу үшін өз өмірін адамгершілік максаттарға бағыштайды.

Жылжыған күйі Модуль, астрал дүниесіне өтуге алдын ала дайындық іске асырылатын, бесінші центрден өтеді. Ананың энергетикалық арнасымен жылжыған Модуль, барлық центрлерді қоректендіретін энергетикалық торап ретіндегі төртінші, Жүрек центріне түседі. Осы центр арқылы Модуль, астрал дүниесіне құлап кетеді де, сол жерде өзінің

бұрынғы ғұмырларына сәйкес келетін астрал материясын тартады. Осылайша қалыптасқан астрал денесі болашақ физикалық дененің толық көшірмесі болып табылады.

Мысалы, біреуді соқыр еткен адам астрал дүниесінен өткенде, өзінің астрал денесіне жанар жүйкесін тарта алмайды да, өткен өмірінде соқыр етуге бұйырған адамдарының бар қорқынышы мен әлсіздігін түйсіну үшін соқыр болып туады. Болашақ ұлы музыкант астрал дүниесінде келешекте шебер орындаушылыққа жеткізетін эмоция денесін және қол саласының болашақ формасын иемденеді.

Қалыптасып болған астрал денесі одан әрі аналық энергетикалық арнамен жылжып отырып үшінші және екінші центрлерден өтеді де, өзінің астрал денесіне арналған эфирлік жамылғыға ие болады. Эфирлік жамылғы адамның физикалық денесінің терісі сияқты оның астрал денесі үшін өзі жалғаушы, өзі қорғаушы жамылғы болып табылады.

Ақыр соңында қалыптасып болған астрал денесі төменгі центрге жетіп, сол арқылы ананың бойындағы 4,5 айлық дәрежеге жеткен ұрпаққа енеді. Сәби ажалсыз жанға ие болған сәтте, ана оның тепкінін сезеді де, нәресте физикалық дүниеде қозғалып, өмір сүре бастайды.

Сол жақтағы энергетикалық ағыс төменгі центрлерден жоғарғы центрлерге қарай өрлейді.

Қабаттас дүниелермен әрекеттескенде астрал және ментал денелері Универсал Ғарыш Модулімен бірге түпкі центрден энергетикалық арнаны бойлай екінші және үшінші центрлер арқылы төртінші, жүрек центріне жылжиды. Бұл жерде астрал денесі төртінші өлшемге, яғни астрал дүниесіне өтеді. Бұл дүниемен адам тұрақты қатынаста болады және бұнда ол ең алдымен, біраз уақыттан кейін өзінің энергетикалық арнасы арқылы физикалық дүниеге тартылып, сол дүниеде жүзеге асатын іс-әрекеттерді қалыптастырады.

Егер жылдам дамытылған тұлға ментал дүниесін зиярат етуге шақырылса, ол, астрал дүниесінде қалтырылатын өзінің астрал денесіне түнек тұлғасы басып кірмес үшін бұл денесін, күзетілетін арнайы контейнер-табытқа салып кетеді. Сол себепті Бір Жаратушыға сенетіндер ғана ментал дүниесінің биік қабаттары мен Биік Дүниелерді зиярат ете алады.

Келесі кезеңде ментал денесі Универсал Ғарыш Модулімен бірге астрал денесінің энергетикалық арнасына құлап кетеді де бесінші центр арқылы арна бойымен, бесінші өлшемге, яғни ментал дүниесіне шығаратын жолы бар, алтыншы центрге барып түседі.

Тура осылай, Универсал Ғарыш Модулі тұлғаның ерекше өкілеттер мен қасиеттерге ие болуы үшін және сол арқылы бір эволюциялық сатыдан екіншісіне өтердегі планетаның тағдырына әсер ету үшін, ментал дүниесінен энергетикалық арнаның бойымен Биік Тіршілік Иелерінің тарапынан ең Биік Сфераларға тартылады.

7. Киелі Құпияны Сақтаушылар

Биік Сфераларға жасалған қандай да болмасын зиярат Универсал Ғарыш Модулінің осы кабаттардың қуаты мен мәліметін тартуына өкеледі, ал бұл мәлімет кейіннен адам санасында сәуегейлік, шапағаттану, шығармашылық шабыт бейнесінде көрінеді.

Ментал дүниесінен бастап, тұлға Биік Дүниелердің тілмен айтып жеткізгісіз суреттерін «көреді», олардың құдіретті сазын «естиді», бірақ бұның бәрі толқындық, вибрациялық деңгейде қабылданады.

Эволюциялық тұрғыдан озып кеткен тұлға ғана Биік Дүниелерге барғаннан кейін, өмірге күштарлығын жоғалтпайды. Бұндай адамдар, адамзаттың рухани жетекшілерінің міндетін басшылыққа алады да, эволюциялық парызды терең түйсінгендіктен барып өмірге деген ықыластан айрылмайды. Әрине, санада танбаланып қалған Биік Тіршілік Иелері дүниесінен жарқыраған суреттері, сұлулығына тіл жетпес Биік Сфералардың музыкасы, Абсолюттік Ақиқаттың көрінісі бұл адамдардың өмірі мен мінез-құлқына әсер етеді. Олардың істеген ісі, көзқарасы айналасындағылармен қарым-қатынасы түсінбестік, кейде тіпті қайшылықты әсер туғызады.

Жалған пайғамбарлардан басты айырмасы — өздерінің риясыздығымен, фәни дәулетке деген селқостығымен ерекшеленіп тұратын рухани басшыларын адамдар аялай білуі керек. Келешек дүниеде адамзаттың бұндай басшылары әсіресе әйел-аналардан көп шығады. Ана тіршілік бастауында тұр, сондықтан ол өз центрлерінде планеталық, ал жақын келешекте ғарыштық деңгейдегі эволюциялық қозғалыстың жаратушыларын өзі сомдайды. Универсал Ғарыш Модулі ментал және астрал дүниелері арқылы жер жазықтығына өткізе алатын, дамыған ғарыштық арналары бар әйел-аналар, ғарыштан келетін мәліметті қабылдауға әсіресе бейімделген болады. Бұл білім оларға қоғамдық санаға шешуші ықпалын жүргізіп, адамзаттың эволюциялық қозғалысын тұйық жолдардан сақтандыратын мүмкіндіктерді береді.

Аналық Негізге жасалған зорлық, тұлғаны саналы, адамдық кейіптелуден ада етеді. Бұндай қылмыскерлер тек түнек күштерінің көмегімен ғана адам денесін жамылып жаңа өмірге келе алатын. Эволюцияның алтыншы сатысында барлық Ғарыш низамдары Жер планетасында өз күшіне енеді, сондықтан Ұлы Аналық Негізге зорлық істеген қылмыскерлердің жазасы — бұлтартпас жаза.

Келе жатқан жаңа дәуірде алтыншы саты адамдарының мүмкіндіктері физикалық дүниенің қазіргі техникалық құралдарының мүмкіндіктерінен асып түседі.

Жүрек пен ой центрлерінің игілікті әсерінен астрал және ментал дүниелері жаңа, биік сапаға көтеріледі. Бұл — ментал дүниесінен тағы да жаңа ой формаларын ілестіріп шығарады, ал олар өз кезегінде астрал дүниесінде нақты оқиғаларға айналып эволюцияның тегеурінді өрлеуін тудырады.

Алтыншы сатынын әрбір адамы, қабаттас дүниелер арқылы физикалық дүниені өзгерте алатын қуатты эволюциялық жүйе болып табылады.

Басталған жана дәуірде бұл қызмет, адам тарапынан, кемелденген рухани центрлер арқылы саналы түрде басқарылып қадағаланатын болады.

Алтыншы саты адамдары центрлерінің қызметі Жүрек центрінің оянуынан басталады. Жан ашырлық жолымен оянатын Жүрек центрі басқа центрлердің оянуының және жарасымды әрекетінің ең ыңғайлы режимдерін іске қосады.

Алтыншы саты адамдары центрлерінің жағымсыз салдардан ада жарасымды қызметі 30 жастан кейін ғана мүмкін болады.

Жүрек центрінің оянуына, кеуде тұсының ауыруы мен жағымсыз әсерлер, денедегі үлкен тітіреніс және кеңістікті бағдарлаудан жаңылу тән.

Бұндай жағдайда кардиологиялық орталыққа барып көрінген жөн. Егерде жүректің соғысынан ешқандай ауытқулар байқалмаса, онда, мейірімді, тіпті ойша да жамандыққа бармайтын адамның өмірінде үлкен өзгерістердің басталғаны.

Басқа центрлердің оянуы ерекше құбылыстарды ілестіріп келеді, сондықтан нәзік материяларды басқару ісінде аса жауапкершілікті болған жөн.

Адамда бұндай центрлердің болуы оны потенциалды құдіретті күш иесіне айналдырады, сондықтан бұл қуат қирату жолына жұмсалса, адамның ғарыш кеңістігінде не «ғындыра» алатынын елестету қиын емес. Сол себепті, алтыншы саты адамдары центрлерінің оянуы Жиһан құрылымының заңдарымен қатаң сәйкестікте болады.

III. ЖИҢАН ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ЗАҢДАРЫ

Эволюцияның негізгі Ғарыштық заңы Карма заңымен тығыз байланысқан.

Карма Заңы — Ғарыштық Әділет заңы, немесе себеп пен салдар заңы деп аталады.

Эволюция мен Карма заңынан, Иерархия заңы мен Құбылу заңы өрбиді. Карманын барлық адамға ортақ жеті деңгейі бар:

Ғарыштық карма. Жер планетасының тұрғындары үшін бұл карма өте әлсіз білінді. Адамзаттың алтыншы сатыға өтуімен бірге Ғарыштық карманың күші жиналып, болашақ Жиһан азаматтарына тарайды.

Жалпы адамзаттық немесе планеталық карма. Бұл карма Эволюция жеті сатысының барлығы толығымен аяқталғаннан кейін ғана өтелуі мүмкін.

Мемлекеттік карма. Бұл, мемлекет құрамына кіретін халықтар мен ұлттардың кармаларынан қалыптасады.

Ұлттық карма. Бұл карма өткен ғұмырлардан қалыптасады, сондықтан бір ғұмыр бойында өз халқыңның алдындағы қарызыңды өтеп, ұлттық карманды аяқтау мүмкін емес.

Әулеттік карма. Бұл карма да жоғарыдан беріледі, сондықтан адам өз бетімен ата-анасын және туысын тандай алмайды. Дін қағидаларын орындау арқылы адам нақ осы құбылуында әулеттік кармалық қарыздарының басым бөлігін өтей алады, алайда қайырымды әулеттік байланыстар тұлғаның сонынан ғұмырдан ғұмырға үнемі еріп отырады.

Топтық, ұжымдық карма. Бұл кармаға да адам бұрынғы ғұмырларының байланыстарына орай тартылады. Бұл карма қоғамдық топтың мүддесіндегі адал еңбекпен өтеле алады. Адам өзінің топтық кармасын өзі тандап және қалыптастыра алады.

Жеке карма. Бұл карма, барлық өткен ғұмырлардың жинаған қорынан анықталады, алайда өзінің жеке кармасындағы дәл қазіргі карма ағынын тандап қалыптастыруға адамның өте мол мүмкіндіктері бар.

Ғарыш Сотында әрбір адам ең алдымен өзінің жеке кармасын қалай орындағандығы жөнінде жауап береді. Егерде ол саналы түрде эволюциялық ұрлыққа барып, біреудің ғұмырын иемденген болса, онда оның өзінің жеке эволюциялық тәжірибесі жойылып, барлығын да басынан бастауға мәжбүр болады.

Егерде адамның жеке қармасы ауыр болмаса, онда ол оқу орнындағы, әскер қатарындағы, өндірістегі, қоғамдық бірлестіктердегі, тұйықталған діни секталардағы өзінің топтық қармасын қалай іске асырғандығы жөнінен сыңға түседі. Нашар орындалған топтық қарма, адамды туған сайын қайтара сол топ, ұжым, қоғам немесе сектаға ұшырап, қарыздары біткенше осылай жүре беруге бұйырады.

Өз ұжымдарында, топтарында қанат жайып өркендегеннен кейін бірте-бірте, алдыменен сәтсіздер қатарына түсіп, ал содан кейін жай, орташа қабілетті тұлғаларға айналған адамдардың қасіреттерінің сырын топтық қармадан түсінуге болады. Бұл ретте әсіресе көзге түсетіндер — спортшылар, себебі олардың ұжымдары қоғамның назарында болады. Ұжым энергиясынан нәр алған команда түлегінің неге алдымен өз ұжымының үмітіне, ал кейіннен оның лидеріне айналатынын топтық қарма байланыстары арқылы түсінуге болады. Алайда, командасын әлдеқайда абыройлы ұжымға айырбастаған талабы мол спортшы, түсініксіз сәтсіздіктерге ұшырап, кездейсоқ сияқты болып көрінген жарақаттар ала бастайды да, ақыр соңында сол жат ұжымнан шығарылып тынады.

Топтық қарма бойынша үлкен қарыздары болмаған жағдайда, адам, ата-анасы мен жақын туыстарының және руы мен әулетінің алдындағы қарызын қалай өтегендігі жайлы әулеттік қарма бойынша жауап береді. Бұл жерде тұлғаның эволюциялық бостандығының дәрежесі бұрынғыдан да шектеулі. Адам өз ата-анасын, аға-қарындасын, туыстарын таңдауға ықтиярсыз — олар оған жоғарыдан бұйырылады және егерде оның қайырымды әулеттік қармаға лайық екендігі анықталса, онда ол өзін жақсы көретін жақын туыстарымен ата-анасының мейіріміне бөленіп, асыл текті иеленеді.

Бұдан кейін адам ұлттық қармасын қалай орындағанын анықтайтын ең азапты сыннан өтеді. Егерде бұл қарма жеткілікті дәрежеде орындалған болса, онда кәдімгі адам өзінің кезекті ғұмырында эволюцияның келесі, анағұрлым күрделі шиыршығына өтуге хұқық алады.

Бөгденін киімін киіп, мейілі, тіпті өте абыройлы болса да қаны бөтен халықтың дінін, психологиясын, тілі мен дәстүрін қабылдап, өздерінің ұлттық қармасын сатқандар қайыршы, тексіз, жалбырдың ошағында қайта туу азабына ұрынады.

Орындалмаған ұлттық қарманың соңына ауыр салдар ілеседі. Бұндай жағдайдағы адамдар физикалық дүниеде бөтен ұлттың қармасын аяқтап болғаннан кейін астрал дүниесінде ауыр жазадан өтеді де, эволюциялық сабақ ақырына дейін жатталып болмайынша физикалық дүниеде көптеген ғұмырларға есептелген және бұрынғысынан әлдеқайда азапты құбылуға бұйырылады.

Коммунистердің жалған интернационализмнен тоқыған торы ұлттық қарманы бұзу арқылы Жер халықтарын біртіндеп аздырып-тоздыруға негізделеді. Жалған интернационализм арқылы халықтар арасындағы бірлесіп өркендеудің эволюциялық жолы тәрк етіліп, ұлттық ерекшеліктері күшпен жойылады. Коммунистік жалған интернационализмнің басты мақсаты —

эволюциялық Мейірбандықтың заңды жолымен Жер халықтарының барлығын біріктіріп, адамзат дамуының келесі, алтыншы сатысына алып шығатын халықтың пайда болуына — жеткізбеу.

Коммунистер бүкіл дүниені табиғатпен қоса жаншып өздерінің аяқ астына салды, ақылды құлдарды өсірді, ал ол құлдар өз кезегінде атомдық-ракеталық қаруды жасады. Ғылым мен өнер элитасын өсіріп шығарған олар өздерінің қоғамының мызғымас құдіретіне шексіз сенімді еді.

Бірақ олар бір ғана нәрсені — Карма заңы мен одан өрбитін Құбылу заңын ескермеді. Сол себепті, олар ізгі дворяндар мен Жаратушының батасы арқылы өздерінің қайырымды істерінің жемісіне бөленіп отырған Ұлы өміршілерді қоя тұрып, рухани аристократия мен ізгілікті ақсүйектерді де өсіре алмаған.

Карма заңына сәйкес, кемеңгер қылмыскерлер мен революционерлер дарынды қылмыскерлер мен революционерлерді өсіреді, бұлардан қабілетті қылмыскерлер мен революционерлер туады да, ақыр соңында ренсіз, қабілетсіз қойыртпаққа айналады.

Карма спиралі бойымен үдей жылжыған адам өзінің бұрынғы қарыздыларымен де, несенешілерімен де кездеседі. Бұндайда өзінді аздырып, жұтатқан немесе өлтірген адамнан кек алуына мүмкіндік туады. Сонымен қатар, өзіне қастық жасағанды кешіре салуға да мүмкіндігін бар. Бұндайда кешіре білгеннің кармалық спиралі шұғыл шиыршықталады да оның, өзіне сүйікті жандармен, достарымен, әріптестерімен кездесуін жылдамдатады.

Өрлеу үстіндегі жан иесі, қысқартылған карма спиралі бойынша жылжи отырып, қысылған жағдайда, өмірінде болып өткен онжылдық қоғамдық циклдердің ең ыңғайлысында орналасқан, өзіне таныс кармалық орамға кіруіне тиянақ болған әрекеттерін қайталай алады.

Бұндай цикл тұлға үшін біршама қауіпсіздеу болғанымен жеміссіз, себебі кармалық игілікке кенелтетін егін өткен циклда орылып қойған.

Мейірбанды құрбандық жолымен әрқашанда карманың жаңа, бейтаныс орамдарын таныған жөн.

Карма заңы бүкіл Жиһанға ортақ және әрбір тұлғадан қарыздарын сөзсіз қайтаруды талап етеді. Карма заңы бойынша:

- өлтіргенінді қайтадан тудыруға тиістісің;
- тартып алғаныңды қайтаруға тиістісің;
- өтірігінді жоюға тиістісің;
- қиратқаныңды қалпына келтіруге тиістісің.

Карманың күрделі заңдарының осындай қарапайымдалған түсініктерінен адамның физикалық дүниедегі шытырман өмірінің міндеттері шығады.

Діндерде уағыздалатын рухани игіліктер Карма заңынан тамыр тартады, демек ХХІ-ші, Ғарыштық ғасырдың табалдырығында тұрғанымызда, бұл игіліктерді заманымызға лайық түсінуіміз керек. Карма заңдары жалпы адамзаттық заңдар және Ғарыштық Әділет заңына сәйкестікте дәл өлшеніп қолданылуы керек.

Егер жауынгердің әрекетсіздігі, қармасы бойынша өзі қорғауға міндетті адамдар үшін бұрынғыдан да ауыр зардап шектірсе, оның мейірбандықпен қол қусырып қарап отыруға ешқандай хақысы жоқ.

Әмірші, мемлекет қайраткері өз халқының қармасын барынша жеңілдету жолындағы әрекеттерін тек өзі билік құрған кезеңмен ғана шектемей, қармасына сәйкес өз тағдырын оған сеніммен тапсырған туған халқының келешегіне де өзінің қазіргі істерінің қандай әсер тигізетінін есінен шығармауы керек.

Қандай да болсын әрекет жаңа қарманы тудырады да, сыртынан өте пайдалы боп көрінген істен түбінде үлкен зұлымдық шығуы мүмкін. Керісінше де солай. Ұнамсыз қарманы жинақтаудан құтылудың бір ғана жолы бар. Ол үшін, өз іс-әрекетінде жеке пайданды және өз басынның ғана қамын ойламай, түбінде өзіне зиянын тигізетініне де қарамастан қоғам мүддесінің орындалуын көздеуің керек. Бұл жағдайда адамның лайықты ұжымдық және ұлттық қармасы қалыптасып, ақырында ол келешегіндегі одан да ұнамсыз жағдайлардан құтылады.

Карма спиралі бойынша, адам, міндетті түрде бұрынғы әрекеттеріне қайтып оралуға мәжбүр болады, сол себепті жеке бастың пайдасын көздеуден, қиянаттан аулақ болған жөн.

Өзінің рухани Ұстазыңды сағу — кешуі жоқ ең ауыр қылмыс болып саналады.

Өз әміршісін сатқандар өздеріне ауыр карма тудырады. Бұндай қылмыс үшін жеке адам ғана емес, бүкіл ел ғасырлар бойы жаза тартады.

Өзінің қамқоршысын, шаңырағын, қонағын, сондай-ақ риясыз көңілімен сенген жанды сатқандарды да ауыр жаза күтеді.

Аталық негізден айнып, ана мен баланы зорлап өлтіргендер ұзақ және сұмдық жазаға кесіледі. Себебі, әлсіздер өз өмірлерін ер адамға қорғаушы деп, сеніп тапсырады.

Байқаусызда төгілген қанның да құнын төлейсің. Келесі құбылдарында сөнген жанның шырағын қайтадан жағуға міндеттісің.

Күнәсіз сәбиге бағытталған ата-аналық мейіріміңмен үзіліп қалған эволюциялық өрлеуі үшін күнәнді жууға тиістісің. Ата-аналар көбінесе бұндай бадаларын жақсы көрмейді де бар ықыласын өздерімен ұнамды қармалық байланыстағы балаға аударады. Алайда бұл кірбінді, сүйіспеншілік арқылы жеңе білген ата-аналар өз отбасылары үшін мейірімді карма қалыптастырады да, көптеген пәле бұлардың шаңырағына жолай алмайды.

Осыған байланысты, әйел адамның өз баласымен қатар біреудің баласына да аналық мейірімін төгуі арқылы өзінің қармалық қарыздарын қайтаруға әлдеқайда мол мүмкіндігі бар. Сондықтан әйел адам эволюциялық тұрғыдан алғанда жылдамырақ өркендейді. Аналық негіздің екпіндеген рухани ізгілікті эволюциясының нәтижесінде ғана, адамзаттың Мейірбандықтың алтыншы сатысына және одан ары шексіз Ғарышқа бағытталған жолы жатыр.

Балалық шақтағы дарындылықты, қабілеттілік пен кемеңгерлікті өткен өмірлерде жинақталған эволюциялық игіліктермен ғана түсіндіруге болады.

Бір ата-анадан кемеңгер баланың да, көдімгі баланың да тууынан тағы да осы Карма заңы танылады. Жердегі тұқым қуалау заңын төрк етіп, кемтар ата-анадан да он екі мүшесі бүтін бала туады. Мұнда да рухани заң — Карма заңы үстемдік етеді.

Көптеген адамдар кармалық байланыстарын өз әулетінде өтей алады. Қайырымды қарым-қатынастар бір шаңырақтың астында рухани бірлікпен ынтымақтастықты тудырады, алайда бүкіл адамзат тарихында бұндай сый-құрметке бөленгендер санаулы. Күйісі кеткен ошақта өткен ғұмырдан келген, езгідегі адам мен қанаушы адам қайтара кездеседі, бірақ олардың енді орны ауысып, бұрынғы құл өзінің бұрынғы қожасын езгіге салады. Көбіне-көп есе қайтарушы өзінің эволюциялық кембағалдығына сай кармалық борышкерінің алдындағы өз өкілетін асырып жібереді. Бұндай жағдайда келесі ғұмырларының бірінде олар қайтадан кездесіп, қайтадан орын алмасады. Езгі мен қиянаттын жыры, екеуінің бірі кешірім жолына түскенше, осылайша жалғаса береді. Екеуінің бірі кешірім еткенде, жамандықтың жібі үзіліп екі рух бір-бірімен мәңгіге қоштасып қарманың өзге шиыршықтарына енеді. Кешірімді адам, қарманың жайлы шиыршығына өтіп, өзінің сүйікті жандарымен тіпті осы ғұмырында да кездесуі мүмкін.

Әрбір халықтың, ұжымның, әулеттің, жеке адамның өзіндік кармалық ресурсы болады. Бұл қорды Мейірбандықпен, пайдалы еңбек арқылы, жалпы адамзаттық игіліктерді қорғау арқылы толықтырып отыруға болады. Сонымен қатар, жаугершілік арқылы, мағынасыз, заңғар құрылыстар салу арқылы, бір-біріне жалғасқан жөнсіз, берекесіз той-мейрамдар арқылы кармалық қорды азайтып, сарқуға болады. Халықтың кармалық ресурсы сансыз ұрпақ ғұмырларының барысында, ал адамның ресурсы оның өткен ғұмырларының барысында қалыптасады. Сол себепті біреудің тасы өрге домалайды, ал енді біреу қанша тырбанса да ісі ілгері баспайды.

Жеңілгенге мейірбан мінез көрсеткен, женісті ұшы-қиыры жоқ салтанатқа немесе жығынды болғанды қорлауға айналдырмаған халық, қолбасшы немесе жауынгер өзінің кармалық ресурсын сақтайды және болашақта олардың қатерлі жаулары болмайды.

Жауынгердің немесе спортшының қиын қарсыласының кармалық негізі бар. Ұлы жауынгердің бір жаманның алдында әлсіз болғаны, ал айтулы спортшының әлсіз қарсыластан жеңілгені тарихтан белгілі. Бұл, кармалық борышкерлердің кездесіп, өткен ғұмырларындағы қарыздарын қайтарғандығының белгісі.

Бойында туа біткен күмәншіл түйсігі бар басшылардың аяқ астынан қамсыз күйге түсуі, шебер, тәжірибелі саясатшылардың түсініксіз қате жіберуі де кармалық заңға негізделеді.

XX-шы ғасырдың аяғына қарай көптеген бизнесмендер, қайырымдылық жолына жұмсаған қаржыларының сәтті іс болып кері қайтатынын байқаған. Бұл кармалық спиральдің шиыршықталуынан болып отыр. Мейірбандықпен күшейген кармалық ресурс жедел түрде бергеннің өзіне қайтып келеді.

Адамзаттын алтыншы сатыға аяқ басуына байланысты физикалық дүние тұрғындарының астрал, тіпті ментал дүниесімен де ұнамды қатынастарына жол ашылды.

Қабаттас дүниелермен ынтымақтасу арқылы жалпы планеталық қарманы жеңілдету мүмкіндігі тулы.

Ең алдымен, астрал дүниесінен, сонда ендігі болып жатқан, келешекте жерде қайталануға тиіс өзгерістер, яки басқа оқиғалар жайлы нақты, немесе бейнелі түрдегі мәліметті алуға болады. Бұл оқиғалар физикалық дүниеде қайталанатын болғандықтан, қалған уақыттың ішінде келешек оқиғаларды әлсірету немесе күшейту үшін бірлескен әрекеттер істеуге болады.

Астрал дүниесіндегі ғұмыры кезінде адам өз әрекетімен себеп пен салдар тізбегіне тартылады. Астрал дүниесінің энергиясынан қуат алған адам, сол астрал дүниенің, кейіннен физикалық дүниеде қайталанатын оқиғаларына қатысады. Осыдан, адам өміріндегі ұнамды немесе ұнамсыз оқиғалар, топ ішінде өзінің қармалық борышкерлерімен яки несиешілерімен аяқ астынан ұшырасуы өрбиді. Бірін-бірі сүйгендер жаңа ғұмырда қайтара кездескенде бір-біріне бір көргеннен осылайша ғашық болады. Таныс емес адамдардың арасында еш себепсіз пайда болатын өшпенділік өткен ғұмырлардағы қармалық дұшпандардың кездескендігін білдіреді.

Кейбір адамдардың өз ажалының мерзімін ғаламат дәлдікпен айтып бергені белгілі. Бұл арала ешқандай құпия жоқ. Олар өздерінің ең алдымен ментал, содан соң астрал дүниесіндегі ажалының соғыста немесе аурудан келгенін еске сақтап қалған.

Қабаттас дүниелердегі бастан кешкен осы ахуалы адамның есінде сақталып қалады да, кейіннен бұл оқиғалар физикалық дүниеге таңбаланады.

Көптеген бесінші саты адамдарының санасындағы қалдық мәлімет ұйқы кезінде келетін елестермен араласады. Бұл елестер щынында да адамның күндізгі көңіл-күйінің әсерінен туады да, адамның миы ұзақ уақыт бойы бұл оқиғаларды сараптау үстінде болады. Алайда белгілі бір сәтте мидың бұл жұмысы күрт тоқтайды да, физикалық дүниеде ендігі шиеленісіп үлгірген қармалық байланыстарды ары қарай тиянақтау үшін адам өзінің ноль-астралды денесімен астрал дүниесіне тартылады. Бұл әрекеттер кезінде адамның астрал және ментал денелері, көдімгі физикалық денесі сияқты жетіледі немесе азып-тозады. Астрал және ментал дүниелеріндегі іс-әрекетімен, адам, физикалық дүниеге белгілі бір энергия алып келеді. Қабаттас дүниелерден үнемі нәр алып отырмайынша адам өзінің көңіл-күйінен, шығармашылық мүмкіндігінен айырылады. Сондықтан адам жаңа күнін бастарда — алдымда, қабаттас дүниелерде бұрынғыдан да қызғылықты өмір күтіп тұр, — деп дайындалуы керек. Адам қиянатты неғұрлым аз жасап, пайдалы істі неғұрлым көп тындырған сайын, астрал және тіпті ментал дүниесінің оқиғалары оның санасында анығырақ таңбаланады. Адам санасында, оның қабаттас дүниелерден кетердегі, яғни оянар сәттегі ісі, әрекеті анығырақ, деректірек сақталады. Бұл кезеңде тұлға, бір сәттің ішінде барлық үш дүниеде өмір кешкендей болады. Ол физикалық денесіне ене бастаған, бірақ жартылай

астрал және тіпті ментал дүниесінен табылып тұр. Бұл сәт туралы, оянғаннан кейін қағазға немесе диктофонға жазып алып, артынан сараптауға болады. Осылайша, өзіннің және өзінді қоршаған ортаның болашағын болжауға жеткілікті мәлімет жинап алуға болады.

Ананың өз перзентіне төнген қауіпті сезуінің, астрал дүниесінен келген нақты мәліметтік негізі бар. Карма занына сәйкес бұл оқиға астрал дүниесінде ендігі болып өтті. Карманың сокқысынан қашып құтылу мүмкін емес. Алайда оны жұмсартуға, әлсіретуге немесе кешеуілдетуге болады. Ол үшін зауалды адамның заттарын үлестіріп, көріп-қасерлерге, әсіресе балаларға, жетімдерге шапағат етіп, оған ұнамды карма даярлау керек. Нәтижесінде көмек алған балалардың мейірбан ойы ментал дүниесін іске қосады. Ал бұл өз кезегінде астрал дүниесіне әсер етіп, онда, зауалға бұйырылған адамға бағышталған ізгі байланыстар қалыптасады. Одан ары астрал дүниесі физикалық дүниеге әсер етіп, жаңа, ұнамды кармалық байланыстар түзеді. Осылайша болашақ қазаның мекенінен өте алыста тұрған адамдардың өздері, зауалға бұйырылған кармалық борышкерге барлық үш дүниеде көмектесе алады. Егерде Мейірбандықтан туған жаңа карманың күші бұрынғы ауыр карманы сейілтуге жеткілікті болса, онда карманың бұлтарылмас қаһары жазаланушыға әлсіз сокқы болып қана жетеді.

Белгілі бір уақыттан кейін бұл қатерлі ахуал қайыра жаңғырығады. Сол кездегі карманың сокқысы жинақталған жаңа кармаға байланысты болады. Кармалық қарыздар өтеліп болғанша осылай қайталана бермек.

Өзінің рухани жолын бастағанның ең басты қағидасы — «өзін өрлегің келсе, құлап жатқанды тұрғызып, оған өрлеуге көмектес».

Содан кейін төмендегі, ақылға симастай қайшылықты ұғымдарды мойындамақ керек:

- алыстаған сайын — жақын;
- ең әлсіз — ең күшті;
- бұрынғыны қайырмайынша жаңаны ала алмайсың;
- ең ұлы нәрсе мен ең пасық нәрсе бір тамырдан өнеді.

Адамның төңірегі оның өзіндік кармасының айнасы болып табылады. Құбылу заңын түйсіну арқылы ғана, біреудің өрлеуінің, екіншінің төмендеуінің сырын ұғынуға болады. Әсіресе рухани жолдағы адам кармасының өзгертілуі, ең алдымен өулеттегі, содан кейін барып қызметтегі, қоғамдағы кармалық байланыстардың өзгеруіне әкеліп соғады. «Өз отаныңда пайғамбар жоқ», «жақынын — жауын» деген сөздер бекер айтылмаған.

Эволюциялық өрлеу тек Мейірбандық арқылы ғана мүмкін, сондықтан эволюциялық шыңыраудан шығар жолдың алғашқы қадамы — ізгілікті, мейірбанды істен басталуы керек. Біраз уақыттан кейін адам, өзі істеген жақсы істің өзіне қайтып келгенін және дер кезінде қайтып келгенін байқайды. Алайда бұны түсіну үшін, жай адамға ұзақ уақыт керек. Өзін жасаған жақсылықтың қиянат болып қайтқанын көріп кектенбес үшін шыдамдылық пен үлкен Сенім керек. Бұнымен олар берушінің ауыр кармасының сейілуін жылдамдатады.

Рухани өрлеудің белгілі бір кезеңінде адамға толық жалғыздық керек. Рухани биікке өрлеуді жеңілдету үшін, шиеленген бөгде кармамен байланыстан қашпақ ләзім.

Рухани өрлеудің ең шешуші сәтінде өзінің шәкіртіне көмектеспек ниетпен Ұстаз келеді. Оны іздеудің керегі жоқ, ол Жихандағы ең мықты Рухани тартылыспен шәкіртіне өзі келеді.

Рухани биікке жетіп, қажетті білімді алғаннан кейін, зияны тимейтін білімді ғана беру үшін адамдарға қайтып келу керек.

Алтыншы саты перзенттеріне арналған сый — өздерінің мейірбан қармасын кез келген пайдалы іске жұмсау хұқығы болмақ. Олар араласқан істің барлығы гүлденіп сала бермек.

Алтыншы саты перзенттері Карма заңы бойынша, өз қарыздарын қайтарғаннан кейін міндетті түрде сүйікті жандарымен кездеседі, себебі алтыншы сатының негізгі қозғаушы күші Махаббат, Мейірім болып табылады.

Адамдар жана Дәуірге өткеннен сон бірін-бірі сүйген жандар физикалық дүниеде міндетті түрде кездеседі. Әр адамның кармалық қарыздары өзгеше, сондықтан олар басқалардың алдындағы өздерінің ауыр кармалық қарыздарын қайтарғаннан кейін ғана кездесе алады. Кездесу кез келген жаста болуы мүмкін. Бұнын шешуші мәні жоқ. Егер олардың бірінің қарызы аса көп болса, ол физикалық дүниеге ертерек келіп қарыздарын қайтарады. Оны сүйген жан оның ауыр қармасының сейілмек мерзімін біліп, сол сәтте кездесу үшін физикалық дүниеде кейіптеле алады.

Сүйген жандар аяқ астынан табысады, алайда өткен ғұмырлардан тартылып, екеуін байланыстырып тұрған кармаға орай бір-бірін жазбай таниды. Мейірбандықпен кармалық қарыздарды төлеуді жылдамдату арқылы бұл кездесуді жеделдетуге болады.

Өрлеу үстіндегі адам күнделікті тұрмыста еш керегі жоқ дүние-мүлік жинаудан аулақ болуы керек. Әр затқа адамдардың еңбегі, ал сол арқылы олардың қармасының табы сінген, сол себепті мағынасыз жинау немесе шашу жолына түскен адам ауыр карма тиянақтайды. Ал фәни дүниедегі әрбір заттын астрал дүниесінде сынарының бар екенін ескеретін болсақ, онда бөгденің дәулетін ұрлап шашқанның өзін-өзі қандай ауыр кармаға бұйыратынын елестету қиын емес.

Ал керісінше, мұқтаж адамдарға берілген қаржы астрал дүниесіндегі сынары арқылы беруші адамның өзіне карма спиралі бойынша ең керекті кезінде қайтып оралады.

Эволюциялық өрлеу үстіндегі алтыншы сатының перзенттері өздерінің ісі ғана емес, сондай-ақ өздерінің сөзі, тіпті ойлары үшін жауапты екенін естен шығармауы керек. Астрал және ментал дүниелері енді олардың жанында және аса дамыған астрал және ментал денелері бар алтыншы саты адамдарының іс-әрекеттерімен орасан зор үйлесімдікте болады. Сондықтан ойланбай айта салған азғантай да болсын өтірік сөзін ментал дүниесін қозғайды, оның әсерінен өз кезегінде астрал дүниесі өзгереді, ал ол физикалық дүниеге таңбаланады. Түптеп келгенде, жалған сөздің иесі өзі ойша сомдаған ахуалға тап болып, өзіне-өзі тағайындап алған міндетті орындауға

мәжбүр болады. Тіпті жақсы ниетті көздесе де, өтірік айтушы нашар кармадан туындаған оқиғаның салдарынан Карма заңын бұзған адам ретінде жазаланады.

Өзін-өзі сақтап қалу инстинкті мен одан өрбитін физикалық өлім алдындағы қорқыныш, тіршілік иесінің ой астарындағы, эволюция ағынында неғұрлым ұзағырақ бөгелуге бағытталған ұмтылысы болып табылады. Сананың астарында қалған бұрынғы ғұмырларындағы өз жолын табуда шеккен азап пен қиындық, адамды, кейіннен, қабаттас дүниелердегі өзінің несібесін жеңілдету үшін физикалық дүниедегі жана тәжірибені итеру мақсатымен өз өмірін қорғауға итермелейді.

Адам, өзінің нақ осы құбылысындағы кармалық міндетін атқарып болмайынша ажал қорқынышының аясында болады.

Сенуші адам өлерінің алдында, қабаттас дүниелер арқылы өзінің болашақтағы өлімінің мерзімін, жағдайын, кармалық дәлелдемесін біледі де, өзінің сеніп келгенімен кездесу үшін қабаттас дүниелерге өтуге кісілігімен дайындалады.

Кармасы ауыр адамдар қабаттас дүниелердің бар екенін және өздерінің ерте ме, кеш пе Ғарыш Сотының алдында жауап беретіндігін теріске шығарады. Сондықтан қылмыскерлер өлер алдында өздерінің жазасыздығына әбден сенімді бола бастайды.

Басканың ғұмырының сапасын бағалаудағы адамның басты қатесі — бұрынғы ғұмырлардан өрбитін өзінің де басканың да кармасын есепке алмастан дәл қазіргі жағдайды жартылай және үзінді түрінде түсінуінен туындайды.

Ақылға сымас қылмыс жасаған қанішерлердің зауал кешпеуі — алдамшы көрініс. Себебі, қылмыс неғұрлым сұмдық болса, карманың кері соққысына соғұрлым мол уақыт керек. Жаңа қылмыс, іске асуы үшін бұрынғыдан да көп уақытты керек ететін анағұрлым ауыр карманы тудырады. Қылмыскерлердің физикалық дүниедегі өлімі жазадан құтылу болып табылмайды. Бұл, сезім және эмоциялар яғни астрал дүниесіндегі адам айтқысыз азапты жазаның енді ғана басталғанын білдіреді, сондықтан оларды аяу ғана қалды.

Қылмыскердің астрал дүниесіндегі жазасы аяқталғаннан кейін, оның өлсіз ментал денесі тез ыдырайды да босаған монада ментал дүниесінің төменгі қабаттарынан шыға бастайды. Бұл қозғалыс кезінде, монада, өзінің ауыр кармасына сәйкес ментал дүниесінен, адам болып қайта жаратылуға жетпестей аз ғана материя тартып алады. Одан кейін оның монадасы мен ментал денесі, оның өткені мен кеткеніне сәйкес астрал денесін қалыптастыратын астрал дүниесіне түседі. Одан ары, жазаланушы өзінің инволюция дәрежесіне сәйкес қарабайыр ғұмыр денгейінде кейіптелу үшін физикалық дүниеге өтеді.

Физикалық дүниеде, тіпті мемлекеттік денгейде жасырылып-жабылған жырынды қылмыстың өзі астрал дүниесінде аян болады. Бұл қылмыстың нәтижесінде пайда болып коллективтендірілген карма, осыны ойлап тапқан үшін ғана емес, сондай-ақ осы қылмыскерлерді тудырған халықтар үшін де сұмдық ауыр салдарға соқтырады.

Инволюция жолдары сан-салалы және діндер тарапынан егжей-тегжейлі зерттелген. Көптеген инволюциялық жолдар сырты жылтыраған сымбатқа, немесе денсаулық үшін өте пайдалы лажға жасырынған.

Бұл жерде көрнекі мысал ретінде, адам толықтай хайуанның кейпіне кіретін шығыс жекпе-жектерін келтіруге болады. Бұл процестің кезінде саналы тіршілік иесі, уақытша, эволюциялық сатының бойымен толық бір планеталық оралымға төмен түседі. Осы кезде атом бөлшегінің анағұрлым төменгі энергиялық деңгейге өткен кезіндегідей энергия бөлініп шығады. Инволюциялық жол арқылы қармадан уақытша ғана сытылып кетуге болады. Шыңғыс ханның бірнеше жүз сарбазының, тапа-талтүсте, ашық майданда Шаолинь монастырін шабуылмен алғандығы — тағылымы жетерлік, анық тарихи айғақ бола алады.

Саһаралықтардың өрқайсысына бұл шайқаста бірнеше монах пен олардың шәкірттері қарсы шыққан, алайда соған қарамастан осы ұрыстан кейін Шаолинь монастырінің тіршілігі ұзақ уақытқа үзілді. Және екі карама-қарсы жүйенің бұл көрнекі қалпығысынан тарихшылардың назарынан тыс қалған, таңдай қақтыратын бір дәлел бар — көшпенділердің жауынгерлік үрдістерінде жұдырықтасудың яки дененің басқа мүшесімен бір де бір ұру әдісінің жоқ екендігі. Саһара жауынгерінің бар қаруы — қылыш, найза және садақ еді.

Әртүрлі тылсым білім арқылы қармадан құтылып кетемін деген үміттің бәрі рухани азып-тозуға алып барады. Эволюциялық өрлеу жолындағы адамға неше түрлі астрологтар, сәуегейлер, баксы-балгерлер және әсіресе көптеген адамдарды арбайтын экстрасенстермен болған қатынасы, ауыр салдар болып қайтады. Олар ауыр қарманы жеңе алмайды, ал таңғажайып нәтижелерге өз құрбандығын инволюциялық құрдымға құлату арқылы жетеді. Өзінің Өлмес Рухын сатқаны үшін тұлға арзан ақы алып, жоғарыдан келген азаптары сәл ғана жеңілдейді, алайда одан кейін тән ауыруының орнына жан ауыруы келеді және оның қандай қияға шығарарын болжау мүмкін емес.

Адамды Зұлымдық Күштерімен қызметтестікке итермелейтін жалған пайғамбарлармен қатынасқа түскендер бұдан да зор қатерге ұрынады. Рухани келбеттің аяқ астынан өзгеріп, адам нанғысыз қасиеттерге ие бола қалуы — жалған пайғамбарлардың басты айырым белгісі.

Ауыр қарманы Күдіретті Күштерге сеніп қана мейірбандық жолымен сейілтуге болады. Алдыңғы сатылардың қармалық спиралі ондаған жылдарға созылған еді. Кейде, мейірбанды қармалық игілік адамға келесі ғұмырларында ғана қайтарылатын.

Адамзаттың алтыншы сатыға өтуіне және адамзат тарихында махшар сәттің тақауына байланысты қарманың спиралі шиыршықталуының ең соңғы шегіне жетті.

Алтыншы саты адамдарына, себеп пен салдардың арасындағы уақыты ондаған, жүздеген есе қысқартылған «қысқа карма» беріледі. «Қысқа, таза кармаға» орай олар өзінің болашағын жоспарлап, өткеннен тартылған қарманың ең қолайлы шиыршығына ене алады. Бұл арқылы олар өзінің қорғанысын да қалыптастыра алады. «Қысқа қармасы» бар жеке адамға немесе

тұтас халыққа қарсы жасалған зұлымдық осы зұлымдықтың иесіне, қылмысына пара-пар күшейтілген зауал ретінде қайтып оралады.

Өткендегі оқиғаларды жаңғыртып отыратын мыңжылдық, жүзжылдық, онжылдық, кармалық циклдар белгілі. Үлкен және кіші циклдар уақыт ағымында бір мезгілде қабаттасып түйіскен жағдайда, қайталанған оқиғаларға карма тегеурінімен түп-тура сол, бұрыннан таныс тұлғалар тартылады, кейде тіпті олардың бұрынғы есімдерінің қайталануы да мүмкін.

Осы занға және өткеннен алынған нақты мәліметке сүйене отырып болашақты дәл болжауға болады. Бұрын болып өткен оқиғалардың бәрі бұлтармай қайталаналы — бірақ та жаңа ахуал үстінде және жаңа құралдар арқылы.

XX-шы ғасырдың аяғында уақыт ағымында онжылдық, жүзжылдық және мыңжылдық циклдар сәйкес келіп қана қоймайды, сондай-ақ бүкіл бесінші сатының дәуірі аяқталады. Барлық халықтар және жекелеген әрбір адам Жаңа Дәуір иегіне келді. Бұл жерде олар өздерінің нәсілдік белгілеріне қарамастан, Сүйіспеншілік пен Мейірім сатысына бағытталған заңды Эволюциялық қозғалысқа жұмылдырылады.

Адамзаттың алтыншы сатыға аяқ басуымен бірге тіршілік иесі — Жер планетасы да, айналамыздағы барлық өлемдердің Ғарыштық кеңістігі де Эволюция жолымен екпіндей дамып келеді.

Алтыншы саты принципін іске асуы үшін планетаның физикалық, астрал және ментал дүниелері энергетикасының сапасы өзгере бастады.

Осының барлығы жеке адамның, өулеттің, бірлестіктің, халықтың, мемлекеттің кармалық есебін тиянақтайтын Ғарыш Заңдарын қозғалысқа келтірді. Парыздарының орындалу сапасына байланысты олардың алтыншы сатыға өтуге лайықтылығының дәрежесі анықталады.

Б. д. XX-шы ғасырының аяғына қарай Жер адамдарына арналған бірнеше жаңа кармалық циклдар қалыптасты:

- рухани сатылармен өрлеудің жетіжылдық циклы;
- қоғамдық онжылдық цикл;
- онекіжылдық кармалық цикл;
- алтыншы саты халқының перзенттері арасынан аса тегеурінді жылжып келе жатқандарының біржылдық кармалық циклі.

Рухани цикл мен қоғамдық цикл және жеке циклдың арасында тығыз кармалық тәуелділік бар. Барлық кармалық қарыздар қайтарымайынша, келесі рухани сатыға шығу ондаған жылдарға созылып кетуі мүмкін. Бұндайда өрлеу үстіндегі адам қоғамдық және жеке циклдарын саналы түрде жылдамдатуға міндетті.

Эволюциялық тұрғыдан кемел дамыған адам өзінің өмірінде бұрындары болған оқиғалардың қайталанатынын байқай алады. Алтыншы саты адамдары өздерінің балалық, бозбалалық шағы өткен жерлерді қайыра аралап, соған ұқсас ахуал үстінде немесе кейде сол туып-өскен, немесе болған

жерлерінде оқу оқып, еңбек етуге міндетті. Олар үшін, бұрын таныған адамына ұқсас, өміріне үлкен ықпал еткен адамға қайта кездесу үйреншікті жайтқа айналады.

Бұның барлығы өрлеу үстіндегі адамның мектепте, қызмет еткен жерінде жинаған кармалық қарыздарын қайтару үшін керек. Кармалық қарыздардың қайтарылуы кармалық спиральдің аса жылдам шиыршықталуына әкеліп соғады.

Оқиғалардың қайталану жиілігі бірнеше күнге дейін тығыздалуы мүмкін, сондықтан алтыншы саты адамы өзінің таяу болашағын өзі жоспарлай алатын болады. Соңғы шегіне дейін шиыршықталған карма спиралі Қайырымдылық жасауыңа мүмкіндік тудырады да тындырған істеріңнің жемісін уақыттың қысқа мерзімді аралығында көріп, сезуіңе себеп болады.

Ғарыш пен Жердегінің бәрі спираль бойынша Эволюция заңына бағынып жылжиды, сол себепті әрбір адам, әулет, халық өзінің жолының бастауына келеді және өзінің барлық қарызын өтеуге мәжбүр болады. Күнәсіз пәк сәбиді өлтірумен басталған патша әулеті осы әулеттің соңғы мұрагерінің өлтірілуімен аяқталады. Дүние-мүлік, өсіресе алтын тақ үшін ұлының қолынан ажал тапқан өкенің қарғысы, бұл тұқымның үзілуіне, жүрегі дауалап өкені өлтіруге барған перзенттің әулетінің толық жойылуына апарып соғады.

Патшаны оның қол астындағылардың өлтіруі халыққа бұдан да зор азап әкелмек, себебі бұл жерде Иерархия заңы бұзылады. Заңды Иерархиясын құлатқан халыққа Өзәзіл иерархиясы беріледі. Сондықтан бұндай халық өзінің эволюциялық жолын жалғастыру үшін қиратқан нәрсесін қалпына келтіруге міндетті.

Тас дәуірі деңгейінде өмір сүріп жатқан тайпалар өз көсемдерімен Ғарыш Сотының алдына келгенде, мәдениетті, ауқатты бірақ та өздерінің Иерархиясын құлатқан ұлы халықтардан жолдары үстем болады, себебі, баланың патша әулетінде тууы Ғарыштың баршаға ортақ мызғымас заңымен мәңгіге бекітілген.

Ал, азаматтары, алтыншы саты халқының перзенттеріне қиянат жасаған, өсіресе әйелдерін қорлаған халықтар эволюциялық тіршіліктің айналымынан мүлдем алынып тастауға бұйырылады, өйткені бұл жерде, алдағы тағдыры — осы адам ұрқының өзiрге әлсiз болғанымен болашақта мол жемiс берерлiк балауса өскiндерiне тәуелдi Жиханның игiлiгiне қас-тандық жасалады.

Бұрындары адамзаттың жаңа сатыға өтуі планетарлық апаттарды ілестіріп келетін. Адамзат енді алтыншы сатыға өту үстінде, сондықтан жалпы адамзаттық тұрағымыз — Жер планетасы күйреу шегіне жетті.

IV. ҒАРЫШ ШАЙҚАСЫ

1. Иерархия

Европаның озық ойшылдары ХІХ-шы ғасырдың өзінде-ақ батыс өркениетінің қасіретті финалын болжап, эволюциялық тығырықтан шығар жолды Азиядан іздеу керек екенін өсиет етіп айтқан. Адамзат өзінің рухани Жетекшілерін тек Азиядан ғана алған. Адамзатқа бұрындары жіберілген Ұстаздардың ішінен бірнешеуінің ғана бүкіләлемдік мақсатын ерекшелейтін айрықша мәртебесі болған.

Сакьямуни, өмір мен өлімнің сырын ашқаны үшін **Нұрға шомған** — Будда деген атқа ие болған. Құбылу заңына байланысты, біз, адамның ешқашан өлмейтінін, бір энергиялық күйден келесі энергиялық күйге өтіп, өліммен өмірдің үздіксіз алмасқан керуенінде жүре беретінін білеміз. Әрбір келесі құбылудың ахуалы мен сапасы — Карма, яғни себеп пен салдар заңына тәуелді.

Иса Пайғамбар, өзінің қасиетті қанымен адамдарды қадым заманнан келе жатқан күнәдан азат еткені үшін, Құдаймен татуластырғаны үшін және, рухы кемеліне келмегенімен, қылмысы кемел адамзатқа Эволюциялық Емтиханнан мұрсат алып бергені үшін **Құтқарушы** атанған.

Соңғы Пайғамбар болғандықтан **Мұхаметке** ерекше міндет жүктелді. Ол өзінен бұрынғы діндердің қорытындысы болып табылатын ілімді алып келді. Сол себепті Ислам жер бетіндегі соңғы дін және мұсылман қауымы үшін өзәзіл идеологиясының жолына қойылар берік қорған болып саналады.

Ғарыш Сарбазына — **Жеңімпаз** деген эволюциялық мәртебе берілген. Зұлымдық Иерархиясын талқандау соның ғана пешенесіне жазылған.

Христиандар оны — Құтқарушымыз бір кезде, сенім жолындағыларға жіберуге уәде еткен **Жұбатқушы** — **Парақлет** деп атайды. Мұсылмандар оны **Әл-Қаһар** деп есімдейді. Оның Индиядан алыс, Солтүстікте, Түнек Заманының сонында дүниеге келетіні, Әлемдік Зұлымдықты жазалайтыны айтылған.

Планеталық Рух — Люцифердің сатқындығының нәтижесінде Жер, Ғарыш Серіктестігінен тәркіленгеннен кейін, Иерархия, Жер эволюциясын төмамдау үшін, адамзатқа бұйырылған Ғарыш Сарбазын таңдамақ болды. Ол үшін ғарыш Серіктестігі конкурс жариялап, ол жерде ең мәртебелі Иерархтар өз шәкірттерін сарапқа салды. Бірінші талапкер мінсіз сұлу еді. Оның Ұстазы, дүниені сұлулық арашалайды деген оймен өз шәкіртің Жетекшілікке ұсынған.

Екінші талапкер өз бойында биік данышпандықты дамытқан-ды. Оның Ұстазының ойынша адамдарды адастырмай алға жетелейтін жұлдыз — тек қана Данышпандық болмақ еді.

Үшінші Ұстаз өз шәкірті — мінсіз Шешенді алға тартты. Ол Кенестің үлкен пейіліне ие болды.

Ең соңында Иерархияның алдына тұлабойынан мейірім мен шапағат нұры төгілген шәкірт келіп тұрды. Бұл жолмен барлық ұлы Иерархтар жүріп өткендіктен, Кенес кесімінің тағдыры белгілі болғандай еді. Бірақ та Кенес Басшысы үнемеді, ал Өзіне Иерархияның осы таңдауын бекітуді ұсынғандарға жауап ретінде, Өзінің шәкіртің ортаға шақыруды өтінді.

Он аяғын шығты басқан шәкірт Кенестің алдына келіп тұрды. Оның айта қаларлықтай көркі де жоқ еді, сұрақтарға жатық жауап бере алмағандығына қарағанда, оның бойында үлкен данышпандықтың да жоқтығы білінді. Ең басты сынға келгенде шәкірт ерекше мейірім үлгісін де көрсете алмады, ал оның мінезінен мейірімсіздікпен шектес дүлей ашу білінгенде, Кенес мүшелері шошына таң қалып, Ұстазы — Кешіруші және Мейірбанға — шәкірт таңдауда қателескен жоқсың ба, — деген сауал қойды.

Ұстаздың жауабы қарапайым және анық еді — бұл шәкірт эволюция барысында, өз бойында Ұстазға деген Адалдық пен Айнымастық қасиеттерін қалыптастырған, сол себепті, осы қасиеттеріне орай, ол, басқа талапкерлер түспей қоймайтын Люцифердің ең қисынды тоқылған торларынан құтыла алады.

Кенестің шешімі бірауызды болды — адам баласында Адалдық пен Айнымастық өте сирек кездесетін қасиет болғандықтан, рухтың бұл қасиеті аса қымбат игілік болып саналсын, сол себепті Билік Белгілері мен Эволюцияның Туы, сөзсіз, осы шәкіртке берілсін және оған барлық тиесілі өкілеттерімен қоса Женімпаз мәртебесі тапсырылсын, — деп ұйғарылды.

Ол кезде, Жер бетінде алтыншы саты адамдарының пайда болу мүмкіндігінің өзі — қол жетпес арман еді. Иерархия, қалған Ғарышты Люцифер інетінен сақтау үшін күрес жүргізіп жатқан. Құтқарушымыздың қасиетті қаны ғана Зұлымдық Күштеріне тежеу салып, Ғарыштағы ұлы майданның басын бастап берді.

Люциферді оның өз планетасында жену және Ғарыштың эволюциялық спиралінде желілі апат гудырмай жену — бұл, тек қана жер эволюциясының барысында Люцифердің өзінен бір саты биік рухани деңгейге жеткен жер адамының ғана қолынан келетін іс еді. Бір өркениеттің, тіпті ең ізгі деген ниетпен болса да екінші өркениет ісіне араласуы сияқты орны толмас өкінішке апарар іске тыйым салатын Ғарыш заңын тек осылай ғана іске асыруға болар еді.

Ғарыш Бауырластығына өз еркімен кірген өркениеттер ғана бір-бірімен қатынасып ортақ, ұнамды карма қалыптастыра алады.

Жер — Ғарыштағы іріңжай іспеттес құбылыс, сол себепті оны Карма заңы бойынша, жер адамдарының қолымен ғана емдеген, немесе жойған дұрыс. Міне, сол себепті, жүздеген миллион адамнан құралған тірі қалқан арқылы Ғарыш күштерінен қорғанып жүрген Люцифер, өзінің аранында

тұрған, көзбен емес — көкірекпен ғана танылатын бір Жаратушыға сенетін. Әрі жердің нақты игіліктерінен гөрі азапты өлімді лайық көрген адамзат балаларынан осылайша жеңілуге тиіс еді. Ал олардың ең Тандаулысы өлім мен өмірді кешіп күресе жүріп, Зұлымдықты жеңе алатын, Ғарыш өкілеттіктерімен толықтырылған рухани қуатқа жету үшін, адамдық эволюцияның барлық сатысынан өтіп болды.

Жаратушының өмірімен Жер планетасын жасаған Люцифер — Нұр тасушы атанған бұрынғы Ғарыш Құрылысшысы еді. Өзінің Бауырластарының ішіндегі ең шебері болғандықтан, ол, Ғарыштағы ең тамаша болып саналатын планетаны жасалды, оған тіршіліктің ең мінсіз формаларын қоныстандырды. Содан кейін, өзінің асқынған менмендігі мен бауырластарынан аса мұқият жасырып келген төкаппарлығының кесірінен, ол, өзі Биік Құдірет болғысы келді де Жерді Ғарыш Бауырластығынан үзіп алып Эволюцияның спиралін бұзды.

Ғарыш Бауырластығынан құпия білім мен қабілет алған ол, планетаның жойылуының Ғарыш спиралі бойынша жоғарыға да, төменге де бағытталған жүйелі апат тудыратынын жақсы біледі. Ғарыш заңдарына саятын болсақ, планетаны оның құрылысшысынан тартып алу мүмкін емес, себебі Құдіретті Күштер өз шешімдерін ешқашан өзгертпейді және берген өкілетін қайырып алмайды.

Тек қана Люцифердің сатқындығының салдарынан Жердегі Эволюция құбыжық түрге еніп қылмысты жолмен дамыды. Ол өз планетасында, Жердегі тіршілік қолайлы жағдайлардың ақылға сымас қиысуының арқасында пайда болды, сондықтан адам өз өмірін бір-ақ рет қана келетін қайталанбас бақыт деп санауға және оны барынша өкінбестей етіп жұмсауға тиісті, ал бұл үшін қандай айла-шарғы болса да жарап жатыр, — деген алдамшы ұғым қалыптастырды. Құпия білімді пайдаланып Люцифер Жер планетасының астрал дүниесінің үлкен бөлігін жаулап алды.

Басқыншылығын одан әрі өрбіткен, енді Ібіліске айналған Люцифер ментал дүниесіндегі өткелдерді қиратты, сол арқылы өзінің өлген сайтаншыл достарының рухтарын Ғарыш Сотына соқтырмай физикалық дүниеге алып келудің мүмкіндігіне жетті. Мінеки, Жердегі Зұлымдықтың шектеусіз және жазасыз болуының, ал зұлымдардың барған сайын гүлденіп, ғұмырларының ең ұзақ шегіне дейін жеткенше тіршілік етуінің себебі — осы.

2. Түнек Күштерінің күйреуі

Түнек күштерінің астрал дүниесінің кеңістігіндегі жаугершілігінің бітпейтіндей болып көрінуі, табиғатында қирату мен жою принциптері көзделмеген Ғарыш Бауырластығының жарату мен мейірбандық жолындағы табиғи эволюциялық өрлеуінің салдары. Планеталық Рух — Люцифердің жан-жақты дайындалған сатқындығы Ғарыш Бауырластығын қиын жағдайға түсірді. Ерекше білімге қаныққан Планеталық Рухты, Сарбаз болып эволюцияланған Жер тұрғыны ғана жоя алар еді. Ғарыш Сарбазының көптен күтіліп XX-шы ғасырдың аяғында паш етілуі, Жер уақыты бойынша б. д.

1978-ші жылының 20-шы ақпаны күні астрал дүниесінде Жарык пен Түнек күштерінің арасындағы орасан зор шайқасына ұласты.

Ғарыш шайқасының алдындағы күш салмағы Ғарыш Бауырластығының жағында емес еді. Себебі, Ғарыш заңдарына сәйкес Ғарыш Бауырластығының саналы тіршілік иесіне зиян келтіруге хақысы жоқ еді, сондықтан оларда тек Түнек күштерін тежеу арқылы ығыстырудың ғана құралдары болған.

Барынша жеделдетілген, эволюция барысында өз бойында Ғарыш энергиясын түрлендіретін қуатты қабілеттерді қалыптастырған Жеңімпаз, астрал дүниесінде қорғанып жатқан өзінің Ғарыш Бауырластарына ең қиын сәтте көмекке келді.

Сайтаншылар үшін Ғарыш Сарбазының бұл шайқасқа күтпеген жерден келіп кіруінің сыры, Жеңімпаздың ең соңғы сәтке дейін Люцифердің басқа құрбандарынан еш айырмасының болмауында және өзезіл тыншыларының назарынан тыс қалғандығында жатыр.

Адал жолмен тиянақталған эволюциялық потенциал, оған, бірнеше айдың ішінде жарылыс іспеттес әрлеу үстінде, кәдімгі адам дәрежесінен Ғарыш Сарбазының деңгейіне көтерілуге мүмкіндік берді.

Бұл оқиға Люцифер тарапынан ескерусіз қалған жоқ. Оның Ғарыш Бауырластығындағы өткен ғұмырында бұндай құбылыс болып көрген емес, сол себепті, планетаның Қожасы өзінің заңғар ақылымен Күдіретті Күштердің қарсы әрекетін болжап шығарды, ал асқына дамыған өзін-өзі сақтау жылты оған белгісіз бір қатердің төніп келе жатқанын қатесіз сездірді.

Ғарыш тарихындағы бірінші революцияны жасағаннан кейінгі уақытта, Люцифер, алдағы бұлтарылмас жазаны түршіге сезінумен жүретін. Оның өзімшіл көкірегі үшін ең қорқынышты нәрсе — Ғарыш Сотына тартылу мүмкіндігі мен өзі өте жақсы танитын Биік Тіршілік Иелерінің алдындағы жауап беру қорлығы еді.

Адамдар Өзезіл Империясы атандырған иеліктің шетінде өтіп жатқан түсініксіз құбылыстар түнек күштерін едеуір қобалжытты. Аса қуатты рухани тұлғаларға айнымастан ере келетін феномендер Ғарыш бұлғақшысының ең қорқынышты болжамдарын расқа шығарды.

Сол себепті, Люцифер шайқастың алдында, түнек күштері басып алған дүниелерден келіп қосылған күдіретті одақтастарын, Жаратушыға кейіптес және ұқсас жасалған Жер адамының, эволюция сатыларымен көтеріле отырып қысқа мерзім аралығында Биік Тіршілік Иелеріне тән энергиялық қуатқа ие бола алатындығы жайлы ескертті.

Ақылы мен күдіретті күшіне мастанған, Люцифердің өзінен айнымайтын төқаппар жаратындылары бұл хабарды, өз Планетасының және оның тұрғындарының ерекшелігін үнемі баса айтып отыратын рухани әкелерінің күдірет сырқатына балады.

Бұндай қырыстықтан шамданып қалған, өз тұлғасының титтей де болса кінәратталғанын көтере алмайтын Люцифер қорланып шайқасқа қатысудан бас тартты.

Люцифермен одақтас дүниелерден келген сансыз легиондар Жарык Күштері сарбаздарының қатарын ойсыратқанда, Ғарыш Сарбазы өзінің эволюциялық тәжірибесіне сүйене отырып, өзезіл әскерлерінің шешуші соккы

үшін басты күштерін ғана емес, сондай-ақ жасырын тосқауылдағы күштерін де енгізгенін анықтады.

Ғарыш энергиясының ұшы-қиыры жоқ мұхитынан, Женімпаз, жолындағысының барлығын қиратып өртеп өткен энергиялық дүркін тудырды. Қасиетті Кітаптарда айтылған аңсаулы өсиет — Жарық Күштері мен Түнек Күштерінің арасындағы Ұлы Шайқас, қуаты мен күші теңдессіз ұйысқан **күпия Оттын** шарпуымен аяқталды.

Түнек Күштерінің қорғаныс сауыттары мен аппараттары көк жалының тегеурініне шыдамай сөгіліп, шылпара болды. Люцифер, жауының қарымы жетпейтін алыс жерден, айызының қанғанын жасыра алмай, өз одақтастарының өлім сөтін тамашалап тұрды. Оның көкірегінде, бір сәтке, өлшеусіз қысқа эволюциялық мерзім ішінде Ғарыш Сарбазын өсіріп дайындап үлгірген, бір кездегі өзінің Ғарыш Бауырластығы үшін тіпті мақтаныш сезімі де жылт етті.

Ғарыш заңдары бойынша, бұндай қуатты тек физикалық дүниеде өмір сүрген, сол себепті Ғарыштың егізіндей ұқсасы болып табылатын өзінің астрал денесіндегі центрлерін дамытып, сақадай сай сақтаған адам баласы ғана тудыра алады.

Өмірден өмірге өте жүріп болашақ Женімпаз, көдімгі адамның ағзасындағы энергетикалық тепе-теңдікті басқаратын Отты центрді дамытқан еді. Әрине, ең негізгі жеті центрдің дамуындағы бұндай бейжарасым жаза-сыз қалмайды, дегенмен, соғай қарамастан басты мақсат орындалды.

Шамасы, Ғарыштың бұдан кейінгі эволюциялық дамуында киратудың мұндай құдіретті қаруын пайдаланудың керегі ешқашанда тумас. Осы шайқас кезіндегі Ғарыш Сарбазы центрлерінің қызметін қайталау қалай мүмкін болмаса, Женімпаздың эволюциялық жолын қайталап шығу да сол дәрежеде мүмкін емес.

Энергияның дүркінмен атылған кезінде, барлық центрлер Жүрек центрінің басқаруымен бір ырғақта, бір қарқында жұмыс істеп тұрды. Центрлердің іске қосылу ізіндегі болмашы ғана ауытқу, Кеңістікте сөйілген Ғарыш энергиясының селдей төгіліп келіп қуатты толқынға айналуын тежеп тастар еді.

Бұны ядролық жарылыстан күш алатын лазерлер жүйесінің қызметіндегі ауытқумен салыстыруға болады.

Ғарыш энергиясын теңдесі жоқ қуатты **Көк Жалынға** айналдыру үшін мөлдір таза аура мен ғұмырлар бойы жинақталған энергияның толығына таяу жұмсалды. Сайтаншылдар бұл құдіретті қуатқа қарсы қояр ешқандай қорған таппады. Люцифер одақтастары шегінгенде ғана аман қалар еді. Олардың төзімділігі мен әскери қабілеттерін, сұмдық жеңілістен кейін де дұрыс шешім таба білетін ақылдылығын мойындау керек.

1978-ші жылдың 20-шы ақпаны күнін, Түнек Иерархиясының ақыры ретінде Жиһан тарихындағы шешуші күн деп есептеуге болады.

Люцифердің табансыз одақтастарының кейбір бөлімшелері майдан даласын тастай қашып, ғарыштың шексіз кеңістігінде жасырынбақ ниетте. Олардың тағдыры шешілген. Негізгі күштерден, Түнек Иерархиясынан бөлініп қалған оларды бұлтартпас өлім күтіп тұр.

Түнек күштерінің басым бөлігі, білгір Люцифер өзін астан-кестен еткен қаруға қарсы лаж іздеген жердегі қамалдарына төртінбін бүзбай шегініп кетті.

Шабуылын жалғастырған Жарық Күштері, Люцифердің өлі де тегеурінді легиондары мен одақтастарын Галактиканың шетіне, Күнманайы кеңістігіне ығыстырып шығарды.

Ғарыш Шайқасынан кейін Люциферге, Орданың Жоғарғы Ордабасы ретінде, Иерархия заңына бағынып өз еркімен қылмысты ұйымын таратқан жағдайда кешірім алу мүмкіндігі ұсынылды. Кешірім одақтастарының монадалары өз істеріне сәйкес сатыда жаңа эволюция жолын бастай алатын физикалық дүниені құруға шеберлігін жұмсау үшін Люциферге алтыншы дәрежелі Ғарыш Құрылысшысы мәртебесін сақтау кепілдігін беретін еді.

Түнек Иерархиясының өз еркімен ыдырауы, Ғарыш Бауырластығына бүкіл адамзаттың ауыр қармасының шиесін неғұрлым ауыртпай шешуіне және артық құрбандықтан құтылуына мүмкіндік берер еді.

Люциферге берілген кешірімнің үзілді-кесілді шарттарының бірі — оның Ғарыш Бауырластығының алдына келуі және сотталу үшін емес, керісінше, Жер планетасы физикалық дүниесінің және оның астрал дүниесінің жауланған бөлігінің билігінен өз еркімен бас тарту үшін келуі еді. Ғарыш Бауырластығының бұрынғы өріптесі ретіндегі Люцифердің өтініші бойынша, бұл рәсім Люцифердің өзі атаған Биік Тіршілік Иелерінің шағын ортасында өтуі керек еді. Оның барлық өтініштері орындалды да, Ғарыш Сарбазы шайқасты тоқтатты. 1978-ші жылдың 23-ші ақпаны күні қайыра өткен бұл шайқаста сайтаншылар мен олардың одақтастары тағы да ойсырай жеңіліп, олардың жігері құм болып, үрейі ұшқан шеріктері Жердің астрал дүниесінің төменгі қабаттарына түсе бастады.

Шайқас кезінде ғайыптан келген кідірісті, Түнек Иерархиясының басшылары тағдырдың сыйы ретінде қабылдады. Олар өздерінің талқандалып, шегініп бара жатқан легиондарын тоқтатты және шайқасты жалғастыру үшін әскери шептерін түзеп, өздеріне үйреншікті емес қорғану ахуалына лайық айла-шарғы қарастыра бастады. Олардың қажыры мен қайратын, тапқырлығын, кез келген, тіпті шарасыз ахуалға шапшаң бейімделгіш қабілетін мойындау керек.

Люцифердің одақтастары мен жақтастары Жоғары Сотқа түбегейлі қарсы болды. Оларда күрес арқылы ғана Түнек Иерархиясындағы билігі мен мәртебесін сақтап қалу, сол арқылы өздерінің бұлтарылмас финалын барынша кешеуілдету мүмкіндігі бар болатын. Әзозіл әскерлерінің бір бөлігі шегініп үлгірген астрал дүниесінің төменгі қабаттарының тапшы энергиялық қоры оларды бұлтарылмас апатқа бұйырған еді.

Сол себепті, Түнек Иерархиясының жетекшілері, өздерінің рухани әкесінің шексіз менмендігін шебер пайдаланып, Құдіретті Күштердің алдында жауап беруге тиіс Люциферді келіссөзді тоқтатып, келісімді тұтқиылдан бұзуға көндірді. Өршелене ұрыс салған сайтаншылар Жарық Күштерін

тағы ығыстырды да, Женімпаз, қалған барлық қуаты мен таза аураның сақталып қалған бөлігін жұмсап түнек күштерін тоқтатуға мәжбүр болды.

Бұл шағын шайқаста, Жарық Күштері Жердің астрал дүниесінде өзәзіл әскерін түбегейлі жеңіп, Люцифермен қосып Жер планетасының физикалық дүниесіне, Жетісу аңғарына құлатып жіберді. Біздің дәуіріміздің 1978-ші жылының 12-ші және 17-ші мамыры күні Алматы қаласының үстінде ұзаққа созылған, дыбыссыз, жұмбақ найзағай ойыны, жұмыр найзағай — жеңілген сайтаншылдар монадаларының төгілуі — астрал дүниесіндегі соңғы шайқастың нәтижесін көрсетеді және Люцифердің өзәзіл әскерлерімен бірге өздерінің алдын ала дуалап тастаған жолдастарының төндерін иемденгендігі физикалық дүниедегі жана шайқастың басталғанын білдіреді.

3. Жалған пайғамбар-сайтаншылдар

Адам ерекше магиялық әсердің күшімен зомбиге айналады да осының нәтижесінде адамның төнінен оның монадасы алынып, орнына басқа тұлғаның монадасы салынады. Зомбиге айналған тұлға өзінің «өлмес жаны», иманы туралы мүлдем ойламайды. Зомбилер Ғарыш заңдарына қарсы бағытталған кез келген қылмысқа бара береді.

Енді Түнек Дүниесі жетекшілерінің барлығы да Жерде жүр. Олар нақты адамдардың төнін жамылған. Мақсаттары айқын — Ғарыш Сарбазын табу, оның мүмкіндіктерін анықтау және осының негізінде қорғаныс пен шабуылдың жаңа құралдарын тиянақтау.

Түнек күштерінің қиратылудан аман қалған аппараттарының дені күнмаңайы кеңістігінде қалып, Жарық Күштерінің тарапынан шабуылға ұшырап, өздерінің негізгі тұрағы — Жер планетасына қарай ығысып барады. Осыған байланысты, Жер адамдарының, танылмаған ұшу объектілердің мейірімсіз, басқыншы пиғылдағы мақұлықтарымен ұшырасуы жиілеп кетті. Бұл «жатпланеталықтар» деп аталатындар адамдарды ұрлап, олардың санасында басқа планетада болдык-мыс деген алдамшы әсер қалыптастырады. Бұған Ғарыш заңы тұрғысынан үзілді-кесілді тыйым салынған. Биік Дүниелерге тек қана өз эволюциясының деңгейімен хұқық алған адамдар ғана зиярат ете алады, және бұл зиярат астрал денесінде ғана өтуі мүмкін. Бұдан да жоғары қабаттарға шығып Биік Тіршілік Иелерімен тілдесудің қажеті туғанда, адамның астрал денесі арнайы қоймада қалдырылады да, одан арғы жол мен сұхбат ментал денесінде іске асады. Эволюцияның лайықты сатысында тұрған адамзаттың пайғамбарлары мен тандаулы жетекшілері өздеріне тиесілі білім мен өкілеттерін тек осындай жолмен ғана алған.

Жарық Күштерінің бұдан әрі өрбіген шабуылы Люцифер одақтас-тарының және олардың ұшатын аппараттарының күнмаңайы кеңістігіндегі жолын кесті.

Жер адамы үшін ақылға симайтындай болып көрінетін қанатты объектілер үш және төрт өлшемді кеңістікте ұшуға арналған, алайда, Нұрлы Дүние күштерінің шабуылы нәтижесінде астрал дүниесінің төменгі қабаттарына ығыстырылғандығынан бұл аппараттардың қуат қоры өте шектеулі.

Осыдан келіп «жатпланеталықтардың» адамға және оның мүмкіндіктеріне деген ықыласының сыры ашылады. Олар адамдарды ұрлап оларға түрлі тәжірибе жасайды. Көбіне-көп бұл тәжірибелер анайы, айуандық жолмен жасалады. Бұл тәжірибелердің мұраты — қиратқыш энергияны басқарып отыру мақсатында, Жаратушының ұқсасы — адамнан, барынша қысқа мерзімде, центрлері жасанды түрде дамытылған өздерінің сайтаншыл биороботтарын жасап шығару.

Адамның жанын алу үшін «жатпланеталықтар» түрлі киелі кепке кіріп, ақылға сымас қасиет пен қабілеттерді паш етіп, адамдарды емдеп яки ақыл үйретеді. Сол себепті сенім, дін жолындағылар христиан және ислам низамдарын қатаң ұстанып, мұндай кездесулерден бой тартуы керек. Қүдіретті Күштердің, басқа тіршілік иелерінің қармасына араласпауы жайлы Ғарыш заңын бұзуға хақысы жоқ екенін ұмытпаған жөн.

Тәжірибеге, немесе басқа планетаға «зиярат» үшін, негізінен ауыр қармалық қарызы жоқ, бірақ Бір Жаратушыға сенімі берік емес, көбінесе қарапайым, сенгіш, еңбек адамдары тандалатыны байқалған. Міне, Өзәзіл үмбеті, балаң сананы түрлі ғажайыптармен танқалшырып, өздерінің биороботтарын тек осы адамдардан даярламақ.

Жеке адамның қабылдауы тұрғысынан алып, мейірімді яки мейірімсіз өркениеттер болады деу — үшқарылық. Ғарыш Заңын бұлжытпай ұстанатын өркениеттер бар да, Ғарыштың басты заңдары — Эволюция мен Карма заңдарын бұзатын күштер бар. Жатпланеталықтардың Жер адамдарымен жасалатын рұқсатсыз қатынастары Түнек Иерархиясы қылмыснамасының жалғасы болып табылады.

Жер адамдарының немесе басқа да тіршілік иелерінің қармасына араласпау заңының өкілетін тоқтата алатын бір ғана себеп бар. Белгілі бір өркениет өзін өзі жоюдың қайтпас жолына түскенде, Ғарыш зерттеушілері, Ғарыш Бауырластығының санкциясы бойынша болашақ апаттың себептерін кенінен зерттеуге хұқық алады. Бұл Ғарыш архивтері үшін және осындай құбылыстарды алдын ала болжау үшін қажет.

Сенім жолындағылар, ендігі жерде Жер планетасы — Ғарышта талқандалған барлық түнек күштерінің ең соңғы тұрағы екенін естен шығармауы керек. Сондықтан жалған пайғамбарлар, танылмаған ғарыш объектілерінен түскен-мыс ақылға сымас қасиет иелері — жалған жатпланеталықтар көптеп келе бермек. Олар Ұлы Ұстаздар салған жолмен жүреді, және, қасиетті мекендерде көрініп олардың сөзін қайталасак, діндерді астастырушылардың кезін кесек, осылайша қисапсыз ұқсастарды тудыру арқылы қасарысқан жауды буып тастаймыз, — деп ойлайды.

Олардың бостандық, теңдік, бауырластық жайлы өдемі, бірақ жалған ілімдерінің күші, бұл қымбат игіліктерге эволюциялық сатылардан өтетін азапты жолдан қиыс кете салу, Карма және басқа Ғарыш заңдарын айналып өту арқылы жету «мүмкіндігінде» жатыр.

Сайтаншылдар өздерінің ұйымдары беретін өсіре қызыл құжаттары арқылы бостандық патшалығына жеткіземіз деп уәде береді, ал өздерін нұрлы болашақтың кірер қақпасымыз деп жариялайды.

Олар пайғамбар атаулының барлығының да киімін жамылады, тіпті Жаратушы да болып көреді, осылайша бейберекет ұпай жинау үстінде өйтеуір бір жерінен міндетті түрде қате жіберіп алады. Қаранғылар өздерінің менмендігінен ешқашанда арыла алмайды, ал дін мен сенім жолында ешқашан тұрмағаны себепті, олар, өздерінің өдемі сөздеріне қайшы әрекет жасайды, жамандықты жазалау керек болғанда мейірімдік көрсетіп, кешірім жасау керек болғанда, аяусыз шешімге дейін барады.

Карма заңы бойынша Ғарыш Елшісі өз міндетін атқарғаннан кейін физикалық дүниеден біржолата кетеді. Жердегі анандан сол бұрынғы кепте туу, сол өмір жолын өту, орындалып болған қарманы қайталау мүмкін емес.

Өмірден өмірге жана білімді жинақтап, кемеліне келтіріп және кесімді күні адамдарға паш ететін — келесі Ғарыш Елшісі немесе биік деңгейлі Құрылысшы болады.

Ол келесі, толығымен орындалған Карма деңгейлерінің иесі болуға міндетті:

1. Кірішкісіз таза жеке кармалы, яғни мінсіз, қайырымды, адал және инабатты адам болуға.

2. Топтық кармасында ешқандай қарыздары болмау керек. Мысалға, адам мұғалім немесе дәрігер мамандығына оқыды делік, ал бұған қоғамдық қаржы жұмсалды. Алайда, диплом иесі қоғамға қарызын қайтармай, оның орнына басқа кәсіппен айналысады, бірақ мардымды ештеңе тындыра алмай енді, өзін Ғарыш Елшісімін, немесе сыпайылау — Ғарыш Құрылысшысымын, — деп жариялайды.

Сайтаншылдардың көбі аса ептілікпен, сыртқы көзбен қарағанда инабатты болып көрінетін адамның кебін киіп, өздерінің өткендегі қылмысты істерін мұқият жасырады. Алайда топтық қарманы жасыру әлдеқайда күрделірек, сондықтан атакқа жамылғанды қарманың бұл деңгейінде әшкелеу онша қиын емес.

3. Егер жеке де, топтық та карма асқан шеберлікпен бүркемеленіп немесе олардың сырын ашуға ешқандай мүмкіндік болмаса, онда оны әулеттік кармасынан тексеру керек. Туысы жоқ, ата-тегі мен бабаларының аруағын ұмытқан, ата-анасын сыйламайтын адам тіпті қарапайым адамгершілік түсініктері бойынша сенімге лайық бола алмайды. Биік Күштердің берген мәртебесін иемденгендер тек қана тұрақты әулеттік кармасы бар таңдаулы отбасында дүниеге келеді.

4. Ғарыштық Елші немесе Құрылысшы толығымен орындалған ұлттық карма иесі болуға міндетті. Болашақ Ғарыш Елшісі немесе Құрылысшысы халық ортасында, өзінің тарихи отанында өсіп, ана тілі мен туған елінің салт-дәстүрін білуге тиісті. Ол өз халқының тағдырын бірге бөлісуге міндетті және өзінің тайпаластары бастан кешкен қуғын-сүргін мен қайғы-қасіретті бірге кешуге тиіс. Сондықтан Ғарыш Елшілерінің барлығы негізінде саны аз, қаналған немесе қуғындалған көшпелі халықтардан шыққан.

5. Әлемге Ғарыш Елшісін немесе биік деңгейлі Құрылысшысын тудырған халық өзінің мемлекетін құруға және бесінші деңгейдегі Карманы иеленуге міндетті.

6. Елшінің немесе Құрылысшының ақиқаттығын дәлелдейтін соңғы және басты белгісі — Оның әрекеттерінің Планеталық масштабтағы нәтижені туғызуында жатыр. Олардың істерінің Карманың алтыншы деңгейіне сәйкес келетіндігінің нәтижесінде бүкіләлемдік дін пайда болады.

7. Осы міндеттердің **БАРЛЫҒЫН** орындағанда ғана Ғарыш Елшісін Ғарыштық Карма деңгейінде тұрған, шынымен Құдайдан жіберілген және ешқандай кезекті жалған пайғамбар-сайтаншыл емес деп санауға болады.

Күдіретті Күштердің әлдебір жерде паш етілуі — **бір-ақ рет** болатын нәрсе, ал түнек иелері, болып өткен құбылыстың құр елесін, көленкесін ғана тудыра алады.

Күдіретті Күштердің айрықша маңызды хабарлары көдімгі адамдарға түсініксіз құпия нышан түрінде және **бір-ақ рет** жіберіледі. Сайтаншылдар бұны қайталағанда аса нанымды қосымшалар енгізеді.

Жарық Күштерінің өкілдері өз Жарғысын қатаң ұстанады да, адамзатқа айрықша маңызы бар хабар беру керек болғанда ғана өз тұрақтарынан шығады. Олар руханиетсіз, дабырашыл тобырдың лас энергиясын қажет етпейді, өздерінің игілікті істері үшін ешқашан ақы алмайды. Оның үстіне, халық алдына шығып келгеннен кейін Ғарыш Елшілері азап шігеді, себебі олар рухани мәлімет, немесе білімді тапсыру кезінде топқа қатысып тұрған қараниеттілерден қорғана алмайды.

Биік Тіршілік Иелері тек қана сирек жағдайларда адамдарға, негізінен сәбилерге, нұрлы бейне, ой формалары кейпінде көрінеді. Сайтаншылдар кейінгі кезде бұл амалды көрінген жерде ретсіз пайдалана бастады. Сенім жолындағыларға бұның себебі түсінікті.

Олардың айырым белгісі мынадай: фантомдар өздерін «паш» еткенде белгілі есімдерді жамылып келеді және нандыра түсу үшін, шартты сөз ретінде, сол ахуалға сәйкес цитатаны ұсынуы да мүмкін.

Биік Тіршілік Иесі өзін-өзі паш еткенде ешқандай есімді атамай-ақ келеді. Әрбір пенде Оларды жүрегімен, иманының күшімен таниды. Жетілмеген сымбат, оның арғысы — жер есімдері, Биік Тіршілік Иелері болмысының шектеуі болып табылады. Сенім жолындағылар қисынсыз құбылыстар кезінде осыны естен шығармауы керек.

Жалған пайғамбарлар Ғарыш шайқасы жайында хабарсыз және өздерінің «ізгі хабарларында» Ғарыш тарихындағы бұл ұлы оқиға жайлы тіпті бір ауыз сөз де айтпайды. Астрал дүниесінің ортаңғы кабаттарына да кіре алмайтын жай адамның, сол астрал дүниесіндегі күнделікті, ағымдық оқиғалардан бейхабар болуы — табиғи нәрсе. Сол себепті, «елшілер» әлдебір «адамзатқа ескертулер», «аян», «хабар» алғандығы жайлы айтқанымен, немесе тіпті өздерін Биік Тіршілік Иелеріміз деп жариялағанымен, Ғарыш тарихындағы ең басты оқиға жайлы түсінігі болмаса, онда бұл олардың, көдімгі, адамның назарын тайдыру үшін тудырылған қатардағы «зомби» екендігін айғақтайды.

Рухани білімді алуға тағайындалған тіршілік иесі, топтық қармаға сәйкес коммунистік партия құрамында бола алмайды.

Құдайдың рухани қастастарының ұйымына бір-ақ күн болса да шатысқан, дінмен жүресуге ант берген, коммунистердің ауыр, қанды қарма-сын мойнына алған бірде-бір адам рухани білімнің табалдырығынан да атай алмайды, «ешқандай «аян» да ала алмайды.

Бүгінгі күнгі, коммунистер мен Өзәзіл Империясының мемлекеттік аппараты қызметкерлерінен шыққан түрлі-түсті «әулиелер», «қайта құбылғандар», «елшілер» — жалған пайғамбарлыққа тағайындалған кәдімгі зомбилер. Олардың көбі, тіпті, өздерінің өткенін түсіндіретін лайықты аңыз, одан арғысы — рухани негіз де жасай алмаған.

Жалған пайғамбарлардың сахналық киімдері де дәстүрлі діни бейнелерден көшірілген. Олардың идеологиялық тұғырының әлсіздігі сахналық эффекттермен, халықтың жетілмеген өкілдеріне бағышталған ырым-нанымдармен бүркемеленеді.

Жалған пайғамбарлар адам үйіріндегі жыртқыштардың міндетін атқарады. Бұл жерде олар Бір Жаратушыға деген сенімі әлсіз жандарды тауып, өз тұзағына түсіреді.

Әрбір жаңадан келген «масих», «пайғамбар», «елшіні» тұрмыс игілігінің сынынан өткізуге болады.

Биік рухтың шын иесі өз еңбегімен күнелтеді және ақша мен садақа алмайтындығы былай тұрсын, өзінің тапқан-таянғанынан мүскіндер мен өз шәкірттеріне көмектеседі.

Егерде бұл қағида сақталмаса — сіздің алдыңызда қарапайым ғана алаяқ түр деген сөз. Асып кеткенде бұл — жолы болмаған актер, немесе, кәдімгі өмірде өз мейманасын іске асыра алмаған себепті, жалған пайғамбарлықтың тайғақ кешулі жолына түсіп есесін жібермеске бел буған адам.

Мәлімет пен білім — материяның бір түрі болып табылады да, сол себепті материяның сақталу заңына бағынып, жоқтан пайда болмайды. Білім қалай оңай келсе, оның бағасы да сол дәрежеде арзан болады. Ауыр еңбек пен қасіреттің нәтижесінде алынған білім ғана — ақиқатты және құнды.

Қабілетсіз адамға білімнің, таныс емес тілдердің, экстрасенсорлық қабілеттердің аяқ астынан қона салуы, түнек күштерінің араласуының және аталмыш тұлғаның зомбиге айналуының айғағы.

Жалған пайғамбарлар Әлемдік Зұлымдықтың бар екенін теріске шығарады. Олардың идеологтары, Зұлымдықты Ізгіліктің бір түрі деп ақтайтын нанымды теория ойлап шығарған. Түнек тұрғындары Люцифердің алдында адам айтқысыз үрей кешеді, тіпті қожасының атын атауға да қорқады, оның бар екенін теріске шығарады.

Люцифердің бар екенін жасыру үшін сайтаншыл идеологтар ақылды алжастыратын, қандықол диктаторлардың тұлғасын сомдаған. Тоталитарлық идеология оларды өп-сөтте тірі құдайға айналдырып, манайын құтырылған, желікпелі дақпыртқа толтырады. Диктатордың атын сансыз рет қайталап, оны бейнелейтін қисапсыз пұттарды тудыра жүріп, идеологтар, оның манайына шебер насихатпен уланған миллиондаған адамдарың ойлары мен

долы эмоцияларынан психикалық потенциалды саналы түрде қойылатыны сондай, тіпті жай, қарапайым тұлғалардың өзі Люцифер өмірінің теңдесі жок орындаушысына айналады.

Жалған пайғамбарлар асқынған менмендігімен, даңққұмарлығымен дараланады және өздеріне яки ілімдеріне келтірген болмашы күмән мен айтылған сынды көтере алмайды. Жұбаныш іздегендерді таңқалдыратын уақытша сәуегейлік, өзінің Өлмес Рухын Зұлымдық иелеріне сату арқылы келеді. Оның ар жағында рухани азғындау түр. Тұлғаның эволюциялық сағымен төмен қарай құлдырай құлауы психикалық энергия тудырады, ал ол аталмыш жан иесіне қысқа мерзімге экстрасенсорлық қабілеттер дарытады.

Сондықтан бұндай жалған пайғамбарлардың құрбандары өз бойында энергия ағынын сезеді, қояншықтықпен шектес шалқыма күйге түседі және бойында бөгде иенін барын түйсінеді. Шынына келсе, олар аталмыш алаяқтардың санасыз құлына айналады да солармен бірігіп Тозақ шеңберлеріне түседі.

Жалған пайғамбар күшінің өзезіл табиғатын айғақтайтын дәлел жаппай сеанстағы транс кезінде тербеліп билеп жүрген адамдар болып табылады.

Жаппай экстрасенсорлық әсер кезінде сананың терең қабатында жатқан, жабайы инстинкттерді тежейтін әдептілік тыйымдары алынып тасталады. Бұл әсерлердің құрбандары, сеанс кезінде, өзінің күнделікті өмірінде істемеген әрекеттерге барады. Бірақ жаппай экстрасенсорлық сеанстың ауыр зарары соңынан, осындай экстрасенстың келіп кеткенінен кейін болатын мағынасыз, ауыр, айуандық қылмыстардың күрт өсуінен көрінеді. Эволюциялық тұрғыдан жетілмеген адам санасының астарындағы тыйым тетіктерін алып тастаудың нәтижесі осы.

Бір Жаратушыға сенетін, руханиеті жоғары адамдар экстрасенстер мен сыйқыршылардан қорықпайды, алайда олармен жай ғана ұшырасудың өзі тұлғаның рухани өсуін төмендетеді, сол себепті, өзінің қармасына лайық ұшыраған сырқатқа ем іздеп аталмыш емшілерге бару аса қатерлі.

Барлық сиқыршылар мен дуахансымақтарды астрал Тозағы күтіп тұр. Одан әрі олардың өзезіл табиғаты ыдырап, бұдан кейін адам болып кейіптелуіне тыйым салынады.

Ментал дүниесін бақылаудан айрылғандықтан, түнек иелерінің Жердегі ахуалы шектеулі. Олар Ғарыш Сотын айналып физикалық дүниеге жаңа кейіпте, немесе зомби күйінде қайтып келу мүмкіндігінен біржолата айырылды. Бұдан былай Жердің астрал дүниесінен ментал дүниесіне өтетін туннель Күдіретті Күштердің берік бақылауында тұр. Өзезіл үмбетінің физикалық және астрал дүниесіндегі қалған санаулы ғұмыры шын мәнінде — жалғыз және қайталанбас ғұмыр.

«Ең ақырғы, зор майдан ғаламат» түнек иелерінің шынайы ажалымен аяқталады. Бұдан кейін оларды Ғарыштың Ғарасат Соты күтіп тұр. Соттан соң олардың сайтандық тұлғалары толығымен ыдырайды.

Түнек иелерінің астрал дүниесін де бақылаудан айрылуы Түнек Иерархиясы жетекшілерінің аса қысқа мерзімде азғындауына өкеліп соқты. Бұдан

былай олардың қолы, астрал дүниесінің аса қатерлі қылмыскерлері мекен ететін, төменгі қабаттарына ғана жетеді. Бұл жерде олар өздерінің барлық қабілеттерінен айрылып бүкіл қуатын астралдағы Тозак тұрғындарынан, оның ішінде бір-бірімен есеп айырысып жатқан өз жолдастарынан қорғануға жұмсайды. Олардың астрал дүниесінде қалыптастырған байланыстары Жер бетіне сатқындық, төңкеріс, арандатушылық, бірін бірі өлтіру болып тан-балаңады.

Енді сайтаншылдардың бір ғана мақсаты қалды. Ол, ешқандай құрбан-дықтан тайынбай физикалық дүниеде барынша ұзақ ғұмыр кешу, ал бұл үшін барлық адамды қылмысқа қатысты ету. Олар, физикалық дүние тұрғыны үшін, астрал дүниесінің өмір нәрінен ада төменгі қабаттарымен және оның азғын тұрғындарымен үздіксіз қатынаста болудың қандай қатерлі екенін өте жақсы біледі. Астрал қалтарыстарында түнек иелерінің және олардың өзі іспеттес қылмыскерлердің қатысуымен өткен нақты оқиғалар, физикалық дүниеде осыдан айнымайтын сұмдық салдарға әкеліп соғады. Бұрынғы, өзөзіл әулетінің теңдесі жоқ данышпандарының өрескел қателері және бал-таласа да бұзылмас шептерінің селдірей бастауы осыдан келіп шығады. Олар-дың алдауына түсіп опық жегендердің көбінің кенеттен көкірек көзі оянып, өздерінің Өлмес Жанын қорғау жолында, бұрынғы, санасын билеген елес-пен аяусыз күреске шықты, өйткені өзөзіл мекенінен шығудың жалғыз-ақ жолы — осы.

4. Жөнімпаз

Ғарыш шайқасы ментал дүниесі арқылы көптеген адамдардың сана-сында із тастады, Ғарыш соғыстары, адам тәніне еніп алатын жатпланета-лық мейірімсіз мақұлықтар, ақылға сымас қабілеттерді иеленген адамдар, өткен мен болашаққа жасалған саяхаттар туралы көптеген фантастикалық романдар мен фильмдерді тудырды.

Бұнын бәрі, астрал және ментал дүниесімен саналы қатынасқа түскен адамдар сомдаған Ғарыш оқиғаларының нақты бейнесі.

Өткен құбылулардың жадына сүйеніп, дәуірдің, кейіпкердің, тұрмыс-тың егжей-тегжейлі сипаттарын, сол уақыттағы салт-сананың аса көркем және шыншыл бейнесін сомдаған суреткерлерді өзінің өткен ғұмырларында сол дәуірде жасаған деуге болады және шығарма оқырманның немесе көрерменнің көкірегінде, ой-санасында қатысу, сезімді бірге кешісу әсерін туғызса — онда бұл шығарманың өткеннің немесе болашақтың нақты оқиға-ларының негізінде жасалғандығы.

Ойдан шығарылған бейненің болмысында кармалық байланыс жоқ, сол себепті ол қызығушылық тудырмайды, немесе адамды шығарманың реңсіз-дігі үшін өкініш пен ыңғайсыздық сезімінде қалдырады.

Біздің дәуіріміздің 1978-ші жылының 20-шы ақпаны күні өткен Ұлы Ғарыш шайқасындағы Жарық Күштері жеңісінің нәтижесінде Жер плане-тасының ментал, әсіресе астрал дүниесі жаңа, биік сапаға жетті және сенім жолындағыларға, ғалымдар мен суреткер тұлғаларға бұдан да жақындай

түсті. Бұл бүкіл әлемді таңқалдырған ізгілікті дүмпуге, бірінші кезекте Солтүстік Америка мен Европа халықтарының рухани түлеуіне алып келді. Адамдар дін арқылы Жаратушыға, ошағына, гуманизмге, мейірбан ой мен ізгілікті өмірге қайтып оралды.

Ғарыш заңдары бойынша, Жеңімпаздың рухани қызметінің басталуы барлық діндердің қайта өрлеуіне түрткі салуы керек еді. Әрбір дін өзі ғана Бір Жаратушының бірегей өкілдігі болу хұқына таласпай, өзінің жинақтаған рухани игіліктерін іспен ашып көрсетуі керек.

Сондықтан Ғарыш шайқасы аяқталғаннан кейін, 1978-ші жылдың соңында Жеңімпаз, ментал дүниесі арқылы бүкіл адамзатқа:

- өзінің Жерде екендігін;
- өзінің барлық рухани өкілеттерді қабылдап алғандығын;
- барлық діндерге сын сағатын жариялайтындығын;
- Жер планетасында Жарық Күштері мен Түнек күштері арасындағы шайқастың басталғанын жариялайтындығын хабардар етті.

Бұл күнді адамзат ұзақ ғасырлар бойы күткен. Барлық діндегі адамдар өзінің Әміршісіне бағынып, сайтаншыл режимдерге қарсы «1979-шы түнек жылы» бастады, ал мұсылмандар өз ерлігімен бүкіл әлемді таңдандырды.

Әмірін орындап сайтаншыл режимдерге қарсы қарулы күреске көтерілген мұсылмандардың ерлігін Жеңімпаз ешқашан ұмытпайды. Нашар қаруланған, әлсіз ұйымдасқан мұсылман шеріктері Өзөзіл Империясының, ең жетік қарумен жабдықталған легиондарынан Аллаға деген сенімнің әлдеқайда үстем екенін дәлелдеп берді. Өздерінің биік иманымен, теңдессіз ерлігімен, мұсылмандар сенім жолындағылардың алды болып Жеңімпаз тағайындаған сыннан өтті.

Будан былай, мұсылмандарға, эволюциялық өрлеу жолында ерекше өкілет пен демеу беріледі.

Ислам Соңғы Өсиет — Жаратушы мен Жер планетасындағы адам ұрқы арасындағы Соңғы Келісім болып табылады. Рухани цикл түйықталды.

Жер планетасындағы эволюция, жоғарыдан белгіленген Армагеддонға дейін, Көне, Жаңа және Соңғы Өсиеттердің біртұтастығының аясында төмамдалмақ.

V. АРМАГЕДДОН

1. Люцифер

Ұлы Ғарыш шайқасында жеңіліс тапқан Люцифер мен оның сыбайластары өздерінің апаны — Жер планетасында тұрып жатқан қас дұшпанын болжаммен тапты. Олар ештеңеге танқалған жоқ. Себебі, өздеріне ең үлкен қатердің кімнен келетінін үнемі біліп отыруы — қылмыскерлер үшін табиғи нәрсе.

Шайқасты енді физикалық дүниеде жалғастырған Жеңімпаз түнек күштерімен саналы түрде жолығысуға шықты. Бұл Ғарыш Сарбазының Жердегі ерекше міндеті болатын, себебі, Құдіретті Күштердің де Люцифердің дара тұлғасы жайлы толымды мәліметі жоқ еді, Оның күші, мүмкіндігі — бәрі де белгілі еді, белгісізі — аты және өмірбаяны бар нақты адам — Люцифердің кім екені. Люцифердің жанын аркалап жүрген нақты адамды табу үшін, Жеңімпаз, ішінде планетаның Қожасы болуы мүмкін бір топ адамды белгіледі:

— ол өзәзіл үмбетінің айнымас идеологы және сайтаншылардың құпия, танылмаған басшысы болуы керек;

— ол Ғарыш майданындағы жеңілісінен кейін, физикалық дүниедегі өзінің жұмбақ жауымен ашық кездесуге баруы керек;

— ол сайтаншылы идеологтардың жорамалдауынша алтыншы сатыда тұруға тиіс халықтардың бірінде ұлттық сипатын қамтамасыз ететін отбасында дүниеге келуі керек;

— сәйкестіктер заңына орай ол өзінің эволюциялық дұшпанынан алыс емес жерде туып-өсуі керек және Жеңімпазға барлық табиғатымен қарсы болуы керек.

Люцифер тұлғасын анықтаудағы ең соңғы уәж үндістердің ауылына келіп тайпаның көсемін өз дініне кіргізбек болған христиан миссионерінің жайы болды. Ұзақ және нәтижесіз әңгіменің соңында көсем, айқышта асылып өлген құдайды қабылдай алмайтынын айтып әңгімені түйіндеген, бірақ Ібілістің кім болып туатынын да тайға таңба басқандай анықтап берді.

Планета Қожасының басқа белгілері және бұл өте күрделі жұмысты атқарудағы Жеңімпаздың пайдаланған құпия білімі белгілі себептермен жария етілуге тиісті емес.

Люцифердің нақты құбылуының құпиясын ашу планета Қожасының тарапынан ақылға сымас қарсы әрекетке ұшыратуы мүмкін және бұл жерде тез өлімнің өзі үлкен олжа болып саналар еді, сол себепті рухани ерлік жасау үшін Өзәзіл дүниесіне келген Биік Тіршілік Иелері әлсіз, тез тозатын денені иемденеді. Бұл қатерлі істегі тәуекел аса үлкен болатын,

Люцифердің жанын аркалаған нақты адамды анықтаудағы жаза басу — азапты ажалмен ғана емес, сондай-ақ, Женімпаз тұлғасының ыдырауымен де аяқталар еді. Ғарыш Заңы: «Өзіңікі емес, бөгде тұлғаға жататын ғұмырды иемденуші — тіршілік деңгейінің бастапқы векторына дейін шегертіледі», — дейді. Люцифер сияқты тұлғаның жанын жазықсыз адамға таңу да, осы заңның тегеурініне салады.

Соған қарамастан Женімпаз күресті ары қарай жалғастырды да, Люциферге, өз қатесінің жұлдесі ретінде тарс жабылған планеталық қапастан сытылып шығудың мүмкіндігін ұсынды. Женімпаз бұл қатерлі күреске түспей-ақ қойса да болар еді, бірақ Люцифер әлі түстеліп табылған жоқ болатын, оны Женімпаздан басқа ешбір адам таба алмас еді, сол себепті қисапсыз құрбандықтан құтылудың жолы осы ғана болатын.

Женімпаз, Люцифердің көдімгі адамның кебін киіп зауалдан құтылып кете алатын мүмкіндігін біліп қобалжулы еді. Осыған негіздеде отырып, Ғарыш Сарбазы әдейі, Әзәзіл Империясының тіміскі тыншылары үшін, дүниеге алтыншы саты перзенттерін және Ғарыш Сарбазын жаратқан халық жайлы мәліметтер берді.

Қалғаны уақыттың үлесіндегі іс еді. Түнек иелері нұрлы энергияның ұйысатын жерін жазбай танытын да өздері үшін қатерлі тұлғаларды адаспай табатын.

Өзінің эволюциялық тәжірибесінің негізінде Женімпаз, Люциферді оның өзінің тежеусіз менмендігінің ұстап беретінін, оның ешқандай да бөсекені мойындамайтынын болжап анықтаған. Осы мақсатта, әбден белгілі және Люцифер үшін аса қауіпті бірнеше өткен ғұмырдың сырын ашуға тура келді. Нәтиже барлық болжамнан асып түсті. Планета Қожасының асқан сақтығы мен заңғар ақылын шексіз менмендік жеңді. Ол өзін жария етті.

Мақсат орындалды. Ғарыш Бауырластығының табандасқан дұшпаны өзінің нақты, адами есімімен белгілі болды. Бірақ планета Қожасының бұдан кейінгі әрекеті Ғарыш Сарбазын тұңғыш рет есенгіреуге таяу халге жеткізді. Ғарыштан жырақталған миллиондаған жыл барысында Люцифер өзінің эволюциялық дамуында тоқтап қана қоймай, ізгілік тұрғысынан да толық азғындаған екен.

Ол Ғарыш заңдарын түбірімен ұмытқан және оның алтыншы сатыдағы Планеталық Рух дәрежесін бірден жоққа шығаратын аса ауыр қылмыс жасады. Люцифер еш ойланбастан өз дұшпанының барлық эволюциялық игілігін иемденіп алды да, өзінің өлшемдерімен Женімпаздың жария болған ғұмырларына иелік хұқығын дәлелдеп, тіпті осының ерекше ырымын да жасады. Істің бұндай өріске шығарын Ғарыш Сарбазы мүлдем болжамаған. Ғарыш Бауырластығынан бұл ақылға сымас оқиғаның ақиқаттығы жайлы растама алғаннан кейін барып, ол, бұл болғанның барлық салдарын түсінді. Эволюциялық тұрғыдан бұл — өзін-өзі өлтірумен парапар нәрсе еді, себебі Планеталық Рух өз еркімен өзінің эволюциялық сатыларын қиратты.

Енді Түнек Иерархиясының жетекшілері де бөтен ғұмырларды осы үлгіде ұрлай бастайды, өйткені бұлардың Люциферден айырым белгісі — өздерінің эволюциялық қамытынан басқа жоғалтар ештеңесі қалмаған.

Осылайша Люцифер, Ғарыштың ең басты бүлікшісінен Ғарыштың ең басты ұрысына айналды. Ғарыштың «Өткен ғұмырлардың құпиясы және жекелігі» жайлы хұқығының тегеурініне түскенде барып, ол, өзінін қайғылы болашағын пайымдады. Ғарыштық ұрының өшкереленуден және содан кейінгі зауалдан қашып құтылатын мүмкіндігі жоқ және болмайды да.

Беті ашылып, ең-танбаланғанымен Люцифер әлі де мол күштің иесі және планетаның Қожасы. Жердегі барлық тіршілік иелері, өз эволюциясының денгейіне карамастан оның физикалық дүниесінің заңына бағынады. Алайда, астрал дүниесінде және Ғарыш кеңістігіндегі жеңілістен кейін, планета Қожасының өкілеттілігі оның Жердегі, қалған өмірінің мерзімімен шектеледі.

2. Желтоқсан

Зұлымдық Күштері бұл оқиғаларға жауап ретінде түпсіз аярлыққа, арандатуға барды. Сонын салдарынан біздің дәуіріміздің 1986-шы жылының 18-ші желтоқсаны күні алтыншы саты халқының перзенттері аяусыз өлтірілді. Түнек иелері, халық ұранына Жәнімпаздың жауап қататынына, сөйтіп өздерінің ұрыс тағдырын бір-ақ ұрып шешетіндеріне сенімді еді.

Алматыдағы, 17-ші желтоқсаннан 18-не караған бұл қасіретті түн, Жарық Күштерінің өзәзіл күштеріне физикалық дүниеде қарсы жүргізген майданының басы болып табылады. Ғарыш Сарбазы бұл кезеңде Жердегі шайқасқа дайындық үстінде болатын. Оның энергетикалық қоры тұтастай, Ғарыш шайқасы кезіндегі Түнек күштерін талқандауға жұмсалған. Кармалық ресурсты Люцифердің адамдық кебінің құпиясын ашу үшін жұмсалған болатын.

Жаңа рухани сатыға көтеріліп жаңа энергетикалық және кармалық ресурсты қалыптастыруға дейінгі аралықта Ғарыш Сарбазы қорғансыз еді. Міне, осы сәтті, сайтаншылдар құтылудың жалғыз ғана мүмкіндігі деп болжады. Олар өз планетасының жәй-күйін жақсы танитын және өздерінің кекті жауының қай халықтан шыққанын, қай қаланы мекендейтінін және қандай ортада жүретінін жақсы білетін-ді. Жәнімпазды жою арқылы олар, уақыт ұтып қорғаныс құралдарын табуды, немесе, ең болмағанда өздерінің бұлтармас зауал сәтін соза түсуді жоспарлаған еді.

Сол себепті, қазақ халқының перзенттері құрбандыққа барып, қасиетті қанымен өздерінің қандасын, өз халқын және Жер бетіндегі барлық адамды Люцифермен кіндіктестірген кармадан құтқарды.

Желтоқсан Құрбандарының қаны адамзатты Өзәзілдің торынан құтқарды. Бұдан былай Құдайға сенушілер Ғарыш Азаматтарына айналады.

Ұлдары әскер болып, 1986-шы жылдың желтоқсан кантөгісіне қатысқан, бейбіт кезде, түнделетіп, суық қарумен әйелдер мен жасөспірімдерді өлтірген халықтарға көңілмен иілуге ғана болады. Тек өзәзіл Империясының әскерлері ғана емес, сондай-ақ Заң қызметкерлері, Заң үйлерінде қылмысты топпен бірлесе отырып, әйел арын төгіп, Ұлы Аналық Негізге қарсы аса ауыр қылмыс жасады.

Бұл қылмыстың салмағы адамзат кармасын толтырып, алтыншы саты халқын қорғаудың пәрменді шараларын қажет ететін эволюциялық процестерді жылдамдатып жіберді. Сол себепті Ғарыш Сарбазы өзінің физикалық дүниедегі өкілеттеріне сай келетін Ақ Сарбаз деген есімге ие болды. Өзәзіл үмбетінің құлақ естімес қылмысының нәтижесінде пайда болған жаңа карма мен жаңа энергетикалық ресурс Ақ Сарбазға кез келген уақытта қарсы әрекет жасауға мүмкіндік береді.

Ғарыш заңдары бойынша алдымен, кармасы аса ауыр емес, қылмысқа телінгендер жазаланады. Содан кейін белсенді орындаушылар, содан кейін барып ең соңында, Жоғары жаза бойынша, қылмыстың дем берушілері, — кармасы аса ауырлар жазаланады. Ғарыш Сарбазы әуелі тарихында ұшыраспаған, құлақ естімеген қылмысқа қатысушы халықтарды жазалады, содан кейін Өзәзіл Империясына қарсы тегеурінді жазалау соғысын бастады.

Нәтижесінде, астыртын пайда болған ұланғайыр халықаралық қылмыскерлердің ұйымы ыдырап қайтадан астыртынға кете бастады — цикл тұйықталды. Алайда бұл шегініс тек күштерді қайта реттеу ғана. Түнек күштері барлық діндерде өсиеттеліп айтылған шешуші шайқасқа шықпақ. Адамзаттың эволюциялық игілігіне қарсы жасалған қылмыстың нәтижелерін сараптай келе, біздің дәуіріміздің 1987-ші жылының 16-шы сәуірінде өткен Ғарыш Соты: «АЛТЫНШЫ САТЫ АДАМДАРЫНЫҢ ЛЮЦИФЕР ПЛАНЕТАСЫНДАҒЫ БУДАН KEЙІНГІ ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ МҮМКІН ЕМЕС»,— деген шешім қабылдады.

Осыған сәйкес, сенім жолындағылар өздерінің барлық қарыздарын қайтарып, дұшпандарын кешіріп, жандарын тазалауы керек те, өз Жанын құтқару үшін және Биік Соттан кейінгі эволюцияға хұқық алу үшін соңғы шайқасқа дайындалуы керек.

Ғарыш сатқыны Люцифер мен оның сыбайластарының қылмыстары осымен тоқтамақ.

Қазақ халқы перзенттерінің қанды құрбандығы, Карма заңы бойынша бүкіл Ғарыш Бауырластығының қорғаушы тетіктерін іске қосты. Ғарыш Сотының шешімі бойынша Жәңімпазға, адамзатты алтыншы сатыға өту жолында сұрыптау және жол қалмаған жағдайда Люцифер планетасын жою хұқығы беріледі. Осы өкілетке сәйкес Ғарыш Сарбазы 1986-шы жылдың 18-ші желтоқсаны күнін барлық сенім жолындағылардың өзәзіл күштеріне қарсы Қасиетті соғысын бастайтын күн деп жариялады.

Мұсылмандар өз діндерінің өміршеңдігін қайыра тағы да дәлелдеп берді. Ауғанстан моджахедтері теңдесі жоқ ерлік көрсетіп Өзәзіл Империясы өскерлерін алғаш рет күйрете талқандады.

Христиандар, өздерінің біркестігінің салдарынан, өз саясаткерлері үшін таңғажайып болып көрінген оқиғалардың барысын өте ұзақ пайымдағаны себепті, мұсылмандардың теңдессіз ерлігі мен құрбаншылдығының сырын көпке дейін түсіне алмады. Христиан дүниесінде бірінші болып, сайтаншылдар өздерінің идеологиясына тиянақ етіп алған ел көтерілді.

3. Ресей

XX-шы ғасырдың басында Ресейдің мандайына, адамзат дамуының келесі сатысының қалыптасуына ең соқталы үлес қосу жазылыпты. Бұл қазақ және орыс халықтарының нәсілдік жақындығынан өрбіген еді.

Кезінде князь Владимир Русьті күштеп шокындырғанда, Ұлы Дала төсіндегі көпғасырлық көш барысында қалыптасқан, бір кездегі біртұтас халық екі қапталға ыдырай бастады. Жақыптың бір тармағының өз жауынгерлігімен және шарапка деген құмарлығымен аты шыққаны Библиядан белгілі (Ис. 28.1).

Дала мен Русьтің бұл одағы ұзақ өмір сүрді. Далалықтар Русьті көптеген пассионар халықтардың шапқыншылығынан құтқарып, бүгінгі орыс халқының қалыптасуына мүмкіндік берді. Орыс тарихының бұл деректерін сайтаншылдар не толықтай жойды, не адам танымастай етіп өзгертті.

Түнек иелері, өзезіл әулеті үшін аса қатерлі екі халықты жазбай таныды, және бұл екі туыстас халықтың одағын ыдырату жолында барлық шараларды қолданды. Біздің дәуіріміздің XX-шы ғасырының басында Ресей адамзаттың алтыншы сатысын қалыптастыру негіздерінің бірі болуға дайын еді. Бұл кезде Ресейде дара сипатты мәдени қор да қалыптасқан. Кейіннен бұл қордан адамзаттың болашақ өркені өсіп шықты.

Ресейдегі сол кезгі өнеркәсіптік және интеллектуалдық потенциал болашақ алтыншы саты халқының дамуына сенімді тұғыр болар еді. Бұл, сайтаншылдар үшін аса үлкен қатер болатын, сондықтан олар Ресейге өздерінің ең дарынды идеологтарын қаптатып жіберді. Сайтаншылдық ілімдердің арқауы — Жиһанның ортақ заңдарының бір бөлігін ғана негіздейтін үзік ақиқат.

Мысал үшін, материяның ілкі екенін, сол себепті, физикалық дүниенің ғана бар екенін, сол дүниенің ғана заңдарын мойындайтын коммунистік ілімді келтіруге болады. Осы ілімнің көмегімен халықаралық қылмыскерлер ұйымы халықтың жалбыр күйіне дейін жүнжіп азған тобыр бөлігін төнкеріске жұмылдырды да, тонау мен қайта бөлісу ұранымен мастанған ресейліктердің қолымен, Ғарыштың басты заңдарына қарсы аса ауыр қылмыстар істеді.

Революция алдымен Ресейдегі, одан кейін басқа елдердегі эволюциялық процестердің табиғи барысын бұзып жіберді.

Өздерінің қылмысты тобынан шығармай, жолын кесу мақсатында өзезіл үмбеті, патша әулеті мен дворяндарды өлтіру арқылы, орыс халқын оның заңды Иерархиясының төгілген қанымен шырмады.

Коммунизм идеяларына берілген бұл қанды серттен кейін, Ресейдің басқа халықтарын қарудың күшімен өз қылмыстарына тартудан басқа жолы қалған жоқ. Бұл үшін олар қылмыскерлердің ең тиімді тәсілі — олжаға түскеннің абыройын аяусыз төгу, кенеусіз қорлау тәсілін пайдаланды.

Сайтаншылдар орыс халқының рухани және мәдени ізгі мұраларын жоюды ұйымдастырды. Орыс халқының Құдайдан бас тартуы дінбасылардың

канымен серттелді, ал мәдениетті төрк етуі зиялылардың қанымен, қуғын-сүргінімен расталды. Бұл қиянаттан кейін орыс халқы қарсыласудың еркі мен қажырынан толық айрылды да, сайтаншылдар пролетариат диктатурасы жайлы догматқа қиыспайтын өндіргіш күштердің қалғанын талқандап бітірді.

Одан кейін біркелкі интернационалдық орта қисапсыз жазалаушыларды, абақты иелерін, арызқой тыншыларды тудырды. Бұл тобыр сайтаншылдардың аса маңызды жоспарын орындауға жұмылдырылды. Бұл жоспар бойынша Дала мен Русьтің өсиеттерде айтылған бірлігі ыдыратылуы керек еді. Жоспардың маңыздылығы сондай, оның орындалуы, патша әулетін жоюды өз қолымен басқарған, партияның аса сенімді мүшесіне тапсырылды.

Әзәзіл үмбеті Карма заңын, заңды патша мен дворяндардың өлтірілуі және Иерархияның құлатылуы міндетті түрде қарсы соққыға ұрындыратынын өте жақсы біледі. Ондайда, жана қарманын қалыптасуы үшін және оның физикалық дүниеге таңбалануы үшін, біршама ұзақ уақыт іркіліс пайда болады. Осы іркіліс арасында бұрынғыдан да сұмдық қылмыстарды іске асырудың жолын табуға болады. Бұлтартпас карма келіп жеткенге дейін осылай жалғаса бермек.

Орыс халқын қисапсыз қылмыстар тізбегімен тырп еткізбей шырмап тастаған сайтаншылдар, енді қазақ халқын жаппай қыра бастады. Әзәзіл идеологтары отаршыл шеріктердің сәнасына көшпелілердің артта қалғандығы жайлы, нәсілдік бағасының төмендігі және коммунистік қоғамды құруға жарамсыз екендігі жайлы идеяларды шебер сіңірді. Бұндай идеологиялық өңдеуден өткеннен кейін олар ешкімді де аямады, сол себепті отызыншы жылдардың аяғында қазақ халқы аянышты халге түсті. Аңсаулы күн жақын еді. Әзәзіл әулеті үшін құбыжықтай көрінген көпғасырлық түркі-славян одағы қиратылды, ал оны ешқашанда көннен тұрмастай ету үшін қазақ халқын қайткенде де жер бетінен жою керек болды. Бұл үлкен жоба орындалуға жақын-ақ еді, бірақ қарманың кері соққысы Әзәзіл Империясын апаттын шегіне алып барды. Біздің дәуіріміздің 1941-ші жылы Әзәзіл Империясының жеріне олардың өздерінің шәкірті — әлемдік үстемдікке бәсекелес Германия басып кірді. Ресейді басқыншылықтан, оның екі бірдей Сақтаушы Рухтарының кешуші құрбандығы ғана сақтап қалды.

Физикалық дүниедегі өмір, басыңқы қиратушы және құрушы **Аталық Негіз** бен бағынышты сақтаушы және туушы **Аналық негіздің** қосылуынан жасалады. Бұл принцип өмірдің барлық денгейлерінде бірдей сақталады, сол себепті әр халықта Ұлы Аталық Негіз бен Ұлы Аналық Негіздің нақты иелері бар.

Бұлар өзіндік артықшылығы немесе кемшілігі бар кәдімгі адамдар. Олар ең алдымен өз халқының рухани саулығының айнасы іспетті, сондықтан бұл екі Негіз ізгі саулықта тұрғанда халық аман болады және эволюция көшінен қалмайды.

Елдің Аталық Негізі көбіне патша әулетінде дүниеге келеді, ал Аналық Негізі халық ортасынан шығады. Бұл екі Негіз Биік Дүниелерге кіре алатын, эволюциялық жетілген адам арқылы теңестіріліп және толықтырылып отырады. Бұндай адамды шартты түрде халық пайғамбары деп атайды.

Елдің өміріне қатер төнген жағдайда, Аталық Негіздің иесі шайқас үстінде өзін-өзі құрбандыққа шалады. Егер, елдің ауыр қармасын жеңілдетуге бұл өтеу құрбандығы аздық етсе, құрбандыққа Аналық Негіздің иесі барады. Осы екі Ұлы Негіз құрбандыққа дайын тұрса ғана — халық өмір сүрмек. Мейірбандық жолында Құрбан болу — алтыншы саты халқының эволюциялық өрлеуіндегі басты принцип болып табылады.

Халықтың ауыр қармасының дені Ресейдің Ұлы Аналық Негізінің газиз құрбандығымен кешілді. 1941-ші жылдың қара күзінде, Москва түбіндегі деревнялардың бірінде, басқыншылар, орыстың пәк аруын ауыр азаптап, содан кейін жұрт алдында өлімге кескен. Бұл Ресейдің Ұлы Аналық Негізіне ие жан еді.

Егерде өзін-өзі құрбандыққа шалған пәк ару ешқашан қан төкпеген жан болса, онда құрбандық газиз болып есептеледі.

Тарихта мұндай мысалдар көп, Франциядағы Жанна Д'Аркты еске түсірудің өзі де жеткілікті.

Осы Ұлы Құрбандықтан кейін жеңіліске мойынсұнған халық қайтадан рухтана көтеріліп соғыстың бағытын өзгертті, алайда Отан соғысында түбегейлі жеңіске жету үшін, бір шайқаста Ресейдің Аталық Рухы өзін-өзі құрбандыққа шалды.

Міне, осындай, екі бірдей Сақтаушы Рух Иелерінің құрбандығының арқасында Ресей белі сынбай аман қалды, артынша жеңіске жетті.

Бұл соғыс қазақ халқының тұтастай жойылуын уақытша шегерді. Әзәзіл идеологтарын таңқалдырып, қазақтар Ресейді қорғауда жаппай ерлік көрсетті. Онсыз да қансыраған халық соғыста ауыр шығынға ұшырады, Ресей үшін тіпті қазақ әйелдері шайқаста жанын қиды.

Осылайша қазақ халқы өзінің, адамзаттың алтыншы сатысына лайық халық екенін бұлғартпай дәлелдеп берді.

Күдіретті Күштер бұны бүкіл Ғарыш Бауырластығы тарихындағы айтулы оқиғамен бекітті. Бұдан былай қазақ халқының, болашақтағы алтыншы сатының негізі екендігінің белгісі ретінде, Жаратушы, адам ұрқына бұйырылған сынды сонына дейін аяқтау үшін, осы халықты және оның жұрты мен мекенін таңдап алды. Мейірбандық заңын ұшығына шығарып орындаған жомарт, ізгі ниетті халыққа деген ұлы алғыс — осы. Сол себепті, аңсаулы Ғарыш Сарбазы басқа емес, тек қана қазақ халқының қалың ортасында дүниеге келді. Оның тағдырының, отаршылдық мектептерде білім алған көптеген басқа қазақ балаларының тағдырынан еш айырмасы жоқ. Саһарада өскен болашақ Жеңімпаз Батыс идеологиясын қабылдаған жоқ. Ғылым мен техниканың жетістіктерін Жеңімпаз алтыншы саты үшін өткінші, аралық деп есептейді де алдыңғы сатылардың мәдени игіліктерін ғана мойындайды.

Әзәзіл Империясындағы барлық халықтардың ахуалын егжей-тегжейлі тексерген Жеңімпаз, тарихи тағдыры қазақ халқының тағдырына таңғажайып ұқсас славян халқына назар аударды. Сол баяғы жаппай қыру, жүйелі ассимиляция, қорланған тіл мен мәдениет. Өзінің соңғы ғұмырында бұрынғы ғұмырлардың барлық оқиғаларын қайталай отырып, Жеңімпаз, өзінің Батысқа қарай ілгерінді-кейінді қозғалысын бастады. Бұл сапарда ол өзінің

бұрын құбылған жерлеріне зиярат етуге мүмкіндік алды. Әсіресе ол бұрындары түрік-славян одағының жұрты болған Днепр жағалауына көбірек баратын. Жеңімпаз, қазақ халқына рухымен де, тілімен де тіпті әлпетімен де туыстас, бауырлас украин халқының, осы одақтың заңды мұрагері болып табылатынын анықтады.

Түнек Иерархиясының Ұлы Ғарыш шайқасында талқандалғанынан кейін, Ғарыш Сарбазы, қазақ халқының атынан және өз билігімен көшпенділер мен славяндардың одағын қалпына келтірді. Бұл одақ ішінде украиндықтар мен қазақтар елдің алды болып жанарған бауырластықты иемденеді. Екі халық бұдан былай қандас бауыр болады, бұдан кейінгі дәмді бірге татысады.

Әзәзіл жаулаған жерлерді аралай түсіп Жеңімпаз мыналарды анықтады:

— коммунистер билік басында, тіпті бірнеше күн ғана болған жерлердің өзінде, жалпы адамзаттық нizamдар ғана емес, сондай-ақ, барлық табиғат заңдары бұзылып, өмірдің барлық айналымдары мен байланыстары үзіледі;

— егерде өзәзіл өулеті билікті алған кезде Иерархия заңы бұзылып, заңды өміршілер тактан тайдырылса, Карма, сол мемлекет пен оның халқын аса ауыр жазалайды. Ресейдің, Эфиопия, Ауғанстан, Кампучияның мысалы жеткілікті.

Алтыншы саты халқының пайда болуымен кармалық цикл елеулі түрде шиыршықталды да, б. д. XX-шы ғасырының аяғында революцияның тууы мен финалы аралығындағы цикл Ресей үшін жүз жыл, әлсіз дамыған мемлекеттер үшін бірнеше жылмен шектелді.

Орыс халқын алдауды одан ары жалғастыру үшін өтірікпен өрнектеліп зымындықпен бұрмаланған мынадай «білім» тұжырымдалды:

— Ресейдегі б. д. 1917-ші жылғы қазан төңкерісінің заңды екендігі;

— сайтаншылдардың қылмысты ұйымы басшыларының Нұрлы Дүние елшілері, Махатмалар екендігі;

— орыс халқының бүкіл әлемде коммунизм идеяларын орнықтыру үшін келген адамзаттың лидері екендігі, мессиялық роль ойнайтындығы.

Жан-жақты ойластырылған бұл жалған мәлімет түнектен енді арыла бастаған орыс санасын қайтадан улап, идеяны жаңартып, оған жаңа күш беру үшін бағытталған еді.

Жоспар іске асып, сайтаншылдар барлық құрлықтарда жеңіске жете бастады. Тек қана Солтүстік Америка мен Батыс Европа «XX-шы ғасыр обасына» қарсыласып жатты.

Әзәзіл өулетінің жетекшілері 1986-шы жылдың желтоқсанында қазақ халқы перзенттерінің төгілген қанымен орыс халқын өздеріне өбден шырмап, тырп еткізбей кісендеп тастады. Тіпті империяның ыдыраған күнінде сайтаншылдар енді Ресейді ұзақ уақытқа паналап қолайлы сәтті аңсап тосатын жағдайға жетті.

Желтоқсан кантөгісі және Ғарыш Сотының шешімінен кейін, Жеңімпаз, өзіне тиесілі Ресейдің бұрынғы перзенті, Ресейдің патшасы және Ресейдің қорғаушысының кармалық хұқығын пайдаланып, құрып бара жатқан

орыс халқына Құдай және адамзат алдындағы күнәсін жуу мүмкіндігін берді. Карма заңы бойынша, идеологиялық құрылымды құрған адам ғана қирата алады. Тіпті аса қатерлі идеялардың өзін сырттан жою әрекеті, бұл идеялардың фанатиктердің қолымен қайтадан қалыпқа келтірілуіне және бұрынғыдан да асқынып күшеюіне өкеліп соғады. Сондықтан Ғарыш Сарбазы орыс халқына: «Өзі тудырған Империяны өз қолымен қиратуды және өзезіл идеологиядан бас тартуды» — бұйырды. Нәтижесінде адамзат тарихында болмаған құбылыс іске асты — рухани тұрғыдан өлдіге саналған орыс халқы тылсымнан оянып, бұған дейін алынбас қамал болып келген Әзәзіл Империясын бір-ақ ұрып құлатты.

Жаңарған орыс халқы алда келе жатқан ауыр сынға нағыз орыс қажырымен төтеп беру үшін, өзінің, негізіне дейін қираған менталитетін қалпына келтіруі керек.

Сайтаншылдар Ресейді әлемдік үстемдікке жетудің заңғар плацдармына айналдырды. Бұл үшін орыс халқының ұлттық санасының ошақтары жүйелі түрде қиратылып, Ресей жері адам баласы тұра алмайтын дәрежеге жеткізілді. Бұның бәрі көрші елдерге, халықтарға қарсы қарулы жаугершілікті ұйымдастырып, оларды отарлап сініріп жіберу үшін жасалған еді.

Бұл жыртқыш саясаттың нәтижесінде жарты ғасырдың ішінде Жер бетінен ондаған ұсақ халықтар жойылып кетті, ал Әзәзіл Империясының басқа халықтары біркелкі, басқаруға оңай интернационалдық тобырға айналдырылды.

Әрбір жойылған халық, әрбір жойылған өмір басқыншы халыққа үлкен зауал болып қайтарылады, оның өзі өлместің күнін көріп, бір кездегі өзінің істеген қорлығы мен көрсеткен азабы айна-қатесіз өз басына келеді.

Жер планетасындағы сайтаншылдық ажалсыз, ол түрлене алады, нәтижесінде бұрынғыдан да күшті әрі қатерлі жауға айналуы мүмкін. «Қызыл індеттен» құтылудың бір-ақ жолы бар. Ол — ұлттық сананы қайта жаңғырту, халықты эволюциялық құрдымға құлардың алдындағы күйіне келтіру.

Өзінің эволюциялық жоспарын орындап болған халықтармен салыстырғанда, орыс халқы үшін, бұл, артқа қарай жасалған байтақ қадам, алайда бұл — туып, қалыптасып келе жатқан жалпы адамзаттық әулетке кірудің жалғыз ғана жолы. Жаңарған Ресей барлық күшін өзінен туған жаңа буынды аялауға, оны жат идеологиядан сақтап тәрбиелеуге жұмсауы керек.

Россияның шытырман ахуалы екі түрлі себеппен жеңілдеп тұр. Ғарыш заңына бағынып, өз халқын құтқару мақсатында Ресейдің Аталық Негізінің Иесі өзін-өзі қайыра құрбандыққа шалды, осылайша оның ауыр қармасының денін сейілтті.

Қазақ жеріндегі 1986-шы жылдың желтоқсанындағы қантөгістен кейін, Ресей үшін келесі құрбандық, Ресейдің Аналық Негізінің Иесі болуы керек еді, алайда оның орнына Ресейдің ақыны және пайғамбары өзін-өзі, өтеу құрбаны етті. Оның Құдайдан алған, Биік Тіршілік Иелерінің туу уақыты мен ахуалы жайлы әлденеше ғасыр бұрын сәуегейлік айтудың, содан кейін Жерде туып Ғарыш Елшілерін өз көзімен көріп, оны дүниеге паш етудің, қармалық хұқығы бар еді.

Бұл кармалық хұқық оны Женімпазға алып келді. Ол Ғарыш Сарбазын жазбай таныды, осы оқиғаны өзінің ескі дәстүрлі сәуегейлік өлеңдерінде жырлап кетті.

Пайғамбар ақынның ғазиз құрбан болуы Ресейге арналған карманын кері сокқыларын шегерді. Осы уақыт ішінде Ресейдің тым жас Аналық Рухының буыны бекіп күшейді де, ғажапты оқиға болды — Ресей оянып, бүкіл әлем шапшаң өзгере бастады.

Оқиғалардың кармалық қайталанушылығына негізделе отырып болашақты болжауға болады. Ол үшін өткеннен келе жатқан барлық кармалық байланыстарды жүйелей пайымдап, бүгінгі күні қай циклдың неғұрлым күштірек тепсінетінін анықтау қажет. Осы оқиғаларды тиянақ ете отырып, өзіндік бұлартылмас карманын болмысынан болашақты белгілі дәрежеде дәл болжауға болады.

Ресейдің бұдан кейінгі тағдыры оның кармалық циклдарынан туындайды.

Мысал үшін Ресейде 1861-ші жылы крепостнойлық хұқықтың төркіленуі мен жүз жылдан кейін, 1961-ші жылы коммунистік крепостнойлық хұқықтың төркіленуін келтіруге болады. ХІХ-шы ғасырда өткен Қырым соғысының оқиғалары келесі ғасырда, екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Қырым қорғанысында қайталанды.

ХХ-шы ғасырдың аяғында, кармалық циклдар бойынша, Россияға б. д. ХХ-шы ғасырының әрбір онжылдығының ең басты оқиғалары төніп келе жатыр:

— бірінші онжылдықтағы патша сарайының алдында болған қанды оқиға және содан кейінгі, 1905-ші жылғы Азия мемлекетімен екі арада болған соғыстың жеңілісі өтіп кетті де, енді Қызыл Преснядағы көтеріліс қайталануға тақап қалды;

— екінші онжылдыктан ақпан революциясынан кейінгі қосөкіметтілік қайталанып отыр және 1917-ші жылдың қазан айындағы люмпен-пролетарлық бұлғақтың қайталануы таяу тұр;

— үшінші онжылдыктан азамат соғысы мен жалған ЖЭС қайталанып отыр, және 1929-шы жылдың аштығы келе жатыр;

— төртінші онжылдыктан Қазақ жерінде 1937-ші жылдың репрессиясы қайталанды, жана коммунистік төңкеріс болған жағдайда бұл зауал Ресей территориясында да қайталануы мүмкін;

— бесінші онжылдыктан 1941-ші жылдың қайталануы келе жатыр, бұл ретте соғыс болуы да мүмкін. Болуы мүмкін бұл соғыс Ресейге отан соғысының инверсияланған оқиғалары күйінде келеді. Инверсия тіпті оқиғаның географиялық бағытында да бедерленеді. Ресейдің барлық уақытта Шығыстан келген жаугершіліктің алдында қорғансыз болғанын ұмытпаған жөн;

— алтыншы онжылдықтың оқиғалары Ресей үшін аса маңызды болып табылады. 1954-ші жылы қазақ саһарасының солтүстік тарапына миллиондаған адам көшіріліп, байырғы мекен жаппай отарлана бастады. Осы сәттен бастап қазақ халқын жоюға бағытталған бас жоспардың екінші кезеңі іске

асырыла бастады. Бұл қылмыстың кармалық салдары Ресей үшін аса ауыр болмақ. Келешек оқиғалардың басын біріктіре келетін карма зауалын жеңілдету үшін, оның шиыршығын жазуға болады. Бұл үшін болған оқиғаны инверсияға салу керек, сонда төніп келе жатуы мүмкін революция, аштық және соғыс тым құрымаса әр мерзімге тарап кетеді.

Қазақ халқының одан әрі өркендеуі орыс халқының ауыр кармасын едәуір жеңілдетеді. Ресейдің бұл тарапта жолдары да, мүмкіндіктері де бар.

Келесі онжылдықтардан бастап кармалық спираль шұғыл шиыршықталып, оқиғалар едәуір жылдамдайды;

— жетінші онжылдықтың оқиғалары өлсіз бедерленген, 1968-ші жылғы Чехословакияға шапқыншылық оның азат етілуімен кешілді;

— сегізінші онжылдықтың оқиғалары, тоғызыншы онжылдықта, сайтаншылар үшін «түнек» жылы болған 1979-шы жылдың кейпінде қайталанды: 1989-шы жылы Эзәзіл Империясы Шығыс Европада бұдан да үлкен апатқа ұшырады, 1979-шы жылы Ауғанстанда басталған соғыс аяқталды. Бұл жерде, 1979-шы жыл мен 1989-шы жылдың оқиғалары стандартты кармалық онжылдық циклда түйісті;

— тоғызыншы онжылдық оқиғаларының циклы анағұрлым қысқа. 1986-шы жылдың желтоқсанында қазақ жерінде өткен оқиғалар Ресей үшін аса азапты сын болып қайтып келе жатыр. 1991-ші жылдың 8-ші желтоқсанында қазақ халқына берген азаттығы және одан кейін оның егемендігін мойындауы Ресейді ақылға симас апаттан, ауыр зауалдан құтқарады. Орыс халқының өркен жайып адамзаттын алтыншы сатысына өту мүмкіндігі, Ресейдің қазақ халқын өркендету бағытындағы әрекеттеріне тікелей тәуелді;

— соңғы онжылдықтардың оқиғалары ХХ-шы ғасырдың оқиғалары мен өткен ғасырлардың оқиғаларын қайталауы керек.

Төңкеріс қайталанып, коммунистер үшін алдыңғысынан да зор апат ілестіре келуі ықтимал. Әрине, классикалық төңкерістің басталып, талқандалуы арасындағы уақыт үш күннен көбірек болуы мүмкін.

4. Кіші Армагеддон

Ғарыш Сарбазы 1986-шы жылдың 18-ші желтоқсаны күні жариялаған адамзат баласы мен Түнек күштері арасындағы соңғы шайқас, Әміршінің танданысына орай Батыс христиандарының ықыласына ие бола алмады. Олардың, әсіресе ауқатты этностардан шыққан адамның хұқығына келгенде аса сергек отыратын бұқаралық ақпарат құралдары, коммунистік езгінің құрбаны болған қазақ халқының мындаған перзенттерінің сұмдық қасіреті жайлы жұмған ауыздарын ашқан жоқ.

Өмірінің ең азапты, қасіретті сәтінде Жеңімпаз, Құтқарушыдан ерекше бата алған өздерінің рухани жетекшісіне христиандар қалтқысыз бағынады деп сенген-ді. Бірақ оны ауыр түніліс күтіп тұр еді — мұсылмандар ойланбастан майданға кірді, ресейліктер көтеріле бастады, ал Батыс христиандары Ғарыш Сарбазынан соңғы шайқасқа кіруден аса үлкен кешеуіл сұрады. Өздерінің бас тартуын бесінші саты принциптерін толық игеру, тиянақтау қажеттілігімен түсіндірді.

Өзінің Эволюциялық мұратын ары қарай өрбіте отырып, Ғарыш Сарбазы, біздің дәуіріміздің басында Иоанның Сырында жобаланған Күдіретті Күштердің стратегиялық жоспарын іске қосты.

Қасиетті кітаптарда жазылғанның барлығы да адамдардың ісімен аян болмақ. Апокалипсистің көптеген фрагменттері б. д. XX-шы ғасырының аяғында карма спиралі бойында алғашқы шиыршық атып үлгірді. Бір фрагменттері жалпы адамзаттық карма арқылы анағұрлым анық бедерленді, біреулері алдағы болашақта тепсіну үшін жетілу үстінде.

Апокалипсистің жетіжылдық циклдарының ішінде XX-шы ғасырдың аяғында басты болып 3-ші және 6-шы номерлі оқиғалар тағайындалады:

— Өзәзіл Империясының барлық өлкелерін жайлаған аштық Апокалипсисте айтылған үшінші шабандоздың сырына сәйкес келеді;

— үшінші Періште Кернейінен төгілген сулардың бастауындағы атом жұлдызы — Чернобыль «Жусаны» тұтанды;

— өнеркәсібі дамыған елдердегі өзен-көлдер, бұлақтардың ластануы үшінші Періштенің кесесіне сәйкес келеді;

— апатты жер сілкінулері, шешілген алтыншы мөрдін аяны болып табылады;

— планеталық карма жүйесі, әлемдік қауымдастықты, 1991-ші жылдың қантарында Евфрат өзенінің аңғарында басталған соғыс қимылдарына араласуға мәжбүр етті. Бұл шайқаста Алтыншы періште кернейлеткен оқиға орындалды. Апостол Иоанн бұны өз Сырының 9-шы тармағында былай болжаған:

«17. Мінеки, елестен, мен, аттарды көрдім, олардың үстінде отты, гиацинт және күкірттен сауыт киген адамдарды көрдім; аттардың басы — арыс-танның басындай, ауыздарынан от пен жалын, күкірт шашқан.»

«Ұлы өзен Евфрат бойындағы» авиацияның, ракеталар мен танктердің қимылдары бұл сәуегейлікті (Сыр. 9. 14) аса дәл елестетеді;

— бұл шайқасты «Алтыншы періште өз кесесін ұлы өзен Евфратқа төккені» туралы айтылатын Армагеддонның басы деп есептеуге болады.

Бұл, кармалық спираль бойынша, бірақ ұлғайтылған мөлшерде қайталанатын оқиғаның басы ғана. Апокалипсиске толық сәйкес болуы үшін бұл кезеңде Евфраттың жоғарғы сағасы бекітіліп өзен арнасы суалды да, «күннің шығар жағындағы патшалардың» (Сыр. 16. 12) жолы жартылай ашылды. «Жалған пайғамбарлар» мен олардан тараған «сайтандар» ғана аса көп еді.

Шайқасқа деген дайындық алғаш рет, Ғарыш Сарбазы тарапынан, ментал дүниесі арқылы бесінші саты халықтарының жетекшілерімен тікелей ойша тілдесу үстінде өткен. Ғарыш Сарбазы бұл шайқасты өз қолымен жоспарлады, нақты әскери шеріктерге азғантай уақыттың ішінде, Өзәзіл Империясы армиясының тамаша қаруланған жарты миллиондық бөлімшесін қоршап, талқандап, тізе бүктіруді тапсырған.

Ал жеңістен аруақтанған әскерлер Біріккен Ұлттар Ұйымы туының астында белгіленген шектен асқан кезде, Ғарыш Сарбазы өз күшімен танктердің шеруін тоқтатып ұрысты аяқтады. Осылайша Жеңімпаз ең алдымен Ғарыш шайқасындағы өзінің Ұлы Жеңісін физикалық дүниеде таңбалап жүзеге асырды.

Кіші Армагеддонның басталуын Ғарыш Сарбазы қаралы күнге белгіледі. Бұл, бүкіл қазақ халқы үшін қайғылы күннен кейін жеті айдан жеті рет өткен күн болатын. 1986-шы жылғы желтоқсанның 17-сінде қазақ халқының перзенттері қан кешіп құрбан болып, бүкіл адамзатты Люцифердің езгісінен құтқарған күнінен бері қасиетті 49 ай өтіп еді. Халықаралық күштердің бұл әскери акциясының кімге қарсы бағытталғанына ешкімде күмән қалмас үшін, Ғарыш Сарбазы танк шабуылын ақпанның 23-іне және алдағы әскери акцияның барлық ауыртпалығы мен жауапкершілігін өз мойнына алған ұлы америка халқы мен оның Президентіне көрсетілген ерекше құрмет ретінде, Вашингтон уақытымен белгіледі.

Өтіріктен өрбіген традиция бойынша бұл күн Эзәзіл Империясы армиясының туған күні болып саналатын. Кәсіпқой солдаттардан құралған шағын армия азғантай уақыттың ішінде көнігі баскесерлердің армиясын талқандаған бұл үлгілі шайқас, коммунизмнің әскери доктринасының апатына әкеліп соқты.

Ғарыш заңдары бойынша, бүкіл адамзат алтыншы сатының жолына түскен кезде ғана бұлтарылмас Армагеддон орындалды деп есептеуге болады. Бұл үшін қазақ халқын отаршылдық мұраның қалдықтарынан босатып, оған өзінің үйреншікті табиғи ортасында тұрмыс құруына барынша қолайлы жағдай жасау қажет.

Осындай жағдайда ғана Ғарыш Құрылысшысы барлық адамдар үшін эволюциялық өрлеудің өлдеқайда жеңілдеу жоспарын іске қосады.

Бүгін де адамдардың тағдыры әдеттегідей олардың өз қолында тұр. Және ұлы Армагеддон болсын ба, немесе 1991-ші жылдың 17-ші қаңтарындағы кіші Армагеддонмен ғана шектеліп қалсын ба — бұл да олардың өзіне тәуелді.

VI. ӨТКЕН ҚҰБЫЛУЛАРДЫҢ СЫРЫ

Жерге келген перзенттердің көбі, сана Рухты жеңіп үлгіргенге дейін, тым құрымаса өздерінің өткен құбылуларының ішіндегі ең жарқын да маңыздысын есінде сақтайды.

Адамзаттың гүлі болып саналатын айтулы тұлғалар, кемел жасында Рухтың күшімен сананы ығыстырып бұл білімді қайтадан жаңғыртып алады. Рухани Басшылардың ішіндегі санаулысы ғана өздерінің бірнеше өткен құбылуларын білген. Алайда олар бұл ғұмырларды көлденең ғұмыр деп түсініп, оларға байланбаған, «**Бөтен ғұмырды иемденген адам эволюциялық ұры болып саналады да эволюция сатысымен төмен қарай, ілкі ахуалға дейін түсіріледі**», — деген Ғарыш хұқығына сүйеніп, оларды өмір ағымындағы жол көрсетуші кезеңдер деп қабылдаған.

Сол себепті Күдіретті Күштер, ендігі кемеліне келген адамзатты, жоғарыдан жіберілген өкілетсіз өзінің өткен-мыс ғұмырларын іздеу дөмесінен сақтандырады. Ал Женімпаздың өткен ғұмырларының сыры, құрып бара жатқан адамзатты осы үлгі негізінде өмірдің үзілмейтіндігіне, Күдіретті Күштердің хақ екеніне және әрбір адам түбінде Ғарыш тұлғасы бола алатынына нандыру үшін жоғарыдан келген жарлық бойынша ашылады.

Дін жолындағылар, өткен ғұмырлар жайлы білімнің, Жердегі өзінің эволюциялық жолын аяқтаған бір ғана Адамға Жаратушы тарапынан берілгенін еске сақтауы керек. Ал өзәзіл үмбеті, оның ішінде Люцифердің өзі де бар, өткен ғұмырларын біле алмайды, себебі олар Ғарыш сатқынының көмегімен Жоғарғы Сотты айналып өтіп Жерде қайта жаралған. Сондықтан өзәзіл үмбетінің қисапсыз көп ғұмырлары, қылмыскердің ұзаққа созылған бір ғана қанды ғұмыры болып табылады. Енді сайтаншыларға өздерінің қылмысты табиғатына сай, бөгде ғұмырларды ұрлау ғана қалды.

Көне білім, жоғарыдан келген рұқсатсыз тым құрымаса бір ғұмырды еске түсіруге тыйым салады. Бұл, ықыластанған адамның міндетті түрде бөтен ғұмырды иемденуіне әкеліп соғатын.

Бөтен ғұмырды иемдену бірінші Ғарыш заңы — Эволюция заңын бұзу болып табылады, тұлғаның эволюциялық игілігін ұрлау болып саналады.

Бөтен ғұмырды иемденудің жазасы, эволюциялық игілігі ұрланған тұлғаның даму өресіне байланысты. Және аталмыш тұлғаның өресі биік болған сайын, ұры эволюциялық сатылар бойымен төмен құлдырай түседі:

Кемел дамыған адам өзін айтулы тұлғалармен кейіптеуден аулақ болады.

Даңққұмарлықпен ауырған, әдеттегі өмірде өздерінің күйкі мұратын орындай алмаған тұлғалар ғана белгілі адамдардың есімдерін иемденеді.

Көп ретте, тіпті, аса биік өрелі емес адамдардың, белгілі басқыншылар мен саяси қайраткерлердің есімдері ұрланады. Сол сәтте эволюциялық ұры, өзі олжалаған ғұмырдың ар жағында жинақталған ауыр карма туралы ойланбайды да.

Жеке тұлғалар ғана емес, сондай-ақ топтар, әулеттер және тұтас халықтар бөгдеге тиесілі тарихты, немесе жалған тарихты иемденгені үшін өздерін ауыр кармаға бұйырады.

Бөтеннің тарихын, басқаның ерлігі мен данқын иемденген халық эволюциялық ұры ретінде жазаланады да эволюция ағынынан шығарылады.

Қандай халық болмасын, өзінің мейлі, қан татыған тарихына жүгінбейінше эволюцияның келесі сатысына өте алмайды. Сол себепті, тарихы жойылған Империя халықтары қиын жағдайда күн кешуде, ал тарихы адам танымастай етіп өзгертілген Ресей аса қиын ахуал үстінде тұр.

Ұлттық сананы жоғалту, яғни ұлттық қарманы орындамау — Ғарыш заңдарын бұзу болып табылады. Осыдан келіп аталмыш халық, адамзаттын басқа сатыға өтердегі сын сағатында эволюция ағынынан шығарылып тасталынады.

Жана нәсіл құрамында түлеу хұқығынан айрылып эволюция күресінінде тастанды болып қалу қауіпі ХХ-шы ғасырдың аяғында Әзөзіл Империясының ыдырауына және басқа қасіретті жайттарға өкеліп соқты.

Адамзат эволюция ағынына бағынып, ақыр соңында алтыншы сатыға өту үшін бұрынғы сатылардың санасын қалыпқа келтіруді керек.

Эволюцияның алтыншы сатысы тақағанда информациялық жарылыс болады.

Алтыншы саты адамдарының өткен ғұмырларындағы ой формалары ментал дүниесінен астрал дүниесіне танбалануы арқылы физикалық дүниеде іске асырылады. Осының арқасында адамдар археология саласында айтулы жаналықтар ашады.

Бұл планетаның жасырын кеніштерінде сақтаулы құпия білімнің ашылуын керек еткен дәуір талабы мен эволюция қажетінен туып отыр.

Жеңімпаздан басқа, өткен ғұмырларын Гаутама Будда білген. Құтқарушымыз Нысандашы Иоанның бұрын Илия болғанын айтып өткен (Матфей, 17 тарау 10—13). Інжілдің осы тұсын кесіп алып тастауды сайтаншылдар аңғармаған. Сол себепті, Құтқарушымыз, Жер бетінде Інжілдің мазмұнын бұрмалағанды қоя тұрып, сайтаншылдардың тіпті Оның Өзінің Тұлғасын иемденуге дейін баруының мүмкіндігін біле отырып, Жұбатұшы және Тандаулы Сауыт деп атаған шәкіртіне, Өзінің адамдарға деген Өсиетін қайтадан қалыпқа келтіруді тапсырған. Жеңімпаздың барлық есімдері, соншама азапты жолды кешіп өткен адамның Жердегі эволюциясы аяқталғандығынын және оған биік өкілеттер берілгендігінің айғағы ретінде 1977 жылдың күзі мен 1978 жылдың аяғы аралығында жоғарыдан айтылған.

Інжілдегі кезеңдер өте онай есептеледі. Көне Өсиетте Яһуди және Израиль Патшалықтарының шежіресі егжей-тегжейлі баяндалған. Патшалықтардың 3-ші Кітабының 6-шы тарауындағы көрсетілген мерзім есептеудің тиянағы болып табылады:

«1. Израиль ұлдарының Мысыр жерінен кеткеніне төрт жүз сексен жыл толғанда, Сүлейменнің Израильдегі билігінің төртінші жылы, екінші ай болып табылатын Зиф айында, ол, Иемізге арнап сарай соға бастады.»

Осыған сүйеніп израильдіктердің Мысырдан Кету мерзімін және Сүлейменнің билік құрған кезінен бастап Інжіл кейіпкерлерінің өмір сүру кезеңдерін шамамен есептеп шығаруға болады.

Жеңімпаздың өткен ғұмырларының ішінен ең соңғылары ғана егжей-тегжейлі сипатталады. Өткен замандағыларынан, Жаратушының әмірімен адамдардың есінде мәңгіге таңбаланған белгілі есімдер ғана беріледі.

Аталған құбылуларды зерттегенде ең қарапайым қағиданы — даму үстіндегі тұлғаның өз ажалынан бұрын тумайтындығы жайлы қағиданы ұстанған жөн.

Әуелі физикалық дүниеде өлмек керек, содан кейін Жер уақыты бойынша қырық күн өтіп өлмес жан астрал дүниесін тастап шығуы керек, содан кейін барып қана Универсал Ғарыш Модулі ментал дүниесіне өтеді. Жедел эволюцияға бұйырылған тұлғаның ментал дүниесінен өту мерзімі өте қысқа болуы мүмкін. Әуелі физикалық денесі, одан кейін астрал денесі ыдырап, ақыр соңында ментал денесі ой дүниесіне сіңіп тұлға игілігінің бір бөлігіне айналғанда ғана жаңа ғұмыр басталуы мүмкін.

Аян болған ғұмырлардың пайда болуындағы даулы мерзімдерді есептегенде төмендегі заңдылық қолданылды. Негізінен туу мерзімінің ең соңғы екі саны, немесе оны жүзге дейін толықтыруға керекті сан 7-ге бөлінеді.

Мысал ретінде Тимур Фрунзенің туу мерзімін келтіруге болады. Соңғы екі сан — 23, жүзге толу үшін 77 саны керек.

Ажал мерзімі сол ғұмыр кезінде жиналған кармаға тәуелді.

I цикл

Жақып — Израильдің он екі буынының атасы, шамамен б. д. дейін 3340 жылы туып 3193 жылы өлген. *147 жас*

II цикл

Эхнатон (Аменхотеп IV) — Мысырдың патшасы, шамамен б. д. дейін 1384 жылы туып, 1355 жылы өлген. *29 жас*

III цикл

1. **Самсон** — Израиль қазыларының тұқымынан.

2. **Саул** — Израильдің бірінші патшасы, шамамен б. д. дейін 1004 жылы қаза болған.

3. **Аса** — Яһудилер патшасы, шамамен б. д. дейін 864 жылы өлген.

4. Елисей — Израильдің пайғамбары, шамамен б. д. дейін 782 жылы өлген.
5. Жүніс — Израильдің пайғамбары, б. д. дейін 726 жылы өлген.
6. Айюб — Яһуди көшпелісі, б. д. дейін VIII-VII ғасырлар.
7. Иеремия — Яһуди пайғамбары, б. д. дейін 586 жылдан кейін өлген.

IV цикл

1. Леонид — Спарта патшасы, шамамен б. д. дейін 507 жылы туып, 480 жылы қаза болған. *27 жас*
2. Африкандық — сарбаз, б. д. дейінгі V ғасыр.
3. Сақтардың патшасы — б. д. дейінгі V—IV ғасырлар.
4. Ескендір Зұлқарнайын — жиһангер, б. д. дейін 356 жылы туып, 323 жылы Бабылда өлген. *33 жас*
5. Аристоник — Күн қаласының іргесін қалаушы, б. д. дейін 129 жылы Римде тұншықтырып өлтірілген.
6. Спартак — сарбаз, б. д. дейін 121 жылы туып, 71 жылы қаза болған. *50 ж.*
7. Павел (Савл) — апостол, б. д. 14 жылы туып 67 жылы Римде өлтірілген. *53 жас*

V цикл

1. Симон (Бар-Кохба) — сарбаз, шамамен 135 жылы қаза болған.
2. Ориген — уағыздаушы, шамамен 184 жылы туып 254 жылы Тир қаласында өлтірілген. *70 ж.*
3. Еділ — ғұндар патшасы, 453 жылы өлген.
4. Омар I — мұсылмандардың екінші халифы, шамамен 591 жылы туып, 644 жылы қаза болған. *53 жас*
5. Аспарух хан — бұлғарлардың патшасы, шамамен 649 жылы туып, 700 жылы өлген. *57 ж.*
6. Роланд — сарбаз, шамамен 742 жылы туып, 778 жылы қаза болған. *36 ж.*
7. Мефодий — уағыздаушы, 814 жылы туып, 885 жылы өлген. *71 ж.*

VI цикл

1. Эйрик Турвальдсон (Рауди) — теңізші, 985 жылдан кейін өлген.
2. Омар Хайям — философ, математик, шамамен 1049 жылы туып, 1123 жылы өлген. *74 ж.*
3. Шыңғыс хан (Тэмүчжин) — жиһангер, шамамен 1156 жылы туып, 1227 жылы өлген. *57 ж.*
4. Данте Алигьери — ақын, 1265 жылы туып, 1321 жылы өлген. *56 ж.*
5. Темірлан (Ақсақ Темір) — жиһангер, шамамен 1335 жылы туып, 1405 жылы өлген. *70 жас.*
6. Христофор Колумб — жана мекендерді ашушы, 1451 жылы туып, 1506 жылы өлген. *55 ж.*
7. Ұлы Әкбар — Индияның әміршісі, 1542 жылы туып, 1605 жылы өлген. *63 жас.*

VII цикл

1. **Степан Разин** — сарбаз, шамамен 1630 жылы туып, 1671 жылы жазаға тартылған. *41 жас*
2. **Ұлы Петр I** — Ресей патшасы, 1672 жылы туып, 1725 жылы өлген. *53 ж.*
3. **Багратион** — колбасшы, 1765 жылы туып, 1812 жылы жарадар болып өлген. *47 жас.*
4. **Лермонтов М.Ю.** — ақын, 1814 жылы туып, 1841 жылы каза болған. *27 ж.*
5. **Вивекананда** (Нарендранатх Датт) — үнді философы, 1863 жылы туып, 1902 жылы өлген. *39 жас.*
6. **Тимур Фрунзе** — сарбаз, 1923 жылы туып, 1942 жылдың 19 қаңтары күні каза болған. *19 жас.*
7. **Ақ Сарбаз** — Қазақ халқының Перзенті. *1942 ж. 23 май.*
Әлемдік Зұлымдықты Женуші,
Ғарыш Құрылысшысы,
Жаңа Дүниелерді Ашушы,
Бір Жаратушыға сенушілердің Иесі,
Күтқарушымыздың Таңдаулы шәкірті,
Аталық Негіздің Иесі.

Женімпаздың аян болған өткен ғұмырларынан эволюциялық өрлеудің жеті циклды кезеңділігі көрініп тұр. Жетілік топта бірінші тұрғаны үнемі физикалық күш иесі болып, сол күштің көмегімен өзінің әділетті түсінуін іске асырмақ болады да, үнемі жеңіліске ұшырап қалады.

Жетіншісі — әрқашан циклды тұйықтаушы, құдай жолындағы адам. Ал қалған сатыларда ол:

- ақын;
- сарбаз, жиһангер;
- кезбе философ және уағыздаушы;
- саяхатшы, жаңа мекендерді ашушы.

Жердегі соңғы күрмеуші ғұмырында Женімпаз, Эволюция заңдарына сәйкес, жеті жасынан бастап өз ғұмырының барлық жетілік кезеңдерінен өтті. Бір ізбен жүріп отырып күш иесі, ақын, сарбаз бен философтың сатыларынан өткен ол өз ғұмырының ең биік өресіне **Ғарыш Сарбазы** — **Әлемдік Зұлымдықты Женуші** және **Жаңа Дүниелерді Ашушы** — **Ғарыш Колумбы** болып көтерілді.

Байыпты зерттеуші бұл тұлғаға тән белгілердің ғұмырдан ғұмырға айнамай өтетінін байқар еді:

- ол ажалдан кейін де тыныш таппайды, оның тастанды физикалық денесінің мүрдесі жойылады, немесе қазылып алынып қайта қойылады;
- оның бұрынғы ғұмырлары мен есімдері қайталанатын, оған түрлі есімдермен баяғы адамдар ұшырасып отырады. Түптеп келгенде, барлығы да мекені мен уақыты ғана өзгереді, ғасырларға созылған кармалық сценарий бойынша қайталанып отырады;
- соғыстарда ол жеңілгенге рақымды;

— эволюциялық мақсатты орындауда шексіз қатыгездікке дейін баруымен қатар, өзіне жақын адамдармен арадағы қарым-қатынасында ерекше есептескіш келеді;

— дінді қабылдардың алдында әуелі оған қатты қарсыласады;

— барлық құбылулары тек ер бейнесінде;

— барлық ғұмырында дерлік ол жалғыздық пен жұрт тарапынан түсінбеушілікке бұйырылған.

Енді Карма заңы тұрғысынан ең айтулы, немесе ең даулы құбылуларды зерттеуге көшуге болады. Бұл басылымның түбірімен жана ұғымдарды қалыптастыратынына және бұл ұғымдардың жана әдеби, діни, ғылыми көзқарастарға тиянақ болатынына ешқандай күмән болмаса керек.

Эволюциялық сатының бойындағы белгісіз байланыстарды табуға деген ғалымның табиғи ұмтылысы оның жеке басының пікірі болып саналуға тиіс. Сондай-ақ әрбір құбылудан кейін, Жәнімпаздың кәдімгі адам сияқты бүкіл эволюциялық спиральді ең төменгі деңгейінен бастайтынын, тек нысанасының аса маңыздылығы мен шұғылдығына байланысты тез өтетіндігін естен шығармау керек. Жәнімпаз өз өкілетін асырып байланыстар жібін үзген жағдайда, Карма заңы оны жеке ғұмырында шектеп отырады. Бұл, алдында барлығы тең жауап беретін Ғарыш заңына толығымен сәйкес.

Бұдан ары Ғарыш Сарбазы құбылуларының арасындағы қармалық байланыстар зерттеледі. Бұл адамдардың өмірбаяндары негізінен көпке танымал.

ЖАҚЫП

Саһара мен Европаның көптеген халықтары бастау алған Израильдің он екі буынының атасы. Бұл оқиға б. д. дейінгі VII ғасырда оның он ұлының көші кезінде болған. Саһара халықтарының салты бойынша атадан қалған мұраға үлкен үл ие, сондықтан үлкен ұлы — Рувимнің жұрты әкесінің атын халықтың және мемлекеттің аты ретінде сақтады. Бабаның берген батасы бойынша олар ғылымда, өнерде, бизнесте жетекші орынға ие және б. д. XX-шы ғасырының оқиғаларында шешуші роль атқарды. Алайда, рухани біріншілікті Жақып Яһуди буынына берді.

Жақып ағалықты қулықпен алғандықтан қармасын ауырлатып алды, өз кезегінде оның өзі де алданып, сүйгені Рахильдің орнына сүймейтін Лияға үйленді. Осыдан келіп мыңдаған жылдарға созылған қасірет тізбегі басталды.

Тек соңғы өмірде ғана ағалықты заңды жолмен алып, мұны балалық шақтан үзбей жалғасқан ауыр бейнетпен және қасіретпен растайды. Жаңадан берілген бата қармалық циклді тұйықтайды.

Жаратушы, Жақыпқа тұқымын көп болады және Көсем өзіннен шығады деп уәде еткен. Жақыптың жамбасындағы қасиетті нышан өмірден өмірге қалай бұлжымай өтсе, Жаратушының оған берген батасы мен уәдесі де сол дәрежеде бұлжымай орындалды. Израильге бағышталған сәуегейліктің

біразы нақты адамға қатысты және Інжілдің қасиетті хатында жұмбақталған бұл құпиялар осы өмірдің эволюциялық сатыларында ашылады.

ЭХНАТОН

Өзінің ұлы Жүсіптің сонынан Жакыпты Мысырға жетелеп алып келген кармалық байланыс жұмбақ мысырлық патшаның пайда болуына өкеліп соқты. Жас өмірші Бір Жаратушыға бас ұрды, перғауынға құдайдай табыну әдетін тоқтатты. Оның өз өтініші бойынша жасалған шыншыл бейнесіне қарап отырып, желкелігі осынша ұзын бұл адамды эволюцияның биік өресіне жеткен деп есептеуге болады. Бұл құбылу — Күнге табыну ретіндегі біртұтас дінді жасаудың сәтсіз әрекеті. Жакып-Эхнатон қайтадан Рахиль-Нефертитиді кездестірді де, онымен мың жылдан кейін Памир тауында кездескенге дейін ажырасты.

САМСОН

Бұл аян болмақ циклдардың басы.

Дүлей мінезді, өз түйсіктерінің құлы болған Самсон барлық циклдардың басында, бірде Әйрик болып, бірде Жеңімпаздың соңғы құбылуының бастауыш кезеңінде келе береді. Самсонның қысқа ғұмыры кейінгі циклдардың барлығына шешуші ықпал етеді, ал Далила жеке, ауыр карманың негізін салады. Кейінгі ғұмырлардың көбінде, Жеңімпаздың бойында ошаққа деген селқостық басым болады, себебі бұл оның мұратының орындалуын қиындатай еді.

САУЛ

Бұрынғы құбылуларға қарағанда тек Жакып қана өз халқының бірінші патшасы бола алар еді. Алайда Саул эволюциялық балаңдығына байланысты ауыр қылмыс істеді де Әділетті Жаратушы оның өзін және ұрпақтарын ұзақ ғұмырға жазалады. Бұл қарғыс, кейбір шетін құбылулардан басқа ғұмырларда, Жер эволюциясының аяғына дейін Жеңімпаздың сонынан қалмайды. Бірақ Жаратушы өзінің Жакыпқа берген батасын теріске шығарған жоқ және оның мұрагерлері мен дүниеге Жеңімпазды жарататын халыққа арналған сертін бұзбай сақтады.

АСА

Яһуди патшасы Аса тірлігінде Саулдың қарыздарын өтеп Бір Жаратушыға деген дінді өрбіте түсті. Алайда Саул өлтірген дін қызметкерлерінің оған айтқан қарғысын көптеген ғұмыр барысында өтеуге тура келеді.

ЕЛИСЕЙ

Аса патшаның игілікті ісі Елисей болып құбылып алғыстанды.

Елисей өзіне дейінгі тұлғаның өлімінен кейін бірден кейіптелді. Бұл яһуди халқының ұлттық кармасының жедел түрде шиыршықталуынан келіп

туған — Израиль және Яһуди патшалықтарының құлайтын кезі тақап қалған.

Елисей өзінің Ұстазын шамамен 18 жасында кездестірді. Самуил пайғамбар мен балауса Саулдың алғашқы кездесуі де шамамен осылай өтіп еді.

Илия пайғамбардың шөкірті өзінің бұрынғы қылмыстары үшін кешу алды. Жаратушы оған Ұстазынан да биік рух сыйлаған, бірақ бұрынғы менмендіктен аса алмаған Елисей өзін мазақ еткен ес білмейтін балаларға қарсы осы рухын жұмсады. Бұл қылмыс оның бұдан кейінгі жеке қармасын ауырлатады. Израиль, Яһудтың билеушілері және Елисеймен екі арадағы қатынас осы циклды аяқтайтын Иеремия пайғамбардың құбылуында қайталады.

Елисей ұзақ ғұмыр кешті. Ол көп патшадан өмірі озып, басы жерге жете қартайып барып өлді.

ЖҮНІС

Жүніс Елисей өле сала дүниеге келді. Кармалық цикл бұрынғыдан да қатты шиыршықталды — Израиль патшалығының құлауы таяп қалған. Ал келесі құбылуларда ол осы қасіретті оқиғалардың куәсі және құрбаны болады.

Амафияның ұлы Жүніс, Саулдан келе жатқан қасірет тізбегін жалғастырды және Арсарөф жеріне Айюбтың жолын ашты. Көптің аузында айтылатын Жүніс кешкен сын апостол Павелдің өмірінде қайталады.

АЙЮБ

Айюб яһудилердің Экрон қаласында туды. Б. д. дейін 701 жылы Ассирия патшасы Синнахериб Экрон қаласын қоршаумен алған. Қаланың яһуди халқы Евфрат өзенінің аңғарына құлдыққа айдалды. Тұтқындардың ішінде Айюб та бар еді. Сүргінге түскен яһудилер израильдіктердің рухани ұжымдасуына және шығысқа жылжуына түрткі салды.

Израильдіктер Ассириядан, б. д. дейін 689 жылы, ассириялықтардың Бабылды қоршап жатқан кезінде кетті. Синнахериб Евфрат арнасын топыраққа толтырып суды Бабылға бұрып барып қаланы алған.

Бұл тұтас халық болып құлдықтан қашуға аса қолайлы сөт еді, себебі бүкіл Ассирия армиясы Бабылды қоршауға аттанған.

Ассириялықтардың күзетші әскерлері, жиырма жыл тұтқын кезінде мал-мүлік, арбаға ие болған, қара ормандай қаптаған Израиль халқының жолына тосқауыл бола алмады. Ал кешпелілердің көбінің Израиль патшалығының талқандалуын көрмеген, күйік кешпеген, өздерінің алыстағы отандарынан бейхабар пассионарлы жастардан тұруы да шенуші шарттардың бірі еді.

Олар үшін қандай да болмасын бостандық Ассирия құлдығынан артық еді. Сол себепті олар тайпаның дендей көтерілуіне ықпал етті.

Айюб б. д. дейін VIII—VII ғғ. көне керуен жолымен Арсарөф жұртына көшкен Израильдің он тайпасының ішінде еді. Оның Бұхарадағы Мазар

Чашма Айюб деп аталатын ескерткіші сақталған. Айюбтың генетикалық санасында бұл азапты жолдың барлық егжей-тегжейі жазылған болатын. Оның эволюциясының финалында, дүниеге Жеңімпазды келтірген генетикалық ізді қалыпқа келтіру үшін, бұл білім оған қайтарылады.

ИЕРЕМИЯ

Бұл жетінші рухани сатыда шындық үшін өз тайпасы тарапынан қудаланған яһудилік пайғамбар Жаратушының әмірімен Өзәзіл ұлысын Талқандаушы және Жана Дүниені Жаратушы болып тағайындалды. Келешек өмірлерде Иеремия өзінін Варух досымен және бұның сәуегейлігі жазылған қағазды отқа тастап өз патшалығын өртке бұйырған Иоаким патшамен кездеседі.

Өзіннің сәуегейлігі үшін Иеремия бірнеше рет камалып өлім шегінде болды. Б. л. дейінгі 597 жылдар шамасында Бабылдың патшасы Навуходносор Яһуди жеріне басып кіріп Иерусалим қаласын шабуылмен алған.

Оның жарлығы бойынша абақтыдан Иеремия пайғамбар алдырылды. Навуходносор Иеремияны босатып қана қойған жоқ, сондай-ақ оны шын пайғамбар танып жанына қарауыл әскер қосты да кез келген тарапқа жүруіне рұқсат берді. Иеремия Яһуди патшалығының құлайтынын болжап, өз сәуегейлігінің орындалғанын көзімен көрді, өз мемлекетін жоқтап жылады.

ЛЕОНИД

Спарта патшасы Леонид циклдың басында тұр. Осы құбылыста Ахеменидтермен арадағы ауыр қармалық байланыс басталады. Фермопил мойнағында болып өткен шайқастағы Леонидтің өлімі Ескендір Зұлқарнайынның даңқты жолындағы алғашқы қадам.

АФРИКАНДЫҚ

Тұтқынға алынып Парсыға құлдыққа сатылған. Тас өндіретін үңгірдегі ауыр жұмыс үстінде алтын қазынасын тауып шынжырлас досы, шамасы кедейленіп құлдыққа түскен, сол өмірді және теңіз жолдарын жақсы білетін жергілікті саудагермен бөліседі. Бұл ақшаға жолдасы қарауылды сатып алады да, жолда келе жатқанда қалған алтынды қызғанып сенгіш досын өлтіреді.

Бұл жауынгер жан туралы бұдан басқа мәлімет жоқ. Тіпті аты да белгісіз. Алайда бұл ғұмыр Жеңімпаз құбылуларының бұзылып-жарылмас бөлшегі және жетінші сатыда апостол Павелді берген циклдың екінші баспалдағы ретінде жоғарыдан аян етілді.

САҚ ТАЙПАСЫНЫҢ ПАТШАСЫ

Ахеменидтермен болған шайқаста қаза тапқан. Өмірі мен өлімінің егжей-тегжейі белгісіз, бірақ сақ патшасы өлімінің салдары Ескендір Зұлқарнайынға Ахеменидтер мемлекетін талқандауға қармалық хұқық берді.

Бұл ғұмырдың тарихи есімі жоқ, алайда эволюциялық сатыларда бұл қысқа ғұмыр келесі құбылудың сырын ашатын қармалық кілт болып табылады. Сырдарияның солтүстігінде көш түзеген сак тайпалары шежірелерінің, есімдер мен тағдырлардың қайталану заңдылығы ақыр соңында тарихшылар мен археологтарды бұл құбылудың сырының шешіміне де алып келеді.

ЕСКЕНДІР ЗҮЛҚАРНАЙЫН

Эволюциялық мұратына сәйкес киратушы жиһангер және жана мемлекеттер мен халықтарды қалыптастырушы және тудырушы болып табылады. Шыңғыс ханның және Темірланның Парсы мен Индияға жорықтарының негізін қалаған.

Жорықтың басында, Тарс қаласындағы ауыр наукасы кезінде өзінің келесі ғұмырлары жайында, әсіресе осы Тарс қаласында дүниеге келуге бұйырылған Савл туралы аян алған. Екінші аян Мысыр балгерлерінен жетті. Осыдан кейін Ескендір қармалық дәлелиетке сәйкес өз армиясын жолға бастады. Тек өзінің соңғы ғұмырында тууға тиіс Саһараға енгенде барып өзінің жеңімпаз әскерін тоқтатып Шығыс тарапқа бұрды.

Дарий III-ші, Линкестиялық Александр, Парменион және ашу үстінде өлтіріп алған кіндік ағасы Клит оған барлық кейінгі құбылударында үздіксіз кездесіп, қармалық қарыздары өтеліп болғанша ілесіп отырады.

Памир тауында Ескендір Роксанек-Раушан-Рахильді кездестіріп жазбай таныған. Азияның тең жартысын жаулаған Қосмүйізді Ескендірдің неліктен Памир тайпалары көсемінің қызын өзіне әйел етіп алуын осы кездесумен ғана түсіндіруге болады.

Гордий түйінін бір-ақ шауып шешкен Зұлқарнайын өзінің эволюциялық мұратын — Карма шиелерін рух семсерімен қапысыз шауып эволюциялық тығырықтан шығатын анық жолды ғана қалдыруды белгіледі.

АРИСТОНИК

Эвмен II патшаның эфес күнінен туған шата ұлы. Римге қарсы көтеріліс бастаған. Консул армиясын талқандап Марк Красстың арғы атасын өз қолымен өлтірген. Аристоник консул Марк Перперна тарапынан тұтқынға алынып Римде тұншықтырып өлтірілген. Күн мемлекетін құруға талпынған. Эхнатонның қармалық ізін түйықтайды.

СПАРТАК

Дунай аңғарында көшіп-қонған фракиялық медтер тайпасы көсемінің ұлы. Адамзат санасында мәңгіге таңбаланып, алғыспен еске алынады. Рим азаматтығына қол жеткізген Спартак қалған өмірін байлық пен құрметке бөленіп өткізуіне болар еді, алайда өз заманының ұлы сарбазы бұл жалғанның игілігін тәрк етіп және өзінің мейірбан жүрегінің, қайсар рухының қалауына еріп өзінің тағдырлас бауырлары — гладиаторлардың көтерілісін бастады.

САҚАРДЫҢ АУЫР ҚАРУЛАНҒАН ҚУАТТЫ ПЫРАҚТЫ БАҒАДҮРЛЕРІНІҢ ҰРЫСКА КІРГЕН СӘТІ



Бұлтарылмас карма Спартакты, бабасы Аристониктің қолынан өлген Марк Красспен түйістірді. Соңғы шайқаста Помпейлік Феликс кесімді кармалық қарыздарды қара санынан жаралады.

Қайтпай шайқасқан Спартак көптеген рим ақсүйектерін өз қолымен өлтірді. Көзіне қан толған легионерлер оның төнін адам танымастай етіп турап тастады. Спартак пен оның сенгіш қаруластарын алдап-арбаумен жеңген Красс құлдарды жеңген қолбасшы емес, шын қолбасшының даңқын керек етіп Азиядағы жұрттарды жаулауға сұранды. Бұл сөзге сак тайпалары аттарымен қоса соғды құрышына киінген мың баһадүрден жасакталған қуатты пырақтылардың шағын шерігін дайындаған еді.

Парфия патшасы Ородтың армиясымен біріккен бұл шерік Крассың легионерлерімен б. д. дейінгі 53 жылдың 9-шы мамыры күні Карра маңында кездесті. Темір құрсаңған мың сарбаз шабысын барған сайын үдетіп римдіктердің өлемдегі ең үздік жаяу әскеріне қарсы төгілгенде, талай қырғынды бастан кешкен көнігі легионерлер бір-бірімен қоштаса бастады, өйткені бұндай жауынгерлермен олар бұрын кездесіп көрмеген еді. Атты шерік бар екпінмен келіп римдіктердің ғасырлар бойы пысықталған шептерінің тас-талқанын шығарды да үрейі ұшып қаша жөнелген жауды бастырмалата қуған сөтте, сақтың ауыр семсері Крассың желіккен басын шауып, осылайша кармалық теңдікті қалпына келтірді. Римнің бұлғақшысы мен альпсатар алаяғы ұлы жауынгерді зауалсыз жеңсе — бұл өділеттікке жатпаған болар еді.

Қолбасшы Спартактың құлдарды бастап Римнің кәсіпқой армиясына қарсы жүргізген шайқастары, соғыстың шешуші сөттерінде атты әскерді пайдалануы, әйелге деген құрмет, жеңілгенге деген рақымшылық — міне бұның бәрі Ескендір кісілігінің қайталануы.

Жауынгер Спартак ұлы рұх жауынгері — апостол Павелдің жолын жеңілдету үшін бұрынғы қарыздың барлығының өтеуін өз мойнына алды.

ПАВЕЛ

Бұл ұлы Ғарыш оқиғасы — Савлды барлық мөжусилердің, яғни бүкіл адамзаттың апостолы етіп тағайындаған Құтқарушымыздың келуімен сөйкес шыққан, бұрынғы өткен құбылулардың барлығының биік шыңы.

Павел Биік Дүниелерді зиярат етуге екі рет шақырылған, алайда Ғарыш Бауырластығының заңдарына сөйкес бұл жайында астарлап қана, басқа адамның атынан айтқан. Биік Дүниелерді екі мәрте зиярат ету хұқығы оның кейінгі құбылуларына мәңгіге бекітілді. Данте мен Лермонтов бұл зияраттарды егжей-тегжейлі сипаттаған. Жеңімпаз бұл хұқықты соңғы құбылуында дайындық кезеңінде пайдаланды, тиесілі өкілеттер қабылданғаннан кейін бұл шектеу де алынды.

Бұл жайында Павел өзінің Коринфтіктерге жіберген Екінші Сөлемінің 12-ші тарауында айтқан:

«1. Мақтану маған пайда өкелмейді; себебі мен Иеміздің аяны мен көріпкелдікке келемін.

2. Осыдан он төрт жыл бұрын (денесімен бе — білмеймін, денесінен бөлек пе — білмеймін: Құдай біледі) шаттанып үшінші қат аспанға барған, Христосқа сенуші бір адамды білемін.

3. Міне, осы адам жайлы (тек денесімен бе, денесінен бөлек пе — білмеймін: Құдай — біледі) білемін.

4. Оның пейішке дейін шалқығанын және адамға айтып жеткізуге мүмкін емес, үнсіз айтылған сөздерді естігенін білемін.»

Ерекше жетілген эволюциялық тұлға ретінде апостол Павелдің өзіндік нысана саны бар. Ол — оның сол кезеңдегі эволюциялық деңгейін көрсететін жиырма сегіз саны. Апостолдардың Істеріндегі, Апокалипсистері (Заманакыр) және Дантенің «Құдіретті комедиясындағы» 28 санымен белгіленген тараулар мен жолдардың Павелге қатысы бар.

Савлдың Табағатын есепке ала отырып Құдіретті Күштер, ол физикалық дүниеде өз Ұстазымен кездеспесін деп шешім қабылдады. Басқаша болғанда Савлдың ғұмыры Ұстаз Ғұмырымен бірге таусылар еді де, бүкіл әлем яһудилерге арналған дінді дүниежүзілік дінге айналдырған Павелге қол жеткізе алмай қалар еді.

Бозбала дәурені кезіндегі христиандарды қудалаған күнәсі Савлдың ауыр қармасына, әсіресе рухани жолындағы азапқа ұласады. Алайда күнәнің дені Павел өз еңбегімен, рухани ерлігімен және азапты өлімімен жуып кетті.

Павелдің Жаратушыдан алған рухани білімі өз заманынан мыңдаған жылға озып тұр еді. Сондықтан Павел адамның астрал және ментал денесі туралы білімді құпиялап тастады: «рух, жан және тән.» (Фесс. 1:5, 23).

Павел өзінің бұрынғы ғұмырлары жайлы білген. Құдайға сенуші адам оның хаттарынан тура осыны дәлелдейтін жерлерді таба алады. Галаттарға жолданған хаттың 4-ші тарауындағы:

«19. Перзенттерім менің, өздерінде Христос айқындалмайынша сендер үшін қайтадан туудың азабындамын!» — деген оның жұмбақ сөздері құпияланған Құбылу заңы немесе реинкарнация заңы болып табылады. Осы заңды тиянақ еткенде ғана, Құтқарушымыздың, Өзінің Жерге соттау үшін қайтып келетіндігі жайлы және сол кезде оның шәкірттерінің көбі тірі болатындығы жайлы сөзі түсінікті болады. Көп жұрт бұны тура мағынада түсінді, себебі Інжілде әуелде жазулы болған Ғарыш Зандарының бір бөлігі түсінбеуден немесе қиянатпен алынып тасталған. Осыдан келіп Құтқарушымыздың осы сәтке ғана емес, мыңдаған жылдарға жариялаған бұлтармас заңдарын екі түрлі түсіну қалыптасты.

Сол себепті, сайтаншылдар Павел тұлғасын екі мың жыл бойына кіреукелеуге бар күшін салды, ал дін жолындағыларға өздерінің екі жүзді табиғатына сай келетін мысалды ұсынған. Оларды әсіресе ашындырғаны — Павелдің өмір салты мен оның «Ұстаз еңбек етуі керек те, ал тапқан ақысынан өз шәкірттеріне көмектесуі керек» деген рухани қағидасы еді.

Ендігі даусыз апостол дәрежесіне жеткен Павел уағыз айту үшін христиан қауымдастығына келгенде, әуелі діни қарындастарының қарсылығына

карамастан базардағы, көшпелілерге арналған шатырлар жасалынатын қатарға баратын. Оның тіккен шатырлары тез сатылатын. Еңбек үстінде ол Құтқарушымыздың ілімін уағыздайтын, ал кешке ақысын алған соң кәріп пен қасерлерге үлестіріп болғаннан кейін ғана христиан қауымдастығына уағызға аттанатын болған. Тіпті абақтыға, туыстардың қаржысы немесе садақа есебінен күн көретін қамаудағылардың арасына түскенде де Павел сырттан шикізат пен тапсырыс алып, тапқан пұлынан жаңадан дінге кіргендерге көмектесіп отырған.

Ал Павелдің өмірде қарапайым болғанын, ет жемегенін, шарап ішпегенін ескерсек, онда онымен рухани саудагерлердің арасындағы жер мен көктей айырмашылық көзге бірден ұрады.

Келесі, үнемі қысқарып отыратын циклдар Савлды оның жердегі эволюциясының шынына алып келеді. Апостол Павелдің нышаны болып саналатын семсер Жеңімпаздың Түнек Дүниесін қиратқан Ғарыштық От Қаруына айналады.

БАР-КОХБА

Жұлдыз Перзенті атанған Симон Римге қарсы көтеріліс бастады да жеңіліп, өзінің барлық өткен ғұмырларындағыдай циклдың басында өлтірілді. Алайда бұл ғұмырдың ерекше мәні бар, себебі тарихтың қалауымен Бар-Кохбаның христиандарға ешқандай қиянат көрсетілмесін деген жарлығы жазылған ескі қағаз сақталыпты.

Яһудилердің басқа дінді мойындамайтын қиястығын есепке алғанда, бұл құжаттың Бар-Кохбаның өткен ғұмырын айғақтайтынын байқау қиын емес. Яһуди ортодоксы Савл жалындаған христиан Павелге айналды.

Бұл құбылу — Савлдың бұрынғысынан да биік рухани шыңға көтерілерінің алдында заңғар биіктен төмен қарай түскен сатысы.

Осы Ғұмырмен бірге яһудидің ұлттық қармасы аяқталады.

ОРИГЕН

Ориген Мысырда, Зұлқарнайын салдырған Александрия қаласында дүниеге келіп, сол Зұлқарнайын қиратқан Тир қаласында жазаланып өлтірілген. Өткен ғұмырдан келе жатқан қармалық қарыз осылай ғана қайтарыла алар еді.

Ориген өзіне дейін құбылғандардың мәжусилік Римге қарсы жүргізген күресін жалғастырды. Туғаннан өлгенге дейін Ескендір Зұлқарнайынның жолымен жүріп, соның қарыздарын өтеді.

Рухани салада апостол Павелдің уағыздаушылық жолын жалғастырды. Ориген, барлық тіршілік иесі бұлтармас жолмен өрлеп Жаратушыға қайтып барады деп, жалпыға бірдей тиесілі күтқарылу идеясын уағыздады.

ЕДІЛ

Ғұн тайпаларының көсемі Мұнзықтың ұлы. 434 жылы өзінің інісі Бледамен бірігіп ғұндар және Дунай мен Днепр арасын жайлаған славяндардың

көне ұрқы — анттармен арадағы әскери одақты басқарды. Саһара жасағы тек осындай одақ құрып қана Оңтүстік-Батыс Европаның қалалары мен камалдарын шаба алатын. Еділдің інісі саят құрып көңіл көтергенді тәуір көретін, сол себепті Еділдің биік рухы көздеген кармалық жоспардың іске асуына кедергі келтіретіндей еді. Осыдан кейін Еділ інісін биліктен аластатып, бірлескен тайпалардың қағаны болғаннан соң өзінің сакадай сай әскерімен Балқан өңіріне және одан ары Константинопольге дейін жорық жасады. Содан кейін бағытын шұғыл өзгертіп бүгінгі Франция жерінде өмір сүріп жатқан галлдарға қарсы жорыққа шығып Орлеанға дейін жетті.

Орлеан түбінде ол болашақ Францияның Ұлы Аналық Негізін түсінде көріп, осы қаланың келешектегі мәні және Жанна Д'Арктың данқы жайлы хабар естіді. Одан кейін Еділге оның алдағы заманда Францияда туып Ұлы Карлмен бірге Испания үшін соғысатындығы жайлы айтылды.

Осы көріністен соң 451 жылы Еділ Орлеанды тастап Каталун жазығына шықты. Осы жерде оның жолың римдіктер мен галлдардың біріккен қолы кес-кестеген. Шайқас кезінде екі армияның ешқайсысы да жеңіске жете алмады. Еділ біртүрлі қобалжу үстінде болды, өйткені Рим армиясының қолбасшысы оның балалық кезінен бірге өскен досы және бауырласы Аэций еді. Сол себепті саһара перзенті Еділ, өмірін арашалаған адамға қарсы қылыш сілтеп сатып кеткен, Рим менен Галлдың заңына ұнамды атанған аяр інісіне қарсы шайқаста, тіпті ауыр атты әскерін де пайдаланбады.

Аэций ғұндардың арасында Римнің жіберген аманаты болып жүрген еді. Еділ онымен дос болды, ғұндардың көсемі болғаннан кейін оны өзіне жақын тартқан. Ал Римге қарсы әлденеше рет көтеріліс бастап, одан кейін жеңіліс тауып қашқан оны бірнеше рет ажалдан құтқарған және Еділ еді. Аэций ғұндардың осал және күшті жерлерін жете таныған, сол себепті оның аяр соққысы да сондай дәрежеде тегеурінді еді. Оның үстіне бұндай іс көшпелінің санасына сымайтын сатқындық еді.

Осы, батыс тарихшылары үшін түсініксіз шайқастан кейін, Еділ, Спартактың жолын қайталап 452 жылы Римге қарай аттанды да империяның Солтүстік бөлігін бүкіл камалдарымен қоса талқандады. Оның Римді талқандауға толық хұқығы бар еді, алайда ол христиандық Римге тиіспей, тек күн төлетіп кері шегінді.

Ғұндардың патшасы Римнің басқыншылығына қарсы жүргізілген Аристоник, Спартак, Павел және Бар-Кохбаның күресін аяқтады. Еділ жорықтары Жеңімпаздың Батысқа бағытталған ілгерінді-кейінді қозғалысына жол салды.

ОМАР I

Мұсылмандардың екінші халифы, қолбасшы Омар өзінің жолын Мұхамет үмбетін қуғындаудан бастады. Жоғарыдан аян алып, мұсылмандар үшін ең бір қиын кезеңде Мұхамет пайғамбардың ілімін қабылдады. Жауынгер Омардың тегеурінінің арқасында ислам Сирия, Мысыр мен Парсы

жерлеріне тарады. Бұл жорықтарда Омар карма ізіне еріп отырып, Ескендір Зұлкарнайын жиһангерлігінің бір бөлігін қайталады. Тіпті Омар өлгеннен кейін де бұл кармалық сценарий арабтар тарапынан жалғастырылды. Орта Азияны жаулау кезінде арабтар б. д. 751 жылы саһара шегіндегі Талас өзеніне келіп тоқтады.

Болашақ Ғарыш Сарбазының Ұлы Рухы, соңғы ғұмырында өзін жаратуға тиіс халықтың жеріне жасалған жаугершілікті тоқтатты. Сол себепті болашақ алтыншы саты халқы және дүниеге исламды берген елдің арасында ұнамды кармалық байланыстар сақталды.

Омар бейнесі дін жолындағылар үшін мұсылмандардың халифы және өзінің рухани міндетіне деген беріктіктің үлгісі ретінде сақталды. Күнделікті тұрмыста ол қарапайым, ұстамды адам ретінде танылды. Бозбала шағында ол шарапты, сазшылар мен бишілер қатысқан көңілді отырыстарды тәуір көретін.

Өмірлік қуатқа толы, жас Омар исламды қабылдай сала осының бөрінен бас тартты. Рух күйкі дүниені жеңді. Омар өле-өлгенше марапат пен байлықтан жиреніп өтті. Халиф кезінде ол мұсылманның қазынасы мен қоғамдық мүлкін әділеттілікпен жұмсап, қаріп-қасерлер мен жорықта өлген діни қарындастарының туыстарына қаржыны мол етіп бөліп берді. Сонымен қатар Омар өзінің көптеген туыстарын тыйып қатан ұстады — олардың өздері де өміршіден әлдебір жеңілдік сұрауға батпайтын.

Парсыға жасаған жорықтарында Омар ауыр карма жинақтады. Нәтижесінде оның ғұмырын, оның өзінің қызылбас құлы қиды. Алайда мұсылмандар халифының өлімі, кейіннен Темірлан жорықтарында көрініс берген, бұрынғыдан да ауыр салдарды тудырды.

Омар билігі кезінде ислам нығайып қаңа қойған жоқ, сонымен қатар әлемдік дінге айналды.

Омар Иерархия заңын бұлжытпай орындады, Мұхаметтің тірі кезінде Рухани Ұстазының саясында болды. Тек мұсылмандар халифы болып, ислам иерархиясындағы ең үлкен билікті иемденгеннен кейін барып ол қолбасшының кармалық мұратын іске асырды.

Өткен құбылу мен екі арадағы байланыстың айғағы — «Жақыптың сатысы» сияқты, Иерусалим сарайларының бірінде тұрған, мұсылман мен христиандар бірдей дәрежеде құрмет тұтатын «Омардың сатысы» бар. Жаратушы мен адам ұрқы арасындағы Соңғы Әсиетті мәңгіге аманаттау үшін Халиф Омар, Соңғы Пайғамбардың қаруластарынан Рухани Кеңес құрды да, Соңғы Пайғамбардың асырап алған баласы Зейт ибн Сәбиттің басқаруымен Мұхаметтің айтқанының барлығы бүкіл мұсылманның Қасиетті Кітабы — Құранда жинақталды. Халиф Омар Құран Сөзін өз қолымен тексеріп шықты. Осы Сөз күні бүгінге дейін сол Омар қабылдаған күйінде тұр.

Мәжусилік символдардан ала ислам, христиан діні сияқты ортақ яһуди дарағынан бөлініп шыққан. Биік Әмір бойынша Ислам жер бетіндегі соңғы дін болып, ал Мұхамет — Соңғы Пайғамбар болып саналады. Мұхамет

пайғамбардың ілімі, бойына, өз заманынан гөрі шөл дала тұрғындарының әдет-салтына жақындатылған заңдарды сіңірген. Ілімнің ішінде алыстағы замандарға бағышталған Ғарыш Зандары құпияланған.

Жетісатылық циклдардан тұратын Эволюция заңы алыс замандарға бағышталып 71-ші Нұх сүресінде айтылған:

- «13. Ол сендерді кезендерге жатқызып жаратқан.
14. Алланың жеті қат көкті қатар-қатар етіп жаратқанын көрмейсіңдер ме?
15. Оған айды жарық етіп, күнді шам етіп орнатты.
16. Алла сендерді жерден өсімдік етіп өсірді.
17. Одан кейін сендерді сол топыраққа қайтарады.»

Эволюция сатылары жайында Құранның 70-ші, «Мағарыж» сүресінде айтылған:

- «3. Ол азап дәрежелі баспалдақтар иесі Алладан.
4. Оған елу мың жылда шығаратын жолды періштелер мен рух бір-ақ күнде өтеді.»

Жаратушының бір күнін Әзірейіл кернейлетіп Махшарға шақыратын мың кесіндіге бөлгенде әр кесінді елу жылдық болып шығады. Туып, перзентіне өмір сыйлауға және Биік Соттың алдына жаныңның рухани дайын болып келуі үшін бұл уақыт әбден жеткілікті.

Құбылу заңы үш Әсиетке қайшы келмейді. Құранның 40-шы «Ғафыр» сүресінде былай делінген:

- «11. Олар: Иеміз! Сен бізді екі мәрте өлтіріп, екі мәрте тірілттің: күнәмізді аян етеміз; осы тығырықтан шығар жол бар ма?»

Жердегі тіршілік еткеннің барлығы да Нұхтың кезінде, Топан су қаптағанда ажалды танып, содан кейін Жаратушы мен адам ұрқы арасындағы Бірінші Әсиеттен бұрын тірілтілген.

Үш Әсиет-Келісімнен тысқары қалғандар да Құбылу заңына сөйкес тіршіліктің эволюциялық айналымында болмақ.

Бұл жайында Құранның 95-ші сүресінде айтылған:

- «4. Біз адамды тамаша беденді етіп жараттық,
5. одан кейін біз олардың сенгендері мен ізгі іс тындырғанынан өзгесін
6. төменнің төменіне түсіреміз, сенгендер мен ізгі іс тындырғандарға қисапсыз алғыс бар!»

Карма заңы 17-ші сүреде айтылады:

- «13. Әрбір адамның қарызын Біз оның мойнына артып қойдық, оның тірілген күніне Кітап келтіреміз, ол Кітапты адам ашық күйінде табады:

14. Өз Кітабыңды оқығын! Ісіңнің есебі сенің өз ішінде!»

Араб тілінің барлық байлығы мен бекзаттығын пайдаланған, өлең өнері тұрғысынан мінсіз, арабтың асылтекті хатымен танбаланған Құран сөзі Ғарыш заңдарын паш етеді. Ал намаздың әуезі Өлмес Рухты Жаратушының алдына жеткізетін Ғарыш вибрацияларына сөйкес келеді.

АСПАРУХ

Фанагория мен Қара теңіз манайын мекендеген бұлғардын Дулу тайпасы патшасының ұлы.

Жауынгер көршілердің тепкінінен тайпа үшке жарылды. Тайпаның ханы Құбраттың өмірімен бір шерік, басқалар қуғыннан құтылып жаңа отанына жетуі үшін өзін құрбандыққа шалды.

Бір буын солтүстікке кетіп Бұлғар патшалығын құрды.

Кіші патшазада Аспарух өзіне тиесілі тайпа бөлігін алып батысқа, Днепр арқылы Балқанға, Спартак туып өскен Дунай жағасына аттанды.

Басқыншы болып келген саһара перзенттерін оңтүстік славян тайпаларының күшак жая карсы алып олармен әскери одақ құруын және олардың атын алуын тек осы жайтпен ғана түсіндіруге болады.

Аспарух хан өзінің Батысқа бағытталған кармалык сапарын жалғастырды. Түрік пен славянды біріктіріп Спартактың бұрынғы отанында жаңа мемлекет құрды.

Бұл құбылу Жеңімпаздың түрік-славян кармасының басы болып табылады.

РОЛАНД (ХРУОДЛАНД)

Француз маркграфы Роланд, Леонидтің ерлігін кайталап Пиренейдегі Ронсеваль сайында қаза тапты. Испанияның бостандығы үшін күрескен Роланд болашақ испан тәжімен ұнамды кармалык байланыстар қалыптастырды. Сол себепті, аты белгісіз жат жұрттық Колумб, ақыр соңында, өзінің алыс мұратты көздеген теңіз саяхатшылығын тек Испанияда ғана жалғастыра алды.

Кезбе әнші — менестрельдер жырлаған Роландтың қиғыр семсері Дюрандаль, кейіннен Ақ Сарбаздың Түнек Күштерін талқандаған Ғарыш семсеріне айналады.

МЕФОДИЙ

Грек қаласы Салоникиде стратиг-қолбасшының ошағында дүниеге келді. Үлкен лауазым кешіп атты шеріктердің бастығы дәрежесіне жетті. Содан соң рухани жолға түсіп, өзінің інісі Кирилмен бірігіп Қасиетті Жазуды уағыздауға көшті. Славян жазуын тудырды, славян тілдеріне Қасиетті Жазуды аударды.

Інісі Кирилмен Болгарияда ғана пана тауып өз мұратын орындауға мүмкіндік алды. Аспарух ханның ұрпақтары саһара салтына төн, Карма заңына бағынып, өздерінің бұрынғы патшасын жылы қабылдады, ал кейіннен ағайынды екеуі жеткізген Дінді де қабылдады.

Мефодий діндар, уағыздаушы ретінде жеті сатылы циклды тұйықтайды.

ЭЙРИК РАУДИ

Бұл құбылумен, алдыңғыдан да қысқа, соналды цикл ашылады. Жұртқа сиымсыз, шалт мінезді Эйрик, Колумбтан басталатын жана мекендер жайлы жұмбақ ілімнің негізін қалаған. Бұл құбылудың генетикалық негіздемесі Еділді ерекше құрметтеп «Құдайдың қылышы» деп атаған скандинав аңыздарында жасырулы.

ОМАР ХАЙЯМ

Бұл құбылуда Омар Хайям, бұрындары, Омар халифтың жаугершілігі кезінде жинақталған ауыр қарманы өтеген. Бұл ретте қуғындаушылар өз өкілетінен асып кетті де, жанадан жинақталған ауыр ұлттық карма Темірлан жорықтары кезінде сөйілді.

Омар өзінің қармалық қарсы-жұбы кәсіпқой терроризмнің данышпан ұйымдастырушысы — Ғасан ибн-Саббахпен кездесті.

Бозбала кезінде екеуі дос болды, одан кейін жолдары екіге айрылған. Ғасан кісі өлтіруші-асасиндер сектасының басшысына айналды, ал Омар астрономия, математика және ақындықтың жолына түсті.

Иранның математигі мен астрономы, философы Омар өзін ақынмын деп есептемейтін. Хайямның рубаиларын мұсылман-софының дүниетанымы деп қарауға болады. Дінбасылар тарапынан қудаланған, дінге қас адам атанған Омар өлерінің алдында былай деді: «Уа, Құдайым, мен өрем жеткенше Өзіңді тануға ұмтылғанымды білесің. Кеш мені, менің танымым — ол Саған тартылған жол».

ШЫҢҒЫС ХАН

Аңыз бойынша жирен шашты шағыр көзді бабадан тарайтын моңғолдың борджигин тайпасы көсемінің ұлы. Жаулаушылар тайпасының ауыр қармасын айықтыру үшін Жаратушы Жеңімпазды осы тайпадан тууға бұйырды.

Бұл құбылудың эволюциялық мұраты — қирату және жаңа мемлекеттер мен халықтарды тудыру еді.

Шыңғыс хан жаугершілігі Ескендір Зұлқарнайынның, Еділ патша мен халиф Омардың жорықтарының жалғасы болып табылады. Шыңғыс ханның ақылға симас жеңістерінің сыры осы қармалық жазмышта жатыр. Батыс тарихшыларының әрекетімен қалыптасқан көзқарасқа қайшы, бүкіл Евразия жазығы шағын атты әскердің күшімен алынған.

Шыңғыс ханның биік мақсаты — тыныштық, бейбітшілік, ізгілік салтанатын құрған бүкіләлемдік мемлекетті құру еді.

Шыңғыс хан өзінің асыл мұрагері — жалғыз ұлы Жошыны өлтіруі — мүмкін емес. Ұлы әкенің түп мұратын тек қана Жошы орындар еді. Азамат ерді ерекше бағалаған Шыңғыс қартайған кезінде бар үмігін Жошыға артқан. Сондықтан ол «қиыр теңізге» жасалатын жорыққа Жошының ұлы, өз немересі — Бату ханды тағайындады.

Өз ұлын өлтірген хан жайлы қараулы аңыз Шыңғыс ханның дұшпандары тарапынан өрбіген. Бұл аңыз хан ұлдарының арасына от тастап оларды әлсірету арқылы бұрынғы тұғырға жету үшін жасалған.

Шыңғыс ханның ұрпақтары кейіннен буыны қатпаған Ресейді батыс пен оңтүстік-шығыстан басталған жаугершіліктен қорғады.

ДАНТЕ АЛИГЬЕРИ

Данте өзінің кейбір өткен ғұмырлары жайлы білген және олар хақында өзінің «Күдіретті комедиясында» жұмбақтап айтып кеткен. Әуелі ол тек апостол Павел мен өзіне, «аспан жамылғысының» екі рет ашылғанын түспалдап айтты. Беатриче өлімінен кейін «ғажайып көрініс болды» және «жердегі ғұмырын орталағанда» ол Тозақ, Тазартқыш және Ұжмақты зиярат етті. Ұжмақта болған кезінде христиан дүниесінің барлық әулиелерін көрген, бірақ олардын араларында апостол Павел жоқ еді. Ойын айтуға күдіретті инквизициядан именген ол, болашақ зерттеушілерге кілт қана қалдырды.

Оған сыры ашылған екінші ғұмыр — Лия-Беатричені кездестірген Жақып ғұмыры. Мың жылдан кейін, әйел затына көрсетілген менмендіктің есесі Дантенің Беатричеге деген жауапсыз махаббаты болып қайтты. Лия оны Тазартқыштан шыға берісте, Жер Ұжмағында қарсы алып, кейіннен оның алдына Беатриче болып келеді.

Одан ары ол «биікке өрлеген сатыны» көріп «Жақыптың сатысына» мензейді, ал «Ұжмақ райханының» сатысынан ол Беатриченің жанында тұрған Рахильді де көреді.

«Күдіретті комедияда» астрал дүниесіндегі Тозақ пен Тазартқыштың, ментал дүниесіндегі Ұжмақтың құрылысы егжей-тегжейлі сипатталған. Басқа дүниелердің бұндай занғар суретін ойша жасау мүмкін емес. Адам өзін күтіп тұрған жаза немесе рақым жайлы біліп шығатын Тозақ, Тазартқыш және Ұжмақтың көпсатылы деңгейлерін өз көзімен көрмейінше, оларды өленмен бейнелеу мүмкін емес еді.

Данте қылмыстың түрлері мен астралды Тозақта оларға тиесілі жаза түрлерін барынша толық анықтаған, бірақ бөтен ғұмырды иемденген ұрыға тиісті жазаны көре алмаған. Оның кезінде бұндай қылмыс ұшыраспаған болуы керек.

Данте, өмірдің әуелі астрал дүниесінде жаралғанын нақты білген. Бұл жайында былай айтылған:

67. Толқын дымдаған шөптің арасында,
Аспанда жаралған ұрықсыз гүлден,
Ол гүлтөж тоқып отырды.
116. ...кейде көзге көрінетін ұрықсыз-ақ,
Шөптер өседі.

(«Тазартқыш», 28 тарау)

Тек астрал дүниесінде ғана гүлдер мен шөп ұрықсыз өседі. Данте ол кезде бұны айта алмаған, сол себепті ойын құпиялап жеткізген.

Данте болашақтағы Ғарыш Шайқасындағы өзінің орны жайлы да білген.

115. Соғыстың ауыр күйбені аяқталғанша
Мөңгі-мөңгі данктын тұғырын
көруге бұйырылған
Текті болып туған сен. . .

(«Ұжмақ», 5 тарау)

39. «Дұшпан қолын талқандаушы»
Сен, қуан!

(«Тазартқыш», 15 тарау)

«Күдіретті комедиядағы» біраз есімдердің мифологиялық маңызы бар екенін, немесе әдеби тәсіл екенін, сол себепті олардың өзіне тән белгілері бар екенін есте ұстаған жөн. Белгілі тұлғалардың шын бар екені «Лимб» және «Ұжмақ райханын» суреттейтін тарауларында айтылған. Басқа есімдер одан кейінгі шешімдердің кілті болып табылады.

ТЕМІРЛАН

Төренің қызынан туған себепті әмір атанған. Бірақ барлық жаугершілікті текті хан тұқымының атынан жүргізген.

Шыңғыс ханның эволюциялық жолын жалғастырды.

Алтын Орданы талқандап Ресейді құтқарды, сол арқылы орыс халқының алдындағы кармалық қарызды өтеп болашақ ресейлік құбылалардың ізгі негіздерін қалады. Баязитті жеңіп, Европаны Кіші Азиядан келе жатқан жойқын апаттан құтқарды. Кейіннен Европа бұл жақсылыққа қайтарғы ретінде I Петрге жәрдем береді.

Темірлан өзінің текті дұшпаны — ұлы жауынгер Баязитті өлтірген жок еді.

Ескендір Зұлқарнайынның, Индияның патшасы Порға жасаған кеңшілігін қайталап, Темірлан, одақтас болатындығы жайлы келісімін алып Баязиттің патшалығын өзіне қалдырды. Баязит Темірлан иеліктерін батыстан қорғауға тиіс еді. Бұл кезде Темірлан Шығыс тарапқа қарсы ғаламат жорық дайындап жатқан, сондықтан ту сыртында үнемі көтеріліс жасайтын жаудан гөрі күшті одақтастың болғаны оған әлдеқайда тиімді болар еді.

Темірланның Индияға жасаған жорығы Ұлы Моғолдар өулетін тудырды. Ал Моғолдар Индияны қорғап ұлы мемлекет дәрежесіне жетуге ықпал етті.

Темірлан мұсылман-софының кармалық ізін жалғастырды. Үлкен істі көктен келген аяннан кейін ғана бастап, үнемі жеңіске жетіп отырған. Ал өз бетімен бастаған әрекеттері ауыр кармалық салдарға соқтырды.

Бойына Ғарыш Оты біткен Темірлан Сергей Радонежскиймен бір кармалық ағында еді. Физикалық дүниеде ұшыраса алмаған олар тек астрал және ментал дүниелері арқылы тілдесетін.

Сергийдің құбылуларының көбіне тән рухани миссиясы — Жәнімпаздың, Ұлы Ғарыш шайқасына дейінгі Жердегі қиратқыш қуатына шектеуші болу.

Өзінің соңғы рухани ерлігінде Ғарыш төлімгері Сергей Радонежский орыс халқының ауыр қармасын өз мойнына алып өзін-өзі кешу құрбаны етті. Өзінің Рухани әкесін және пайғамбарын құрбандыққа шалу арқылы ғана Ресей сайтаншыл идеологиядан құтылып Эволюцияға оралар жолының басына келді.

КОЛУМБ

Христофор өзінің кейбір өткен ғұмырлары жайлы білген және осыны өзінің автографында құпиялап кеткен.

.S.
.S. A. S.
X M Y
Xpo FERENS

Автографтың шынына ол Савл есімінің бірінші әріпін қойған. Қалған белгілер Саул, Аса, Самсон есімдерінің басқы әріптері. Колумбтың Америка жағалауына төрт мәрте жүзіп баруы апостол Павелдің уағыздаушылық төрт сапарын қайталайды.

Христофор Американы ашқанда жазмыштың сызуына өзінің пенделік үлесін қосып, континенттің байырғы тұрғындарын шексіз азапқа бұйырды.

Америка континенті халықтарын отарлау кезінде жинақталған Колумбтың ауыр қармасының денін, оның айнымас эволюциялық серігі және рухани әріптесі, «үндістердің апостолы» атанған Бартоломе Лас Касас өтеді.

Колумбтың еңбегінің арқасында Испания күдіретті мемлекетке айналды, бірақ Христофор өз өкілегінен асып кеткені үшін қайыршылықта өлді. Алайда, Колумбтың сапары тек қана испан жағалауынан басталды, жаңа мекенге жеткізер жолды испан кемелері салды. Осылайша болашақ Жәнімпаздың Жана Дүниелерге тартылар жолының негізі қаланды.

ӘҚБАР

Сұлтан Бабырдың ұрпағы, Индияның билеушісі. Әқбар шиклы аяқтайды және ол біртұтас дін тудыруға тырысқан. Бұл құбылуда, Темірланның Индияға жасаған жорығы кезінде жинақталған Жәнімпаздың ауыр қармасының дені өтелді. Индияның алдындағы бұл кармалық қарыз Колумбтың бүкіл өміріне ықпал етті.

Оның сапарларының анық мұраты — Индия мен Ұлы Ханның иелігіне жол табу еді. Өзінің Батысқа бағытталған ілгерінді-кейінді қозғалысының

барысында Колумб Америка континентін ашты, бірақ сол күйі Индияға жете алмады. Тек келесі ғұмырында ғана, Карма заңына сөйкес, ол Индияны билеген Ұлы Моғолдар әулетінің негізін қалаған Темірлан ұрпақтарының ошағында дүниеге келді.

Әкбар ханның кезінде Индия ұлы мемлекет ретінде өзінің ең биік өресіне жетті.

РАЗИН СТЕПАН

Бұл — соңғы циклдың бірінші құбылуы. Орыстың патшасы Алексей Михайлович пен Донның беймәлім қазағын таңғажайып тағдыр байланыстырған. Бозбала кезінде Степан, әкесіне дұға арнамаққа киелі мекенге бара жатқанында сакшылармен қақтығысып, патша алдында жауапкер болды. Бұдан кейін ол көтеріліс бастап, артынша жеңіліп қайтадан патша алдына келді. Аяусыз азапталып, ауыр ажалға кесілген қорғансыз тұтқын Алексей Михайловичтің бойында түсініксіз ықылас және үрей тудырған еді.

Келесі ғасырда, Степан Разиннің айнымас эволюциялық қарсы-жұбы Емельян Пугачев туды. Сол селода туып, ұқсас жағдайда көтеріліс бастаған Пугачев, Степан Разин кешкен азаптан өтіп тура сол алаңда жазаланған.

Разин Ресейдің ұлттық қармасын бастап түріктің саһаралық қармасын жалғастырды, себебі казактар қыпшақ тайпасынан тараған еді. Кейбір казак қауымдастықтарында ұзақ уақытқа дейін түркі тілі, киімі, салты, әскери дәстүрлері сақталған болатын. Дон казактары біртұтас халықтан тамыр тартады. Бұл халықтың бір бөлігі көшпелі тұрмыс салтын сақтап қалды, ал екінші бөлігі отырықшылыққа бейімделді де, солтүстік халықтарының арасына сіңіп славян тайпаларының негізін қалады.

ҰЛЫ ПЕТР

Ресей патшасы Алексей Михайлович, өзі жазалаған бүлікшіл Стенька Разиннің өз ошағында туғанын және болашақта орыс патшасы болатынын білгенде тыныш өлер ме еді. Осылайша қанды қарыз қайтарылып патшалық кейіпте құбылуға хұқық алынды. Бұрынғы құбылудан Петрдің бойында шағын тұрмысқа деген ықылас, қарапайым халыққа бауырмалдығы, киім мен ас-судың барына қанағаттануы және стрелцтер мен боярларға деген өшпенділік сақталып қалды.

Петрдің әулеттік және кейіннен сенаттан алған мәртебелері көп еді, бірақ оның ең үлкен мақтаншысы — Кенигсбергтегі артиллериялық мектепті аяқтау жөніндегі дипломы болатын.

Кармалық спираль бойынша халиф Омардың ісін жалғастырған Петр Құранды орыс тіліне аудартып басуға жарлық берген. I Петрге дейін мұсылмандардың қасиетті кітабына Ресейде тыйым салынған еді.

I Петр орыс алфавитіне өзгеріс енгізіп грек алфавитінен енген сегіз әріпті алдырып тастады. Сондай-ақ ол хат үлгісі мен шрифтке елеулі өзгерістер енгізді. Бұл орыс тілін жедел түрде жетілдіруге керекті шаралар еді. Осылайша Петр славян жазуын тудырған Мефодий және оның інісі Кириллдің ағартушылық ісін жалғастырды.

Бұл істі М. Ю. Лермонтов жалғастырып орыс тілін жетілдірді.

Теңізші Колумбтың тәжірибесін Степан Разин жалғастырып, патша флотының қолынан келмеген іс тындырды. Жеңіл қайықпен шыққан ол парсы флотын талқандап тұтқынға алған.

Кармалық спираль бойынша бұл тәжірибенің I Петрге пайласы тиді. Теңізде жүргізілген көптеген сәтті шайқастардың бірінде бұрынғы оқиға қайталанып, жаяу әскерді жеңіл қайыққа отырғызған Петр дұшпанның самсаған зеңбірегі бар ауыр кемелерін тұтқынға алды.

Темірланның көп жорықтарының бірінде жинақталған ауыр карма сонынан жеңілісті ілестіре келген. Түрік соғысы кезінде ойсырай жеңілген Петр ғажайыптың арқасында ғана тұтқын мен ажалдан құтылды.

Петр патша өзінің эволюциялық тәжірибесіне сай байлық пен салтанатқа, құрметке селқос еді, өнердің көптеген түрін білетін, ешқандай жұмыстан арланбайтын, өзінің мақсатына пайдалы, алдына келген игі жақсыны да, жалаңаяқ келейді де құшақ жайып қарсы алатын.

Бұрынғы өткен ғұмырлардың тәжірибесінен ол қолбасшылық дарын, саяси танығыштық, алысты болжайтын көрегендік қасиеттерді сақтап дамытты. Мемлекеттік мүддені орындаудағы қатыгездігіне қарамастан ұрпақтар тарапынан мойындалып Ұлы Петр атанған.

Жеке өмірдегі қателері кейіннен ауыр қармаға ұласады. Алғашқы ғашығы А.Монс, алғашқы әйелі Е.Лопухина және екінші әйелі М.Скавронская оған келешек өмірлерінде кездесіп оның қарыздарын қайтарады. Голландықтар, немістер және ағылшындармен қалыптастырған ұнамды байланыстары кейінгі өмірлерде мейірбанды қармаға айналады.

Петр ресей-түрік қармасын жалғастырды — оның бет-әлпеті мен асау мінезіне қарап отырып, нағашы жұртының қанымен келген саһаралық мінезді тануға болар еді.

Орыстың ұлы патшасы, кеме апатына ұшыраған теңізшілерді құтқарған кезінде бойына суық тигізіп алды. Сол дерттен ауыр азап үстінде өлді. Демі үзілер сәтте, фәни дүниені тәрк еткен Петрдың көз алдына орыс халқының болашақтағы күдіреті және одан кейінгі қасіреті мен нәубеті келді. Оның сонғы күрсінуі Ресей мен Саһараға бағышталған еді.

БАГРАТИОН ПЕТР

Багратидтер әулетінен шыққан грузин патшаларының тұқымы, Ресей қолбасшысы князь Петр Багратион Ресейді қорғап Ұлы Петрдің ісін жалғастырды. Кейіннен Ресей өз патшасының, өз қорғаушысының ұранын естіп, сайтаншылдардың кісенінен құтылсын, — деп ол өзін құрбандыққа қиды.

Наполеон мен князь Багратионды кейіннен карма әке мен ұл ретінде кездестіреді. Дарынды қолбасшының Бородино шайқасындағы дүдәмалдығын осымен ғана түсіндіруге болады. Багратионның қаны төгіліп ажал тырнағына ілінген сәтінде, жеңімпаз Бонапарт ұрысты тоқтатып, орыстарға майдан даласынан шегінуге мүмкіндік берді.

Багратион, Жеңімпаздың ресейлік ұлттық кармасын жалғастырды және Дидгориде одақтас қыпшақтардың атты әскері Грузияны қорғап қалған шайқаста паш етілген грузин-түрік кармасын аяқтады.

ЛЕРМОНТОВ

Михаил Юрьевич өзінің көптеген өткен ғұмырларын білген де, осы білімін астарлап өз өлеңдерінде бейнелеп кеткен. Рим халқының ермегіне бола өліп бара жатқан гладиатор, оның көз алдына анасы мен Дунайда қалған жұртының елестеуі — бұл Спартакқа меңзеу.

Ақынның үнемі «жаңа өмірге» дайындық үстінде болуы В. Лопухинаға деген қасіретті махаббаты Данте Алигьериді елестетеді. Кейбір өткен ғұмырларды ол тек шырамытқан. Мысалы теңіз кезіп қана жаны жай тапқан теңізшінің тағдырын бірге кешісуі, оның балалық кезіндегі Ескендір Зұлқарнайын мен Наполеонға деген ықыласы осыған меңзейді.

Бородино шайқасына тікелей қатысқан адам ғана өз санасынан алып осындай ғаламат сурет сала алар еді. Өзінің бір өлеңінде ақын Степан Разинді айыптап, және, шамасы І Петр жерленген Петропавл қамалы туралы айтқаны болуы керек, әлдебір «салтанатты мавзолейді» түспалдайды.

Тек өзі аса құрметтейтін бір есімді ғана өз атымен атаған. С. А. Бахметьеваға арнаған өлеңінде ақын «үшбу. . . Павелдің» деп, астын сызып көрсеткен. Бұл оның шығармашылығын зерттеушілер үшін ғана емес, сондай-ақ оның өткен ғұмырларын білгісі келген адамға арналған кілт. Оның осы өмірді тезірек аяқтап, «тұлабойын өртеген өлеңнің шөлінен» құтылу ниетін, «бала жасынан жүрегінде сақтаған» «өзіз жалынды» тезірек жағу ниетін енді ғана түсінуге болады. Өзінің Ғарыштық мекенін екі рет зиярат ету хұқығына орай, Лермонтов Жазмыш Кітабын көріп, одан өзінің өткен ғұмырларын және болашағын таныған. Өз өлімін бүге-шігесіне дейін білуі осыдан келіп шығады. Жазмыш Кітабынан ол «Ресейге қаратүнек заман келіп, патшасының төжі құлайтынын» және өзіне Михаил есімінің бекер берілмегенін де көрген.

Бозбала кезінде ол, болашақта «бірде аспан перзенттерінің» Ғарыш майданында беттесетінін, өз бойындағы мың жыл ішінде жиналған көгілдір оттың өзөзіл әскерін өртеп, аспаннан Жерге түсіретінін көрген. Енді екі қысқа, бірақ аса ауыр сатыдан өту ғана қалды.

ВИВЕКАНАНДА

Калькуттада туған, Бабыр сұлтан мен Әкбар хан негізін қалаған түрік тектес Ұлы Моғолдар әулетіне тән кшатрилер тұқымынан шыққан.

Вивекананда өзінің бұрынғы жолдарымен жүріп отырып бүкіл Индияны аралап жорықтар кезінде жинақталған ауыр қарманы өтеді. Колумбтың жолын қайталап Америка жағалауына жүзіп барды.

Өзінің айнымас кармалық рухани Ұстазының құрметіне Вивекананда, Рамакришна миссиясын құрды. Бұл миссия күні бүгінге дейін өз қызметін атқарып келеді. Өз өмірінің аяғына дейін Рамакришна шәкіртіне камкор болды, ғұмырын мысал етіп кармалық спираль бойынша жылжудың принципін көрсетті.

Индуизм дегдарлары — брахмандардың әулетінде туған Рамакришна кейіннен христиан дінін қабылдап, ұзақ уақыт бойы Құтқарушымыздың ізбасары болған. Одан кейін ол ислам дініне кіріп ұзақ жылдар бойына адал мұсылман болды. Өмірінің соңында, өзі үлгі еткен бірде-бір ілімді теріске шығармаған күйі, ол, спираль бойынша ата діні — индуизмге қайтып оралды.

Бұл құбылу Жәнімпаздың жердегі эволюциясының шыңы болып табылады. Замандастарының қуәландыруы бойынша Вивекананданың сымбат өресі аса биік болыпты. Бұл төртінші саты — Мінсіз Физикалық Дене сатысының аяқталғандығын айғақтайды.

Раджа-йоганың биік деңгейіне шыққан ол, бесінші саты — Ақыл сатысын аяқтап, артына ұланғайыр философиялық мұра қалдырды.

Осы биік өрелерді, өзінің үнді халқы үшін және Жердің барлық адамы үшін қансырай ауырған Вивекананданың шексіз мейірбанлы жүрегі күрмейді. Алтыншы саты принципі орындалды.

Ерекше көрік, кеменгер ақыл және мейірбан жүректің үйлесімі, бұдан былай жетілдіруді керек етпейтін адам үлгісі болып, оның эволюциясының аяқталғандығын білдіреді. Жәнімпаздың бұдан кейінгі ғұмырлары енді Ғарышқа бағытталады.

Вивекананда осы ғұмырында үнді-түрік ұлттық кармасын аяқтады.

ТИМУР ФРУНЗЕ

1923 жылдың 5-ші сәуірінде Украинаның бұрынғы астанасы — Харьков қаласында дүниеге келген. Үш жасында жетім қалып әпкесі Татьянамен бірге деревнядағы әжесінің үйінде тәрбиеленді.

Кейіннен бұларды, әкелерінің қарулас досы, маршал Климент Ефремович Ворошилов асырап алды. Ол жетімдерге әке орнына әке болды, жақсы тәрбие мен білім берді.

Тимур арнайы артиллерия мектебін бітіріп артиллерист мамандығын алып шықты, алайда үнемі ұшқыш болуды аңсады. Ақыры, арман жетегімен Качинск ұшқыштар мектебіне келді.

Өзінің соңғы шайқасынан бірнеше ай бұрын Тимур ментал және астрал дүниелерінен, өзінің физикалық дүниедегі өмірінің қай жерде және қандай жағдайда аяқталатыны жайлы мәлімет алды. Оның соңғы шайқасы өуелі астрал дүниесінде болып өтті де, артынша физикалық дүниеде қайталанды. Тимур он рет өуе жорығына ұшып шығып, өз қолымен жаудың төрт ұшағын атып түсірді. Кейінгі екі ұшақты ол соңғы шайқаста, жаудың сегіз ұшқышымен жекпе-жекте құлатқан. Осы шайқас кезінде ол ұшағы өртенген командиріне қонуға мүмкіндік алып берді.

Оның соңғы құбылуының ерекше мәнділігіне сөйкес, ол атып түсірген ұшқыштар қазақ жеріндегі неміс ошақтарында дүниеге келді. Жәңгілмен басталған шәкірт және әріптес ретінде кездескен олар, Петр патшаның кезінде басталған неміс халқымен екі аралағы әріптестікті ізгілікпен аяқтады.

Бұл құбылуда ресейліктің қармасы толық жүзеге асты. **Жәңгілмен, эволюциялық спиральдің соңында ғана Қазақ жерінде Қазақ Халқының Ұлы болып туудың хұқығын алды.**

Тимур соңғы шайқасында өзінің жараланған командирін құтқарамын деп құрбан болды.

Тимурдың өмірі эволюциялық спираль бойынша Спартак өмірін қайталау болып табылады. Әскери ұшқыштың Москва түбіндегі көп бөлімшелердің бірінде қалып өмірін сақтауына, кейіннен үлкен лауазымға жетуіне болар еді. Олай етудің орнына Тимур майданға сұранып, Демянск плацдармы үшін Старая Русса маңында жүріп жатқан кескілескен ұрыс майданына аттанды. Өз жанын қиып, командирі Шутовпен бірге отыз бомбалаушының шабуылын тоқтатып, көптеген солдаттардың өмірін сақтап қалды. Спираль бойынша қайталану заңына сөйкес, Алматыда жасақталған 316-шы дивизия Москваны қорғап алғаннан кейін Тимурдың сүйегі жерленген Крестцы қаласына аттанды. Бұл — Красстың легионерлерін талқандаған саяқ баһадүрлерінің жолын қайталау еді. Олардың тап сол сарбаздардың өзі екендігінде ендігі жерде күмән болмаса керек.

Соғыс аяқталғаннан кейін Тимурдың әпкесі Татьяна Михайловна рұқсат алып бауырының сүйегін Москвадағы Новодевичье зиратына қайта жерлеген. Ал Тимурдың өзі соңғы шайқасын астрал дүниесінде одан әрі жалғастырып, о дүниеде Жер уақытымен тура қырық күн өмір сүрді. Сол 1942 жылдың 1 наурызында Тимур астрал дүниесін тастап шығып ментал дүниесіне өтіп, онда аз ғана сәтке бөгелді. Оның әлжуаздау ментал денесінде ментал дүниесімен байланыстыратын күшті тамыры жоқ еді. Әлсіз тән тез ыдырап Универсал Ғарыш Модулін азат етті. Модуль Биік Тіршілік Иелерінің дүниесіне шұғыл көтерілді.

Өзінің барлық қарыздарынан босап шыққан болашақ Ғарыш Сарбазы өзінің өткенінен тартылған себеп пен салдардың ізін көрді, содан кейін Универсал Ғарыш Модулінен алып бұрынғы өткен ғұмырларының санасын қалыпқа келтірді.

Сонымен қатар ол өз әкесінің бірнеше бұрынғы ғұмырын танып, замандастары үшін жұмбақ болып қалған Михаил Фрунзенің қолбасшылық дарынының сырын ұқты.

Император Наполеон мен князь Багратионды Бородино шайқасында шендестірген қарманың қанды гүйіні ХХ-шы ғасырдың басындағы ұлы қолбасшының ошағында Ғарыш Сарбазының тууымен шешілді.

Фашизммен күресте өмірлерін қиған мыңдаған боздақтардың бірінің есімі осы ошақта туғанда ғана сақталар еді. Әуеде өткен көп шайқастың бірінде өлген Тимурдың есімі ұлы қолбасшының баласының есімі ретінде ғана сақталып Ақ Сарбаз санасында қайта жаңғырығар еді.

Одан кейін Жеңімпаздың Универсал Ғарыш Модулі өзінің келесі құбылуы жайлы және Жердегі соңғы ғұмырында қай мекенде қай халықтың перзенті, қандай ошақтың ұлы болып туатыны жайлы мәлімет алды.

Сонымен қатар Универсал Ғарыш Модулі осы соңғы ғұмырдағы азапты сын жайлы да хабар алды. Ол өзінің қандай қармалық қарыздарды өтеуге міндетті екенін көрді және төрт төңіректің барлығы дұшпан қоғамда жалғыздықта өткен ұзақ жылдардан кейін барып, өзінің Ғарыш Сарбазының күдіретіне ие болуға лайықты құрбандыққа жететінін ұқты.

Спартактың апостол Павелге тиянақ болғаны сияқты, Тимур да Ғарыш Сарбазына тиянақ болды. Эволюциялық кіші сатылар Тимурдың қысқа ғұмырының құрбандығының арқасында аяқталған болып есептеледі.

Бұл құбылудың, Жеңімпаздың Жердің шегінен шығып шексіз Ғарышқа апарар эволюциясының соңғы сатысын негіздеген құбылу ретінде ерекше мәні бар.

АҚ САРБАЗ — ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ПЕРЗЕНТІ

Әлемдік Зұлымдықты Жөнүші, Ғарыш Құрылысшысы, Жаңа Дүниелерді Ашушы, Сенушілердің Әміршісі, Құтқарушымыздың Таңдаулы Шәкірті, Аталық Негіздің Иесі Ғарыш пенен Адамзатқа Жер бетіндегі Сәналы тіршілік эволюциясын аяқтау үшін Ұлы Қазақ халқы тарапынан Сыйға тартылған.

Жеңімпаз, Қазақ Халқының Перзенті деген атын басқа лауазымдарынан жоғары қояды және өзінің барлық өткен ғұмырларын Қазақ жерінде тууға деген дайындық деп есептейді. **Жеңімпаздың бұл құбылуы оның Жер планетасындағы соңғы ғұмыры болып табылады.**

Қазақ Халқы Перзентінің Жердегі эволюциялық жолының аяқталуы, түптеп келгенде Ғарыш Бауырластығының өкілетті елшісін кері шақыруы болып табылады. Оның бірегей эволюциялық мұраты таусылған болып саналады. Осыдан келіп оның ауыр міндеттері, өміріндегі тиісінше шектеулер және аз ғана жеңілдіктер келіп шығады.

Эволюциялық мұратты абыроймен тауысу үшін Ғарыш Құрылысшысына ерекше хұқық пен өкілеттер берілген:

— оның, астрал және әсіресе ментал дүниесін Эволюцияның алтыншы сатысына өтуге керекті күйге келтіруге хұқығы бар;

— кабаттас дүниелерге әсер етіп эволюциялық процестерді жылдамдатуға хақылы;

— Эволюцияның келесі, алтыншы сатысын анықтауға және тудыруға хұқығы бар;

— өзі тандап алған алтыншы саты халқының перзенттерін жаңа Отанына көшіруге керекті уақытты белгілеуге және оларға жаңа басшы тандап беруге хақылы;

— Жерде, жеке адамдардың, халықтардың, қоғамдық, саяси және діни қауымдастықтардың болашақ тағдырына бағыштап айнымас кармалық байланыстарды қалыптастыруға хұқығы бар. Бұл кармалық жазмыш Женімпаздың Жердегі өмірі аяқталған екен деп теріске шығарыла алмайды. Ол қайтып келіп өз кателерін түзете алмайды, осыдан оның әрбір әрекет үшін ерекше жауапкершілігі келіп шығады. Оның Жердегі ғұмыры аяқталуға таяған сайын бұл жауапкершілік арта түседі;

— өзінің өткен ғұмырларын бүкіл кармалық байланыстары ізімен білуге хақылы;

— құпия білімнің физикалық дүниеде қалыптаса бастаған бөлігін паш етуге хақылы. Таза ой дүниені құпия түрде ғана түлете алады;

— келмекке кетіп бара жатқан жан ретінде, соңғы ғұмырының соңғы кезеңінде өзі үшін, ал осыдан келіп бүкіл адамзат үшін кез келген ахуал тудыруға хұқығы бар. Бұл хұқықты алғаннан соң ол адамзатқа гүл құшақтап келіп Мейірбандыққа үйретпек болған, алайда 1986-шы жылдың желтоқсанында болған қантөгіс кезіндегі қандастарының қазасы оны, қолына семсер алуға мәжбүр етті. Бұл ахуал оған әлдеқайда таныс. Қолына семсер алып, Эволюцияны ешкім де одан артық аяқтай алмайды.

Қазақ Халқының Перзенті өзінің Жер бетіндегі соңғы ғұмырында бұрынғы ғұмырларын қайтадан кешіп шықты. Жеке карма қалыптастырған ауыр құбылулар оның соңғы өмірінің барысында толығымен қайталанды. Болашақ Женімпаз барлық кармалық қарыздарын қайтарды. Женімпаздың соңғы ғұмырында бұрынғы құбылулардағы барлық ауруы мен сырқаттары қайталануға тиіс. Ауыр кармалық қарыздар тек осылай ғана қайтарылады. Тіпті Ғарыш Бауырластығына осынша еңбек сіңірген бұнын өзіне де Ғарыш занының алдында ешқандай жеңілдік тиесілі емес.

Өзінің кармасына сөйкес, Ақ Сарбаздың коммунистік партияның жастар ұйымына енуі де үлкен мемлекеттік лауазымдарды иемденуі де мүмкін емес.

Исламның, христиан мен буддизмнің ұлы жауынгері және уағыздаушысы ретінде Құдайға сенушілердің Иесі ешбір конфессияның құрамында бола алмайды, ал саяси партияларға мүлдем кіре алмайды.

Ислам Жердегі соңғы дін болып, енді ешқандай пайғамбарлар болмайтындықтан, Ақ Сарбаздың шәкірттері мен апостолдары болмайды.

Жақын пен Самсонның қарыздары, Жаратушының Саулға берген жазасы жиналып келіп болашақ Ғарыш Сарбазының соңғы ғұмырында сөулеленді. Бұл оның аяқталып келе жатқан эволюциялық спиралінің соңғы шиыршығы. Ондаған ғұмырларға созылған цикл тұйықталды. Ақынның, философтың, математиктың қабілеттері бұрынғысынан әлсіздеу қайталанды. Көптеген өміршілер құбылулары дами келе билікке деген жиринішке айналды. Кешілген эволюциялық сатылар оған ментал дүниесіндегі оқиғалардың барысына есер етуге және солардың танбалануы арқылы астрал, одан өрі физикалық дүниедегі оқиғаларды белгілеуге құқық береді.

Осыдан, Жеңімпаздың, тылсымды шала-пұла меңгерген алаяқтарға карағанда болашақты әлдеқайда дәл және егжей-тегжейлі болжай білетін қасиеті келіп шығады. Жеңімпаздың ашылмаған мекендерге тұрақты бағыты Ғарыш Колумбын келешекте бұрынғысынан да қызыққа толы шексіз Ғарыш кеңістігіне алып шығады.

Ақ Сарбаздың соңғы ғұмырының аяғында Жарық Күштерінің Түнек Күштерін жеңуіне өкелген Жауынгер қармасы оның негізгі эволюциялық нысанасы болып табылады.

Ғарыш Бауырластығында қалыптасқан дәстүр бойынша, Әзезіл планетасындағы өз эволюциясын аяқтап келе жатқан Жер адамдары Жарық Күштерінің аса сенімді сарбаздары болып саналады. Олар Ғарыш Бауырластығының ерекше сүйіспеншілігі мен құрметіне ие. Бұл — Люциферден келген жалғыз ғана пайда. Оның Тозағының шеңберінен өткендер, Ғарыш Бауырластығының жағымды ортасында басқа, игілікті дүниелердегі тұлғалардан анағұрлым тез дамиды. Жердегі соңғы өмірін аяқтаған Ғарыш Құрылысшысының алдында бұрынғыдан да ауыр эволюциялық жол жатыр. Оның жинақтаған эволюциялық игілігі Жаңа Кармаға айналады. Келесі эволюциялық шиыршықта оны не күтіп тұрғанын барынша дәл болжауға болады.

Жеңімпаздың жердегі ғұмыры, оның өз мұратын орындаудағы принциптері мен жұмсаған қаруының ендігі алтыншы және жетінші сатыға мүлдем керексіздігінен аяқталып отыр. Алтыншы сатының негізгі эволюциялық принципі — Мейірбандыққа бөрінен гөрі Аналық Негіз лайық келеді.

Сондықтан, Ақ Сарбаз Жердегі миссиясын аяқтап болғаннан кейін, өз билігінің белгілері, өкілеттері және Эволюция Туын өз еркімен мейірбан Аналық Негізге табыс етеді.

Жердегі эволюциясы аяқталғандығының белгісі ретінде Ақ Сарбазға жеті деген эволюциялық сан берілді.

Өткеннің, Бүгіннің және Ертеннің үшбірлігінің символы ретінде үш рет қайталанған бұл сан, оның рухани жетілуін көрсететін 777 деген Қасиетті Санды құрайды.

VII. АҚ САРБАЗ

Ғарыш заңдары бойынша болашақ Ақ Сарбаз да бұрынғы Ғарыш Елшілері сияқты тек қана рухы биік көшпенді елден шығуы тиіс еді.

Ғарыш Сарбазына бұйырылған миссияның айрықша маңыздылығы мен шұғылдығына байланысты, Ақ Сарбаз 1942-ші жылдың 19-шы қаңтарында өткен өзе шайқасындағы өлімінен соң астрал және ментал дүниелерінде тура қырық күн болды да, Ғарыш Бауырластығының алдына өкелінді.

Ғарыш Сарбазына лайық білім мен өкілеттер берілген күні 1942-ші жылдың 1-ші наурызында оның Универсал Ғарыш Модулі анасының энергетикалық арнасы арқылы физикалық дүниеге тартылды да, белгілі бір уақыттан кейін Ақ Сарбаздың эволюциялық дәуірін аяқтайтын физикалық дүниедегі соңғы өмірі басталды.

Енді Ақ Сарбаз, 7 жасқа дейінгі балалық шағының дайындық кезеңі ретінде жеке қаралуына байланысты өзінің рухани өрлеуінің барлық жеті циклынан өтуі керек еді:

- | | |
|---------------------------|---------------------------------|
| 0. 7 жасқа дейін. | Балалық шақ. |
| 1. 7-ден 14 жасқа дейін. | Физикалық дүниеге сініп кетуші. |
| 2. 14-тен 21 жасқа дейін. | Адасушы. |
| 3. 21-ден 28 жасқа дейін. | Ізденуші. |
| 4. 28-ден 35 жасқа дейін. | Құдайдың алдына келуші. |
| 5. 35-тен 42 жасқа дейін. | Ғарыш Сарбазы. |
| 6. 42-ден 49 жасқа дейін. | Эволюциялық Құрылысшы. |
| 7. 49 жастан бастап... | Жана Әлемдерді ашушы. |

Нольдік цикл

Балалық шақ

Туғаннан кемелденген жасына дейінгі Ақ Сарбаздың тағдыры М.Ю.Лермонтовтың өмірін толығымен қайталайды деуге болады.

Екеуі де өз елдерінің астанасында дүниеге келді. Лермонтовтың балалық шағы әжесінің, бүгінгі Пенза губерниясындағы Тарханы атты иелігінде өтсе, Ақ Сарбаз да екі жасынан қырдағы киіз үйде нағашы апасының бауырында өсті.

Болашақ Ақ Сарбаз кішкентай жасынан хан әулетінің перзенті ретінде тәрбиеленіп, тегіне сай көшпенділердің қоруы мен сый-құрметіне бөленді. Араларынан жұлдызы жарқыраған нарт-баһадүрдің туатынына нық сенімде ұстайтын ұлттық менталитетінен айырылмаған саһаралықтар арманшыл, сұлулыққа құштар баланың бойынан өздерінің болашақ Ақ Сарбазын жазбай таныды.

Далаға күздің аяғында келген бала көктем туғанда ерекше өсерге бөленді. Өйткені, көктемнің шуақты күні қу медиенге кенеттен жан бітіріп, гүлдене құлпырған көк кілемге айналдырып еді. Жайлауға көшкенде, қырдағы көл айдынындағы шағылысқан ақ шанқан гүлдер оның жан дүниесінде бұрынғыдан да күшті тебіреніс туғызды. Күдіретті сұлулыққа берілгені соншалық, осы ғұмырында бірінші рет төңірегіндегі тіршілікті ұмытып, сонынан іздеп келген ағайын-туыскандары есін жиғызғанша қиялға шомып отыра берді.

Баланың жан-дүниесінде нендей оқиғаның болғанын жүректерімен түсінген сезімтал саһаралықтар қуғын көрген хан әулеті ұрпағының келешекте кім болатынын да сезді.

Далалықтардан бірде-бір адам, тіпті режимге еріксіз қызмет еткендерді қойып, өз еркімен қызмет істеп жүргендеріне дейін бұл құпияны Әзәзіл Империясының тіміскі тыңшыларына жеткізген жоқ — болашақ Ақ Сарбаз қазақ балаларының арасына сіңіп кете барды.

Ауыл балаларымен бірге ол күндіз қозы бағатын, өзенге шомылып балық аулайтын, тұзақ құрып қоғанын тәтті тамырын іздейтін, ал кеш болса ауылдың алты ауызы — халық өндеріне құлақ түретін, күймен сусындап, ұлы батырлар жырын тындайтын.

Болашақ Ғарыш Жауынгерінің тек қана Қазақтың Даласында өсіп жетіле алғандығын адамзаттың білгені жөн. Мейірбан әрі өте балажан қыр халқының арқасында ол соғыстың ауыр жылдарынан және одан кейінгі аштық пен жалаңаштықтан аман-өсен өтті. Қазақ әйелдері өздерінің соңғы үзім нанына дейін бала біткенге бөліп беріп олардың тірлігін, яғни ел болашағын қорғады.

Болашақ Ақ Сарбаздың балалық шағындағы ел ішінен алған өнегесінен артықты ешбір білім бере алмайды. Ұяң, елгезек қазақ балалары көшпенді өмір салтына, үй тіршілігіне, мал бағуға жастайынан машықтанады.

Сәбиді әрбір қазақтың шаңырағында ерекше жақсы көріп, тіпті қыдыр тұтып алдында бас иетіні белгілі. Ошағына таяған сәбиге дәм ұсынып кекілінен сипайтын далалықтардың мейірімді алақандарының жылуы кішкентай Ақ Сарбаздың жүрегінде мәңгіге сақталады.

Күздеудегі күндердің бірінде бұлардың киіз үйіне іргелі қойауылдағы көршісі келіп кірді. Өзі бұл өңірге белгілі күйші және термеші еді. Бұл қасиеттерімен қоса ол, жаз бойы өзіне бір ерекше сәнді тымақ тігіп атағы шықты. Тымақтың келісімді болуы үшін ол талай түлкінің терісін ұзақ таңдауға салды. Мұнан соң шешесі теріге лайық мақпал мен түрлі тігін жіптерін және астарын тауып берді. Бұл өнерге оның барлық туыскандары

кызу атсалысты. Ал, айналадағы ел болса мұндай сирек оқиғаға құлағын түріп қызыға әңгімелеп отыратын.

Ақыр соңында, күзде тымақ та дайын болып, оны киіп алған жігіт әншілер мен күйшілердің басы қосылатын үлкен тойға аттанды. Жолшыбай ол біраз бойын жылытып хабар алмасу үшін бұлардың үйіне ат басын бұрған еді.

Шай ішіліп, үлкендер жайбарақат әңгіме-дүкен құрып жатқан кезде кішкентай Ақ Сарбаз қонақтың тізесіне шығып алды да, жылынған соң сол күйінде ұйықтап кетті. Бой жылытып дәм татқаннан кейін үй иелері қонақтан тойға дайындаған ән-күйлерінің біразын орындауын өтінді.

Шай ішіп отырған қонақ ұйқыдағы сәбиді бір қолымен сүйеп отыр еді, енді, қолына домбырасын алу үшін ол кішкентай Ақ Сарбазды өзінің жанына, текеметтің үстіне абайлап жантайтты. Осы сәтте ол сәбидің мандайы жіпсіп тұрғанын сезіп, салқын ұстап қалмасын деп, өзінің сәнді тымағымен қымтай салды, ал бұны сезе қойған Ақ Сарбаз жылыну үшін тымақтың ішіне ене түсіп, ыңғайлана жатты.

Бұл сәбилік шағында Ақ Сарбаз да, барлық балалар сияқты, ұйқылы-оюу кезінде ментал, астрал және физикалық дүниелерде бір мезгілде бола алатын қасиеттерге ие еді.

Орындалған көне күйлердің күмбірлеген ырғақтары сәбидің әлі жабылып үлгірмеген таза центрлерін тұтатты да Ақ Сарбаз шұғылалы кеністікке ұшып кетті — ол жердегінің бәрі оған сондай таныс еді және сол жақтан қатал физикалық дүниеге оның оралғысы да келмеді...

Ауылға жарықта жетіп алайын деп жолға шығуға ыңғайланған қонақ домбырасын қабына салып, киіне бастады.

Осы сәтте, көп жылдан соң Ақ Сарбазға халқының жан-дүниесіндегі ең асыл қасиеттерін ұғынуға көмегін тигізген ерекше бір оқиға болды. Тымақ астында бойы жылынған сәби көсіліп шалқасынан аунап түсті де бас киім оның астында қалып қойды. Тымақты алу үшін баланы ояту қажет еді, бірақ қазақтың бұлай істеуге қолы бармады. Оның өзі де жана ғана орындаған күйлерінің әсерінде еді, сондықтан ол ұйқыда жатқан Ақ Сарбаздың осы сәтте қандай әсем дүниелерде жүргенін жүреппен де сезген болуы керек.

Өзінің сәнді тымағына бола ұйықтап жатқан сәбиді оятудан бас тартқан қарапайым дала перзенті тектілік пен мейірбандықтың ұлы үлгісін көрсетті. Қонақтың игі ісі оны кейіннен ерекше құрмет пен даңққа бөледі, ал әзірше ол, өзіне бір ескі бас киім бере салуды өтінді. Бұл, бұрын атасы киген, Ақ Сарбаздың тымағы болып шықты. Тым кең болғасын әжесі тымақтың төбе жағын қысып, балаға дәлдеп тігіп берген еді, енді қонақ әжейдің көктеген жерін бәкісімен сөге салғанда ескі тымақ оған да дәл бола кетті.

Осының бәрін ол ойланбастан, жылдам істеді де, абыржып қалған үй иелерінің қарсылығына қарамай үйден шапшаң шығып кетті.

Осылай, Ақ Сарбаз Саһаралық Тектіліктің алғашқы нақты сабағын алып, өз халқының заңдарын тани бастады.

Атасы Ақ Сарбазға бала кезінде-ақ санасында ерекше бір із қалдырған Өмір дәрісін беріп еді. Ерте көктемде бұлардың киіз үйіне бір бейтаныс жолаушы келіп кірді. Жұпыны киінгені, аштықтан жүдегендігі байқалады. Саһараның мызғымас заңы бойынша қонаққа жылы-жұмсақты беріп жақсылап күтті. Аунап-қунап әл жинаған соң ол жол жүруге қамданды. Осы кезде Ақ Сарбаздың әжесі бейтанысқа тамақ салып берді де, атасы болса үстіндегі шапанын шешіп, бас тартқанына қарамай жолаушының иығына жапты.

Қонақ ұсынылған сыйды лайықты қабылдап, «Алла разы болсын» айтып жүріп кетті.

Кішкентай Ақ Сарбазды жолаушының жөн-жосығын білу қызықтырмап еді. Ал атасының қылығына таң-тамаша қалды. Жаздың ыстығына дейін әлі біраз уақыт бар. Атасы үстіндегі жалғыз шапаның өзгеге неліктен берді?

— Қонақ кәдесін бұзғанша шапансыз қалғаным артық,— деп жауап қатты атасы,— мүмкін осы шарапаттың қайтарымы болып аш-жалаңаштықтан құтылармыз.

Буырқанған көктем өтіп қырға аптап жаз келді. Бір күні Ақ Сарбаз көшкен ауылдың жұртының үстінен шығып күшіктің қынсылаған дауысын естіді. Бұтаның арасынан ол бір кішкентай қара күшікті тауып алды.

Соғыстан соңғы жылдары Далада ит атаулы өте сирек кездесетін. Ақ Сарбаздың атасы осының алдында ғана біреуден оннан астам қақпанға айырбастап алған сары итке дән риза еді.

Қатты қуанған бала күшікті қойнына салып алды да жүгіріп үйіне келді. Немересінің олжасына атасының қуанғандығы сондай, шағын той жасады. Екі көзінің үстінде ақ белгісі бар төрткөз қара күшік сырттан иттің тұқымы болып шықты. Бұндай төбет ежелден келе жатқан ең алғыр тұқымға жатады деп түсіндірді атасы.

Күшігінді қалай атайсың дегенде, Ақ Сарбаз иттің төсіндегі белгіге қарап оны Ақтөс деп атады.

Дастарқан басында атасы осындай үлкен сыйы үшін Құдайға шүкірлік қылып түнеукүнгі қонақты ризашылықпен есіне алды.

Күшік өзін ит-құстан сақтап қалған кішкентай Ақ Сарбазының иісін өбден біліп алды. Оны МӨҢГІЕ өзімнің Ием деп таныды. Тіпті кейіннен адуынды төбетке айналып атасына еріп қой бағуға шығатын болғанда да Ием деп Ақ Сарбазды ғана мойындайтын. Кеште отарды айдап келіп шарбаққа кіргізіскеннен кейін ол баланың аяқ жағына кеп жататын. Түн болса түздің заңын бұзып төбет киіз үйдегі иесінің жанына жайғасады, салқын түндерде Иесін өз денесімен жылытады.

Қазақ Даласында жаңалықтар ешқандай техникалық құралсыз-ақ адамнан адамға, ауылдан ауылға тез тарайтыны белгілі, сондықтан

кішкентай Ақ Сарбаздың ғажайып олжасы туралы хабарды да ұзынқұлақ жан-жаққа тез таратты.

Ақтөсті жай ғана көру үшін келгендер де, болашақтың қамын ойлап, құрып кетуге таяған қазақтың қойшы итінен тұқым алғысы келгендер де болды. Ен соңында бұлардың үйіне Ақ Сарбаздың атасына ру жағынан аға болып келетін ен үлкен қонақ келіп түсті. Қонақтың Ақтөсті тінте қарап, тандай қағып бас шайқағанынан-ақ Ақ Сарбаз өзінің досынан айрылу қаупі төнгенін сезіп, ең ауыр сынға дайындала бастады.

Шынында да солай болды — дәстүрлі көрісу мен мал-жанның амандық-саулығын, жер-судың жайын сұрасатын үйреншікті әңгіме барысында келуші көкейдегі мақсатын білдіруге ыңғайлана бастады.

Саһара салтына сай ең маңызды бұйымтай ешуақытта тікелей бетке айтылмайды, астарлы сөз арқылы ғана білдіріледі. Бұл далалықтардың туа біткен сыпайы мінезінен, әрі қонағын ерекше сыйлайтындығынан келіп шығады. Сондықтан елімізде европалықтарға мүлдем түсініксіз, рәсімге айналған түрде өтініш білдірумен қатар адамның көңілін қайтармай, бас тартудың да салты қалыптасқан. Мысалы, туыстасу мақсатымен саһаралықтың үйіне келген қонағы Жаратушы-Төңіріміздің берген үш күнінен артық қонбайды. Осы уақыт ішінде бұйымтайынан басқа кез келген жағдайды қамтитын байыпты әңгіме айтылады. Әңгіме барысында мейман мен үй иесі бір-бірінің тұрмыстық жағдайына, ата-тегіне қанып, өздерінің және бұйыртса, болашақ отау иелерінің руаралық, салттық үйлесімдігін анықтап, бағалайды. Ақыр соңында қонақ жол жүруге жинала бастайды. Егер екі жақтың да бір-біріне көңілі толып, әңгімесі жарасса, үй иесі мейманынан бұйымтайын айтуды сұрайды. Ал қонақ болса, сол жерде өзінің баласына үй иесінің қызын алып беру туралы құдалық сөзін айтуға міндетті. Келіскен жағдайда үй иесі абыроймен құдалардың келетін уақыты мен орнын белгілейді де, далалық дипломатияның осыған қатысты күрделі жұмыстары басталады.

Егер үй иесі құда болуды қаламаса, онда ол қонақтан бұйымтайын сұрамайды да, құда түсуші бұны үй иесінің шырай бермегені деп түсініп, артық сөзге бармастан қонаққа лайықты сый-құрмет пен абыройға бөленіп қайта береді. Болжамдаған туыстықтың бір жері қонақтың көңілінен шықпай жатса, онда ол үй иесінің көңілін ренжітпей, осы сөтке лайықты, дәстүрлі сөздермен бұйымтайын басқа шаруаға аударып, тату жүзбен қоштасады.

Қазақ даласында ру ішінде орны биік туысқанның талабын орындамауға мүлдем болмайды, ал қонақ болса осы салттың бұлтартпас жорасын жасауға кірісіп-те кеткен еді. Мал бағудың қиындап кеткенін және осы қыста қасқырдан келген шығынды ұзақ-сонар әңгімелеген ол өзінің отарына сенімді қорғаушының қажеттілігін баса айтып, ақырында үй иелерінің алдына қазақ даласында өте бағалы боп саналатын сыйлықтарды жайып салды.

Бұлар сол кездегі ең қажетті оқ-дәрі, киім және көйлектік мата еді. Саһара салты бойынша кішкентай да болсын сыйлықтан бас тарту —

ұсынған адамды қорлағандық болып есептеледі, сондықтан Ақтөстің тағдыры да шешілуге таяғаны анық еді.

Ақ Сарбаздың атасы бөсен дауыспен өзінің майданнан жуықта ғана оралғанын, соғыстан алған жарақаттарының өлі жазылып үлгімегенін, жақсы итсіз отардан айрылуы мүмкін екенін қонағына түсіндіруге тырысты...

Алайда қонақ иіле қоймады, керісінше — саған туыс жақын ба, ит жақын ба? — дегуге өзір еді.

Бұдан соң ешқандай бас тартудың лажы да қалмайтыны анық. Атасының күйінген түнеріңкі түріне қарап Ақ Сарбаз өзі бірінші рет көріп отырған мына бір кісіге досын беріп жіберетінін түсінді. Атасының жарықшақтар жаралаған аяқтарының қандай ауыратыны оған белгілі еді. Ауа-райы бұзылған түндерде ауруы жапына батқан атасының ыңқылын жиі еститін, сонда әжесі оның жаралы қыр сүйегі мен табанына май жағып, дала шөбінен қайнатылған шипалы тұнбаны ішкізетін.

Халқының күрделі салт-дәстүрін жете түсінбесе де, Ақ Сарбаз өзінің Ақтөсіне ешқандай сыйлықтың теңдес емесін анық білді және шарасыздықтан жылай бастады. Алайда оның әжесі осынау қасіретті тығырықтан шығудың тамаша әдісін тапты. Оған өз туыстарының мінез-құлқы мен талай сырлары да белгілі еді. Ақсақалдың айналасына әйгілі болған сәнқойлығын және жұртта жоқ әдемі заттарға әуес келетінін де жақсы білетін. Қонақ болса жуықта ғана бірнеше қой беріп айырбастап алған белдігінің күміс нақыштарын тамашалауға шақырғандай болып, қайта-қайта түзеп қойып отырған.

Ақ Сарбаздың әжесі ақтық сөздің айтылар сәтін түп-тамырынан дәл басып орнынан тез тұрған бойда сандықтың ішінен немересіне сыйлыққа берілген баяғы тымақты шығарды. Өздеріне берілген бағалы сыйлық пен қарттың қамқорлығына шын жүректен алғыс айта отырып, сыйға сый ретінде бізден де мынау сыйлықты қабылдауыңызды өтінеміз,— деп оған тымақты ұсынды.

Еркектік мінезіне сай қонақ тымақты немқұрайды пішінмен қолына алып, оның төбесіндегі өрнегін айналдыра бір қарап, өрттей құлпырған түгін сипап көрді. Ақырында ол, бұл тымақтың осы жерлік сәннен өзгеше тігілгеніне назар аударды. Тымақты жиектеген кезде шебердің әдейі қалдырған, жалт-жұлт етіп құлпырған түлкі құйрығы тымақтың желке жағынан төгіліп, бөрікке ерекше бір әсемдік беріп тұрды. Бұл тымақ туралы қарт бұрын да естіген болуы керек, бірақ дәл осы сәтте көргені түздің тарлан серісіне ерекше әсер етті. Өзінің жасанды селкостығын зорға жасырып отырған қонақ тымақты басына киіп, әжей ұсынған айнаға қарады...

Осынау салтанатты сыйлықты тезірек қабылдап, қойауылдың сыртына шыға салысымен тымақты киіп алып, желе-жортып үйіне жетуге асығып отырғаны және ауылдағы жұртты дүр еткізіп, бір тамсандырсам шіркін,— деген ойы оның көздерінен-ақ білініп тұр еді. Әрине ол өзінің қандай бұйымтаймен келгенін есіне де алған жоқ. Алғысы келмегендей сынаймен

тымақты кабылдаған қария, оны бөйбішесі үшін әжейден сыйға тартылып отырған орамалға ұқыптылықпен орап, қоржынына салды. Бұдан кейін ол мырзалық көңілмен шанырақ иелеріне қош айтысып жолға аттанды.

Осылай Ақ Сарбаз саһаралық дипломатияның тағы бір сабағын игерді. Баланың Дала тіршілігіне сінуі жалғаса берді де, ссейе келе ол өз халқының руханиятине тереңірек үңіліп, бойына сіңіре бастады.

Өмір болса өзінің дәрісін жалғастыра берді — көп ұзамай бала оның ащы сабағының да дәмін татып, өміріндегі алғашқы айрылу қасіретін бастан кешті.

Жазғы көшіп-қонудан кейін олар саманнан соғылған бірнеше үйлерден тұратын малшылар ауылында қыстайтын. Осы жерде Ақ Сарбаз әкесі соғыста қаза болған, өзімен жасы құрдас бір баламен достасты.

Ол ұяң, үндемейтін бала еді. Әйтеуір, Ақ Сарбаз екеуі мықтап дос болды. Бір күш оларды бір-біріне тартып тұратын. Қыз достар үшін білінбей тез өте шықты. Бұлардың тіпті жазғы жайлауларының да көршілес болуы кездейсоқ емес еді. Олардың киіз үйлері көктеуде де, жайлауда да, тіпті күздеуге көшкенде де көрші қонды. Ақ Сарбаздың досы жуырда ғана күйеуге шыққан үлкен әпкесінің қолында анасымен бірге тұрды. Қаза болған жауынгердің өзге балалары да бұл үйде тұратын, бірақ шаңырақтағы жалғыз еркек кіндік осы бала болатын. Сол себепті, анасы да, әпкелері де осы жалғыз ұлды алақандарына салып аялап өсірді. Олардың мейірімі мен қамқорлығының нұры оның досына да төгіліп жататын. Ақ Сарбаз да оларға бауыр басып, өз ұлдарындай болып кетті. Жылдың жайма-шуақ мезгілін достар жайлау маңындағы көл жағасында бірге өткізді, ал қыста тағы да бірге, туған ауылдарында болды. Бірақ келесі көктемде олар жайлауға бөліне кешті де, жаз бойы Ақ Сарбаз өзінің досымен күзде қалай кездесетінін ойлады. Алғашқы қансонарда тұзақ құрып, тамыздыққа қурай жинап, ал қыстың ұзақ кештерінде екеуі Даламыздың ұлы батырлары туралы айтатын әжесінің аңыздарын бірге тыңдауды армандады.

Жаз бітпейтіндей ұзаққа созылды, Ақ Сарбаз болса досын әбден сағынған еді. Ақырында бұлар қыстаққа да көшіп келді. Бірақ досының үйі бұл жылғы өзге орында қыстап қалған екен. Ақ Сарбаз үшін доссыз өткен бұл қыс тым суық әрі шексіз ұзақ болып көрінді. Оның көңілін бір ғана үміт жылытушы еді — ол өзінің досымен көктемде міндетті түрде кездесетінін білетін, өйткені атасы немересіне досының үй-іштері жазғы жайлауда оларға жақын қоныстанатынын айтқан.

Шынында да, көктемде бұлардың ауылының жанынан оның досының отбасы көшіп өтті, алайда киіз үйлеріне ат басын тіреген қонақтардың арасынан ол өз досын көре алмады. Атасы бұл кезде отарын бағып өрістеген жүрген, сондықтан қонақтарды әжесі қарсы алды. Апасының қайғылы түрінен және көз жасынан Ақ Сарбаз түзеуге келмейтін бір ауыр жағдайдың болғанын ұқты...

Бір-бірімен жылап көрісіп, дәстүрлі жоқтауын айтып шерін тарқатып болғаннан соң ақырында досының анасы жылы шыраймен мейірлене Ақ Сарбазға қаралы да былай деді:

— Айналайын! Досыңнан айрылып қалдық. Досың, биылғы көктемде өзендегі мұз ойылып, суға құлап денесіне суық тигізіп алды, қатты ауырды. Ауырып әл үстінде жатқанда да ол үнемі сені сұрап, атыңды атап шақырумен болды. Демі үзілер алдында есін жиып, үлкен ер-азаматтай бәрімізбен қоштасып, туыстарына басу айтты. Сонғы өсиетін айтып ол өзінің мүлкін таратты, ал саған, әулетіндегі жалғыз ер-азамат ретінде өкесінен мұраға қалған мынау бір затты беруді тапсырып кетті.

Осы сөздерді айтып досының анасы Ақ Сарбаздың басынан аялай сипап, оған түсті шүберекке оралған затты ұсынды. Қайғысы жанына тастай батқан баланың көңіл-күйінде не болып жатқанын түсінген ана оны жұбата бастады:

— Жә, жылама қарағым, берілме қайғыға! Досың өлген жоқ, ол ата-бабаларымыздың аруағы тұрып жатқан дүниеге қайтты. Біздің бәріміз де бұл жалғаннан қайтқанда сол, өлмес жандар дүниесінде өзіміздің жақынтуысқандарымызбен жолығамыз. Барлығымыз да о жаққа қайтамыз және бір-бірімізбен кездесеміз!

Бұл, Ақ Сарбаздың өміріндегі ең қайғылы, әрі ретімен жалғасқан айрылу-күйзелулерінің алғашқысы еді.

Омырауына дала жусанының ащы түнбасын жағып баласын айнытатын анадай, өмірдің өз рахатынан қалай түңілдіретіні оған әлі беймәлім еді.

Киіз үйдің ішінде жатып, шаңыраққа қарап ол, осы дүние мен ата-бабалары аруақтарының дүниесін өмірге келтірген Жаратушыдан өзін досымен кездестіруін тіледі.

Ақ Сарбаз ол кезде өзінің жетінші көктеміне қадам басқанды. Өмірінің жетіге еселі жылдарында ол бір рухани сатыдан келесісіне өту ахуалын басынан өткізіп отыратынын әзірше білмейтін еді. Өміріндегі ең қуатты рухани шапағаттануының дүмпүлері әрқашан бір рухани сағыдан келесі сатыға көтерілген кезеңдерінде өтетін. Ақ Сарбаздың досынан айрылуы да қалаға оралар алдындағы алғашқы өтпелі кезеңге дәл келді.

Даланың таза аурасында жүріп ол өзінің қиын жолына дайындық кезеңінен өтті және Ғарыш заңдары бойынша жаңа білім алу хұқығымен қатар қабаттас дүниелерге зиярат етудің ерекше хұқықтарына ие болды. Сондықтан, бұндай айрылуларды ол уақытша ажырасу деп ұқты және ата-бабаларымыздың аруағы өмір сүріп жатқан дүниеде өзінің досын қайтадан жолықтыратынын, сөйтіп екеуінің бұрынғыдан да биік деңгейде кездесе алатындығын білді.

Қайғылы күн ешқашан бітпейтіндей болып көрінді. Ақырында қойын айдап атасы да келді. Кешкі тамақ үстінде ол өзінің сол кездегі жалғыз ғана немересімен үлкен адамдай сөйлесіп, жұбату сөздерін айтты. Әжесі, жанындай жақсы көретін сүйікті немересінің көңілін сыйлап досының аруағына бағышталған ас әзірлеген екен. Атасы төс қалтасынан бөкісін алып ет турай бастады. Атасының қолындағы пышақтың жаныла-жаныла өбден таусылуға айналған жүзіне қарап отырған Ақ Сарбаздың есіне күндіз, онашада дұрыстап көріп алған досының сыйлығы түсті. Атасы

немересінің қолынан гүлді шүберекке оралған затты алып байлауын шешті де, ішінен ертегіден шыққандай әдемі бөкіні алды. Қола жапсырмасы бар, мүйізсапты, ұзындығы үлкен кісінің алақанынан аспайтын пышақтың сыртқы түрі көзтартарлықтай еді.

Бөкіні ашып, атасы оның жүзінің өткірлігін тамсана бағалады да табактағы қалған етті рахаттана тұрап бітірді. Мұнан соң атасы бөкіні мұқият сүрттіп, бүктеп жапқаннан кейін ұқыптылықпен қабына орап заңды иесіне қайтарды. Оның қолдарының аздап қалтырағанынан Ақ Сарбаз атасының өз дәрежесіне лайық ұстамдылық танытқанымен қандай толқуда отырғанын түсінді.

Атасының көне пышағының жұқарған жүзіне, тозып шытынаған сабына қарап отырып, кішкентай Ақ Сарбаз саһаралық жомарттықтың заңдарын орындау жолындағы өзінің алғашқы қадамын жасады. Бұл дүниеден ерте қайтқан досынан қалған жалғыз естелігін ол қос қолымен ұмтыла созып атасына берді.

Ол уақытта бұндай пышақ ақылға сымас байлық болып есептелетін. Немересінің мәртебелі сыйлығына көңілі елжіреген атасы оған ерекше ризашылығын білдіріп батасын берді.

Таңертең атасы қоржынына жарма мен ұн толтырып, алдына бір қойды өңгеріп алды да, осылардың бәрін жесір әйелдің ауылына жеткізіп тастады. Атадан қалған жалғыз тұяқ — бұл дүниеден қайтқан баланың қырқын беруге бірнеше күн қалғаны атасына белгілі еді. Даланың салты бойынша қайтыс болған адамның отбасына қарымға сыйлық беруге болмайды, бірақ жесір әйелдің үй-іші бастан кешіп отырған қиын жағдайда баласының қырқын беруге жасалған бұл дәстүрлі көмек көршісінің намысына тимейтін қолғабыс еді.

Ақ Сарбаздың атасы аз сөйлейтін тұйық мінезді адам болатын, сондықтан немересінің де, онымен жасы қатарлас өзінің кішкентай балаларының да тәрбие жағына аз араласатын. Бала-шағасы оны тек қана кешке, ұйқыға кетердің алдында ғана көретін, өйткені таң ата салысымен ертерек, балалар ұйқыда жатқан кезде ол отарын айдап, өріске апаратын жолға шығып кететін.

Тек бір рет қана ол немересіне, бүкіл ғұмыр бойы оның есінде сақталатын сөздер айтты.

... Бұл оқиға көктемгі жер қарайып, қыстақтағы балалар асық ойнауға кіріскен кезінде болды. Ойынның бір сәтінде, көрші үйдің баласы «асықтарды үру ережесін бұзып ұттың» деген жала жауып Ақ Сарбаздан ұтылған асығын тартып алуға ұмтылды. Жанжалдан төбелес шығып, ересектердің содырларды бір-бірінен айыруларына тура келді.

Ақ Сарбаз өз ісінің дұрыстығына сенімді болатын. Неге екені белгісіз, көршінің баласы оны көрген жерден-ақ ұнатпай, үнемі қағытып, мұқатуға тырысты, сөйтіп жүріп ақырында ұтылып қалғанына іші удай ашып ызаланған еді.

Атасы немересін сабырмен тындап болғаннан кейін оған былай деді:

— Тексіз біреумен таласқа түскенің жараспайды. Хан әулетінің ұрпағы бұлай істемейді! Өз тегінің абыройы мен даңқын сақтап бұндай ерегестен өзінді жоғары ұста!

Болашақ Ғарыш Жауынгерін тәрбиелеу осылай жүріп жатты. Бірер уақыттан сон Ақ Сарбаз атасының алдында өзінің игі істері арқылы халқының қасиетті заңдарын қабылдап, бойына сіңіргенін дәлелдеп берді...

Кейіннен, есейіп, рухани дамудың биігіне шыққан кезде, Ақ Сарбаз қазақтардың нәліктен осынау физикалық дүниеге аз байланып, бұл жалғанда өздерін қонақтай ғана сезініп өмір сүретіндігінің сырын түсінді. Қыр адамы ғұмыр бойына жоқшылыққа төзіп, қиындыққа шыдап мал жинайды. Бұның өзін қыз ұзатып, келін түсіруге шашады. Немесе аруаққа ас, садақа беруге барын төгеді. Осылайша қазақтар өз қармасын барынша жеңілдетіп қабаттас дүниелерде жедел өрлеуге қол жеткізетінін Ақ Сарбаз ұқты. Сәби тыныштығын бұзбаймын деп өнерпаз өзінің біркіер сәнді тымағын қиып тастап кеткені оның есіне оралды. Ал жесір ана болса одан да жоғарғы салттықтың игі ісін жасады. Ол баласының өсиетін орындап досына пышақты өз қолымен әкеп табыс етті. Көктемгі жұтан мерзімде ашыққан отбасына үн мен ет қаншама қажет болса да ұлының пышағын саудаға салған жоқ. Тіпті солай істесе де ешкім оған кінә таға алмас еді. Жалғыз ұлының соңғы аманатын жерге тастамаған аяулы ана қайран халқының қарапайым заңын бұлжытпай орындады.

Осылайша болашақ Ғарыш Жауынгері түздің тұрғыны үшін мәңгі рухын аумалы материядан қаншама биік екендігінің нақты дәлелін алды.

Балалық дәурен жарқ етіп өте шықты да кішкентай Ақ Сарбазға Алматы түбіндегі шағын ауылда тұратын ата-анасының қолына қайтатын кезі де таяды. Бұл 1949-шы жылдың күзі еді. Жолға шығардан бұрын жеті жасар Ақ Сарбазды Биік Күштердің үкімімен руының үлкен ақсақалы тегіне сай дәстүрмен физикалық дүниеде өлі АЙҚЫНДАЛА ҚОЙМАҒАН рухани патшалықтың тағына көтеру рәсімін орындап, оған:

— халқыңның қорғаны бол,

— кез келген ісінді аяғына дейін жеткізуге ерікті бол,

— тек қана беруші бол және қос қолыңмен беретін бол,

— қажет болса, туған халқыңның қарызын өтеу үшін жаныңды құрбан етуге дайын бол — деп, батасын берді.

Бұл киелі рәсім өте құпия жағдайда өтті, бұған ең жақын туыстары ғана қатысты. Биік Күштер өз құпияларын мұқият сақтайды. Жердің аман қалуының соңғы үміті — Ғарыш Жауынгері болып белгіленгендіктен Ақ Сарбаз, коммунизм насихатшылары тарапынан: онбайтын надан, пайда-сыз, арамшөп іспетті — деп, толығымен құртылуға кесілген халықтың ішінде туды.

Қазақ халқы тағдыр төлкегіне ақырына дейін көнді, өзінің генетикалық қорының басым да асыл бөлігінен айырылды. Халықты түгелдей азып кетуден сақтағаны, оның жүрегіне жазылған — халқын құрсаудан босатып, жарық дүниеге алып шығатын Ұлы Сарбазына деген өшпес сенімі ғана еді.

Ұлы Ғарыш шайқасына дейін түнек күштеріне танылмауы үшін Ақ Сарбазға қарапайым бет әлпет пен тым күшті емес дене берілді.

«Ең әлсіз — ең күшті», — дейтін қармалық қағида осылай жүзеге асты.

Саһараға апарғандағыдай жеті жасар Ақ Сарбазды Алматының іргесіндегі поселкеге күздің аяғында әкелді. Бұл жерде ол жана тәжірибе жинақтаудың қатал мектебінен өтіп бұрынғы ғұмырларынан қалған қармалық қарыздарын өтеуге міндетті еді.

Түзде Ақ Сарбаз өзімен тек қана қайырымды қармалық байланыстағылардың арасында болған. Ал енді, қала іргесінде, мектептегі, көршілерімен арадағы жалғасып жатқан қайырымды байланыстарымен қатар оған өзімен ұнамсыз қармалық байланыста тұрғандармен де бетпе-бет кездесуге тура келді.

Кішкентай Ақ Сарбаз жана ортаға тез үйреніп алып, бірнеше айдың ішінде орыс тілінде еркін сөйлейтін болды.

Ол қайтадан қаланың іргесіндегі көп ұлтты поселкенің балаларының ішіне сіңіп кетті де олардан ештемесімен ерекшеленбеді. Көзге ілінбес бірінғай поселкелік балалардың ішінде болашақ Ғарыш Сарбазының жүруі мүмкін деп қараңғылар сіре ешқашан да ойламаған болар.

Сонымен, Физикалық дүниеге сіңіп кетуші деп аталатын оның бірінші жетіжылдық циклы басталды.

Бірінші цикл

Физикалық дүниеге сіңіп кетуші

Ақ Сарбаз қалаға кетсе де, Даламен арадағы байланысы үзілген жоқ. Қалаға келген жақын-жұрағатының бәрі Ақ Сарбаздың әке-шешесіне сәлем беріп кіріп шығатын. Ал ата-әжесі жылына бір рет күзде қалаға мал айдап келеді. Ақ Сарбаз келгендерден өзінің иті жайлы сұрастырар еді.

Атасы оған Ақтөстің аман-есен екенін, бұрынғыдан да күшті болғанын, манайда өзімен теңдесер иттің жоқтығын айтады. Бұған әр кез қуанған Ақ Сарбаз өзінің досына арнап кәмпит пен тоқаш беріп жіберетін.

Уақыт өте берді. Атасы тағы да қалаға мал айдап келді. Ақ Сарбаздың иті туралы сауалына жауап қатпады. Тек кетерде ғана Ақтөстің өліп қалғанын естіріп, немересінің көз жасын көргісі келмей жолға тезірек аттанып кетті.

Келесі көктемде бұлардың ауласына бір сары күшік кеп кірді. Үй мен Иесін өзі таңдап келгені тағдырдың бұйрығындай көрініп Ақ Сарбаз екінші итке Ақжол деп ат қойды.

Күзде қалаға мал айдап келген атасы өсіп қалған Ақжолды көрді. Ең әуелі иттің азуы мен аяқтарын бажайлап қарап шығып көзінің үстіндегі екі ақ белгіге назар аударды.

— Бұл да көне тұқым болмағанымен қорушы болуға өбден жарайды, — деп жауап берді.

Ақтөс сияқты бұл күшік те Ақ Сарбазды ием деп таныды. Ойынға барса да, өзенге шомылуға жүгірсе де, қожасынан бір елі қалмайтын. Елеусіз жүріп ол кеуделі, сіңірлі, қайсар мінезді барак ит болып өсті. Қаланың аула күзетуші иттерімен таласқанда ойсырата жеңуші еді. Ақ Сарбаз өз досын мақтаныш тұтатын.

Ол кезде поселкеде дуал қою әдеті жоқ еді, тіпті дуал тұрғызатын тақтай да таптырмайтын, себебі бір тілім қарағайдың өзі үй құрылысына жұмсалатын. Иттер түнде шынжырдан босатылып аула мен бақшаны күзететін еді. Соғыстан кейінгі мазасыз уақытта әр үй үшін қорушы ауадай қажет болды. Сөйтіп Ақжол отбасының бір мүшесіне айналды.

Елді мекен үлкейе берді. Жаңа тұрғындар иттің түрлі тұқымдарын алып келді, ақырында ауылда тайыншадай шығысевропалық овчарка пайда болды — бұны демалысқа шыққан әскери адамның үйелмені өкелді. Иттердің амалсыз талас-тартыстары басталды. Жаңа келген ит айналадағы бөрінің зәресін ұшырып дәуірлеп шыға келді. Ақжолды жекпе-жекке шығару үшін Ақ Сарбаздың құрбыластары оны үгіттей бастады. Ақжолдан әлдеқайда ірі овчарканы көріп жүретін Ақ Сарбаз өз досы үшін қобалжулы еді. Соған қарамастан шайқас басталды.

Бұл Ақжолдың ең қиын жекпе-жегі болды. Жау күшті еді — әуелгіде кәдімгідей үстемділік көрсетті. Ақжолдың мойыны мен құлақтары қарсыласының өткір тістеріне тілгіленіп қаны сорғаласа да тегеурінге төтеп берді және өз ауласы мен көшесі үшін келімсекпен ақырына дейін төбелесті. Шетелдік иттің оны өзінің салмағымен мыжығанына бой бермеген Дала төбетінің жауынгерлік рухы Батыстың асыл тұқымынан биік боп шықты.

Шайқас созылған сайын овчарка қалжырап алқына бастады. Ақжол болса жаңа бусанып еті өбден қызып алған еді. Ақырында Ақжол қоян-қолтық айқасқа төжірібесі жоқ, адам талауға ғана машықтанған шекарашы иттің әлсірегенін сезіп шырқобелек айналып, бүйірлете шабуылдап, жауының ең осал жеріне өткір азуын аямай салды.

Шабуыл шеңберін барған сайын тарылта берген Ақжол, соңында иықтан кеудемен қақырата ұратын әйгілі соққысын қолданды. Овчарканың төрт аяғы көктен келген осы сәтте Ақ Сарбаз Ақжолды алып кетті, әйтпегенде қарсыласының күні бітетін еді.

Кеудемен иықтан ұрған соққы мен жеңілген жаудың жалынышты қынсылы Ақ Сарбаздың санасында баяғыда Саһарада өткен, балалық шағында болған бір жекпе-жектің елесін оятты. Онда әлі жас Ақтөс кеудемен ұрып ауыл иттерінің көсемі — алпамсадай кенігі төбетті алып соққан еді.

Кейін Ақ Сарбаз бұл оқиғаны ұмытып кетті. Ақжол қартайып барып өлді. Ақ Сарбаз болса сезімі мен түйсігіне, ақылына ғана сенетін бозбалалық шаққа жетті.

Аулада иттің болғанын төуір көретін дәстүрге сай, Ақ Сарбаз иттің түрлі тұқымынан күшіктер асырап көрді. Біреуін көшеден тапса, баскасын арзан бағаға сатып алды, ал енді бірін тұқым-шежіресі толығымен жазылған құжатына қоса қымбатқа сатып әкелетін. Ит тауып беріндер деп достарынан да өтінді. Бірақ бәрінің нәтижесі біреу ғана еді. Асыраған күшік өсе келе жоғалып кететін. Осылайша он жыл өтті. Өлген Иттің рухы аулаға басқа иттерді жібермей тұрғанын, сол себепті оның Өзінің қайтып келуін күту керек екенін әжесі немересіне ұғындырған болатын.

Ол кезде Ақ Сарбаз Ғарыш заңдарынан бейхабар болатын және өзінің жай адамға төн ауыр кармалық қарыздарын өтеу үстінде еді. Енді оның карма шиыршығы бірнеше оралым жасап үлгірді, тындырған қайырымды істері де көбейді.

Бір күні үйіне қайтып келе жатып поселке шетіндегі карамай шалшығына батып жатқан ақ күшікті көзі шалды. Күшіктің жабысқак шалшықтан шыға алмай әбден қалжырағаны байқалады. Адам баласын көргенде ол өз тілінде көмек сұрап жалбарынды.

Ақ Сарбаз шалшықтың шетіне жақындап күшіктің көзіне карағанда әлдебір таныс түйсікті сезді. Әсіресе ақ күшіктің қабағының үстіндегі кара ноқаттар көзіне оттай басылды.

Шалшық аумақты жерді алып жатқандықтан күшікке жету үшін Ақ Сарбаз бірнеше тас төседі. Күшікке енді жетіп көтере бергенде аяғы тайып шалшыққа түсті де кетті. Аяқ киімін шалшыққа қалдырып олжасын газетке орап кеудесіне қысқан күйде үйіне жалаңаяқ қайтты. Күшік өзіне таныс иісті сезіп иесін таныған еді.

Үйіне келіп Ақ Сарбаз күшікті тамақтандырды да күйіп қалған қарны мен аяқтарына тотияйын жақты. Күшік оны жалаймын деп бүкіл тұмсығын көк дәріге былғап алды. Алайда оның бұдан кейінгі қылығы бұл кезде ақыл мен қисынға ғана сенетін Ақ Сарбазды танымының дұрыстығына күмәндануына мәжбүр етті.

Жан-жағына қарап алған күшік кері қайтып дарбазаның түбінде тұрған ит үйшігіне кірді де төсеніш үстіне жатып алды. Бүкіл жатысынан оның ақыр соңында өз ауласы мен өз үйіне жетіп, өз иесін тапқандығы көрініп тұр еді.

Күшіктің ақшыл түсі түрткі болып, Ақ Сарбаз оны Ақбас деп атады.

Бұл кезде поселкенің бос жерлерінің бөріне жарасымды үйлер салынып дуалдар тартылды, жұрт енді сезімтал, сак қанден иттерді ұстайтын болды. Тіпті экзотикалық иттерді асырау әдетке айнала бастады.

Ақбас жетіліп тамаша итке айналды, бірақ бұрынғыдай ызакор емес. Ақ Сарбаз тіпті оның итке төн емес мінез көрсетіп бұралқы иттерді ертіп келіп өз итаяғынан асырап жүргенін, танертен оның үйшігінен бірнеше қаңғыбас иттің бірге өретінін байқады.

Аула мен тамақ, үйшік, иттің бөлінбес еншісі болып табылады. Сол себепті Ақтөс пен Ақжолдың мұрагерінің мінезіндегі бұл өзгерістер, егерде бұл үшеуі бір ит болса, осы үш ғұмырының ішінде ізгі жолда жетіліп айуан

жолынан бас тартып өз бойында жана қасиеттер қалыптастыра бастаған деген ойға жетеледі. Ақбас өзінің жауынгерлік қасиеттерін жоғалтқан жоқ және оны сиректеу болып тұратын жекпе-жектерде дәлелдеп те жүрді. Өзінің тұрқының шағындығына қарамастан ол едәуір биік дуалдардан қарғып өте беретін.

Ақбастың карма шиыршығы тағы да оралып келіп, ол өзінің бұрынғы жекпе-жегін қайталады. Бірде оның ауласына көрші көшеден тайыншадай ала ит — шетелдік дог келіп кірді де Ақбастың достарын қуалай бастады. Өз көшесінде қожалық етіп үйренген Ақбас басқыншыға дүрсе қоя беріп өзінің айтулы соққысына салды. Сол сәтте, өмірінде бірінші рет алып иттің тегеурінінен кері серпіліп, құлай жаздап бойын әрен түзеді. Бірақ тумысында қорқып көрмеген Ақбас қайтадан шабуылға шықты. Зәр шашқан дог оған қарсы ағылды. Ақбас екпіндеген күйі оның бауырына кіріп кетіп жұқа шапка азуды салды. Ауыр жарадан есі шыққан дог майдан алаңынан безіп шықты.

Осының барлығын бақылап тұрған Ақ Сарбаздың, бір иттің өзіне үшінші рет келіп тұрғандығына ендігі жерде ешқандай күмәні қалмады.

Ақбас қым-қуығ ұлан дәуренін сүрді. Кемеліне келгенде үлкен атак пен абыройды иеленді. Қартайғанда ол өбден алжып көзі көрмейтін, құлағы естімейтін болды. Тіпті өз адамдарына да үріп қоятын. Ұмытпағаны — Иесінің ИІСІ.

Бұл Ақ Сарбаздың Ғарыш Шайқасына қатысып үлгірген, өзінің өткен ғұмырларын білетін және сәуегейлікке ие болған кезі еді. Бірде ол Ақбас пен оның достарының әңгімесін анық естіді. Олар өз тілінде Ақбастан:

— Иеңе үлкен ризашылық нышанын көрсетесің бе,— деп сұрады. Ақбастың шынжыр мен қарғыбауды білмей өткен азат өмірі иесінің мейірбандығын, жақсы асырағанын дәлелдейтін, сондықтан Ақбас тұқымдас-тарына, иттің иеге деген ерекше құрметінің дәстүрлі белгісі бойынша, өз өлімтігін қожасына көрсетпейтінін білдірді.

Жаздың демалыс күндерінің бірінде Ақбас Ақ Сарбаздың аяғына тақалып ұзақ жатты. Сәлден соң оның қолын жалап, келесі кездесуге дейін есіне сақтағысы келгендей иесін ұзақ иіскеледі. Артынша орнынан ақырын көтеріліп, шайқастың бірінде жараланған алдыңғы оң аяғын сылти басып, көшемен төмен қарай жүре берді. Бұрылысқа жеткенде ол артына бұрылды. Көшесіне, үйі мен иесіне ұзақ қарап тұрды да, ақырында бұрылысты айналып көзден ғайып болды. Бұның мәнісін Ақ Сарбаз бірнеше апта өткеннен кейін барып білді. Ақбастың ауыл сыртындағы сайлардың біріне өлуге кеткенін, енді оны күтудің керегі жоқтығын түсінді.

Содан кейін хикімет тағы қайталанды — Ақ Сарбаздың ауласына оң жыл бойы ит тұрақтамады.

Ақтөс-Ақжол-Ақбас өзінің иесіне қайтып келе ме? Мүмкін Ақ Сарбаз бұл жалғандағы қалған ғұмырын, өз эволюциясындағы ерекше қасиет — Иесіне деген **АЙНЫМАСТЫҚ ПЕН АДАЛДЫҚТЫ** дамытқан төрт аяқты досынсыз өткізер. Ол тек осы қасиетінің күшімен Жаңа Әлемнің түрлі

тузақтарынан аман өтіп, Эволюцияның келесі Айналымында өзінің Иесімен Саналы Тіршілік Иесі ретінде кездеспек.

Ғарыш Зандарына сәйкес, туыстас рухтардың арасындағы байланыс үзілмейді және Ақ Сарбаз қай қияға шықса да Ақбас үшін Биік Тіршілік Иесі болып қалады. Өз досымен биік денгейлерде кездескенде Ақ Сарбаз оған келесі планеталық оралымдағы бұдан да күрделі және қиын өмірінде жәрдемдеседі.

Шамасы, Ақбас құлдардың көсемі және ақын, жауынгер және саяхатшы, немесе ғұлама философ болар сөйтіп, ғұмырының аяғында Өз Итін күтер,— осылай шексіз жалғаса бермек. Данте бұл жол жайында анық біліп, өзінің «Күдіретті комедиясында» астарлап айтып кеткен:

101. ... бірақ та айбынды
102. Ит жетіп, күйер сонда Зұлымдық.

(Бірінші жыр)

Ақ Сарбаздың мектептегі өмірінің соғыстан кейін жетілген балалардың дәуренінен еш айырмасы жоқ.

Ақ Сарбаз оқыған поселкелік орыс тілді мектепте коммунистік оқу-ағарту жүйесімен сыйыспай жер аударылып келген мұғалімдер болды. Бұлар негізінен алдыңғы қатарлы, озық ойлы, өз ісіне берілген адамдар еді.

Бұл мектепте классикалық музыкадан сабақ оқытылып, кештер өткізілетін, орыс және шетел әдебиеті классиктерінің шығармалары бойынша сахналық ойындар қойылатын.

Ақ Сарбаз мектепте басқа пәндерден гөрі тарих пен әдебиетке ден қойды. Пәнді оқытушылардың арқасында Ақ Сарбаз мектептің өзінде тамаша білім алды, өзге сабақтардан да үлгірімі жақсы болды.

Бала жасында оған тарих пәнінен Ұстаз жіберілген болатын. Ол кішкентай Ақ Сарбазға оның бұрынғы есімдерін айтып берді. Қарапайым ауыл мұғалімі ежелгі дүние тарихын тура сол оқиғаларға өзі де қатысқандай айтатын.

Айбатты ірі денелі, дудар ақ шаштары бұрқыраған, мейірімді көгілдір көзді жан еді. Аты да Інжілдегідей Гавриил болатұғын.

Оның сабақтарында сілтідей тыныштық орнайтын. Ен содыр сотқарлар мен жатып ішер жалқаулардың өзі демдерін ішіне тартып оның өңгіме-леген ертегідей әлемдеріне кіріп кетеді.

Сұрғылт, тозыңқы халаты бейнелі кимыл үстінде бірде перғауынның киіміне, бірде батырдың сулығына, бірде рим әміршілерінің жамылғысына айналатын. Қолындағы мензегішін семсер секілді сермеп, найзадай нұқып ол шөкіртінің сана қатпарында көне дүние оқиғаларына өзі қатысқандай мазан естеліктер тудыратын.

Ұстаз өзінің сүйікті қаһармандарын әңгімелегенде ерекше шабытқа енетін. Ақ Сарбаз реформашы-перғауын Эхнатон жазған «Күнге мадақ» гимнің тұңғыш осы кісінің аузынан естіді. Спартактықтар патшасы Леонидтің қасіретті тағдыры өсершіл баланың жанын терең тебіреніске түсірді. Ұстазымен бірге ол Ескендір Зұлқарнайынның жорықтарына қатысты, Аристониктің күн қаласын салды, құлдардың көтерілісі мен Спартактың ақырғы шайқастағы өлімін қайтадан басынан кешті. Осы өсерлердің барлығы кейіннен Ақ Сарбаздың өтіп кеткен басты есімдерін есіне түсіруіне көмектесті, ал әзірше ол физикалық дүниеге бұрынғысынан да тереңірек сүнгіп жана тәжірибе жинақтауын жалғастыра берді де ақыр соңында өзінің екінші оралымына Адасушы ретінде келіп енді.

Екінші цикл

Адасушы

Қыр халқының туыстық ара-қатынасы қашанда берік. Ақ Сарбаз мектепте оқыған кезінде және студенттік шақта да Дала төсіне жиі келіп ағайындарының арасында дем алып аң аулайтын.

Міне осы кезде ол Түздің төрінде ғана ашылатын өзінің ерекше қасиеттерін сезе бастады, бұл кейіннен оны өз эволюциясының тұғырына дейін көтерді. Сол себепті ол аса жауапты шешімдерді міндетті түрде Қырға шығып, халқымен бірге қабылдайтын.

Ұлы Даланың кіршіксіз аурасынан ерекше қуат алып Биік Дүниелермен байланысқа шығатын. Рухани өрлеуі үшін өте маңызды кие мен қасиетті және алтыншы саты халқының қалыптасуының басты дәуірлеріне байланысты жаңа білім мен өкілеттер алатын.

Кармасының қалайша тез шиыршықтала бастағанын Ақ Сарбаз Далала бозбала кезінде байқады.

Нағашы ағасы тұратын ауылға алғаш рет қырғауыл атуға келген болатын. Ақ Сарбазбен бірге қазақ халқына құрметпен қарайтын курстас досы да келді. Дала халқының арасында болып қайтуға ол өзі ниеттенген еді.

Ақ Сарбаз досы екеуі әуелгіде ауыл маңында қырғауыл аулады. Қонақ үшін бұл қызық саят, ал Ақ Сарбаз үшін балалықтың бал дәурені өткен мекенге, шомылған өзеніне, суықтан тонғанда барып жылынған ыстық шағылдарына зиярат еді.

Ауыл жанындағы аңшылық олжаға онша бай бола бермейді. Алайда олардың қоржыны құр қайтқан күні болған жоқ. Алтаның аяғында қойшыларға қыстау салып жүрген нағашысы қайтып келіп, бәрінің таңертен алыстағы көлдерге аттанатынын, нағыз аңшылықтың не екенін сонда көрсететінін мәлімдеді.

Алагеуімнен тұрған бұлар ауылдың ортасында енді жүргелі тұрған ауыл ауқаттыларына арналған жүк машинасына кеп мінді де жолсеріктерімен сәлемдесіп, отыратын ыңғайлы жер іздей бастады.

Аншының жіті көзімен жолаушыларды шолып өткен Ақ Сарбаз олардың қаруының сай екенін, кейбіреуінде тіпті бұл өнір үшін таңсық құлақсыз, қосауыз мылтықтың бар екенін байқады. Киімдері де үйлесімді — барлығы кенеп күрте мен аншының ұзын қоныш етігін киген. Машина қорбының бір бұрышында аншылық жабдық пен балықшының ауы, бір жәшік шарап пен сыра, бір дорба тұз тұр, тіпті қазан-ошағына дейін бар. Қысқасы, жарактану деңгейлері өте жоғары еді.

Бұл салтанатты көрген Ақ Сарбаз өзінің мақталы сырмасы мен керзі етігінен ұялды, аншылардың арасында сирек кездесетін, оқпаны тозған ескі мылтығын алысырақ тығып тастады. Кенеттен башылығы бар кенеп сулық киген аншылардың біреуі қораптан асыла еңкейіп, жүргізушіге белгі беріп машинаны тоқтатты да, бұратаналарға деген жиіркенішін жасыра алмай уәж көтермес дауыспен бұлардың түсіп қалуын талап етті.

Нағашы ағасының өтініш дәлелдері ешқандай әсер етпеді — бұлармен бірге қонағы келе жатқандығы, бұл — Дала қонақжайлығын бұзу боп саналатындығы — мұның бәрі келімсектер үшін бос сөз еді. Бұдан кейін сөзге Ақ Сарбаз араласты, үш адамның машинаға ауыр жүк болмайтындығын, оның үстіне көліктің мемлекеттікі екенін естеріне салды. Алайда олар илікпеді, тіпті нағашы ағасының — тым болмаса жарты сағаттан соң жолға тастап кетіндер, олжаларына ортақ болмаймыз,— деген сөзіне де тоқтамады. Ақырында әбден қорланған ағасы машинадан секіріп түсті де Ақ Сарбаз бен оның досына түсуді бұйырды. Қаһарына мінген Ақ Сарбаз кетіп бара жатқандарға: олжасыз, құр қол қайтындар, — деп тілек айтты.

Олар болса жауап ретінде қалып бара жатқандардың киімін, жарағын, әсіресе олжаға арналған үлкен иыққаптарын келеке қылды. Машина бұларды шаңға көміп алға оза берді, ал қораптан:

— Бізге де ататын аң қалдырындар! — деген кекесін күлкі, әжуа-тілектер естіліп бара жатты.

Машина сонынан ойлана қарап қалған ағасы — алыс көлдерге бүгін барудың да керегі жоқ шығар, себебі күн қанқызыл болып атты, көп ұзамай батыстан өкпек жел соғады,— деді.

Қыр адамының көпшілігі сияқты, оның да жан дүниесі ойшыл болатын, күйбең тіршілікті жек көретін, шақырмаған жерден аулақ жүретін және жазмышқа сенетін.

Ал Ақ Сарбаз бұл кезде әділеттік туралы өзінің ғана түсініктерін мойындайтын. Машинаны қайтар жолда тосып алып дөңгелегінен атуға серт етті. Алайда нағашысы жиеніне басу айтып аң аулаудың жаңа шешімін ұсынды — яғни қалыңға тіке беттеп жол бойы аң-құс қағу керек. Ортада өзі, Ақ Сарбаз бен досы қапталдай жүреді. Құсты ең жақын жүрген адам атады.

Мылтықтарын оқтап шеп құрған бұлар нағашысына бала кезден таныс шағылдағы шиырлы аншы соқпақтармен алға жылжыды. Небәрі жарты-ақ сағаттан кейін басталған саят Ақ Сарбаздың барлық ренішін ұмыттырып жіберді. Аңшылық желігінде жүріп бұлар түбектен ағатын,

жағасында сырбаз қырғауылдар үйірімен өріп жүрген жыланшық өзенге қалай жеткендерін аңғармай да қалды.

Қырғауыл аулауды алғаш бастаған Ақ Сарбаз қалың бұта арасында тұрып төбеден ұшқан қырғауылды қас-қаққанша қағып түсірер, мүлт жібермес мергендіктің құдіретін таныды.

Қалыңның ішінде ол шетелдің алысқа ататын ірі калибрлі мылтығына қарағанда бытыраны кең шашатын қысқа оқланды қарудың артық екенін пайымдады. Мылтықтың қатты тепкісін сездірмейтін мақталы сырма, керзі етік және тізесіне былғары қаптаған ыңғайлы шалбары үшін нағашысына дән риза еді.

Тегіне байланысты Ақ Сарбаз тумысынан аңшылыққа құмар болды, өйткені баһадүр бабалары ұрыстан бос уақытта жауынгерлік машығынан айрылып қалмас үшін үнемі аңға шығып отыратын.

Қонақтарының аңшылыққа жан-тәнімен кіріскеніне қарап ағасы өз міндетін ойдағыдай атқарғанын, енді бауырларына арнап патшалар жейтін тамақ әзірлейтінін мәлімдеді.

Ол әуелі отты лаулатып жақты, содан соң ең ірі екі қырғауылды таңдап алып ішек-қарнын алып тастады да, әрқайсысының ішіне бір-бір шөкім тұз салды. Содан кейін құстарды қауырсындарының үстінен айналдыра балшық жағып, алау ортасынан шұңқыр қазып, соған салды. Шұңқырды көміп, үстіне шөк ысырып ағаш қалаған соң, кешке дейін үзіліс жариялады.

Бұл кезде күн тас төбеге көтеріліп, құс біткеннің бәрі бұтаның көленкесіне тығылып қалған. Аңшылар да қатты шаршаған еді. Қонақтар өзенге шомылып салқын жерге олжаларын ілгенше тамақ та даяр болды. Нағашысы оттың күлін бір шетке ысырып, қуырылып қалған құс етін суырып алды. Содан кейін қулана жымып саз қабыршақтарын сындырды. Қауырсыны мен терісі сазбен бірге сыпырылып түсті де түйе жапырақтан жайылған дастарқан үстіне буы бұрқыраған әппақ ет түсе қалды. Бұл еттің дәмін Ақ Сарбаз өмірі ұмытпайды.

Ұзаққа созылған аялдан кейін нағашысы саятты жалғастыратындарын хабарлады, себебі күн батуға енкейді — енді құс қанатын түзейді. Солай болды да. Шеп құра жылжыған аңшылар бұтаны сүзіп, барлық оқтарын жұмсап жарты сағатта мол олжаға кенелді. Үш үлкен иыққап олжаға лық толғандықтан ауылға жетуге шама қайда, жүргінші көлік кездесер ме деген үмітпен олар жолға шықты.

Аңшылар ақырындап үздік-создық жүріп келеді. Алда басқаларынан әлуетті Ақ Сарбаздың досы, ортада Ақ Сарбаз, ең соңында асықпай нағашысы келе жатты. Ол артынан таянып қалған машина шуылын естіді де көлікті тоқтатты.

Бұл биік қорапты жүк машинасы екен. Башлықты кенеп сулық киген адам нағашысының иыққабын алды, ал қасындағалардың біреуі көтерілуіне көмектесті. Ақ Сарбаз нағашысына бағышталған құттықтауларға құлақ түрді. Ақ Сарбаздың олжасын көтеріп алғанда жаңағы қошемет таңданыс пен қызғанышқа айналды. Ал үшінші иыққапты екеулеп өрең көтеріп

салған кезде олардың үндері мүлдем өшті. Машина ауылға қарай жылжыды да Ақ Сарбаз серіктерінің жүзіне қарап отырып оларды шырамытқандай болды. Әсіресе кенеп сулықты кісі таныс. Машина қорабының бір бұрышына бекітілген жәшік, дорбадағы тұз, балықшының ауы және кәстрөл мен примусты көргенде оның барлық күмәні сейілді. Бұның баяғы сол машина екені, отырғандардың бұларды сонша қорлап тастап кеткен аздағы адамдар екені айдан анық еді. Түстері бұзылып, көздерін тайсактатып ала қашқандарына қарап Ақ Сарбаз бұлардың жолы болмағандарын ұқты. Машина қорабына зер сала көз тіккенде бір қаптын түбінде болар-болмас олжа жатқанын, ал қалғандарының бос екенін байқады.

Ақ Сарбаздың тілі студенттік ортада адамды жер қылатын асқан ұйтылығымен ерекшеленетін. Кегінің қайтқанын көріп, көңілі марқайған ол, түк білмеген адамдай әлгілерді өңгімеге тартып, олжаларын қайда жасырғандарын сұрады.

Өздерін машинадан түсіріп кеткен кісі, көлде қатты жел тұрып, үйректің ұшпағанын, бар болғаны екі шүрегейді олжалағандарын мінгірлей баяндады. Отырғандардың бағына орай Ақ Сарбаздың кекесінді толғауы ұзаққа созылған жоқ. Әп-сәтте машина межелі жерге жетті де жүргізуші сәл қиыстап, жолы болған жүргіншілерді ауыл шетіндегі нағашысының үйіне жеткізіп тастады.

Қоштасарда ағасы жүргізушіге мол үлес ұсынды — бұл Ақ Сарбаз үшін түсінікті еді — бірақ нағашысының бұдан кейінгі қылығына қайран қалды.

Нағашысы машинада отырғандардың әрқайсысына, тіпті өзін қонағы мен жиенінің алдында қорлап кеткен кісіге дейін бір-бір үлес берді.

Одан әрі нағашысы құттықтап келген көрші-қоланның барлығына да үлес таратты. Бұл дәстүрді Ақ Сарбаз бала жасынан білетін, сол себепті нағашысына ескі аңшылық ырымды атқаруға қуана көмектесті. Бірақ өзін өкпелетіп, қорлаған жанға қайырым қылуға Ақ Сарбаз әлі дайын емес болатын. Кешкі ас үстінде ағасынан бұл қылығының сырын сұрады.

Ағасы тұз адамына тән бұлтақсыз тура жауап берді:

«Таспен атқанды аспен ат» — деген, нағыз еркек үшін өзі таппаған олжаны пісіріп жеуден асқан қорлық жоқ! Мен бәрін өзімнің салтыма сай істедім, ал олар өзінің салтын ұстанды — мейлі, үйіне барғанда олжаның кімдікі екенін мойындаса болыпты.

Нағашысын қонақтарымен бірге машинадан түсіріп кеткенін, олардың еңсесі түсіп жаяу кетіп бара жатқанын, елдің көпшілігі көрген екен. Бірқалыпты ауыл өміріндегі бұл оғаш оқиға әп-сәтте сан-саққа жүгіртіліпті. Ақ Сарбаздың туыстары болса бұған қатты күйінген. Бірақ қорлаушылардың қалай масқара болғаны, нағашысының кісілік салтын қалай қолданғаны жайлы хабар ауылды алдыңғы өңгімемен қапталдай аралады. Үйдің іші «құтты болсын» айтқан туысқандарға толып кетті.

Ақ Сарбаздың әжесі қуаныштан жүзі нұрланып, сүйікті немересінің олжасынан қуырылған ыстық қуырдақты келген қонақтарға ұсынумен

болды. Қонақ үсті-үстіне келді. Аншылар кезектесіп саят барысын әңгіме қылды. Ақырында түн ортасы ауа қонақтар тарап, әрқайсысы дала салтымен олжадан тиесілі үлестерін алып қайтты.

Ол кезде Ақ Сарбаз дерекке және әділет жайлы өз түсініктеріне ғана сенетін жаста еді. Алайда арамзалықтан басталып, соңында Қайырымдылықтың Зұлымдықты жеңуімен аяқталған осы оқиғадан көзге көрінбес әділеттіліктің болуы мүмкін екенін ұқты. Ал нағашысы өзінің игі ісімен, қарапайым сөзімен оған Карма туралы бүкіл өміріне жетерлік сабақ берді.

Санасында осынау қызық күннің оқиғаларын сан рет тірілте отырып Ақ Сарбаз мынадай қорытындыға келді:

— жамандыққа үнемі жамандықпен жауап беру шарт емес;

— егер сенің бір жаққа баруыңа қарсылық туса, ол сен бармайтын орын болғаны;

— сені аластағанның бәрі саған жау емес, керісінше,— сені қуған адам өзі және онымен шиесі бір адамдар ғана болуға тиісті ортаға сені жібермей, тағдырдың қалауын орындауы мүмкін.

Түзден тыс жерде өткен өзінің онекіжылдық өмірінде Ақ Сарбазға мұндай оқиғалар көп ұшырасқан жоқ. Және ол жерлерде себеп пен салдардың арасына айлар, тіпті жылдар түсетін. Ал мұнда әділеттік үстемдік алып, шеңбердің қайта айналып соғуы үшін бірнеше сағат қана жеткілікті болды.

Ақ Сарбаз досы екеуі бірнеше күннен соң қалаға қайтты. Аттанатын күні ол түс көрді. Түсінде тағы да саятқа шыққан екен. Осыған ұқсас, бірақ сәл өзгеше жағдайда өткен оқиғаларды көрді.

Нақты дерек пен ғылыми қорытындыға ғана сенетін Ақ Сарбаз өзінің бұл түсін дененің күндізгі оқиғаларға деген қарсы әсері деп түсінді де онша мән бермеді. Бірақ санасында осы қызықты түс өзінің ең ұсақ белгілеріне дейін сақталып қалды.

Бір жылдан соң күзде Ақ Сарбаз досы екеуі нағашысының ауылына қайта айналып тағы да аншылыққа келді. Нағашысы осы кезге есептеп демалыс алған екен. Бірнеше күннен кейін бұлар Ақ Сарбаздың туыстары тұратын шалғайдағы ауылға қонаққа шақырылды. Үйлену тойына қызу дайындық жүріп жатқан. Сол себепті үлкен қонақтар күтулі еді. Алыстағылар алдын ала бірнеше күн бұрын келуі керек болғандықтан, және бүкіл туысқандарды бір жинап қауышу мақсатымен елдің бәріне арнайы көлік жіберіліпті.

Тойға дейін әлі екі күн бар. Осы аралықта туысқандардың біреуі Ақ Сарбазды қонаққа шақырды. Кештетіп Ақ Сарбаз нағашысы және досымен бірге өзен жағасындағы тоғай ішіне орналасқан қойшы ағайынның қыстауына жетті, таңертең аңға шықпақ.

Ауылдың қонағын алдымен қойшы иттері қарсы алады, содан кейін барып үй иесі шығады. Бұнда да қонақтарға қарсы кішкентай, өзі жүндес, құлағы жерге дейін салбыраған ит жүгіріп шықты. Иттің аты Дружок еді. Қонақтарға ықылас көрсеткен ол Ақ Сарбазға көбірек ұмтылып, оның

қолын жалағысы келіп, тұмсығымен түрткілеп иіскелей бастады. Әлдебір таныс иісті есіне түсіргісі келгені айдан анық еді. Ол тіпті қонақпен бірге үйге де кірмек болды, бірақ қожайындары оны сыртқа шығарып жіберді. Жалына қыңсылап есікті тырмалаған итті аяп, Ақ Сарбаз бірнеше рет сыртқа шығып Дружокка сүйек тастады. Бірақ ит тамаққа жоламаған күйі қонақты иіскелеумен болды. Ол бұл қылығынан таңертең де жаңылған жоқ. Таңғы тамақтан соң қонақтар саятқа шыққанда ит ілесе шықты. Иесі оны Ақ Сарбаздың өтінішімен бос қоя берді де, одан әрі жалғасқан барлық оқиғаның ең басты кейіпкері — осы ит болды.

Әуелгіде аңшылар соқпақты қуалай жүріп отырып, қалыңнан ашыққа тезірек шыққанша асықты. Алдарынан терек түбінде тұрған бірнеше машина мен тигулі шатырлар көзге шалынды.

Аңшылар қосын кесіп өткен бұлар асхана есебіндегі, үстін кенеппен көлеңкелеген жерде, жиналмалы үстел басында отырған қысқа буырыл шашты, кексе кісіні көрді.

Қыр салтымен нағашысы бастап келіп, олар үлкен кісіге сәлем беріп жөн сұрасты. Бұл демалысқа шыққан әскери адам екен. Ол бұрынды осы өңірде болғандығын, ал енді аңшылар қоғамының мүшелерін және өзінің бастықтарын бір аптаға алып келгенін айтты. Өңгіме үстінде ол шатыр жаққа кекесінмен қарап: менің жалмауыздарым оянды, енді дайын дастарқанға зауқы соғады, — деді.

Ақ Сарбаз аңшылар қосының үлкен талғаммен тұрғызылғанын жіті көзбен бағалап үлгірді. Асхана мен шатырларға жарық жүйесі тартылған. Қол жуғыштың қасында әлдекімдер бозарған төндерін сылап-сипап жуынып жатыр. Одан әрі көз тастаған Ақ Сарбаз өшекейлі тамаша мылтықтарды көрді, ақырында иттерге зер салды.

Бұл жерде екі сеттер, бір пойнтер, шығысевропалық овчарка мен тайыншадай шұбар дог бар екен. Аңшылықтан гөрі күзетке машықтанған соңғы екеуі Дружокқа дүрсе қоя беріп еді, қожалары оларды өрең ажыратып, қарғылап алды. Дружок болса Ақ Сарбаздың аяғына тығылып жалына қыңсылады. Ақ Сарбаз мосқал кісіден бұтаның арасында еш пайдасы тимейтін сеттер мен пойнтерді неге алып келгендерін, овчарка мен догтың не керегі бар екенін сұрады.

— Бұл бастықтардың қалауы, — деп жауап берді ол, — мен де дауласып, тура осылай айтқанмын, бірақ менің сөзім олар үшін бос нәрсе. Мына иттерімен қабан мен елікті қамағысы келеді.

Ақ Сарбаз ит қосатын европалық аңшылықтың қыр-сырын жақсы білетін. Сол себепті сеттерлер шыдаса шыдар, бірақ тықыр жүнді пойнтердің қатыспай-ақ қойғаны дұрыс екенін ұғындырды. Оның үстіне бұл иттер батпақтың құсын ғана аңдуға бейімделген, ал шіл болса, қашан үстінен ит шыққанша ұшпай жатып алады. Бұл ашық жерде ғана жақсы, ит аңшыдан көп озып отырады. Пойнтер құсты сезгенде тік тұрып алдыңғы аяғын көтереді, ал сеттер құстың табылғандығы жайлы белгі беріп жерге жата қалады. Аңшы асықпай келіп атуға ыңғайланғанда ғана барып аңшының белгісімен

бұндай иттер бас салып құсты үркітіп аспанға шығарады. Аңшы ұрымтал жерден ата береді. Ал мынандай бұтаның ішінде шалт қимылдап көздемей ату керек; оның үстіне иттің дыбысын естіген қырғауыл ешқашан тығылып жатпайды, бұл жерге европалық иттің мүлде қатысы жоқ.

Мосқал аңшы қонақтың аңшылық қыр-сыры жайлы айтқан пікірлерін жоғары бағалады және аттанардың алдында өзінің де осындай пікірде болғанын, бірақ та бастықтардың бұны келемеж қылғанын айтты. Міне, бірнеше күннен бері олар бұның ұлы екеуінің табысын ішіп-жеп үйлеріне қаттап жатыр. Ертең, жексенбі күні олар үйлеріне қайтады, себебі демалыстары бітті. Бүгін соңғы рет үлкен аңшылық жасап аңды көбірек атып үйге тез жеткіземіз, бір үлесін жоғарыдағы бастықтарға береміз, деп отыр.

Ақырында қолжұғыпштың жанындағылар рақымы түсіп, бұрағаналарға назар аударды. Ортасындағы бір қылжақбас бұлардың киімі мен қаруын тілге тиек етіп мысқылдай бастады. Әсіресе олардың күлкісін келтіргені — сабалақ жүнді кішкентай Дружок еді. Олар үшін бұл ит аңға кетіп бара жатқан нашарлардың сиықсыз серігіндей көрінді. Ең соңында мазақ болған нәрсе — былтырғыдай құсқа арналған иыққаптар болды.

Қылжақбасқа оның айтақшы иелері кеп қосылды. Сол сәтте Ақ Сарбаздың құлағына таныс сөздер келіп жетті:

— Оу, мырзалар, мыжырайған мылтықтарыңмен құстың барлығын қырып тастап жүрмендер! Әйтпесе мына дәу қаптарың олжаның салмағына шыдамай, екі ортада сөгіліп кетер!

— Ал, иті қандай, шіркін! Шамасы құстың төресін ұстауға арналған ерекше тұқым болса керек.

Бұрынғы естігенінен айнымайтын сөз, ал ең бастысы — алдында тұрған адамдардың бет-құбылысы санасында былтырғы оқиғаны оятты. Ол өзінің өткен жылғы көрген түсін бүге-шігесіне дейін есіне түсірді. Өзінің көрегендігіне сеніңкіремей, әсіресе түсінін соңындағы елестерді үркітіп алмас үшін Ақ Сарбаз келімсектерге «жол болсын» айтты да, мосқал адаммен қоштасқан үшеуі әрі қарай жүре берді.

Кетіп бара жатып Ақ Сарбаз мосқал кісінің дауыс көтере сөйлегенін естіді:

— Жергіліктілерге бекер күлмендер! Бұлар өте кішіпейіл, дарқан халық. Менің келгеніме үнемі қуанып отырады. Қылжақ қылғандарына артынан өкініп жүрмендер!

Барлық бұдан иттер сияқты Дружок та өте зерек еді. Ақ Сарбаздың көңіл-күйін дөп басқан ол, өзінің аңшылық өнерін табан астында дәлелдеді. Олар он қадам да жасап үлгірместен, Дружок бұтаның ішіне зып беріп кіріп кетті. Сәлден кейін оның әуіп еткен дауысы естілді де, артынша таныс шу шықты. Әп-сәтте тікенектің арасынан қанаты сартылдап қырғауылдың әдемі қоразы көтерілді. Ақ Сарбаз қырғауылға ең жақын тұста еді. Нағашысы мен досы алға озып кеткен. Әкесінің көне мылтығын шалт көтерген Ақ Сарбаз тирдегідей мәнермен көздеді. Гүрс еткен мылтық үні мен әуелеп барып құлаған қырғауылдың бүрк еткен қауырсыны Ақ Сарбазға

әділет үстемдігінің салютіндей болып көрінді. Дружок бұл кезде екінші қырғауылды қайырып алып келген еді. Таңғы аспанға тағы бір салют атылды. Олжасын жинап жатқан Ақ Сарбаз нағашысының құптай қол көтертенін байқады да осыны көріп тұр ма екен деп қылжақбастарға бұрылды.

Иә, олар көріпті: асыға басып шатырға кіріп бара жатқан манағы масқарапаздың иіні көзге шалынды, токмейіл бастықтар болса сілейіп тұрып қалған. Ал буырыл шашты мосқал кісінің оларға айызы қанып отыр. Оның өз адамдарына үстелді жұдырығымен тоқптап әлденені батыра айғып жатқаны байқалады.

Дружок шамасы өзін жәбірлеушілерді мүлде жер қылмақ боп бекінсе керек — нысанаға тағы бір қырғауылды айдап шықты. Содан кейін шенгелге кіріп, ұзаққа жоғалып кетті. Біраздан кейін бұтаның ішінен жүгіре шыққан ол, жұрттың көзінше Ақ Сарбаздың аяғының астына тістеп алып келген қырғауылдан тастады. Сынған қанатына қарап Ақ Сарбаз Дружоктың, орашалақ аншылар атып азапты өлімге кескен, асыл тұқымды иттері таба алмаған жаралы қырғауылды алып келгенін түсінді. Ақ Сарбаздың қошеметіне құйрығын бұлғандатып қуана үрген Дружок бұта арасына кіріп кетіп тағы бір жаралы қырғауылды алып шықты.

Мұның бәрі сілтідей тынған қылжақбастардың көз алдында өтті. Нағашысы ит пен аншыны мензеп келімсектерді келекелей күлді де Ақ Сарбазға «кеттік» деп белгі берді.

Әрі қарай оқиға өткен жылғы нұсқа бойынша өрбіді.

Нағашысы бұларды өзінің жазда қырғауылдың үлкен үйірлерін байқаған тоғайға алып келді. Аншылар қайтадан от жағып, ең үлкен екі қырғауылды сазбалшықпен сылап отқа көмді де өзенге шомылуға кетті. Түскі тамақтан соң нағашысы танергенгі олжаны алып, тойға дайындық жүріп жатқан ауылға тартты.

Аншылық билігі өзіне тиген соң Ақ Сарбаз өткен жылдың оқиғаларын толық қайталауды ойлап, бүгінгі аншылықты қалай аяқтауды сараптады.

Ішкі түйсігімен ол оқиға тізбегінің әлдеқалай ширатылып келе жатқанын, өзінің түсінде көргендерінің айна-қатесіз қызғылықты қайталана бастағанын сезді.

Әрменіректе бәсекелестердің ауыр мылтықтарының гүрсілі естіліп жатты. Атыс қарқынының бейберекет ұлғаюына қарап отырып Ақ Сарбаз олардың қашқан құсты соңынан қуалай атып жатқандарын, осының бәрі қырғауылдарды неғұрлым аулағырақ, мылтықтың қарымы әзер жететін жерге айдап салып алдарында келе жатқан иттерінің кесірінен екенін түсінді.

Одан соң аншылар үркіткен сол қырғауылдардың қол созым жердегі шағылдың қамысына келіп қонып жатқандарын көрді.

Бұл байқағандарынан келесі әрекеттің жоспарын қорытты.

Ақ Сарбаз кешке дейін үзіліс жариялап, досы екеуі бос гильзаларды оқтауға кірісті де іңірге таман шағыл ортасындағы қамыстарға қарай қозғалды.

Бәсекелестердің мылтық гүрсілі жақынлай түсті. Үріккен қырғауылдар шағыл шеңберінің ашыққа шығар мойынына қарай жүрді. Осы ауыздың екі жағына тұрып алған Ақ Сарбаз бен досы өмірінде болмаған саятты бастады. Үздіксіз атыстан құлақ тұнады, тек мылтығынды оқтап үлгіре біл, қалғаны Дружоктың жұмысы.

Мылтық оқтап жатып Ақ Сарбаз кешкі ымыртта шағыл үстіне шыға келіп жоғарыдан төмен қарай есі кете қарап қалған бағанағы аншыларды байқады. Бұл жердің бедері, кейіпкерлері төменде, көрермендері жоғарыда орналасатын, римдік театрға ұқсайтын еді. Олар шағыл үстінен бұл ақылға сымас атысқа мысы құрып қарап тұрды. Өздерінің әбден қалжырағандығы, төмен түсіп қалын қамысты жарып өтуге енді шамаларының жоқтығы, олжаларының таңертеңгі жоспарға мүлде сай еместігі көрініп тұр. Мысы құрыған ызалы дауыспен олар аншылық қызумен қырғауылдарды Ақ Сарбаз бен досының боратқан оқтарының астына қуып шығарып жатқан иттерін шақыра бастады. Ең сонынан төбеге мосқал әскери адам көтеріліп бұл аншылық хикіметті аяғына дейін тамашалады. Қас қарайды. Әрбір атыс өзінің от жалынымен зеңбірек атысын елестетеді. Бұл көріністен көрі жауынгер соғыста өткізген күндерін есіне түсірлі.

Осы кезде қырғауылдар да жер бауырлап қамыстын ішіне қонақтай бастаған. Бірақ Дружоктың тоқтайтын түрі жоқ. Ақ Сарбаз өзіне қарай екі қырғауылдың ұшып келе жатқанын, қысқа оқпанды мылтығының қарымы жетпеген досының өзіне «ат» деп айғайлап тұрғанын көрді. «Осы да жетер, олжамызды апара алмай қалармыз» — деп жауап берді ол. Алайда досы көнер емес. Ақырында Ақ Сарбаз өзінен гөрі көрермендер үшін мылтығын сәнмен көтеріп бірінен соң бірін — екі қоразды да атып түсірді. Көрермендерді енді байқаған досының мерейі көтеріліп ай-шайға қарамай бұталардың ішіне кеп кірді.

Әуелгіде олар түтінсіз дәрімен атып оқтарын тауысты да енді өздері дайындаған түтінді оқпен атуға көшті. Қайсар досы Дружоктың көмегімен үш бірдей қырғауылды үркітіп үшеуін де атып түсірді. Түтінді дәрімен оқталған мылтықтың аузынан от бүркушіден атылғандай бір құшақ жалын төгіліп, атыстан құлақ тұнды. Өздері келемеж қылған адамдардан өте көрнекі сабақ алған қызықтаушылардың әлпегінен таңертеңгі мейманасының су сепкендей басылғандығы көрініп тұр. Әскери кісінің: «Қосымызға қайталық. Бұлардай нағыз аншы, мерген сарбаздармен ашулы ажыраспай, тату тілдесуіміз қажет. Таңертеңгі өздерің мазактаған адам тура сол жерде-ақ сендерге қалай мылтық атудың сабағын берген еді... Ал енді ол, сендерді иттеріңмен қоса өзінің құлы ретінде пайдаланып мазактың көкесін көрсеткен екен!» — деген сөздері естілді.

Ақ Сарбаз досы екеуі ұзақ жүріп олжаларын жинады, иыққаптарына салып, белге таққандарынан артылғандарын екі-екіден байлап иықтарына асты. Осыдан кейін жолға шықты. Көп кешікпей олар аншылар қосына да жетті. Бұл жерде олардың қасына, өзіне күзетшімен аспазшының қосымша

міндеттері жүктелген жүргізуші жігіт таяды. Уяла кызарандаған ол Ақ Сарбазға өзінің өтінішін айтып: «Қырғауылдарыңыздың біразын сатпас па екенсіздер, тым болмаса құс төресі — қырғауылдың біреуін қалыңдығыма апарып көрсетейін» — деді.

Ақ Сарбаз оның ақша ұсынған қолын үнсіз кері ысырып, иығынан екі ірі қоразды алып ұсынды. Мұның сонынан өскери адам келіп өзінің серіктерінің атынан ең болмаса оншақты қырғауыл сатуын, әйтпесе бастықтары бұларға күн көрсетпейтінін айтып өтініш етті.

Мейірбан нағашысы жанында жоқ болғандықтан Ақ Сарбаз ардагерге өз атынан бірнеше қырғауыл ұстатты, ал қалғандарына — құрметті адамды жұмсағанша, өтініштерін өз бетімен келіп айтсын, — деп қатқыл дауыспен сәлем айтып жіберді.

Олар бұған тіл қатпай келісті. Ақ Сарбаз оларға ақшамен сауда жасау өзінің тегіне сай еместігін, сол себепті сұраған қырғауылдарын олардан артылып қалған оқ-дәріге айырбастайтынын мәлімдеді.

Айырбас екі жаққа да аса тиімді болды. Тау боп үйілген оқ-дәрі мен бытыра тағы да бірнеше күнге жетерлік еді. Жүргізуші бұларды үйіне дейін қуана-қуана жеткізіп салып өзіне тиесілі үлесін тағы алды.

Ақ Сарбаздың туыстары нағашысынан аңшылықтың қалай басталып, келімсектердің таңертең-ақ ұятқа қалғанын білген еді. Бірақ та кешкі тамақ үстінде аңшылар хикаясының жалғасын естігенде балаша қуанды. Әсіресе ұнаған жерлерін бірінен соң бірі келіп жатқан туыстарға қайталап айтуға тура келді. Тек түн ортасында ғана үйлеріне тарқаған қонақтар аңшылардан бір-бір сыбағасын ала қайтқан еді.

Бұл қызықты күн осылайша аяқталды. Ал ертесіне олар жайлаудағы тойға аттанды. Ақ Сарбаз досына өз халқының әдет-салтын көрсетпек болды. Бұл тойда Ақ Сарбазға осы өмірінің мағынасын айқындауға әсер еткен оқиға болды.

Дәстүр бойынша той үстінде аламан бәйге өтетін, аударыспақ ойнайтын және көкпар тартылатын. Ақ Сарбаз өзіне көкпар додасына түсуді лайық көріп, туыстарынан оған арнап белді ат тауып беруін сұрады.

Әдетте қонақтың көңілін қайтаруға болмайды. Ақ Сарбаздың туысқандары тығырыққа тірелді. Өйткені бұл додаға ат салысатындар әбден ысылған, аттың құлағында ойнайтын жігіттер. Қаладан келген қонақ ат тұяғының астында қалса не болды?! Қонақжайлықты бұзбай бұл тығырықтан қалай шығу керек?

Бұдан кейінгі оқиғаның барысынан Ақ Сарбаз туыстарының бұның тек қалауын біліп қана қоймайтындығын, сондай-ақ ойын да оқитынын түсінді. Олар ертеңгі жиынға дейін қонақтың күте тұрып, таңертең үйірден өзіне ұнаған атын тандап мінуін өтінді.

Жасы үлкен қария оның ең басты тосқауыл топта болатынын айтты. Додаға кіргенде әдіс пен айла қажет, ал ең бастысы — аттың басын меңгере білу керек. Бұл қала тұрғыны үшін қиындау шаруа. Ал, тосқауыл топта көкпар алып шыққан жігітті қалқалау үшін аттылар нөпірінің көп

болуы шарт. Ақ Сарбаз бұл құрметке келісіп таңертең жылқының ішінен ат тандауға келді.

Көзіне оттай басылғаны жылқы ішінен дараланып көрінген шоктығы биік, сирағы ұзын, казмойынды ақбоз арғымақ еді.

Ақ Сарбаз таңдайын қағып өз тегінің намысын қорғауға лайықты арғымақты нұсқап көрсетті.

Қасындағылар бір-біріне қарап жеңіл күрсінді де айғырды ұстап ерттей бастады. Біраз уақыттан соң арман еткен арғымағының үстінде денесін тәкаппар ұстап Ақ Сарбаз көкпар өтетін жерге қарай беттеді.

Топтын ішіндегі өз орнын ол жақсы жаттап алған еді. Көкпар басталып доладан біреу серкені алып шыққан кезде бұлар да атына камшы басты.

Ақбоз әп-сәтте бауырын жазып топтан суырылып шыға келді. Қарсы соққан желден құлақ шуылдайды. Алайда шабыс бірнеше шақырымға ғана созылды. Бірте-бірте айғырдың арыны басылып шабысынан жаныла бастады. Әуелі желіске, одан аяңға түсіп, ақырында төбеге ұрғандай тұрды да қалды. Ақ Сарбаз аттын дір-дір етіп ауыр дем алып тұрғанын көрді...

Ол туыстарының немқұрайлығының, ертегідегідей әдемі атты мақтаған бұның сөзін көздерін тайдыра сүлесок қабылдауының сырын енді түсінді. Мейірбан туыстарының өзін жақсы танығандығын және тек осы атты ғана таңдайтынын білгендігін, сөйтіп қонақжайлықтан еш ауытқымастан өзін қатерден алып қалғанын ұқты. Ақ Сарбаз сондай-ақ аурулы атты өз еркімен таңдап өзін-өзі ойыннан шығарғандығын пайымдады. Кейінірек туыстары, мас басшылардың бірі аң қуып айғырды зорықтырғанын, өздерінің оны емдеп үйірге салуға ғана ұстап жүргендігін айтып түсіндірді.

...Дода алыста өтіп жатты. Тосқауылшылар олардың соңынан шауып жөнелді. Ақ Сарбаз атты аяп, ерден түсті де тізгінінен жетелеп түбекке қарай жүрді. Айғыр біраздан соң терін басты. Ақ Сарбаз ешкімнің көзіне түскісі келмей атын ақырын аяндатып түбектің қарсы жағынан кеп кірді.

Алайда жұрт оны күтуде еді. Ең ет жақын туыстары шағылға шығып алысқа мазасыздана көзін тігіп тұр екен. Ақ Сарбазды көре сала әйел адамдар жанына жүгіріп келіп бұны аман жеткізгені үшін атты аялай сипап еркелете бастады. Олардың мейірбан, ұяң жүздеріне қарап тұрып Ақ Сарбаз өзінің ашуын ұмытып кетті. Жүрегін өз халқына деген аяныштын ашы өксігі құрсап алып еді.

Ол бұрын да халықтың өз дәстүрінен тая бастағанын, ауыл тұрғындарының маскүнемдікке салынғанын, бұл әдеттің малшылар әулетіне де жеткенін күйіне байқағанды. Әйелдердің өзі арақ ішетін болған. Олардан енді қандай ұрпақ туатынын болжау қиын емес еді.

Бұл ақжүрек, мейірбан да сенгіш халықтың болашақ тағдыры не болмақ? Шынымен-ақ жат идеология мен жалған мәдениеттің тұңғығына ба-тып жоғалмақ па?!

Олай болса, атомдық-компьютерлік өркениетке еш керегі жоқ бұл халықты табиғат неге жаратты және осыншама қорлық пен қасіретке неге салды?

Егер бұл жай сынақ болса, онда сынақты жүргізуші аса қатыгез болғаны, ал егер тығырықтан шығар жол болса, қайда ол жол?

Кешкі ас үстіндегі келелі әңгімеден кейін Ақ Сарбаз өмірдегі өзінің соңғы мақсатын анықтады.

Қыр адамдарымен біраз араласып қалған Ақ Сарбаздың досы саһара жұртының қарияларға деген ерекше құрметін білетін, бірақ сақалын қырау шалған қариялардың, Ақ Сарбаз атын естіп оның ата-тегіне қанғанда неге келіп қолын сүйегінің түсіне алмады.

Ол Ақ Сарбаздың қолын сүйеге рұқсат бергеніне кейіді. Сен азиат-шылсың, мұның бәрі хандық жүйенің қалдығы, ХХ-шы ғасырдағы теңдік, бостандық, бауырластық идеяларына қайшы келетін жабайылық деп бағалалды.

Ақ Сарбаз осы жерде шындап ашуланды. Қонаққа Дала салтына килікпеуін ұсынды: «Өзінің славяндық тамырынның шежіресіне дұрыстап үніл, егер ХХ-шы ғасырдың аяғында елінде патша мен дворяндар, ұлттық интеллигенция сақталса қазір қандай болар еді»,— деді үстемелеп.

Ақ Сарбаздың сөзі ұзаққа созылған ма еді, алайда ақсақалдар қонаққа: «Біздің бұл баламызға көрсеткен құрметіміз — оның аталарына — қазақтың елдігін сақтап қалған ұлы хандарға деген сый-құрметіміз, сол себепті бұл жерде ешқандай нұрма бұзылып тұрған жоқ»,— деп түсіндірді.

Аз-аздап Ақ Сарбаздың ашуы тарап, өзі ол кезде ойын секілді қабылдаған балалық шағындағы өзіне берілген бата есіне түсті. Ол бұның ойын емес, үлкен ғұрып екенін ұқты. Бұл Қазақ халқы мен өз тегі арасындағы рухани Келісімнің өзі арқылы жасалуы еді. Елінің бұл Келісімге адал екенін Ақ Сарбаз қазіргі көрсетілген сый-құрметтен түсінді. Ендеше бұл да өз сертіне адал болуы керек қой?!

Ақ Сарбаз есінде қария айтқан батаның сөздерін қайта жаңғыртты. Оның сол, құдіретті сөзге ерекше жан толқынысы үстінде болғанын, ата-анасының бөлекше салтанатты кейіпте тұрғанын, әжесі мен көп сөйлемейтін атасының жүздерінен төгілген мейірім нұрын есіне түсірді.

Осының барлығы санасынан жарқ етіп өткен Ақ Сарбаз — барлық күшімді, барлық қабілетімді өз халқыма, туған далама бағыштаймын -- деп, ойша ант берді.

Енді оның мақсаты айқын еді, ол — өз халқына қызмет ету. Ал бұл үшін аса бір маңызды нәрсені еске түсіріп, кейіннен, халқының тағдырын өзгертуге жетерлік күш табу үшін өз бойынан әлдебір білімді оятуы керек еді.

Үшінші цикл

Ізденуші

Ол іздене бастады — өз халқы туралы, оның тарихы, өмір салты, ырым-нанымы жайлы үзік-үзік мәліметтерге қол жеткізді. Сонымен қатар, ол жер бетіндегі басқа да халықтарды, олардың тарихын, әдет-ғұрпын, дінін, егжей-тегжейлі зерттеді. Олардың ұлттық санасы мен мінез-құлқын, Жер шарын мекендеген елдердің түр-тұлғасына дейін әсер ететін қоршаған ортасын түсінуге тырысты.

Бұл білімдерге кибернетика, физика, математикалық логика қосылды. Ол кезде Ақ Сарбаздың санасы пайдалысы да пайдасызы да бар мүлікке толы қойма секілді еді. Жоғарғы оқу орнында алған абыройлы мамандықтың арқасында ол сол тар заманның өзінде белгілі бір материалдық және рухани бостандыққа қол жеткізді.

Түз топырағында туып өскен Ақ Сарбаз Батыстың идеологиясы мен өмір салтын қабылдаған жоқ. Көненің мәдени мұраларын ғана қабылдады. Ғылым мен техниканың жетістіктерін Ақ Сарбаз болашаққа барар жолдағы өтпелі дәуір деп санады.

Көптеген адамдар сияқты Ақ Сарбаз да балалық кезінде өзінің бірнеше ғұмырын білетін, алайда күйкі ақылдың оянуына байланысты бұрынғы білім ұмыт болды. Бұл, жаңа мәліметтерді жинау үшін қажет еді.

Тек білімнің белгілі бір деңгейіне жетіп, қармалық қарыздардың денін өтеп болғанда ғана Ақ Сарбаз Универсал Ғарыш Модуліндегі өзінің эволюциялық жоспарын біле алды.

Қасиет оянғанда санасын найзағай сокқысы тіліп өткендей болатын. Кенеттен өзін азаптаған дертті мәселелерді терең түсіне бастайтын.

Қасиеттің алғаш оянуы 1970-ші жылы көктемде таудан төмен түсіп келе жатқанда болды. Ауа ылғал еді, көктемнің суық желі соғып тұрған. Ақ Сарбаз жылы үйге асығып келе жатты. Ең таяу ауылға дейін әлі бірталай жер бар еді. Осы сәтте тау жолына құрылысшылар мен жол жұмысшыларын тиеген автобус шыға келді. Ақ Сарбаз соңғы күшін сарп етіп жол жиегіне жүгіріп шықты да қол көтерді, бірақ жүргізуші «бұратананы» өзіне лайық ортасына қалдырып тоқтамай өте шықты.

Автобус жартылай бос еді, бір кісінің ауыр болмайтыны да белгілі. Бұндай ұсақ қылық шаршаған, әрі тоңған Ақ Сарбазды мықтап күйіндірді. Өзіне немқұрайлы қарап өте шыққан барлық адамымен қоса көліктерінің дөңгелегі көктен келсін!— деп тіледі іштей.

Ашудан соңғы күшін жоғалтып қалжыраған Ақ Сарбаз өкпек желден ықтап, жолдан қиыстау бір ойпанды паналады.

Ақ Сарбаз өзіне-өзі: неге, не үшін мен осы жерде осы халықтың ішінде тудым, келімсектердің көзімен қарағанда маман-кибернетиктің

бұратана халықта тууы табиғаттың қателігі емес пе?— деп сансыз сауал қойды.

Ашуы бірте-бірте сөйіліп Ақ Сарбаз Алатаудың қарлы шыңдарына көз тоқтатты. Өзіне бала жастан таныс сұлулықпен жүздескендегі бәрін ұмығатын ерекше күйге сүнгіді де кетті... Суық, өкпек жел кенеттен басыла қалды, алашұбар бұлт тарап күн шықты.

Ақ Сарбаздың қасіретті санасындағы жарқ еткен найзағай оның бүкіл жан қазынасына сәулесін түсірді. Бейне бір баяулатылған кинодағыдай Ақ Сарбаздың көкірек көзінің алдынан Жиһан кеңістігі ашылды, ол сол жерде Ғарыштың күллі құрылысын көрді. Бұдан кейін ол өзінің ішкі дүниесін пайымдады, өзінің маңдайындағы жазмышты көрді. Ақырында адамдардың өзіне қатысты қылықтарының сырын түсінді. Өмірінде, бүкіл дүниетанымын, өз тағдыры мен халқының тағдырын өзгертетін, бір оқиғаның болғанын ұқты.

Санасындағы нұрлы көріністерді өшірмеген күйі Ақ Сарбаз алға қарай жүре түсті де таңданып тұрып қалды — бұрылыстың арғы жағында бағанағы автобус тұр, жүргізуші моторын шұқылап әлектену үстінде. Бұл жайтты белгілеп өткен Ақ Сарбаз әрі қарай жүре берді. Сәлден соң әлгі автобус оны қуып жетіп қасына тоқтады, жүргізуші есікті ашып өте кішіпейіл кейіпте жолаушыны ішке шақырды. Мұның сұрағына, машинаға не болғанын білмеймін, от алдырып едім өзінен-өзі жүріп кетті,— деп жауап берді.

Автобус ішінде жылына отырып Ақ Сарбаз ойдың күшімен машинаны да тоқтатуға болатынын ұқты. Бұны автобус жүргізушісі де іштей сезген болуы керек, жолынан бұрылып келіп жұмбақ жолаушыны тура үйінің жанына әкеліп түсірді.

Осы дайындалу ұмтылысынан кейін болашақ Ғарыш Сарбазы үшін АЛҒАШҚЫ және ең азапты сын басталды.

Алтыншы дәрежелі Ғарыш Құрылысшысы Люцифердің сатқындығынан ащы сабақ алған Ғарыш Бауырластығы Ақ Сарбазды ең ауыр, тіпті қатігез сынақтан өткізуді ұйғарды. Иерархияның Люциферді Күпия Білімге қанықтырып, оған ерекше қабілет дарығып, физикалық денесіндегі центрлерді ашып бергендегі сенімі мен мейірі тым қымбатқа түсіп еді.

Люцифер әлдебір мифтік тұлға емес. Басқа тіршілік иелері сияқты ол да эволюциялық жолмен өмір сүрді, жетілді. Тек физикалық дүниеде өз бетімен қайта туа алатын дәрежеге жеткеннен кейін ғана барып ол Күдіретті Күштердің жоспарымен жасаған планетасына өзі иелік етуді ойлады. Планета Рухы болғандықтан ол Иерархияға бағынбау мүмкіндіктерін, бақылауға ілінбеу жолдарын білетін. Мұның бәрі Ұқсастықтар заңы бойынша Жаратушы жасаған адам денесінің күдіретінен шығып отыр.

Сол себепті 1970-ші жылдың 16-шы және 19-шы сәуірі аралығында Ақ Сарбаз әуелі осы дүниеде, одан кейін жан азабы бәрінен ауыр астра дүниесінде өлім сынынан өткізілді. Құдайдан безу арқылы оның өз өмірін

сактап калуға мүмкіндігі бар болатын. Бірақ ол екі дүниеде де өлімнен қорыққан жоқ. Алған бетінен қайтпау арқылы Құдай үшін, Ғарыш Бауырластығы үшін, өз халқы үшін құрбандыққа дайын екенін дәлелдеп шықты.

Бұл кезде Ақ Сарбаз 28 жастағы қылшылдаған жас жігіт еді, шаңырақ көтеруді армандайтын, творчестволық жоспарлары бар болатын. Құрбандық Күдіретті Күштер тарапынан **ТОЛЫҚҚҰНДЫ** деп бағаланды. Осыған сүйеніп отырып Ғарыш Кенесі талапкерді қиын сынның келесі баспалдағына өткізуді ұйғарды.

БІРІНШІ өткен сыннан ол ментал дүниесінің жоғарғы деңгейіне, немесе ескіше ұғындырғанда «үшінші көкке» (2-ші Коринф. 12. 2) көтерілуге мүмкіндік және хұқық алды. Мұндағы бірінші аспанды — физикалық дүниеге, екінші көкті — астрал дүниесіне, үшінші көкті — ментал дүниесінің жоғарғы деңгейіне тән деп түсінген жөн.

Әуелгіде физикалық денесін тастап шығып, астралды денемен қалғанда Ақ Сарбаз — мен өз тәнімді өзім сыртынан қалай көріп тұрмын, — деп таңданды. Әрі қарай ол астрал денесінен жасылдау түсті шар түрінде бөлініп шықты. Ақ Сарбаз әуелгіде аздап шошынды бірақ, бұл шардың көріп, сезетіндігінен ең бастысы, ойлай алатындығынан, осы ғажап шар — өзі екенін ұқты.

Содан кейін шар планетаны айнала спираль бойымен жылжи бастады. Ақ Сарбаз азап лагерьлеріндегі, жезөкшелер үйі мен абақтылардағы, апиынханалардағы адамдардың жантүршігерлік азап-қорлықтарын көрді. Бәрінен де оны түршіктіргені — өзінің туып-өскен еліндегі адам жанын жұтатын алып машина еді. Егер адамдар өздерінің ажалсыз екенін білсе, физикалық әлемдегі өмір — эволюцияның шексіз сатыларының біреуі ғана екенін ұқса, өздерінің жанын саудаға салып жалған дүниедегі пендешілік тұрмысқа мұнша байланбас еді-ау, — деп күйіне ойлады Ақ Сарбаз.

Бұл ой Ақ Сарбаздың ментал денесіне үдеу қарқынын берді де ол ментал дүниесінің жоғарғы қабатына қарай жылдамырақ жылжыды. Кенеттен қозғалыс тоқтап, Ақ Сарбаздың алдында алтын шұғыла пайда болды. Сол шұғыладан жаңа тербеген **Үн естілді**. Оған Жиһан бүкіл қозғалысын тоқтатып, осы Үнді тыңдап тұрғандай өсер етті. Ақ Сарбазға оның жазмышы мен шайқасқа кіретін уақыт мерзімі хабарланды. Бұдан соң Ақ Сарбаз ілездің арасында өзінің астрал денесіне, одан кейін физикалық денесіне қайтып оралды.

Ақ Сарбаз үшін ментал дүниесіне жасалған сапар ізсіз кеткен жоқ. Себебі оның Универсал Ғарыш Модулі ментал дүниесінің биік деңгейінен сапасы мүлдем жаңа материяны бойына тартып алды да Ақ Сарбаз жаңа менталды денеге ие болды. Астрал дүниесінен өткен кезде жаңа ментал денесі өз ғұмырын сарқыған астрал дененің орнына өзіне тиесілі эмоция материясын тартып алды да, осылардың бәрі уақытша қалдырылған физикалық денеге қайтып келді.

Сонымен, нақты түрде 1970-ші жылдың көктемінде жаңа адам — Болашақ Ғарыш Сарбазы дүниеге келді.

Жаңа менталды және астралды денелердің ықпалымен Ақ Сарбаздың дүниетанымы мен іс-әрекеттерінің өзгергендігі сондай, төңірегіндегі жұртта оның жаны ауысып кетті деген сенім қалыптасты.

Шайқасқа деген дайындықтың одан әрі өріс алуы, оның бойында таңғажайып қабілеттердің пайда болуына әкеліп, көптеген көлденен қиындықтар туғызды.

Ол әуелі өзінің бөтен ойларды көріп тыңдай алатынын анықтағанда шошып кетті. Айналасындағылардың ой-өрістері мұны түңілдіріп жіберді. Адамның ең құпия, етене сырына еріксіз ортақ болудан туатын ар азабы бұдан да ауыр еді.

Сол себепті Ақ Сарбаз өзімен әңгімелесушілерге өзінің бөгде ойларды оқи алатынын ескертіп отыратын болды. Кейде ол өзі де байқамай, әлі қойылмаған сауалға жауап беріп, енді ғана сұралмақ болған затты ұстата салатын. Әрине оның бұл қабілеттері жұрттың ықыласына бөлене қойған жоқ.

Ақырында Ақ Сарбаз Құдіретті Күштерге — маған бұндай қасиеттің керегі жоқ, сыйды кері алыңдар,— деп жалбарына бастады. Ол осы арқылы бұл қасиетті жеке басының пайдасына асырмағанын, өзгенің ой дүниесіне кірудің өзі үшін залал екенін дәлелдеп шықты.

Болашақ Ғарыш Сарбазы осылайша Ғарыш Елшілерінің ождан низамының ЕКІНШІ сынынан өтті.

Жоғарғы Күштер Ақ Сарбаздың орынды пікірін құптап, бөгде ойларды оқу қасиетінен айырды. Ол бұдан кейін біраз уақыт өзінің қайтадан кәдімгі адамға айналғанына, бөгде сезімдер мен ойлардың азапты салмағынан құтылғанына қуанып рахатты күйде жүрді. Арада жарты жылдай уақыт өткенде Ақ Сарбаз кенеттен өзінің бір жолдасының апатқа ұшырайтынын, жақындарының біреуінің пәле-жалаға тап болатынын, таныс баланың бұзақылармен шатасатынын көріп, тағы да жұртты ескерте бастады.

Ақ Сарбаздың ниеті жамандыққа жол бермеу болатын. Алайда аталған пәлекеттер өзінің айтқаны бойынша өз уақытында, өзгермей іске асқанда, оның маңайындағылар мен пәлеге ұшырағандар,— жаман ырымды бастап осыған ұрындырған сенсің,— деп бас салып Ақ Сарбаздың өзін кінәлады. Осының бәрі Ақ Сарбаздың ар азабын күшейтті. Ол бөгденің тағдырына араласудың дұрыс-бұрыстығын тағы да сарапқа салды.

Ол сәуегейлікті қойып маңайындағы адамдарды пәлеге ұшыратар себеп-салдарлық байланыстарды зерттей бастады. Ақырында, адам өзінің әрекетімен өз тағдырын өзі сызады,— деген тұжырымға келді. Адамды қанша ескертсең де тағдырдың бұйырғаны болады. Ажалы жеткен адам есек-аянмен келе жатқан трамвайдың да астына түсіп өледі. Мүмкін, болашақ құрбандық темір жолдан сәл кеш, не сәл ертерек аттар. Бірақ себеп пен салдарды біріктіріп тұратын карма бар. Одан қашып құтылу өте ҚИЫН. Бұл ҚИЫН-ды Ақ Сарбаз өз тәжірибесінен кейіннен анықтаған, ал әзірге Ол өзіне берілген сыйдың мағынасыздығына көзі жетті. Ақыры,

аяулы адамдарға ешқандай көмек көрсете алмайды екенмін, олай болса келетін пәлені білмей-ақ жай адам боп жүре бергенім артық, деп шешті.

Ақ Сарбаз бұл сыйды бас пайдасына асыруды тіпті ойына да алмады. Өзінің ескертулерінің еш нәтиже бермегенін көрген ол Құдіретті Күштерден бұл сұмдық сыйды қайтарып алуын тағы да өтіне бастады.

Осылайша Ақ Сарбаз өзінің дәрежесіне сай ҮШІНШІ сыннан өтті. Өз маңайындағылардың болашағын көрмейтін болған ол біраз уақыт өзін азаптан құтылған адамдай сезініп жүрді. Шамалы уақыттан соң Ақ Сарбаз өз бойында жана қабілеттердің пайда болғанын байқады. Бойында өзі мүлде күтпеген қасиет ашылып, енді қоғамдық өмірдің болашағын болжай алатын болды. Бұл қасиет өзі қызмет еткен мекемелерде, яғни топтық кармасы бар жерде білінді. Ол өзі үшін білімнің жана деңгейінің ашылғанын, өзі қатыса отырып топтық карма байланыстарының болашағын болжай алатынын, осылайша өзіне де, жұртқа да пайда келтіре алатынын сезді. Еңбек пен таным үстінде ол төңірегіндегілермен өзін қандай карма жіптері байланыстырып тұрғанын ұғынды. Күрделі де қиын топтық карманын жинақталуын болдырмау үшін мынадай қағидаларды басшылыққа алу керек екен:

- неғұрлым аз адамға міндетті болу;
- қоғамға барынша көп беріп, өзіне неғұрлым аз алу;
- айтқан сөзінде тұру — мойынға алған міндетін тіпті жаудың алдындағы міндет болса да аяғына дейін орындалуы керек;
- өз ісіне, өз маңайына, жана топтық кармадан сақтану жолында адамдарды барынша аз тарту;
- Ақ Сарбаз бүкіл адамзатқа қызмет қылу жолында өзін ешбір дінмен байланыстыра алмайтынына көзі жетті.

Осы қағидаларды басшылыққа алғандығының арқасында Ақ Сарбаз осы өмірінде жинақталған жеке және топтық кармалық қарыздарын, сондай-ақ өткен өмірлерінен келе жатқан қарыздарының біразын өтеуге мүмкіндік алды. Бірақ ол кезде Ақ Сарбаз өзінің өткен өмірлерін білмейтін еді, осыларды жалпы адамгершілік қағидаға сүйене отырып істейтін.

Бұның бәрі ҮШІНШІ дәреженің сыны болатын. Ақ Сарбаз бұдан да сүрінбей өтті. Оның 1970-ші жылғы қабаттас дүниелерге барған алғаш сапарында ие болған қасиет күші мен карма байланыстарының қоры түгесілді. Бұл оның өзінің рухани өрлеуінің келесі кезеңіне өтуге дайын екендігінің белгісі еді.

Төртінші цикл

Құдайдың алдына келуші

Жеті жыл өтіп, Ақ Сарбаз 35 жасқа толды. 1977-ші жылы ол әлі рухани сәби еді. Ол енді жана қасиеттер мен ерекше өкілеттікке ие болу үшін екінші рет, бұл жолы Құдіретті Сфералар Дүниесіне көтерілуге тиіс болды.

Ол уақытта Империяның бүкіл халқы «темір перденің тасасында» толықтай рухани құрсауда қалған еді. Әсіре қызыл идеология дәуірлен тұрған.

Әлмес рух идеясын теріске шығаратын материалистік ілімнің ақыл мен санаға берері шамалы еді. Ал, Ақ Сарбазға одан әрі өсу үшін жана рухани күш қажет болды.

Өзінің өткен ғұмырларының рухани сатыларымен жылжи отырып, Ақ Сарбаз үнді философиясының сиқырына кездесті. Йога жайлы тапқан жадау мәліметтерді егжей-тегжейлі зерттеген ол өзі үшін жаттығулар, тамақ ішу, ағзаны тазалау жүйесін, ождан низамын қалыптастырып, осыларды бұлжытпай орындауға кірісті.

Жаттығуларды, әсіресе асана қалыптарын жасау қиынға соқты. Сол себептен олардың ішінен ең қарапайымын тандап алды. Есесіне медитациялық шому машығын тез меңгеріп, осы күйде сағаттап отыра алатын болды.

Бұл ахуал ұзаққа созылған. Күндердің күнінде, терен шомудың кезінде санасында әлдебір белгісіз мемлекеттің, бейтаныс жұрттың көгілдір түске малынған суреттері пайда болды. Бұл астралды хикаяны аяғына дейін көруге құмартқан Ақ Сарбазға өз бетімен шомудың қатерлі екенін ескерткен дауыс келіп жетті.

Осы оқиғадан кейін Ақ Сарбаз үнділік философияны бұдан әрі тереңдей түсіну үшін үндіге айналу керек екенін, үндіше ойлап, тамактанып, өмір сүруі керек екендігін түсінді. Бұл жаттығулар оны белгілі бір рухани белеске шығарып, үнді философиясы Ақ Сарбазға өрлеудің бастапқы деңгейінде сүйеніш болды.

Одан кейін оның рухани өрлеуі тағы да баяулап қалды. Ақ Сарбаз өзіне Ұстаз керек екенін, онсыз бұдан әрі өрлеудің мүмкін еместігін ұқты.

Өз қармасына сәйкес тағдыр айдап, ол раджа-йоганы биік дәрежеде меңгерген Ұстазға кездесті. Ұстаз көдімгі жерлік мамандықтың иесі еді. Ол өкпе ауруларын емдеудің бірегей тәсілін ойлап шығарған аты белгілі дәрігер болатын. Оның емдеу жүйесі раджа-йогадан алынған тыныс жаттығуларына және энергетикалық центрлерге өсер ету арқылы бойдағы қуат ағымын тепе-теңдікке келтіруге негізделген еді.

Шөкіртпен кездеспес бұрын, Ұстаз бірнеше ай бойына сырттай Ақ Сарбазды өбден зерттеді. Оның рухани деңгейін сезгеннен кейін Ұстаз кездесуге ықылас білдірді, бірақ Ақ Сарбаз кездесуді тағы да кешеуілдетте тұруды ұйғарды. Ол өзін шөкірт ретінде әлі дайын емеспін деп білді, лайықты рухани дәрежеге көтерілгенше Ұстазға келуге болмайтын еді.

Олар 1977-ші жылғы жаздың басында ғана жүздесті. Ұстаз өмір бойы күткен сәтінің іске асқанын — ақыры өзінің Жоғарыдан тағайындалған Шөкіртіне кездескенін түсінді. Ақ Сарбаз да Ұстаздың мейірімді көгілдір жанарынан, бүкіл әлпетінен өзіне жылы ұшырайтын әлдебір жақындық тапқандай болды. Өзінің мектептегі ұстазы есіне түскен кезде, сенімі өбден орнығып, ағынан жарылып, жүрегін ашып салды. Бұл ойша сұхбат көзді

ашып жұмғанша өте шықты. Осыдан соң Ақ Сарбаздың есінде мәңгі қалған алғашқы дәріс басталды.

Әуелі Ұстазы оның неге қызығатынын, рухани жолға қалай түскенін айтып беруді өтініш етті. Одан кейін шәкіртінің нені сүйіп оқитынын сұрап, алған жауабына әбден риза болды. Ақ Сарбаздың оқитыны орыс және шетел классикасы еді. Және адамзаттың рухани ой-қазынасын бағалауда өзіндік өлшемдері бар болатын. Мұнан соң Ұстаз оның нендей музыканы ұнататынын сұрады. Шәкіртінің классикалық музыканы жақсы көретінін естігенде балаша қуанды. Ақ Сарбаз алдында жаны сәбилей пәк адамның отырғанын, екеуінің бір-бірімен онай тіл табыса алатынын түсінді.

Ұстаз Ақ Сарбаздың басынан өткен рухани феномендерге егжей-тегжейлі қортынды жасады. Бірнеше нысаналы сұрақтардың арқасында Ұстаз шәкірттің информациялық құрсауда жүріп-ақ бөгде сана езгісіне түспегенін, өзінің нақты көзі жетіп, көңілге түйгеніне ғана сүйенетінін анықтады. Ұстаз Ақ Сарбазды тығырықтан тез алып шықты да оның рухани өрлеуінің алтыншы баспалдағы боп табылатын үнді философиясын меңгеруге көмектесті. Ұлы үнді данышпандары жинақтаған рухани тәжірибенің арқасында Ақ Сарбаз келесі сатылардан жылдам өтті. Раджа-йога әдістері арқылы Ұстаз Ақ Сарбаздың центрлерінің әрі қарай ашылуына ықпал етті, оларды басқаруды үйретті. Кейіннен Ғарыш Шайқасы кезінде бұның үлкен пайдасы тиді.

Ұстаздың берген дәрістері Ақ Сарбаздың санасында алтыншы саты халқына тән болуға тиіс үнді философиясына деген үлкен құрмет қалыптастырды.

Осы сатыдан кейінгі жолын Ақ Сарбаз өз бетімен жалғастырды, себебі ол өзінің рухани деңгейінің өлі биік емес екенін, белгіленген мерзімге үлгірмейтінін сезіп еді.

Бұл дүниедегі өзінің Ұстазына жолыққанға дейін Ақ Сарбаз аруақтар өмір сүретін астралдың жоғарғы деңгейлеріне арнайы шақырумен ғана бара алатын. Енді ол жеткілікті дайындық арқылы өз бетімен терең дүниеге сүңгі алатын болды. Бірақ тәжірибе жинауға уақыт қалмағандықтан Ақ Сарбаз өзіне дейінгілердің қиын тәжірибе сабақтарын үнемі ризашылықпен қабылдап отырды.

Рухани тәжірибенің иелері — жоғары руханиетті адамдар да, қарапайым еңбек адамдары да болып шығатын. Еңбеккер және ұлы халық, немесе қасиеті күшті жанның жолдары бірдей екенін Ақ Сарбаз жиі байқайтын. Олар бір-бірінен алыстамайды және бірінен бірінің айырмашылығы — даму шеңберінің түрлі айналымында тұрады. Осыдан кеп Ақ Сарбаз олардың тәжірибесін басшылыққа ала отырып өз жолымен жүруді үйренді.

Ақ Сарбаз классикалық раджа-йоганы игеруде үлкен жетістіктерге жетті, әсіресе өзінің центрлерін қалауы бойынша іске қосып, басқаруды үйренді. Бұл тәжірибелердің нәтижесі ақылға симастай еді. Оның центрлерінің оянуы түрлі ғажайып оқиғаларды тудырды. Бұл уақытта оның

төменгі мен аралық және белдемше центрлері қалыптасып үлгірген, 28 жасында ол бұларды толық менгеретін болды.

Келесі жеті жылда отты центр ояна бастады, бұл кезде центрінің манайы қатты ауыратын. Ақ Сарбаздың отты центрінің шамадан тыс дамуы, оның бар күшін ғарыш энергиясын жинақтауға сарп етуінің арқасында іске асты. Бұған центрдің ас қорыту қабілетін әлсірету арқылы ғана жетуге болар еді. Мұның арты созылмалы ауруға ұшыратқандықтан Ақ Сарбаз тек аз ғана кірпияз тамақ іше алатын.

Өзінің эволюциялық мұратына сәйкес Ақ Сарбазға азапсыз, сырқатсыз оңайлықпен ешнәрсе де келген жоқ. Өзінің жеткен биіктерін үлкен ақымен өтеуге мәжбүр болса да Ақ Сарбаз жүктелген міндетті орындау үшін өзінің азапты жолын жалғастыра берді. Бұл жол оның осы жердегі ғұмырын аяқтайтындығы, енді аз ғана шыдау керек екендігі ғана көңілге тұтар жалғыз медеу болатынын.

Ен жанына бататыны — әуелі көкірек, содан кейін жүрек центрінің оянуы еді. Жеті жылдай Ақ Сарбаз жүрек аритмиясымен ауыратын адамның ахуалында болды, өліп бара жатқан жанның күйін кешті. Өң мен түстің арасындағыдай еді бұл. Манайындағы кеңістік, көшелер, үйлер, ағаштар мен адамдар мұхит толқынында жүзіп бара жатқандай әсер қалдыратын.

Бірнеше рет көшеде өліп қала жаздады. Бірде көшені қиып өтетін жер асты жолында шын мәнінде өлім аузынан қалды. Бір қызығы, қорқыныш қаперіне де кірген жоқ, тек, ойында әйелдер мен балаларды текке шошытып аламын-ау деген кінәлі қысығу болды.

Бар күшін жинап үйіне жеткен ол азаптың аяғын тосты. Осы кезде репродуктордан классикалық әуен төгіле жөнелді. Глюктің «Орфей мен Эвридикасы» орындалған. Ақ Сарбаз саздың өз ахуалына соншама сәйкес келгендігіне қайран қалды. Содан соң көздерін жұмып өзін бұл жалғаннан алып кететін күйдің толқынына берілді. Алайда жағдай керісінше қалыптасты, жүрек өз ырғағымен жұмыс істей бастады.

Скрипка үні кеуденің шаншуын тарқатып жіберді де, Ақ Сарбаз бұл дүниелік емес әлдебір рахат күйге түсті. Сырқат басылды. Мектептегі классикалық музыка кештерін есіне түсірген ол, өзінің бойына саз өнеріне деген құштарлықты еккен мұғалімдерге іштей рахмет айтты. Институттағы достары ауылдан келген бұны әйгілі музыканттардың концертіне барады деп, студенттік кештерде радиоқабылдағыштан классикалық немесе халық музыкасы естілсе болды құйтабақты тоқтатып қоятын қызық мінезін айтып жиі әзілдейтін. Ақ Сарбаз бұл сөтте өзін өлімнен алып қалған осы музыка екенін түсінді.

Рухани биік өреге жеткен кезде Биік Дүниелерге шығатын болды. Сол жерде Ғарыш Әуезін естіген ол өнер деғдарларының асқақ шабыт кезінде Биік Дүниелермен астасатынын, өздерінің өлмес шығармаларын сол дүниелерден әкелетіндігін ұғынды. Сол уақыттан бастап Ақ Сарбаз

классикалық күй әуендерін жинап, қандай әуездін Ғарыш ырғақтарына ең жақын тұрғанын анықтады.

Сөйтіп ол Биік Дүниелердің жарасымын тани бастады. Жер бетінде Ғарышпен байланысатын адамдар бар деген тұжырымға келді.

Немен ауырсаң сонымен емдел деген. Жүрек центрі жұмысының ауытқуын Ақ Сарбаз классикалық музыка арқылы қалыпқа келтіретін болды. Сұлу әуенді естігенде шаншуы қайтып, жаны жай табатын.

Осындай өн мен түстің арасындағы күйде Ақ Сарбаз бұрынғыша, жай адам сияқты қызметке барып жүрді, жастарды өзінің даңқты мамандығына баулыды — қысқасы, қоғам алдындағы өз парызын өтей берді.

Рухани қасиетке ие болуды аңсайтындардың кез келгені мұның мандайына жазылғандай сынға түсуге келісе қоймас еді.

Әрбір центрдін оянуы өрлеу үстіндегі адамды ерекше күйге түсіріп, таңғажайып қасиет дарытады. Бұған дандайсып кетпеу үшін эволюциялық кемелдік қажет.

Ақ Сарбаздың қармасы жеке басының жағдайына 35 жасқа толғанда ғана сәйкес келді. Жүрек центрі өрлеушіге кесел келтірмей жұмыс істейтін болды. Бұл кезде Ақ Сарбаздың осыдан 7 жыл бұрынғы Ізгілік пен Зұлымдық, қоршаған ортасы және өзінің мұраты жайлы түсінігінің түбегейлі өзгергендігі сондай — манайындағылар Ақ Сарбазды қайтадан танымастай болды.

Жақын жүргендері, оның өздерінің орталарынан, дәлірек айтқанда өздері қатынасқан қарманың деңгейінен кетіп бара жатқанын сезді. Мұның бұрынғы тапқыр әзіл-қалжындарына тәнті достары көңілді отырыстың гүлі болған бұны орталарынан жібергісі келмей көп жалынды.

Өзінің саналы өмірінің біраз дәурені өткен бұл ортадан кету Ақ Сарбаздың өзін де қасіретке салған еді. Ақырындап адамдар бұның топтық және жартылай әулеттік қармадан кете бастағанына үйренді.

Бұл Ақ Сарбаздың физикалық дүниеде өмір сүруші адамдардың астрал дүниесінің неғұрлым жоғарғы деңгейлеріне шапшаң жылжыған қасиетінен еді. Ол өзіне келешекте кездесер ізбасарлары мен көмекшілеріне қабаттас дүниелерде алдын ала байланысып жаңадан жеке, топтық және әулеттік қарма байланыстарын жасайтын болды. Ақ Сарбаздың өз эволюциясының келесі сатысына өтуімен бірге оның ұлттық қармасы да өзгере бастады.

Бұл қызғылықты болғанымен аса ауыр жұмыс жүрек центрінің бірқалыпты істеген кезінен басталды. Ақ Сарбаз осы центр арқылы қармасы ізгі жандар өмір сүретін астрал әлемінің биік қабаттарына қызықты саяхаттарын жасайтын. Жоғарыдан келген шақыру бойынша Ақ Сарбаз о дүниеде үздіксіз жұмыс жасауға машықтанды.

Әрбір серуен оны балалық кезден таныс рахат күйге түсіретін. Қабаттас дүниелерден келесі шақыртуды күткен Ақ Сарбаз нәзік әлемнің ажарлы суреттерін еске сақтамақ болып алдыңғы оқиғаларды жалғастыруды

жоспарлайтын. Бірақ әрбір саяхат жаңа тұлғалармен кездестіретін. Оқиғалар ешқашан бірін-бірі қайталамайтын. Ақырында Ақ Сарбаз о дүние мен оның мүмкіндіктерінің шексіз екенін, қабаттас дүниелердің аз ғана бөлігін аралау үшін бір ғұмырдың өзінің аздық ететінін түсінді.

Сол екі арада жай адамның астрал дүниесінің биік қабаттарына жиі шығатынынан сайтаншылдар секем алып қалды. Ол өзіне түнек күштерінің үлкен мән беріп тұзақ құра бастағанын көрді. Әуелгіде олар бұған қошемет көрсетіп, жалған лауазымдар жапсырып қолға түсірмек болды. Бұдан соң түрлі пайғамбарлардың бейнесін жамылып көрінуге көшті. Алайда бұл — қармақтың жемін қайта-қайта ауыстырып салып, өйтеуір тәуекелге сенген балықшының ісіндей жүйесіз келіс еді.

Бұл жалған елестердің барлығы да нақты болып көрінуге тырысатын. Салтанатты киімде, сахналық міндетіне сай лауазым белгілерін ала жүретін. Олар өздеріне ұлы есімдерді бірінен соң бірін жапсыратын. Ақ Сарбаз олардың тым мейірбандығы мен көпсөзділігінен қатты секем алды. Түсінбей қалады деп қорыққандықтан ба, өйтеуір олар сөздеріне көптеген дәлелдер келтіретін.

Ғарыш Бауырластығы Ақ Сарбазға аянды өте қысқа түрде береді. Оған барынша сыйымды, тұжырымды түрде ой жіберіліп жүрді. Кейбіреуінің сырын ашу үшін көптеген жылдар қажет болады. Кейде оқиға өтіп кеткен соң барып қана ой қалыбының шешімін табушы еді. Мәліметтер тек астарлы күйде берілетін. Оны Ақ Сарбаз ұлттық ойлау жүйесінің көмегімен түсінетін болды.

Түздің әдеті бойынша сөзді астарлап сөйлейді. Бұл әсіресе біреудің бетін қайтарғанда тиімді. Қазақ тілі алыстан орағытып келіп ұқтыратын бай тенеу, толғауларымен ерекшеленеді. Туған тілдің осы қасиетінің арқасында Ақ Сарбаздың бойында бала жасынан-ақ бейнелі ойлау қабілеті қалыптасты.

Сондықтан Ғарыш Бауырластығы Ғарыш Сарбазын дайындаудың бастапқы кезеңінде көп қиындық көрген жоқ. Қазақ тілінің құдіретінің арқасында Ғарыш Бауырластығы «Бөгде қармаға араласпау туралы» хұқықты бұзбай, кәдімгі мензеу және түспалдау арқылы аса құпия хабарларды бере алды.

Өзінің рухани сапасын бағалауда Ақ Сарбаз бір рет те мақтау естіген емес — керісінше сәл аялдан соң оны босаңсуға жібермей алға жетелей берді. Мандай термен жеткен кезекті рухани шыңнан түскен Ақ Сарбаз адамдарға жинаған білімін беретін де өзі соңғы деп санаған тағы бір биіктікке ұмтылатын. Бірақ бұл да аралықтағы биіктің бірі болып шығады. Ақырында Ақ Сарбаз өзінің бұл сапарының ешқашан да таусылмайтынын ұғынды.

Кейде ол аздап демалуға, мына дүниені тастап шыққан жақындарымен кездесуге рұқсат алатын. Осындай кездің бірінде ол қайтыс болған әжесі мен туысқандарына тап болды.

Бұл уақытта Ақ Сарбаз үнді философиясын үніле зерттеудің бастапқы кезеңінде жүрген еді. Бұған берілу Ақ Сарбаздың астрал денесіне өз танбасын салып, ой өрісін де өзгертіп жіберген-ді.

Астрал әлеміндегі кездесу кезінде туыстары өздерінің аталастарын әрең легенде таныды. Бұл жүздесу жайлы алдын ала білгендіктен ғана олар мұның Ақ Сарбаз екеніне нанды.

Әсіресе ренжіген әжесі еді. Өмірінде сүйікті немересінің бетіне қарап дауыс көтеріп көрмеген кейуана бұл жолы бірінші рет қатал дауыспен сұрақ қойды:

— Кімсің сен өзін? Ата-тегің кім?

— Апа, бұл менмін ғой! Сені көрейін деп келдім. Оқу, ізденісімінің арқасында жеттім осындай биіктікке!

— Көріп тұрмын жеткенінді, бірақ қандай бағамен жеттің? Түріңе, ойыңа не болған? Халқыңнан алған қасиеттерің қайда? Сені кім туды? Түн ұйқысын төрт бөліп, ақ сүтімен асыраған кім? Қорқып пен Асанқайғыны, Алпамысты саған кім айтып еді? Саған ән айтып, күй тартқан кім еді? Ал қазір сен кімсің, қай халықтың перзентісің?

— Апа, мен әрқашан да елімнің ұлы — сенің немерең боп қаламын!

— Олай болса аяғыңды жіпше орап алған мына отырысың не? Мен саған қазір орныннан түр десем — тұра алмас едің. Ал егер жау шауып, атқа кону керек болса ше? Сен аяғыңды тарқатып үлгіргенше жау өзінің қара ниетін орындап та болады. Сен баһадүр хандарымыздың ұрпағынан емес пе едің? Сенің мандайыңа халыққа қорған болу жазылған. Сондықтан орныннан тұрып, ата-тегіміздің жолымен шайқасқа шығуға дайын бол!

Өзінің физикалық денесіне оралғанда Ақ Сарбаз өз жолының бірінші кезеңі ғана өткенін, енді ізденістің екінші кезеңі басталғанын ұқты. Бұл үшін өзінің бесінші центрін, одан кейін ментал дүниесіне шығу үшін алтыншы центрді оятуы керек еді.

Бесінші центрдің ояна бастауы да талай азапқа душар етті. Бірнеше рет ол өзінің айқайынан, тамағының қатты ауырғанынан оянып кетіп жүрді. Қуат арнасы бойындағы бесінші центрдің алдында тұрған перде әлі ашылған жоқ еді. Отты центрден тасқындап көтерілген қуат осы пердеге кеп соғатын да жүрек центріне қайыра теуіп Ақ Сарбазды есінен тандыратын.

Ұстазы шәкіртінің қасіретін көріп, оның себебін түсінді және қолынан келгенше аурудың бетін қайтаруға көмектесті. Бірақ, Ақ Сарбаздың жалынышты көзқарасына еш илікпей, бүкіл әлпетімен, жасырулы күштерді өз бойынан іздеп табуды мензеді.

Бір күні Ақ Сарбаз салт бойынша Ұстазы мен оның таныстарын үйіне қонаққа шақырып, құрметті мейманға өз халқы туралы, оның музыкалық мәдениеті, әдет-ғұрпы туралы әңгіме шертті. Бұдан соң Ұстаздың өтініші бойынша ол күйтабақ ойнатты. Ақ Сарбаз ойланып жатпастан әлем елдерінің көбіне тараған шаңқобызда орындалған әуенді косты. Алғашқы

дыбыстан-ақ ол түпкі центрдің бұлқынып барып іске қосылғанын сезді. Бұл қуаттың ағынын тоқтатпай ары қарай көтеру үшін ол енді қыл қобыз күйін ойнатты. Қобыз әуенінен бұлк-бұлк соғып отты центр оянды да қуат ағыны ширатылып шиыршыққа айналды...

Бөлменің ішімен жеңіл самалдың лебі өтті, ал «отты центрдің» пульс-тенуі күшейген сайын бөлмедегі қапырық пен ыстық басылды. Осылайша, Ақ Сарбаз бұл центрдің тағы да бір қолданылуы туралы білім алды.

Ағынның одан арғы екпінін сезген ол сыбызғы күйін қосты, осы сәтте үшінші кеуде центрі ашылды. Содан кейін Ақ Сарбаз ұнтаспаға жазылған мүлде бөлекше күйді жіберді. Түрі сопақтау жеміске ұқсайтын сазсырнай үілдеп қоя берді. Бұл аспаптың дыбысынан аз-аздап бірақ барған сайын қарқындап жүрек центрі оянды. Центрлер әуенінің симфониясын Ақ Сарбаз өзі аса жақсы көретін домбыра күйлерімен аяқтамақ болды.

Домбыраның күмбірлеген көкейтесті үні қасиетті даланың құпия ыр-ғақтарымен қуат ағындарын ала жөнелген. Кенеттен Ақ Сарбаз, өмірі айықпайтын тамақ ауруының сап тиылғанын сезді. Энергияның бесінші центрге ұрған алғашқы тепкінінен демі бітіп қалды. Қазақтың көкірегінде сақталып жеткен көне күй өзінің қадым заманнан келе жатқан ырғағымен центрдің тербелісін сол ізбен бұзбай ұстап тұрды.

Бұл центрдің жұмысындағы болмашы ауытқу Ақ Сарбазды ондырмас салдарға ұрындырар еді. Бірақ, домбыраның күмбірлеген жұмсақ үні бесінші центрді тербеген үстіне тербей түсті. Бұл тербелістердің толқыны ақырында бесінші центрді ашты да қуат ағыны енді дайын тұрған алтыншы центрге жөнкілді.

Көз қарықтырған сәуле жарқ етіп қуат ағыны қаракұстағы бағыттаушыдан, әлі ашылмаған қабак үстіне келіп соғылды. Басының сұққылаған ауруы қатер дабылын қақты. Ақ Сарбаз қауіпке берілмей денесін билеп алды да, түрегеліп ұнтаспаны өшіріп, қаракөленкеленген бөлменің шамын жақты. Ең алдымен көзіне түскені — Ұстаз сәкінің үстінде лотос қалпында отыр екен. Көздері жұмулы, бет-әлпеті, бүкіл тұлғасы тас мүсіндей боп қимылсыз қалған, тек терең демінен оның кеудесінде жан бар екенін білуге болар еді.

Бірге-бірте Ұстаз терең шому — самадхиден шықты да шәкіртінен, бұл тамаша ғарыш сазын өз ұнтаспасына жазып алуды өтінді. Ұстаз осы сәтте өз міндетін абыроймен атқарып болғанын арнасы арқылы біліп еді. Ол шәкіртті өзіне лайықты жолға алып келді. Ұлттық танымның оянуы Қазақ Халқының Перзенті үшін бірден-бір түзу жол еді.

Кейіннен Ақ Сарбаз күйлердің өз денесіндегі бесінші центрді оятқан бұрынғы ізін сақтап күйге шомып көре бастады. Әуендердің орындарын алмастырып та байқады. Нәтижелері түрліше болып шықты. Өзіне-өзі төжірибе жасай отырып Ақ Сарбаз қазақ музыкасындағы ырғақтың құпиясын жарым-жартылай ғана аша алды. Көп ұзамай біріншіден бастап

алтыншыға дейінгі центрлерін жалғыз домбыраның өзі оята алатынына көзі жетті. Ал басқа халық аспаптары кейбір жеке центрлерге ғана әсер етеді екен.

Бұл керемет оны қызықтыра түсті. Сырт көзге өте қарапайым көрінетін домбыраны адам денесімен салыстырғанда ғана ол мұнын құпиясын білді. Бұл құпия мынадай еді:

— домбыраның ұзындығы адамның жеті центрі орналасқан қуат арнасымен бірдей. Домбыраның ішек бұрайтын құлақ тұсы — адамның басы, мойыны — омыртқа, ал шанағы — адамның жамбасы іспетті;

— домбыраның қос ішегі омыртқа бойымен созылып жатқан қос қуат арнасына ұқсайды. Бірінші құлақ жоғарыда, яғни жетінші центрдің деңгейіне орналасқан. Бұл жетінші центрден басталатын энергетикалық ену арнасының қағидаларына толық сәйкес келеді;

— одан әрі бірінші құлақтан тартылған ішек шанақтың түбіне келіп бірнеше рет оралады. Бұл үнді философиясының айтуынша бірінші центрде шиыршықталып жатқан екі арнаны ажыратып-қосушы жыланды бейнелейді;

— бұдан соң жоғары қарай өрлеген ішек алғашқы құлақтан төмендеу орналасқан екінші құлаққа барып бекітіледі. Бұл — алтыншы центр арқылы адам жанын ментал дүниесіне алып шығатын қуат арнасының құрылысына өте ұқсас;

— адамның денесіне ұқсас етіп жасалған мұндай аспапта халық күйлеріндегі құпияланған ырғақтарды сақтай отырып ойнаған кезде, алтыншы саты адамдарының ең нәзік ұлттық түйсіктері оянып, энергетикалық центрлері іске қосылатын болады.

Ақ Сарбаздың Ғарыш Шайқасына соңғы дайындығы осылай басталды. Халық музыкасы оның алтыншы центрінің бірте-бірте оянуына себепші болды да, ақырында ол осы центр арқылы ментал дүниесіне өз бетімен шыға алатын дәрежеге жетті. Шәкіртінің ментал дүниесіне жасаған қиял жетпес саяхаттары Ұстазды бұдан арғы әрекеттерге итермеледі. Ол Ақ Сарбаздың енді өзінің Биік Рухани Ұстазына кездесуін талап етті. Өзіне қандай шәкірттің жіберілгенін оның жүрегі сезетін.

Бірнеше айға созылған үздіксіз дәрістерден кейін Ұстаз соңғы сабағын өткізіп, Ақ Сарбаздан қысқаша емтихан алды да, бұдан былай оған ұстаздық ете алмайтынын мәлімдеді, — әрі қарай ол өз бетімен қозғалуы қажет.

Ғарыш Құрлышысының жарғысына сәйкес Ұстаз өз шәкіртімен тура жеті жыл бірге болып, Ақ Сарбаздың әрекеттерін қадағалап оның рухани жолын түзеп отырды.

Бұлтартпас айрылысар мерзім жеткенде Ұстаз өз шәкіртіне өмірдің соңғы сабағын берді. Өзінің ұлттық қармасын орындап Ұстаз өмірінің

сонында ата жұртына, көне орыс шаһарына көшіп барды да православиені қабылдап қарма шиыршығы бойынша бабаларының дініне қайтып оралды.

Жаңа жол іздеп қиналмайтын оқушылық несібесін Ақ Сарбаздың қиғысы жоқ-ты. Мұнда оған барлығы қолмен қойғандай түсіндірілетін. Тек қажырлы, табанды болсаң жеткілікті. Алайда Ұстаз илікпеді, Ақ Сарбаздан қабаттас дүниелердің ажарын тамашалап «лотос» қалыпта күйге шомып отыра бергенше эволюциялық ұмтылыс жасауын талап етті.

Бұны Ақ Сарбаздың өзі де тез түсінді. Күдіретті Күштерден, баға жетпес рухани қуатты өзінің зияраттарына жұмсағанша, рухани өрлеу жолын жаңа бастаушыларға берулерін өтінді.

Бұл игіліктерден бас тартқан Ақ Сарбаз арада біраз уақыт өткеннен кейін өзіне жаңа білімнің ашыла бастағанын сезді. Бірте-бірте бұрын танылмаған кеңістіктерге тереңдеп самадхи қалпына шомып сағаттап отыратын. Алайда ешбір өрлеу байқалмады. Рухани өрлеудің заңдарын жақсы меңгерген Ақ Сарбаз, өзінің тапымынан бұрынғы тәжірибені алып тастауға бекінді. Еш бағытқа байланбай, қордаланған білімнің ұмытылып, толық тыныштық күйдің келуін күтті.

1977-ші жылдың жазында болған осындай терен күйге шомулардың бірінде Оның санасының астарында алтындай нұрланып гүлденген Дала, көл бетін жапқан мінсіз сұлу өппак гүлдер, зүбәржаттай жасыл шалғындар, күмға өскен ұшқаттың лағыл гүлдері, кесірткенің танғы шағыл бетіне салып кеткен өрнекті іздері пайда болды.

Одан кейін кезегімен киіз үй, немересіне бір тостак айран мен тандыр нанды ұсынып жатқан алтын шашты, шөйкөзді өжесінің бейнесі, ең сонында санаың тұңғығынан ұмытыла бастаған «Елім-ай» өнінің әуені қалқып шықты. Бұл әуеннен әлдебір терең толқындар туындап Ақ Сарбаздың санасында саһара күйлері күмбірлеп қоя берді. Күй артынша, аспан күмбезінің ғажайып сарынына ұласты.

Әрі қарай Ақ Сарбаздың ішкі жанарының алдынан мың сан жұлдызды Ғарыш кеңістігі ашылды. Кеңістік күнірене зымыраған галактикалар мен тұмандықтарға шиыршықталып, осының бәрі Жиһанның шиыршықталған кеңістігіне айналып Жиһан жабылды да, тылсым тыныштық орнады. Ақ Сарбаз барлық Жиһанға, өзіне, МЕЙІРІМ шуағын шашқан көз қарықтырған бір жарық нүктені көрді.

Бұл — Ақиқат Шындықтың, Шексіз Күдіреттің, Шектеусіз Даналықтың бір Өзі еді. Осының барлығы бәрін Жететін Махаббатқа айналған кезде Ақ Сарбаздың осынау Тәңір Сүйіспеншілігінің шұғыласына еріп ғайып боп кеткісі келді.

Бұл көрініс азғана сәтке созылды да Ақ Сарбаз сатылап кейін қайтты. Әуелі Жиһан ішіне, әрі қарай Оның Универсал Ғарыш Модулі даму үстіндегі галактикалар қабатының жанынан зымырап өтті, бұдан соң өзінің ментал денесіне тән туған галактикасының жұлдыздары жарқырап көрінді, ақырында Сатурнның астралды сақинасының жанынан қалықтап

өтіп Ақ Сарбаздың астралды денесі дағдылы қалпымен қуат арнасы арқылы физикалық денесіне оралды.

Осылайша 1977-ші жылдың 30-шы шілдесі күні Ақ Сарбаз Жоғарғы Дүниелерге екінші қайтара көтеріліп Жіһанның Шегіне жетті де Жаратушының жүзін көріп «ауызбен айтылмайтын сөзді естіді» (2-ші Коринф. 12. 4).

Ақ Сарбаздың Универсал Ғарыш Модуліне тартылған Ұлы Білім біраз уақыттан соң келешек мемлекеттердің, әлемдік діндердің, саяси құрылғылардың және күллі Жер шарының таяу болашағын көре алатындығымен айқындалды. Ол өз халқының алтыншы саты халқы болып тандалғанын ұқты.

Бастапқыда бұл қиял секілді көрінді. Ақ Сарбаз бесінші саты халықтарының жеткен ғылыми-техникалық және экономикалық биік өресі жайлы жақсы білетін. Бесінші саты халықтарымен салыстырғанда саһара малшылары атомдық-компьютерлік өркениеттің жоқ-жітік туыстары сияқты еді.

Ақ Сарбаз бұл жайтты адамзаттың төртінші сатыдан бесінші Эволюциялық сатыға өту кезеңімен салыстырды. Сол кездегі Рим философтарына тұманды Альбион жағалауынан келген ан терісін киіп, тер сасыған тұтқындарды көрсетіп, — осылардың ұрпақтары бұдан да жоғары өркениеттің негізін қалайды, жерді төңкеретін күдіретті қару жасайды, Айға қонып, басқа да планеталарға қанатты кемелерін жібереді, — десе қалай қабылдайтынын елестетіп көрді. Әрине, олар бұндай мәліметке сенбес еді.

Сондай-ақ, ХХ-шы ғасырдың аяғындағы Батыстың ғалымдарына тымақ пен тон киіп қой соңында жүрген қазақ даласының малшысын көрсетіп, осыдан тараған ұрпақ ХХІ-ші ғасырда Эволюцияның бұдан әлдеқайда биік деңгейіне көтеріліп ізгі қауым құрады және өзінің оянған центрлері арқылы биік қабілеттер мен күдіретті энергияларды игеретіндігі сондай — оның қасында батыс өркениетінің жетістіктері көнеріп, керексіз, тіпті қатерлі зат боп қалады десе, — олар да осындай көзқарас танытар еді.

Осы білімге қанаттанған Ақ Сарбаз бұл кезде Әзәзіл империясының ерекше бақылауына алынған өз ортасына, қазақ халқының осы сәттен бастап алтыншы сатының халқы боп табылатындығын және осы халыққа әлемдік қауымдастық тарапынан ерекше мәртебе берілуі керек екенін айтып, ескерте бастады.

Жер бетіндегі халықтарды өз бетінше егжей-тегжейлі зерттей келіп Ақ Сарбаз осыдан біраз бұрын ғана көшпелі тіршілік кешкен халықтарды бөліп алды. Олардың ішінен қанында соғыс пен зорлық ниеті жоқ халықтарды сұрыптады. Осылардың арасынан ол Бір Құдайға сенетін салты биік, ізгі заңды ұлттарды ажыратты. Ең соңында осы лайық дегендердің ішінен ол дүниеге әлі Ғарыш Елшілері мен Пайғамбарларды әкелмегендерін тандады.

Сараптаудың керегі болмай қалды. Аталмыш шарттарға бірден-бір лайықтысы қазақ халқы болып шықты. Осыдан кейін Ғарыш зерттеушісі

Ақ Сарбаз Жер планетасының өкілетті тұрғыны ретінде Өзінің тұжырымдарын Ғарыш Бауырластығының алдына тартты. Сөйтіп Ғарыштың Еркін Ерік Заңы бұзылған жоқ.

Ғарыш Бауырластығы, Құдіретті Күштердің осындай ахуалға арнап жоспарланған әрекеттерін іске асыра беруге болады деп шешті, себебі, Жер планетасының өкілінен Иерархияның таңдауын растайтын айғақ келді.

Осы сәттен бастап Ақ Сарбаздың Ғарыш Шайқасына деген ерекше дайындығы басталды. Ғарыш Бауырластығы өз жоспарларын құпия түрде сақтай білді. Белгіленген мерзімде Ақ Сарбаз шайқасқа дайын болатын, бірақ ол алдын ала тағы да өте қатаң сыннан өткізілді. Егер Ақ Сарбаз өз қасиетін Ғарыш Шайқасынан бұрын жеке басының пайдасына қолданып қойса барлық тәуекел босқа кетер еді де, Ғарыш заңдарын бұзбай, қастас күштердің тепе-теңдігін сақтай отырып жеңіске жетуді көздеген Құдіретті Күштердің жоспарының күлі көкке ұшар еді.

Ал Ғарыш шайқасында жеңіске жетіп ең құдіретті күшке ие болып алған Ақ Сарбаз Люцифердің жолын қайталаса, онда Жиһан бұдан да сұмдық апатқа душар болмақ.

Сол себепті Ақ Сарбаз ең қатаң ТӨРТІНШІ сынға түсті. Бұл — биік мақсатқа ұмтылған талапкердің Ұлы Аналық Негізге деген құрметін анықтауға бағытталған сын болатын.

Қабаттас дүниелердегі қорытынды сынақтан өту үшін, он екі мүшесі сау, рухани кінәраттан ада еркектің ешқашанда әйел затына, әйел есіміне кір келтірмеген арлы болуы шарт. Тіпті бұндай жағдай болғанның өзінде Аталық Негіздің Иесі өз кінәсін жуып Ұлы Аналық Негіздің кешірімін алуға міндетті еді. Осыдан соң ғана Ақ Сарбаз астрал және ментал дүниелеріндегі сынақтарға жіберілді.

Өзінің хұқығын пайдаланып, ол өзіне таныс жолмен әуелі астрал дүниесіндегі Тозаққа саяхат жасады. Тозақ деңгейлерімен жылжыған кезінде физикалық дүниеден кеткен көптеген таныстарын көрді. Өзінің өтініші бойынша Ақ Сарбазды — өз зерттеулері арқылы адамды жаппай қыратын қаруға жол ашып берген белгілі ғалымның жасырынған үңгіріне ертіп келді.

Мейірбандықтың жолын тәрк етіп өзінің асқына дамыған ақылын қылмыс жолына жұмсаған ұлы ғалым жаза ретінде санасынан айырылып делқұлы күйге түсіріліпті. Бұл ғалым Ақ Сарбаз үшін дегдар адам және үлгілі ғылыми тұлға болып саналатын. Жазаға таң қалған Ақ Сарбаз ұлы тұлғаны осындай қасіретті түйінге алып келген себеп-салдар жүйесін артынша ұғынды.

Алайда, Ақ Сарбаз Тозақтан бір өзі Еділ патша, Шыңғыс хан мен Әмір Темірге татиды дейтін белгілі қанішерді таба алмаған кезінде бұрынғыдан да таң-тамаша болды. Ақ Сарбаздың сұрағына Жолбастаушы ол тұлғаның өзіне тиесілі қатаң жазадан өтіп жолын жалғастыру үшін

физикалық дүниеге қайтарылғандығын түсіндірді — диктатор өз әрекеті арқылы өркениетті дүниеге коммунизм дүние жүзінде жеңіп шықса не болатынын көрнекі түрде көрсетті, ал ең бастысы — фашизмге қарсы күреске шешуші үлес қосты,— деп жауап қатты Жолбасшы.

Ақ Сарбаз бұл сұмдық дүниеге жасаған сапарының ең соңғы екенін білетін-ді, сол себепті көргендерін есінде түгел сақтауға тырысып, зерттеуші ретінде бесінші саты дәуірінің сонындағы Тозак пен Тазартқыштын ахуалына талдау жасалды.

Рет бойынша астрал дүниесінің төменгі үш сатысынан өтті. Әрбір сатыда үш шеңберден — барлығы Тозактың тоғыз шеңберін құрайды екен.

Тозактың келесі үш сатысы өз ішінде үш шеңберге бөлініп тоғыз шеңберлі Тазартқышты құрайды.

Ал соңғы, жетінші саты болашақ Жер жаннаты Эвнояның астрал дүниесіндегі ұқсасы боп табылар еді.

Тозакты аралап жүріп ол өзі бұрын адамзаттың данышпаны деп санауға әзір көптеген тұлғаларды ұшыратты. Ал, коммунистік насихат тарапынан зұлым деп жарияланған адамдардың көбін кездестіре алмады.

Ақ Сарбаз Карма жайлы, оның нәзік, көпсалалы заңдары жайлы мүлдем жана түсінік алды. Физикалық дүниедегі білім атаулының үзік-үзік, жұтан екеніне әбден көзі жетті. Өзінің күйкі санасы мен осы өмірінде қалыптасқан «мызғымас қағидаларға» күле қарайтын болды.

Ақ Сарбаз өткен сатылардың барлық сұмдығын есіне сақтау үшін Тозактың жабық қабатшаларын түгел көруге мүмкіндік алды.

Бұл хұқықты Ақ Сарбаз Жер планетасын мәңгіге тастап бара жатқан адам ретінде иеленді. Сондықтан ол соңғы рет, бірақ бұл жолы жерлік ғұмырын аяқтаған саяхатшы ретінде қайтадан Тозак пен Тазартқыштан өтуі тиіс еді.

Мұнан соң Ақ Сарбаз бұл сұмдық мекенге енді қайтып оралмайтын жанның істеуге тиісті ырымдарын орындады. Жолбасшы оны астралды Ұжмақ — Эвнояның қақпасына дейін жеткізіп салды да, әрі қарай Ақ Сарбаз сапарын өзі жалғастырды.

Әуелі ол астрал дүниесінің гүлденіп тұрған алқаптарынан өтті. Жұпар иісі аңқыған бақтарда Ақ Сарбазды осындай өмірге ықтиярлық алған жарқын жүзді адамдар қарсы алды. Олардың ішінен Ақ Сарбаз өзінің туыстарын, достарын тіпті мүдделестерін көрді.

Астралды Ұжмақтың киелі тұрғындары бұл жазираға тек қана тиесілі хұқығы бар еңбегі сіңген адамның келе алатынын білетін. Ал, Ақ Сарбаздың өткен өмірлерінде қасына ергендер оның биік жазмышы жайлы хабардар еді. Сол себепті олар Ақ Сарбаздың мұнда дем алуға аялдамаған себебін түсініп, жаннатты жазирадан ең қысқа жолмен өтуіне көмектесті.

Алқаптан шығар жерде Ақ Сарбаз жолсеріктерімен қоштасып, олардан көптеген пайдалы кеңес алды. Ақ Сарбаз салқын ақылының таразысына

салып мұндағы болып жатқан оқиғалардың бәрі жер бетіне ертегі, аңыз түрінде белгілі екенін байқады. Ертегілер мен аңыздар өмірден-өмірге ауысып келе жатқандардың тәжірибесінің тұжырымы екенін ұқты.

Әрі қарай қозғалған Ақ Сарбаз өзіне таныс жолды таныды. Есіне өлең шумақтары оралды:

Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз;
Тастақ жол жарқырайды бұға амалсыз;
Елсіз Жер тұрғандай боп, Хаққа мүлгіп,
Сөйлесіп ымдасқандай көкте жұлдыз.

Жол таныс еді. Ол ғұмыр сайын осы жолмен Сарайға барып Биік Кенестің алдында жауап беретін.

Ақ Сарбаздың келісімі бойынша оның Универсал Ғарыш Модулінің бүкіл эволюциялық жетістіктерін зерттеген ұзақ, нақты емтиханнан соң Ғарыш Сарбазының пісіп-жетілгені айқын болды. Ақ Сарбазға Ғарыш семсерін табыс етіп, жазмышын орындап шығу үшін оның барлық центрлерін ашуға болатын еді.

Осыдан кейін Ғарыш Сарбазы Иерархия тарапынан Күпия Білімге қанықтырылып, оған Жеңімпаз деген атақ-дәреже берілді. 1977-ші жылдың 30-шы шілдесі күні Жоғарғы дүниелерге екінші рет көтерілген кезінде Универсал Ғарыш Модуліне жазылған жазмыш-бағдарлама бойынша Ақ Сарбаздың алдағы Ғарыш Шайқасына түбегейлі дайындығы басталды.

Дайындық кезіндегі сәттердің бірінде Ақ Сарбаз түнек күштерінің шабуылына ұшырап үлкен қиындықтарға тап болды. Ғарыш Бауырластығындағы Ождан Қағидасына сәйкес ол өз мүмкіндіктерін толық сарқығанша ешқандай жәрдем сұрамай ақырына дейін күресті. Осыдан кейін ғана Ақ Сарбаз өзінің Ұстазынан көмек сұрады және Құтқарушымыздан кездесуге өзінің жарқыраған киімімен келуін өтінді.

Шәкіртінің жалбарынуын қабыл алған Ұстаз онымен Күдіретті формалар Дүниесі — Гиперкеністікте — 1977-ші жылдың 4-ші қыркүйегінде кездесті.

Ақ Сарбаздың 35 жас өмірінде жеткен рухани деңгейіне Ұстаздың берген бағасы шәкірттің менмендігіне азық бола алмады. Ғарыш Шайқасы алдында мұның иығына қандай жауапты міндет артылатынын ескере отырып Ұстаз Ақ Сарбазға бұрынғы қарыздарын жедел төлеп құтылуға және менмендіктен барынша айығуға нұсқау берді: «Сенде менмендік неғұрылым аз болса, бойында соғұрылым Менің Қасиетім мен Қуатым көбейеді», — деді Ұстаз. Содан кейін екеуінің ендігі, Күмбірлеген Сфераларының Дүниесінде кездесер мерзімін көрсетті.

Ажырасар алдында Ақ Сарбаз Ұстазынан Ғарыш Шайқасына дайын екендігінің белгісін беруді өтінді. Оның осы өміріндегі қарыздарының өзі аса ауыр еді. Ақ Сарбаз, көдімгі пенделер сияқты, өзіне жүктелген міндетті атқара алатынына күмәнданатын. Сол себепті, ол Ұстазын өз күдігіне

сендіріп Ғарыш Шайқасындағы өзінің болашақ орнын нақтылау үшін, физикалық дүниеде **физикалық Гажап** көрсетуін өтінді.

Ұстаздан бұндай керемет көрсетуді сұрау — рухани шәкірттіктің аса ауыр күнәсі болып саналады. Ақ Сарбаз бұл үшін әлі талай өкінетінін, бұның жазасы — кейіннен маңайындағылардың бұған сенбестігі арқылы өтелетінін білетін. Бірақ Ғарыш Шайқасына дейін өзінің толық эволюциялық шиыршығын қалпына келтіру үшін өткен өмірлерін ашудың жауапкершілігі бөрінен зор болды. Сондықтан Ақ Сарбаз өзінің соңғы шайқасқа нақты дайын екенін айғақтайтын **Гажап** көрсетуді сұрап жалбарынды.

— Не, күмәншіл, үстіне жай отын тастап жіберейін бе, сонда? — деп сұрады Ұстаз.

— Дәп, солай! Өзіңнің туған күнінде, менің шайқасқа дайын екенімді сендіріп найзағай түсір! Қалған жағдайда мен Сенен ғажап тілемеймін, менің Саған деген сенімім ешқандай ғажапты керек етпейді!

Содан бері көп күн өтті. Ақ Сарбаз өзінің Ұстазымен арадағы келісім туралы мүлдем ұмытып кетті. Қыс түсті. Жана жыл да таяп келе жатты. 1977-ші жылдың 25-ші желтоқсаны болатын. Ақ Сарбаз таң қараңғысында үйден шықты. Кенеттен Алматының аязды аспанын қақырата күн күркіреп қоя берді. Найзағайдан сөгілген бұлттан өппақ болып, Ақ Сарбаздың бүкіл қарыздарын ақтайтын қар жауып кетті. Ол өзін Ұстазының кешіргенін және барлық өткен өмірлерінің эволюциялық шиыршығын дұрыс қалпына келтіргенін, енді Ұлы Ғарыш Шайқасына дайын екенін білді.

Бесінші цикл

Ғарыш Сарбазы

1977-ші жылдың соңына қарай Ақ Сарбаз өзінің өткен өмірлерінің шиыршығын толығымен дерлік қалпына келтіріп жеті кезеңнен тұратын эволюциялық кесте жасады. Бұл кестеде соңғы жетінші кезеңдегі алтыншы ғұмырдың орны ғана толтырылмаған еді.

Бастапқы кезеңдердегі өмірлер өз-өзінен ашылып, деректі құжаттар, ең алдымен — Інжілмен расталып отырды.

Ең күрделісі бесінші кезең еді, бірте-бірте ол да ашылды. Осы жерде Ақ Сарбаз алғаш рет өзінің өткен ғұмырларын еске түсіруінің түнек иелерінің айрықша назарына ілінгенін сезді. Олар Ақ Сарбаз үшін үлкен шеберлікпен жалған ғұмыр жасап тықпалады. Олардың бұл саладағы тәжірибесі мол екені көрініп тұрды, эволюциялық желісі піспеген адамдардың бұл тұзаққа түсуі жиі кездесетін. Данққұмар, менмен жан болса өзінің енбегі сінбеген бөгде атак, бөтен өмірге жармаса кетер еді. Өзгенің эволюциялық жетістігін ұрлап аранға түскен адамды Түнек күштері өздерінің бағынышты қаруына айналдырады. Күтіп тұрған Тозақтан құтылу үшін Ібіліске адал қызмет етуден басқа мүмкіндік жоқ екенін ескертеді.

Ақ Сарбаз үшін бөгде өмір жасай отырып, олар ең әуелі оның эволюциялық шиыршығын үзіп оған бөтен шынжыр жалғамақ болды. Олар сол кезде-ақ Жер планетасының физикалық дүниесінде өзінің соншама өткен өмірлерін есіне түсіре алған адамның пайда болуы неге әкеліп соқтыратынын түсіне бастады. Егер олар бесінші, әсіресе алтыншы кезеңде қандай есімдердің аян боларын білгенде ең ақырғы шараға, тіпті өлтіріп тастауға дейін барар еді.

Алайда оларды өздерінің шексіз менмендігі — адамзатқа данышпандар мен дегдарларды біз ғана бере аламыз деген сенімі алжастырды. Саятаншылдар өркендемей артта қалған надан халықтан, басқаны былай қойғанда жай дарынды біреу шығады деп те есептемеді.

Сол себепті олар талай сыннан өткен, аса көп күшті керек етпейтін сенімді төсілді пайдаланып Сатышы Иоанның келбетін шебер сомдап шығарды да осы жалған елестің көмегімен Ақ Сарбаздың өткен өмірлерінің пирамидасын бұзбақ боп дәмеленді. Бұл кезде ол төртінші кезеңнің бірінші және жетінші өмірлерін қалпына келтіріп болған еді.

Ақ Сарбаз ислам дініне ықылас білдіріп қасиетті Құранды тереңдеп зерттей бастағанда олар бұдан келер зор қатерді бірдей танып, өздерінің ең мықты тұзағын құрды. Сатышы Иоанн да халиф Омардың уақытында өмір сүрген. «Жақыптың баспалдағы» сияқты адамдар мен періштелер көтеріліп-түсіп жатқан «Иоанн баспалдағын» көруші болғандықтан бұндай ұқсастық эволюциясы жетілмеген адам үшін бұлтаргпас айғақ секілді еді. Бірақ Ақ Сарбаздың бай тәжірибесі бұның тым нанымды көрінетінінен секем алды. Оны әсіресе күмөндандырғаны — алдамшының тым әулие боп көрінуі еді және ақыр соңында ол өз атын өзі атады. Осыдан кейін Ақ Сарбаздың күмөнінің дурыстығы расталып ол тіпті өзін ақымақ санаған қарсы жаққа аздап өкпеледі де. Алайда ойын өрі қарай өрбіте отырып ол өзіне аса ұнамды тұжырымдарға келді. Түнек күштері Ғарыш Зандарын, Ғарыш Бауырластығының жарғысын білмейді екен, ал ең бастысы — олар Ғарыш Сарбазының пайда болу мүмкіндігінен мүлдем бейхабар болып шықты.

Машықты әдіспен Ақ Сарбаз халиф Омардың есімін қалпына келтірді, ізінше, өткен өмірлерінің зейінін қатты ширықтыра отырып екінші — Оригеннің өмірін тапты. Бесінші кезеңнің соңғылары болып Ақ Сарбаздың есіне түркілер — Еділ патша мен Аспарух хан түсті.

Алтыншы және жетінші кезеңдегі ғұмырлар әлдеқайда оңай ашылды да түзілген тағдырлар кестесінен, соңғы кезеңдегі алтыншы өмірдің толмай тұрғандығы көрінді, оны табу онша қиын еместей еді.

Бірақ бұл ғұмыр тым қысқа болатын. Мұнда Ақ Сарбаз алдыңғы өмірлерінің айқын белгілерімен салыстырғанда аз із қалдырыпты.

Тиянақты бір дерек табу үшін Ақ Сарбаз өзінің осы өмірін бала жасынан бері қайта есіне түсіруге, сол арқылы карма шиыршығын пайдаланып, өткен өмірінің ең жақын үзiгiн табуға бекiндi.

Бала кезінде кейбір кітаптарды оқып отырып қызық бір күйге түсетін. Осы кітапты бұрын оқыған сияқты, онда не барын алдын ала

білетін секілді болатын. Соғысқа дейінгі фильмдерді көргенде де сөйтетін. Бұларды бірінші рет көріп отырғанына нық сенсе де әлгі сезімнен айыға алмайтын.

Екінші дүниежүзілік соғыс туралы кітаптарға әсіресе фильмдерге деген оның ықыласы көзге ұрып тұратын. Бала кезінде оның ең сүйіп оқытыны фашизмнің пайда болуы жайындағы кітаптар еді.

Кітапханашылар өрине оның саяси кітаптарға деген балаға төн емес ықыласын байқады. Бірде ауыл кеңесінің адамы онымен мейірлене сұхбаттасып, үлкендерге арналған кітаптарды неге оқытынын және одан не түсінетінін сұрады. Мұнын жауабы оны толық қанағаттандырғаны көрініп тұрды. Осы ұзақ әңгімеден кейін Ақ Сарбазға адам естімеген хұқық — кітап қоймасына кіріп қалаған кітабын оқуға рұқсат берілді. Бұл уақытта оның он бір - он екідегі құрдастары кітапханашылар ұсынған кітаптарды ғана оқытын. Бұл жерде жүйенің идеологиялық қағидалары бұлжытпай орындалып, баланың ақылын шектеу майданы өрістеп тұрған кез еді.

Ақ Сарбаз фашизмнің Германиядағы үкімет басына қалай келгенін, бұл идеологияның әуелі Европаны, одан соң өзге құрлықтарды қалай жаулағанын қызыға зерттеді.

Бұның бәрі оған өте таныс болатын, ал Россиядағы 1941-ші жылғы соғыстың басын ол өзі қатысқандай түсінетін. Азап пен езгінің сұмдық суреттерін, күйікті жеңілістер мен түңілуді қайыра басынан кешкендей сезінді.

Сол кезде айтуға болмайтын, соғыстың бастапқы кезені жайлы шындық пен ауыр жеңілістердің, сансыз құрбандықтардың сыры ашылған сайын бұл елестер күшсіз берді.

Ал, соғыстың одан кейінгі кезеңдері мен жеңісі Ақ Сарбазға өзі қатысқандай әсер етпейтін, ол бұларды көдуілгі көрермен немесе оқырман ретінде қабылдайтын.

Осының барлығы Ақ Сарбазды — Ізгілік пен Зұлымдықтың арасында болған ең ұлы шайқасқа менің қатынаспауым мүмкін емес, — деген тұжырымға өкеліп тіреді. Бұдан кейін ол ізденістерін жүйелі бағытпен жүргізді.

Оның центрлері бұл кезде оянып, айналасындағыларға елеулі әсерін тигізе бастаған-ды. Өткен ғұмырлары санасының оянуы Ақ Сарбазбен тіпті қысқа уақыт жұғысқан адамның өзіне де әсер ететін.

Бірде жаздың күні автобуска шеттен келгені білініп тұрған өңі сол түстіктің күніне тотықпаған әйел кірді. Қолында үш жастар шамасындағы қыз баласы бар. Қыздың жүзіне қарап отырып Ақ Сарбаз, кенет оның өткен ғұмырында осындай сәби күйінде, қоршаудағы Питерде аштан өлгенін анық көрді.

Отандасының бұл ойын сезген басқа бір әйел сөмкесінен алма мен тоқаш алып қызға ұсынды. Қыздың шешесі секемдене түсті де артынша өзі секілді мейірімді ананың қысық көздерінен сезімтал жымиысын көргенде ғана тынышталды.

Ақ Сарбаз соңғы ғұмырын одан әрі есіне түсіре берді. Міне енді автобус аялдамасында бір баланың шешесіне әлдебір нәрсені аптыға айтқанын естіді:

— Мама, бүгін біздің балабақшаға жаңадан бір қыз келді. Көзі қандай, бантиктері қандай! Мен оны бірден таныдым! Онымен соғыстың алдында кездескенмін!

Өзінің жұмыстарын ойлап басы қатып тұрған шешесі ұлына қолын бір-ақ сілтеді:

— Орынсыз қиялданғаныңды қашан қоясың? Сені қойып, менің өзім соғыстан кейін туғанмын. Атаңнан сұрасаң ол саған кешке соғысыңды да соғыстан бұрын көргенін де айтып береді.

Бұндай дәрекі оспадарсыз жауаптың баланың сезімтал жан дүниесін таптап өткені анық. Бала үнсіз қалды. Оның енді ешқашан да ата-анасымен сыр бөліспейтіні айтпаса да түсінікті еді.

Бұл оқиға Ақ Сарбаздың ең жақын зерде толқындарын дір еткізді де — кішкене кезінен өкшелеп қалмай үнемі қайталанып отыратын қорқынышты түсін қинала есіне алды.

Түс, ретімен, Жаңа жылдан кейін, дағдылы мезгілінде көрінетін. Бір москал кісінің бұны басынан сипап айтқаны өлі есінде:

— Тыныштал қарағым, айқайлама! Түсінде сонша не көрдің? Оққорым таусылды деп кімге айқайлайсың? Жер бауырлай ұшып өз аэродромына қайтуы тиіс командирің кім? Соғыс аяқталғалы қай заман? Қаршадай баланың соғысқа өзі қатысқандай өмір беруін қарай гөр! Соғыс туралы көрген киноларының әсері гөй түсіне еніп шошытып, айқайлатып жатқан. Мына суды ішіп ал да, бөрің ұмыт, шырағым!

Бұл түс 1970-ші және 1977-ші жылдар аралығында қаңтар айының ортасында жан түршігерлік егжей-тегжейімен қайталана басталды. Әуе шайқасында өзінің ажалымен аяқталатын хикаяны есіне жақсы сақтаған Ақ Сарбаз жыл сайын осы түсті түршіге күтетін болды. Бұл шамасы сананың астарында қорғаныс реакциясын туғызса керек — енді ол өзінің Харьков қаласының іргесіндегі әлдебір қарлы жотадан тақтайға мініп сырғанақ теуіп жүргенін көретін болды. Мұнан соң оқиға мекені өзгеріп, ол енді өзінің Москва өзенінің биік жарқабағынан сырғанақ теуіп жүргенін, ымырт кезінде жарқыраған Кремль жұлдызын көрді.

Одан кейін ол, рұқсатсыз әкесінің жапон мылтығын аламын деп ұсталып, жазаланғанын есіне түсірді. Әрі қарай оның зердесінде, Артек пионер лагерінде өзінің қатысуымен болған төтенше оқиға және өзін асырап алған өгей әкесінің араласуының арқасында бұның насырға шаппай ізсіз қалғаны ашылды. Оның Кремль басшылары жайлы тартынбай айтқан ащы пікірінен кейінгі туыстары мен таныстарының үрейлі жүздері зердесінде бірнеше рет ап-айқын елес берді.

Ақ Сарбаз коммунизмді фашизммен салыстырғаны кезінде курстастары мен тарих және философия пәндері оқытушыларының жүзінде де дәл осындай үрей ойнайтын.

Соңғы курстағы әскери ойындардың бірінде Ақ Сарбаздың бөлімшесі мінген артиллериялық тягачтың сіргесі сынып кетіп зеңбірек ағытылып қалды. Олар зеңбіректі қайыра тіркеп болғанша бұл оқиға, Еділ бойындағы құмдауыт аймақ, жолбасшы офицердің шұрайлы тілі өте таныс жайттарды есіне түсіргендей боп көрінді. Бұның барлығы бұрын болған сияқты.

Осылардың бәрі Ақ Сарбаздың зердесінде қордаланып, өзі үшін ерекше — 1977-ші жылдың желтоқсан айында, Жана жыл қарсаңында өткен өмір естеліктері Тимур Фрунзенің есімімен және қысқа ғұмырымен толық қалпына келді.

Дағды бойынша Ақ Сарбаз өзінің 1978-ші жылғы 19-шы қаңтарда көруі тиіс қорқынышты түсіне дайындала бастады. Бірақ, оның орнына ол бала кезінде туған күнінде көрген ең тамаша түсін қайтадан көрді.

Оның он жасқа толған кезі еді. Ата-анасы осы күнді ерекше мейрамдады. Түн ортасы болып елдің барлығы ұйықтаған кезде неше күннен бері үнсіз тұрған радиоқабылдағыштан:

— Маған қошаканның суретін салып берші! — деген баланың дауысы естілді.

Бұл Антуан де Сент-Экзюперидің «Кішкентай Ханзада» атты ертегісі еді. Ақ Сарбаз сілтідей тынып ертегі дүниесіне шомды.

Бала кезінен ерекше әсершіл ол ханзадамен бірге жүріп жанартаулардың көмсіін тазалады, гүлге су кұйып Түлкімен әңгімелесті. Ертегі ешқашан бітпесе екен деп тілеген. Бірақ, ертегі аяқталды да, кішкентай Ақ Сарбаз өзіне әсіресе ұнаған тұстарды санасында көпке дейін жаңғыртып жатты.

Ақырында көзі ілінген ол, өзінің пурпур түстес теңіз ортасындағы ғажайып аралда жүргенін көрді. Теңіздің түбі мен көз көрім жағалаудың бәрінде түрлі-түсті тастар шашылып жатыр. Тастардың бәрі жасыл күннің сәулесіне шағылысып жарқырайды. Ауада заты таныс емес гүлдердің жұпар иісі аңкиды, көбелек яки құс екені белгісіз әлдебір жәндіктер ұшып өтіп жатыр. Қалың бұтаның арасынан таңғажайып хайуандар шығып Ақ Сарбазға таңырқай қарап тұр. Олар бұдан қорыққан да жоқ, өйткені ешкімнен төнген қауіп те, біреуді аулап жүрген ешкім де жоқ. Өзім ертегіден оқыған ұжымақ осы шығар деп шешкен Ақ Сарбаз, осы ұжмақты Жаратушыдан өзін осында мәңгіге қалдыруын өтінді.

Жиырма бес жыл өткен кезде ол көгілдір теңіз ортасындағы таныс аралды тағы да көріп, белгісіз гүлдердің иісінен басы айналды, тағы да мәңгіге осында қалғысы келіп кетті. Ұйқыдан ояна салып Ақ Сарбаз өзінің ғажайып түсін егжей-тегжейлі сараптай бастады. Бұған дейінгі оның сапарлары нақты еді және белгілі бір әрекет пен білімге машықтандыруды көздейтін. Бұл түсінің мағынасын таба алмаған ол кейіннен барлығы өз-өзінен түсінікті болар деп шешті. Ал, әзірге Ақ Сарбаздың алдында қызғылықты зерттеу жұмысы тұр еді.

Бұрынғы ғұмырларынан құралған шиыршық Тимур Фрунзенің өмірімен түйықталды. Енді сол ғұмырлардың арасындағы кармалық байланыстарды егжей-тегжейлі сараптау керек болатын, ал алда басқа тұлғалармен арадағы қатынастар тұрған-ды. Жаңа ғылым — төрт өлшемді тарихтын алғашқы зерттеушісі болып жұмыс жасау Ақ Сарбазға ерекше қуаныш сыйлады. Ол Ғарыш заңдарымен, әсіресе Құбылу заңымен санаспайынша казіргі тарихтың қоғам дамуын толық пайымдай алмайтынын ұғынды.

Бұл ой оны үйіріп алды да, Ақ Сарбаз жым-жырт кітапханада өте қызғылықты жұмысқа берілді. Өткен ғұмырлардың басқа тұлғалармен байланысын шексіз зерттей беруге болады. Осылардың ішінен тұрақты жарасым тапқан: Елисей мен оның Ұстазы Илия, Ескендір Зұлқарнайын мен Аристотель, Шыңғыс хан мен Қытай ойшылы Влю-Чушай, Әмір Темір мен Сергей Радонежский, Колумб пен Лас-Касас, Вивекананда мен Рамакришнаның байланыстарын зерттеді.

Сондай-ақ кырғи-кабак байланыстар да тұрақты қайталанып отырады — құбыла жүріп Ақ Сарбазға кездесуші тұлғалардың тобын әлі анықтамақ керек.

Осының барлығы зерттеушіні қызықтырғаны сондай, ол алдағы болатын Ғарыш Шайқасын мүлдем есінен шығарып, кеңістікке түнек иелерін секем алдыратындай ой жолдағанын қойды.

«Келешегі жоқ халықтың» мақсаты түсініксіз өкілінің бұл зерттеулерін көріп өзезіл тыңшыларының көңілі тыныш тапты. Олар тіпті бұған келдергі келтірмеу керек деп шешті. Жұмысын жалғастыра берсін, ал бітірген кезде мындаған жалған пайғамбар, жалған әулиелерді қолдан жасап, санасын иектеп аламыз, — деп пәтуаласты.

Түнек Күштері бұл уақытта «ен ақырғы зор майданға» түбегейлі дайындалу үстінде еді. Басымдылық түгелдей солардың жағында болатын. Олардың ғарыш флоттары барлық майданда жеңіске жетіп Жарық Күштерін ақырғы шекке тықсырып қойған-ды. Енді Түнек Күштері ен соңғы шешуші соккыны беруге ынғайлана бастады. Жарық Күштері Ғарыш Заңдарын және осыдан келіп шығатын күштердің тепе-тендік қағидасын бұлжытпай орындағандықтан осындай ауыр жағдайда тұрды. Қай өркениеттің болмасын Құдайға қарсы шыққан күштеріне Жарық Күштерінің сол өркениеттегі өкілдері ғана күресуге тиісті. Бұл «өзің бүлдіргенді өзің жөнде» дейтін Карма заңының талабы еді. Осы кезде ғана «өркениеттердің бір-бірінің кармасына араласпауы» жайлы қағида бұзылмайтын. Алайда сайтаншылдар өздерінің сүйікті және әбден машықты ортақ өркениет тәсілін пайдаланып жалпы ғарыштық карманы одан әрі шиеленістіріп жіберді. Мұндағы Жарық Күштері Түнектің интерғарыштық революциялық көтерілісін барынша тежеуге тырысты. Түнек күштерінде жерлік сайтаншылдардың жасақтары үсті-үстіне кеп қосылып Жарық Күштерінің онсыз да қиын халін ауырлата түсті.

Ғарыш қарақшыларының әбден күшейген флотына тойтарыс беру үшін Жарық Күштері өз қатарын Жердің үлкен қасиетке пісіп-жеткен

тұрғындарымен толықтыруға мүмкіншілігі бар еді. Алайда қарақшылармен салыстырғанда бұның өзі өте аздық етті. Мұндай теңсіздікті жойып, ин-терғарыштық түйінді өзінің Ғарыштық Қылышымен қақ бөлу үшін Жерден Ак Сарбаз шығуы қажет болды.

Ғарыштың күллі үміті Ак Сарбазда тұрғандықтан Ғарыш Бауырлас-тығы Оның тұлғасын өте құпия жағдайда ұстады. Сол себепті түнек иелері шешуші шайқасқа дейін Ғарыш Сарбазы туралы еш дерек ала алмады.

Ал өзiрге болашақ Ғарыш Сарбазы Танымның кіршіксіз әппақ гүл-дерін тамашалап, төрт өлшемді тарих мұхитының жағасында отыр еді... Түнек иелері әбден тынышталып оны ерекше бақылауды доғарды.

Ғарыш шайқасының алдында Люцифердің басшылығымен Түнек Иерархиясының Жоғарғы Кеңесі болып өтті. Женуші жақ ретінде Кеңес Мүшелерінің көкіректеріне нан пісіп, өреппіп тұрды.

Люциферге мынадай жайттар мәлім етілді:

— Жарық Күштерінің күйреуі жақын, тек өлтіре соққы беру ғана қалды;

— Жарық Күштерінің барлық соғыс кемелері белгілі, тіпті олардың көмекші құралдарына дейін анықталған;

— ұрыс кезінде Жарық Күштерінің бір де бір кемесі шайқас алаңынан кеткен жоқ;

— және де Ғарыш Бауырластығының стратегиялық резервтерімен айта қоярлықтай толықтыру да байқалмады;

— барлау барысында ғарышаралық кеңістікте қарсылас күштердің ұшқыш кемелеріне тән жарқыл байқалған жоқ;

— осылардың бәрінен шығатын қорытынды: Жарық Күштері қарсы-ласушы күштердің бастапқы теңдігін талап ететін өздерінің Ғарыш заң-дарының қармағына өздері түсті.

Бұның бәрі және Жарық Күштерінің алдағы күйреуі Түнек иелеріне қарма шиыршығын одан әрі шиеленістіре түсуге жағдай жасайтын да, өздерінің әсерін астрал дүниесінің бұдан да аумақты ғарыштық кеңістігіне таратар уақыт табуға мүмкіндік беретін. Қысқасы Түнек Иерархиясы өздерінің түбегейлі жеңісіне дайындалды, тіпті өздерінің ықпалын жүр-гізуге тиіс болашақ орталарды бөлісе бастады.

Алайда Жоғарғы Магистрдің пікірі оларға түсініксіз болып естілді:

— Сендердің бұл әсіре болжамдарын бастарыңа үлкен соққы болып тиюі мүмкін! Жарық Күштерінің уақытша сәтсіздігі жоқ қылатын қарсы соққы беру үшін жағымды қарма жинау болып табылуы ықтимал. Жарық Күштерінің ұйымшылдығы мен сабырлығы осыны дәлелдейді.

Женілушілер өздерін бұлай ұстамайды.

Тағы да сендер байқамаған, мән бермеген бір гөп бар. Ғарыш Бауыр-ластығының Жарғысын жақсы білетін Мен үшін бұл шешуші нәрсе боп табылады! Егер біз сөзсіз жеңетін болсақ, қарсыластарымыз Ғарыш Заңына сөйкес өздерінің жаралыларын қайткенде де алып кетіп құтқаруы керек еді ғой!

Ал егер олардың бір де бір кемесі майдан аланын тастап шыкпаған болса, онда жаралылары жорық госпиталінде болғаны!!! Ғарыш Бауырластығы Кұрбандық және Мейірбандық заңдарына сай құрылғандықтан өздерінің қорғансыз бауырларын ешқашан да шын өлімге қалдырмайды. Өмірдің Айналым Заңы бойынша Ғарыш шайқасында қаза тапқан Жарық Күштері сарбаздарының барлығы қайта тууға тиісті! Ал оларды қырғынға итеріп және құтқармай тастап кеткендер Карма Заңы бойынша инволюциялық құлдырауға ұшырайды.

Сол себепті мен Ғарыш Бауырластығының бұрынғы Өріптесі ретінде қарсыластар қолында Ақиқат қару бар екеніне кәміл сенемін. Ал сендер алдын ала дайындалған аранға өздерін жылжып барасындар!

Ғарыш тарихында бұрын-соңды болып көрмеген бұл Қару теориялық жағынан мүмкін нәрсе. Карма заңына сәйкес, Ғарыш Сарбазы тек Менін планетамда ғана пайда болуы ықтимал. Бүгінгі күнге дейін бұл мүмкін еместей боп көрінді. Алайда, айналамдағы кеңістіктен әлдебір белгісіз вибрацияларды сезіп тұрмын.

Физикалық дүниеде Ғарыш Сарбазының адамдардың қалың ортасына сіңіп кетіп көрінбей жүруге толық мүмкіншілігі бар. Ал астрал дүниесінде, оның үстіне Ғарыш кеңістігінде, тіпті іске қоспағанның өзінде, центрлері күдіретті дамуға жеткен, Құдайға ұқсас болып жаратылған тұлғаны жасыру мүмкін емес!

Сол себепті мен барлығыңа тез арада кейін шегініп, жаулап алынған дүниелерге мықтап бекінулеріңді бұйырамын. Бұл бізге қарсыластар қолдануы мүмкін Ақиқат Қарудың күшін шашыратып, созып жіберуге жағдай жасайды. Біз осылай етсек қана өзімізді апаттан алып қаламыз және ісімізді одан әрі жалғастыра аламыз!

Түнек күштерінің бұдан кейінгі әрекетін Екінші Ғарыштық Революция деп атауға болатын еді. Люцифер билік құрған Түнек Иерархиясының тарихында бірінші рет бағыныштылары өздерінің Жоғарғы Магистріне бағынудан **бас тартты**.

Ең әуелі Қожайынды өз шешімінен айнытуға әрекет жасалынды:

— Ұлы Ордабасшы! Біз Сіздің Еркінізге бағына отырып Жер планетасы тұрғындарын түгелдей зерттеп шықтық. Қасиеті барлардың бәрін тауып, өздеріне сай жұмыстандық. Олардың көпшілігі біздің тыңшыларымызға айналды не болмаса қасиетінен айырылып, құртылып жіберілді!

— Сіздің қорқуыңыз жөнсіз. Жер планетасында соңғы уақытта ешқандай ғарыш қуатының қозғалысы байқалған жоқ.

Демек, ешқандай Ғарыш Сарбазы да болмайды!

— Біздің ұлы жеңіске жетуіміз үшін бұдан артық қолайлы мүмкіндік қабыла қоймас.

Егер Сіз Шайқасқа қатысқыңыз келмесе, онда бізге бөгет болмаңыз! Біз енді қарсыластарымызды өз күшімізбен-ақ жоя аламыз!

— Сіз өзіңіздің шексіз билігіңізден айырылып қаламын деп қорқатын шығарсыз. Сонда не, бізді алдағы жеңісімізден құр қол қалдырғыңыз келе ме?

— Сіздің мәртебеніз үшін біз тым көп шығын мен құрбандыққа ұшырадық. Бұдан былай біз қарсыластарымыздың есін жиып жаңа күш жинауына мүмкіндік бере алмаймыз.

— Сіз ылғи Өзіңіздің Ғарыш Бауырластығында болғаныңызды көлденен тартып олардың Иерархиясын бізден жоғары қоясыз!

— Біз Сіздің ұрсып-сөккеніңіздің бәріне бағынып тындадық, өйткені сіздің Біліміңізге шексіз сендік, осы уақытқа дейін Сізді Кемеңгер деп санадық. Ал сіз болсаңыз қарсыластардың жаралыларды алып кетпегенінен қауіптенесіз. Бұл бізді таң қалдырады. Қарсыластардың қуат қоры сарқылғаны сөзсіз. Өйткені алып кету үшін ең үлкен жұлдыз кемесі толығымен бөлінуі және ноль-кеңістікті игеруі керек, ал жұмсалынатын материяның мұншалықты қуат тасушы қоры қарсыластарда алдағы шешуші шайқасқа да жетпейтін шығар!

— Біз Сіздің барлық жарлықтарыңызды мүлтіксіз орындап отырдық, өйткені Сіздің көзқарастарыңыз бен біздің Иерархияның мүддесі бір болатын. Енді біз Сіздің жеке басыңызды біздің ұлы мүддемізден биік қоятыныңызды көріп тұрмыз. Сіз өз орныңызды сақтау үшін осындай мифтік Ғарыш Сарбазын ойлап шығардыңыз. Сол себепті біз Сіздің жеке еркіңізбен қабылдаған шешімге бағынудан бас тартамыз! Жоғарғы Кеңес шешуші шайқас жүргізуді ұйғарды және шабуылдың мерзімін белгіледі. Сізге Ұлы Ордабасшы ретінде ұрысты жай ғана сыртынан бақылап, ақырында келіп бізді ұлы жеңіспен құттықтауыңызға болады!

Люцифер заңғар ақылымен өзі ең қорыққан жағдайдың болғанын түсінді. Ол төңкерген қарма шиыршығы, Ғарыштың Құпия Білімін пайдаланған оның соншама амал-айласына қарамастан кері оралып келді де, енді өзінің туғызғандары өзіне қарсы революция жасады.

Ол Ғарыш Заңдарының мүлт кетпейтініне және өзінің Ғарыш Сотының алдында сөзсіз жауап беруіне тура келетініне күйіне көзі жетті. Оның жәбірленген шексіз өзімшіл көңілін, бұлғақшыларды үлкен зауал күтіп тұрғаны, Өзінен безуі арқылы олардың өздеріне тиесілі зауалына бірінші қадамын бастағаны ғана жұбатты. Түнек күштерінің алдағы алапат Ғарыш Шайқасындағы ажалдарына қарсы кетіп бара жатқандарына, ал тірі қалатындардың өзіне әлі құлдық ұрып, кешірім сұрайтынына оның еш күмәні қалған жоқ.

Ол бірінші рет Ғарыш Бауырластығына жасаған өзінің сатқындығына өкінгендей сезімге тап болды, бойында Жаратушы алдындағы күнәмді қалай жусам деген тілек оянды. Бірақ бұл ізгі ойды ашу толқыны мен өзін соншама төмендетіп сатқындық жасағандарға деген жанын күйдірген жеккөрініш сезімі жұтып қойды. Жазалаудың ең бір ойға түспейтін көріністерін отты қиялында елестете бастады, алайда таяу шайқаста оларды күтіп

тұрған зауал, оның кекшіл қиялынан да асып түсті. Ал әзірше оның ескертуін дәлелдеп, сатқындарды көрнекі түрде жазалау үшін өзі сонша қауіптенген Ғарыш Сарбазы керек еді.

Зор ләззат дарығатын зерттеушілік шабытын әлі де жоғалта қоймаған Люцифер Ғарыш Бауырластығының ең ұлы құпиясын білуге қатты ынтықты — Белгісіз Ғарыш Сарбазының қандай қасиеті бар екен? Түнек Иерархиясының алапат күшін Ол іс жүзінде қалай құртып жіберер екен? Осы арқылы одақтас дүниелердің көкірегіне нан піскен топжарғыштарына өздерінің Жоғарғы Ордабасшыларының ұлы көрегендігі мен терең күдігінің шындыққа шыққанын дәлелдер еді.

Осыларды ойлаған Люцифер өзін сатқандардың жеңілісі мен қалай қорлық шеккенін егжей-тегжейлі тамашалау үшін өзіне адалдық пен берілгендіктен таймаған қоластындағылары мен одақтастарының бір бөлігін ертіп майдан алаңынан шықты да, қауіпсіз қашықтықтан өзінің кетін қайтаратын жоспардың орындалуын күте бастады.

1978-ші жылдың 20-шы ақпаны күні өтпек Ғарыш Шайқасының қарсаңында 35 жасқа толғанымен Ақ Сарбаздың төні де, жаны да өлі сәби қалыпта болатын, өйткені 1970-ші жылдың көктемінде ол рухымен және тәнімен екінші рет дүниеге келді. Сөбидің белгісіздік пен өлімнің алдында қорықпайтыны белгілі.

Ақ Сарбаз да Ғарыш Шайқасынан ешқандай тәжірибесіз болатын. Сол себепті жеңіліс салмағы оны мазаламады, тіпті өзінің Ғарыш Шайқасында қандай күштермен бетпе-бет келетінін де түсінген жоқ.

Бүкіл сынақтан өтіп Биік Дүниелерге екінші рет шақыртылғаннан кейін Ақ Сарбаз физикалық денесінен өз қалауымен шығып қабаттас дүниелерге өтуге хұқық алған еді.

Ғарыш Шайқасы болатын күні ол Ғарыш Бауырластығының Жоғарғы әскери кеңесі мен басқару Орталығы және қосалқы қызметтері орналасқан ғарыш базасына келді.

Жолбасшылар Ғарыш Сарбазын ең алдымен, қабаттас дүниелер кеңістігінде енді ғана қыза бастаған ұрыс кезінде жараланғандар жатқызылған госпиталь арқылы алып жүрді.

Күдіретті Күштер, жаралыларға Ғарыш Сарбазының көрінуі қандай жігер беретінін және Ақ Сарбаздың центрлерін іске қосу үшін қандай түрткі керек екенін дұрыс болжаған еді.

Ауыр жарақаттан азап шегіп жатқандар Ақ Сарбазды көрген кезде ой ағынын селдей төкті:

— Шынымен-ақ Ғарыш Сарбазы ма?!!

— Ал, мен оны жеңістен үміт үзбес үшін ойлап шығарылған аңыз екен десем!

— Ол алып болуы керек сияқты еді ғой?

— Сонда осы, физикалық дүниені әлі тастамаған адамның қолынан бірдене келе ме?

— Тұлғасында тұрған ештеңе жоқ! Қараңдар, центрлері бүлкілдеп, тұтана бастады!!!

— Әрине, ол Құдай Тектес кылып жаратылған және бізден артықшылығы — **барлық жеті центрі бар!**

— Ғажап! Отты центрі көк жұлдыздай жанып **айнала бастады!!!**

— Иә, Құдай тектес болып жаратылған Жер адамының ғана қолынан келеді бұндай іс!

— Енді, бітті! Бұндай сыйды олар тіпті күтпейді!

— Қараңғылардың күні бітті!

— Біздің азабымыз бен шығынымыз текке кетпегіті!

— Шыдадық-ау! Жеттік-ау!

— Біз енді жеңеміз!

Жүрген бойда жолбасшылар Ақ Сарбазды басқару орталығына алып келді. Жарық Күштерінің бүкіл қоры сарқылып, жұрт бұны тықырши күтіп отыр еді.

Әбден қалжыраған Бас Сардар Ғарыш Сарбазын көрген сәтте аумақты суреттегі ұланғайыр майданның қолайсыз ахуалын сызып көрсетіп жатқан сәулелі мензегішін үстелге тастай салып, креслоға сылқ етіп отыра кетті де, айналасындағыларға кеңес аяқталды дегенді білдіріп көздерін жұмды. Өзінің өткен ғұмырларында Ақ Сарбазбен қарулас ретінде майдан даласында талай кездескен ол алдында кімнің тұрғанын және шайқас тағдырының қалай шешілетінін қателеспей болжады. Кеңеске қатысушы дамыған өркениеттерден келген Жарық Күштері ғарыш флоттарының қолбасшылары да, өздері сенген нәрсенің орындалғанын, Ғарыш Сарбазының өз алдарында екенін ұқты. Олардың әрқайсысы Ақ Сарбазға өз ғұрпынша құрмет көрсетіп, Оған эволюциялық міндетін абыроймен атқарып шығуға тілектестік білдірді.

Жарық пен Түнек күштерінің барлығы шендескен Ғарыш Шайқасының қас ортасында қалған Ақ Сарбаз ғасырлар бойы машықтанған тәркі күйге шомды. Ашу, өшпенділік пен батырға тән қаһар немесе жүрексіну сезімі Ғарыш Сарбазында болған жоқ. Ажалсыз Жанның ақиқат тыныштық күйі орнады да, осы күйде тұнық та мөлдір, шексіз ғарыш кеңістігі көрінді. Осы кеңістік Ғарыш Сарбазының центрлеріне қарай тартыла бастады.

Содан кейін, белгілі бір ретпен, жоғарғы жұлдыздық жарылысқа түскен центрлері оның қуат арнасында тоғысты. Ақ Сарбазды қоршаған ғарыш кеңістігі шиырлықтанып, ұшында Ғарыш Сарбазы орналасқан алып конуска айналды. Көк жалынның бүлкілдей соққан толқындарына толып кеткен бұл конустың ішінде қамалған Түнек Күштерінің жантүршігерлік жойқын қуаты әп-сәтте ғайып болды.

Ғарыш Бауырластығының жаңа тарихына бастау болған Ұлы Ғарыш Шайқасы осылайша жүзеге асты.

Түнек Күштерінің Ғарыш Бауырластығы Күштеріне бетпе-бет от шашып ұрысқан бөлігі ғана аман қалды.

Мұнан кейінгі қысқа шайқастарда Түнек Күштері түбегейлі талқандалып, астрал дүниесінің төменгі деңгейлеріне ығыстырылып тасталды.

Олар ол жердегі шептері әлі сақтауда және эволюциялық тұрғыдан жетілмеген көптеген адамдарға шектеулі дәрежеде ықпал ете алады.

Өзінің Ғарыш Сарбазына тиесілі міндетін орындап шыққан Ақ Сарбаз, енді Аңшы ретінде астрал шырғаландарындағы Люцифердің өзімен айкаспаққа бекінді. Оның Еркін Ерік хұқына ешкім көлденең келген жоқ, сондай-ақ Люцифер мен оның дүниесін Ақ Сарбаздан артық білетін ешкім жоқ та еді.

Ақ Сарбаздың Люциферді өз иелігінен айламен алып шығуы сәтті жүзеге асты, бірақ ол өз әрекетінің дұрыс-бұрыстығы жайлы терең күмәнға ұшырады.

Планета Иесін кездестірген сайын Ақ Сарбаз қаруын іске қосады, алайда Люцифер кекете күлімсіреп астралдың қалтарысына түсіп ғайып болып кетеді және сасып қалған Ақ Сарбазға құптайтын белгі де жіберіп үлгіреді.

Ақырында 1980-ші жылдың күзінде Люцифер Ақ Сарбазға физикалық дүниеде қонақ болып өзі келді. Ең қас дұшпаны болса да, үйіне мейманмын деп келсе қабақ шытпай қабылдайтын саһара салтын ұстанған Қырдың Ұлы тырп ете алмай қалды.

Люцифердің бұл келуінің мақсаты — Ғарыш Бауырластығының Өкілімен өзінің болашағы жайлы келіссөз жүргізу және сонымен қатар Ақ Сарбаздың күші мен мүмкіндіктерін анықтау еді.

Ғарыш Бауырластығының бұрынғы әріптесі болған Люцифер өз тәжірибесінен, адамға өткен өмірлерін ашудың қаншалықты қуат дарытатынын білетін. Сол себепті ол өзінің жұмбақ дұшпанының өткен өмірлерін анықтамақ болып Ақ Сарбаздан бұрынғы өмірлерінің бірнеше есімдерін атауды өтінді.

Қонақжайлық дәстүрімен мейманның бетін қайтаруға болмайды. Әуелгіде Ақ Сарбаз өзінің бұрынғы есімдерін ашудан жалтарды, оның өз үйінде кімді қабылдап отырғанына әлі көзі жетпейтін. Қонақтың түнек күштері тарапынан жіберілгені күмәнсіз, — бұл оның ішкі сұмдық күшінен, заңғар ақылынан, көзді арбаған көркінен және әмір етіп әдеттенген тұлғаның қимылынан көрініп тұрды.

Алайда, қонақты сынау үшін Ақ Сарбаз қатері аздау құпияны ашты. Мейманның сарабына Тимур Фрунзенің әкесінің бірнеше өткен өмірлерінің есімдері ұсынылды. Бұл есімдер қонаққа қатты ұнады. Ол әкенің өз ұлынан қашанда биік болатынын білетін, сондықтан еш ойланбастан бұл есімдерді өзіне иеленіп алды. Бұл кезде ол біраз ашылып Ақ Сарбазды өзінің сұмдық жігерлі менмендігімен адамға тән емес зұлмат күшімен өшпенділік тұңғығына батырғысы келді. Физикалық дүниеде жүргенде Ақ Сарбаздың рухани білімі шектеулі болатын, алайда ол Люцифердің өз иелігінен мұны қалайда тауып алатынына сенімді еді, сондықтан бұл кезде-сүге түбегейлі дайындалған-ды.

Өз планетасында Люциферді ешкім де таба алмайтын. Әлі талай зұлымдық істеуге мүмкіндігі мол еді. Сол себепті, Ақ Сарбаз оны тауып құпиясын ашуға міндетті болатын. Ақ Сарбаз өз үйінде КІМДІ қабылдап отырғанын жүрегімен түсінді, бірақ жаза басқан жағдайда тәуекелдің салдары өте ауыр болар еді. Кез келген тұлғаны танудағы кателіктен Ғарыштын Негізгі Эволюция заңы бұзылады. Ал, біреудің эволюциялық дәрежесіне жармасудың жазасы өте ауыр.

Ешкімнің де өзгенің эволюциялық дәрежесін иемденуге немесе бөгденің эволюциялық меншігін басқа біреуге таңуға хақысы жоқ.

Әрбір тұлға даралығымен, қайталанбастығымен ерекшеленеді, оның өткен өмірлерінің тәжірибесі оның жеке қармасының жібін өреді, сондықтан, ешкімнің де, абыройлы болғанымен өзінікі емес бөтен ғұмырларды иемденуге, немесе біреулерді жағымпаздана ұлы есімдермен атауға хақысы жоқ.

Фашизм көсемдерінің өздеріне көне заман қолбасшылары мен қаһармандарының есімдерін иемденгені белгілі, олардың идеологиясының кандай зауалға тап болып күйрегені — жауыздыққа жақсы сабақ.

Бөгденің өмірін иемденуші, Ғарыш заңдарынан тыс қалдырылады да, өзінің физикалық дүниедегі ғұмырын аяқтағаннан кейін эволюция сатысынан төмен құлатылады.

Сондай-ақ біреуге, тіпті ашу үстінде де Люцифердің есімін жапсыру немесе Ібіліс атандыру қатерлі. Планета Қожасының өзі есіміне қол сұққандарды қатаң жазалайды. Осы ауыр қылмыс үшін талай адамдардың қатаң жазаланғаны шындық.

Ақ Сарбаз қонағын сынап түспек болып Ғарыш Сарбазының ең ірі есімдерін паш етті. Сақтығын жоғалтқан Люцифер жаңа ғана өзі иемденген есімдерден үзілді-кесілді бас тартып шыға келді. Уәж көтермес кейіппен ол Ғарыш Сарбазының есімдерін ғана өзінікі деп есептейтінін мәлімдеді де оларды иемдену ырымын жасады.

Бұдан кейінгінің барлығы да планетаның күдіретті Қожасының билігінен тыс еді — ол бөгденің эволюциялық дәрежесіне қол сұқпау туралы Ғарыштық хұқықтың қақпанына түсті.

Ғарыш Бауырластығы өз шешімін ешқашан өзгертіп немесе біреуге берген өкілетін кері қайырып алған емес. Люцифер осы қағиданы әрдайым пайдаланып, өз планетасында бойына ештеңе дарытпайтын. Ғарыш Сарбазының эволюциялық дәрежесін иемдену Люцифердің Ғарыш Құрылысшысы ретіндегі хұқықтары мен өкілеттерінің болашағын тәрк етті.

Осылайша Ғарыш Қаруымен ала алмаған күдіретті Люциферді Ақ Сарбаз Жиһан Құрылымының Заңдарын жақсы білгендігімен түбегейлі женді.

Өзінің Ақ Сарбаз ғұмырларын иемденуге талпынысының түбі не болғанын Люцифер ұққанша көп уақыт өтті.

Бұрындары балталаса да бұзылмас Түнек Иерархиясының тұтастығына жік түсе бастағанда, Люцифер өз дұшпанының тұлғасын бұрынғыдан да мұқият зерттеуге мәжбүр болды. Әуелі ол Ақ Сарбаздың астралды мүмкіндіктерін анықтауды ұйғарды. Бұл үшін ол сәті келгенде астрал дүниесінде дүрмекті мейрам ұйымдастырды. Үлкен байлық пен айрықша салтанаттың айғағы болмақ бұл тойға Ақ Сарбаз құрметті қонақ ретінде шақырылды.

Люцифер мен оның Иерархиясының мүмкіндіктерін анықтау мақсатымен Ақ Сарбаз да бұл ұсынысты қабылдап, шақырылған мерзімде Люцифер иелігіне келді.

Салтанат ұзақ әрі сан-салалы болды. Жердегі Әзәзіл Империясының үмбеттеріне халықтар бірлігінің шерулері және өміршілерге деген адалдықты көрсететін сценарийлердің қайдан келетінін Ақ Сарбаз енді түсінді.

Салтанаттың соңында Люцифер Ақ Сарбазды өз сарайындағы тойға шақырды.

Мейманды өз Иерархиясының қисапсыз байлығымен тәнті қылмақ секілді. Алуан түрлі жеміс-жидек, теңіз бен өзен жәндіктерінен және құс етінен жасалған тағамдардың есебі жоқ еді. Ақ Сарбаз астрал дүниесінің ғажайып тағамдары мен өзіне белгісіз жемістерін жеуден барынша бас тартты. Сарай иесінің кеу-кеулегеніне қарамастан өзіне бала жастан таныс дәмдерден ғана ауыз тиіп болған соң қожайыннан рұқсат сұрады.

Ақ Сарбаз Люцифердің бұның әрбір қимылын, әр сөзін өлшеп-пішіп, қапияда қастандық жасау үшін бұның энергетикалық қалқанын тінте, түрткілей зерттеу үстінде екенін үнемі сезіп отырды. Дала төсінде қазақтың қонақжай салтын бойына сіңіріп өскен Ақ Сарбазға бұл өте ауыр тиді. Қонаққа өзі шақыра отырып екіжүзділік көрсеткен қылығы мұның жанын терең азапқа салды.

Алайда Люцифер оған айрықша сыйлық дайындаған екен, салтанатты үнмен сонғы дәмді алып келуге бұйрық берді. Қожайын Ақ Сарбазға қарай еңкейіп, мейманның құрметіне қазір «Мафусаилдың суы» әкелінетінін, бұл дәмнің сонғы рет бұдан көп ғасыр бұрын берілгенін түсіндірді.

Оның белгісімен залға алтын мен күмістен жасалған терең ыдысқа құйылған, түтін түстес ұйынды сұйықты алып келді. Тойға қатысушы қонақтардың бұл үшін иесіне алғыс жаудырып, марапаттағандарынан Ақ Сарбаз өзіне шын мәнінде айрықша құрмет көрсетіліп жатқанын, бірақ арғы жағында әдейі құрылған тұзақ бар екенін ұқты.

Люцифер оған «Мафусаил суының» көптеген дертке шипа болатынын, ең бастысы — кез келген тіршілік иесінің ғұмырын бірнеше есе ұзартатынын түсіндірді.

Алтыншы дәрежелі Ғарыш Құрылысшысының ең шебер мүмкіндіктерін білетіндіктен Ақ Сарбаз оның сөзінің растығына күмән келтірген жоқ, бірақ Люцифердің бұл туындысына жасырынған қатерді жүрегі сезіп «Мафусаилдың суынан» бас тарта бастады. Бұл кезде қожайын қонағын

мүмкіндігінше зерттеп үлгірген еді, Болмыста екінші қайтара жасалмайтын бұл жанды суды тым болмаса зерттеуші ретінде татып көруді ұсынды.

Бұны да түсініп, көңіліне тоқыған, ақырында шынында да зерттеушілік әуестігі оянған Ақ Сарбаз алтындаған қасықпен ыдыстағы судан бір көсіп алды. Құйқанын сорпасындай ұйып тұрған заттан әлдебір түсініксіз леп тарайтындай. Сананың терең астарынан көне заманның бұлдыр елестері бой көтерді, қан мен төнде баяғы таныс құштарлық пайда болды. Өзінің ең құпия арманының орындалуын күтіп қазықтай қатқан Люцифердің суық көздері нұрлана жарқ етті.

Дала дәстүрінде мейманның алдына тартылған дәмнен бас тартып үй иесін ренжітуге хақысы жоқ. Бір карағанда аса пайдалы боп көрінетін дәмнен тараған құпия қатер мен Люцифердің ынтыға күтуі Ақ Сарбазды секем алдырды да ол қасықты кейін тастай салды. Сол сәтте жұртты айран-асыр танқалдырып Люцифер ыдысты өз қолына алды. Құрметті қонаққа арнап үй иесінің өзі дайындаған дәмнен аттамауын өтіне бастады.

Ғасырлар бойы қалыптасқан борыш пен жауапкершілік сезімі Ақ Сарбазға дұрыс жол көрсетті. Ол дәм татудың аяқталғанын білдіріп отты центрін тұтатты. Люцифер де оның маңайындағылар да үлкен бір апатты күтіп, зәре-құты ұшып қалтырап қоя берді. Бірақ қонақ саһара салтын бұзған жоқ. Күллі түнек Иерархиясын бір демде өртеп, күлін көкке ұшыратын мұндай мүмкіндіктің енді қайтып келмейтінін де Ақ Сарбаз жақсы білді. Алайда ол берген Сөзінен аттаған жоқ. Өзінің центрлерін іске қосу арқылы Ақ Сарбаз Люцифер мен оның жандайшаптарын қонақжайлық қағиданы бұзу мүмкіндігінен айырды да қуат арнасы арқылы жиынды тастап шықты.

Кейінірек Ақ Сарбаз өз сапарының ізсіз кетпегенін түсінді — түнек Иерархиясы тоза бастады. Ғарыш Шайқасынан аман қалған Түнектің жоғарғы Иерархтары өздерінің жеңілістерін майдан шебінде Люцифердің болмағанынан деп білетін. Сол себепті олардың Ұлы Ордабашының қуаты мен тылсым біліміне деген сенімі мызғымаған. Ал, күдіретті Люцифердің қалыптастырған өзін-өзі марапаттау қағидаларын қалай бұзғандығын, үрей туғызатын Люцифердің енді өз мейманынан қалайша есі кете қорыққанын көргендер, Қожайынның қабаттас дүниелердегі билігінің біткенін, енді өздерінің онсыз да өмір сүре алатындарын түсінді.

Люцифер мен оның Иерархиясының қылмысты істерінің қарма шиыршығы ақыр соңында тұйықталып, бастапқы қалпына келді. Тұңғыш Ғарыш революционері болған Люцифер себеп пен салдар ізімен өзі сияқты революционерлерді дүниеге алып келді.

Люцифердің қабаттас дүниелерге бұрынғы әсерінің арқасында түнек иелері ең қолайлы жерде қайта тууға мүмкіндік алатын. Бұрынғы революционер-террористердің жан кешті табандылығы мен ажалдан қорықпайтындығы осыдан түсінікті еді.

Олардың әрқайсысы өзін құрбан ету арқылы планета Қожасынан жаңа өмір алатынын білетін. Келесі ғұмырында ол Әзәзілге сіңірген

енбегіне сай атақ-абыройға ие болып партиялық иерархияда ең биік орынға колы жететін.

Репрессияға ұшыраған Қызыл Армия командирлерінің өз иерархиясының алдындағы жігерсіздігі мен бойкүйездігі осы болашақтағы абыройлы құбылудан дәмеленгендігінен еді. Өз идеялары үшін олардың әрқайсысы қайтпай шайқасты, әскерлерінің алдындағы беделі зор болды. Қаласа, армияны көтеріп өз басшысын тұтқынға алуға да мүмкіндігі болды. Тым болмағанда жанталаса қарсыласып партия күштерін қанға батырар еді де, диктаторды өзінің аранын аз да болса жабуға мәжбүр қылар еді.

Олай істеудің орнына армия басшылары қаруларын сөзге келместен тапсырып, қинау үстінде өздерінің жолдастары мен олардың отбасына жала жауып, ұстап беріп, өзінікіндей маскара өлімге душар қылатын. Беделі аздау қатардағы коммунистердің мойынсұнуы бұдан да көрнекті еді. Барлығы да өз иерархиямыздың қатыгез билігіне қалтқысыз бағынсақ, адалдығымыз үшін келесі ғұмырымызда әлдеқайда қолайлы құбылуға ие боламыз деп сенді. Люцифердің бұл өнін айналдырған Иерархия мен Құбылу заңдарының күші Ғарыш Шайқасына дейін ғана жүріп тұрды, ендігі жерде сайтаншылдарды түгелдей Тозақ күтіп тұр.

Қазіргі кездегі аман қалып байрақтарын бояп, бет пердесін ауыстырып үлгіргендердің кейбіреуінің ісінің алға басуы — түнек иерархиясының алдындағы бұрынғы еңбегі үшін алған рахметі болып табылады. Олардың уақытша гүлденуін өлім жазасына кесілген адамның ең соңғы тілегі бойынша дайындалған дәмді тамақпен салыстыруға болады.

Түнек иелерінің бейберекет әрекеттері — олардың бір кездегі мызғымас шептерінің ыдырай бастағанының айғағы. Бұл түнек иерархиясының терең дағдарысқа ұшырағанын көрсетеді. Бұнын себебі ең алдымен «тыныш революция» жасап өздеріне бөлек ұйым құрып алған бұрынғы достарын Люцифер қуат беру, идея беру, ұйымдастыру көмегінен мақұрым еткендігінде жатыр. Бұл ұйымда Люциферге жеке шешім қабылдауға құқық тимей, таза, сахналық билік қана берілетін еді.

Түнек иелері өздерінің Ғарыш Шайқасындағы жеңілістерінің салдарын егжей-тегжейлі талдап, бұрынғы күдіретті Люцифердің ендігі жерде қабаттас дүниелердегі өмір айналымына билігі жүрмейді, — деген қорытындыға келді.

Бұрындары ол түнек Иерархиясының өлген әлде өлтірілген қайраткерлерін немесе аса көзге түскен қанішерлерді үлкен салтанатпен тірілтетін. Бұл үшін өзәзіл үмбетіне өздерінің ықпалы жүретін астрал және ментал дүниелерінің қабаттары арқылы құбылуды «ұйымдастыратын». Кәдімгі эволюциялық тіршілік айналымындағы сияқты ол өзінің алтыншы дәрежелі Планета Рухы мүмкіндіктерін қолданып өз әріптестерінің монадаларын әуелі ментал денемен қамтамасыз етеді. Бұл дене иесінің жырынды қылмыскер санасына сай ақыл-ой материясын өзіне тартып алады. Әрі қарай, Люцифер өз әріптестерінің монадаларын астрал дүниесі арқылы өткізіп қасиетіне сай сезім мен көңіл-күй материясын дарытады.

Сол себепті, сайтаншылдар идеологиялық тұрғыдан әбден жаракталған, өздерінің қылмысты істерін орындағанда сондай белсенді болатын.

Бұрынғы эволюциялық сатылардың тығырықтары өмір сүріп тұрғанда, адамның әлсіздігінен, ырымшылдығы мен дүмше-нанымдарынан сусындап, түнек иелерінің билігі шешек атып тұрған кезде бұл нәрлі орта Жарық Күштерінің пердесін жамылған сайтаншылдарды тудыра бермек.

Бүгінде сайтаншылдар астралды Тозақтың төменгі деңгейлерін ғана қадағалайды, ал физикалық дүниеде бірін-бірі өлтіріп, төңкеріс пен революция ұйымдастырғаннан басқа қолдарынан ештеңе келмейді.

Өздерінің бұрынғы көсемдері — жалған коммунизм кеменгерлерінен айырмасы, XX-шы ғасырдың аяғындағы өзезіл үмбеті идеологиялық тұрғыдан нашар дайындалған және көбіне-көп идеологиялық диверсанттың қалай болса солай жасалған өмірбаянын тұтынады.

Бір сәтсіздіктен екінші сәтсіздікке еш өзгеріссіз пайдаланылатын түнек иелерінің тактикасы мен стратегиясы өзінің бірқалыптылығымен танқалдырады.

Люцифердің бірінші Ғарыш Революциясын жасаған кезіндегі әрекетін қайталауға жүрегі дауалағаны үшін достарын ешбір көмексіз, сондай-ақ энергетикалық қуатсыз қалдырғаны себепті Түнек иелерінің ешқандай болашағы жоқ.

Өзезіл Империясының құлдырай күйреуі, ұйымшылдықтың аяқ астынан шіріп-бұзылуы, бір кездегі кеменгер Түнек көсемдерінің түсініксіз қателіктері, бір-ақ нәрсені — Люцифердің өзі туғызғандарға қарсы соғыс ашқандығын ғана білдіреді.

Бұл оқиғалардың барлығы Люцифердің Жарық Күштері жағына өтіп, өз планетасын Ғарыштың эволюциялық шиыршығына қайтып алып келуі мүмкін екенін көрсетеді. Бұл жағдайда адамзат, Жерұйықта тұратын бауырларымен қабаттас, туған планетасында өз эволюциясын жалғастыруға мүмкіндік алады.

Астрал дүниесіндегі Ғарыш Шайқасы мен Зұлымдық Империясының содан кейінгі физикалық дүниеде ыдырауы өзезіл үмбетінің бұрынғы кейіпте өмір сүруін мағынасыз етті. Сондықтан болашақта коммунизм идеяларын жанартатын ұлы реформатор болуға жоспарланғандарға өте шұғыл түрде қабаттас дүниелердегі идеологиялық және моральды дайындықсыз-ақ жалған пайғамбарларға, ғарыш елшілеріне, жалған әулиелерге, экстрасенстер мен астрологтарға айналуға тура келді.

Әрине, олардың Ғарыш Шайқасы, сондай-ақ Ақ Сарбаз жайлы ешқандай мәліметі болмады. Сол себепті олардың күмөнді «аяндары» мен «жіберілген хабарларында» Ғарыш кеңістігінде болып өткен ұланғайыр оқиғаның нышаны да жоқ.

Ғарыш Шайқасы мен Ақ Сарбаз туралы мағлұматтар жария болғаннан кейін, ақ киінген жалған Ғарыш Сарбаздарының пайда болуы сөзсіз. Бұл рольдерді сол баяғы сайтан иектеген зомбилер орындауы тиіс.

XX-шы ғасырдың аяғында пайда болған жалған пайғамбарлардың барлығы 1978-ші жылдың 20-шы ақпаны күнгі Ғарыш Шайқасына дейін дүниеге келгендер. Олар әрине өз тапсырмаларын Түнек Иерархиясының өте күшейіп физикалық дүниені толыққа жуық, астрал дүниесін жартылай және ментал дүниесінің бір бөлігін өз уыстарында ұстап тұрған кезінде алған.

Келешек жалған пайғамбарлар физикалық дүниеде өздеріне тиесілі деңгейге жеткен соң тапсырмаларын орындауға кірісті. Олар коммунизм идеяларының бүкіл әлемде жеңуін көздеген жоспарды аяғына дейін жеткізуге тағайындалғандар еді.

Әлемді жаулаған Зұлымдық Империясында олар өзөзіл идеологиясын өркендетуші көсем болуы керек еді. Бұл үшін оларға тиесілі хұқық, білім мен қабілет берілді, алайда Ғарыш Шайқасындағы жеңіліс олардың терең жоспарларының жолын кесті. Сондықтан коммунизмнің жасырын тыңшылары тез арада басқа бейнеде көрінуге, соның ішінде жалған Ақ Сарбазды жасауға кірісті. Ақ Сарбаздың қысқа қармасына байланысты Ғарыш Сарбазының пердесін жамылған зомби болу жаман салдарға апарып соғуы мүмкін.

Бұл уақытқа дейін өзөзіл үмбеті жоспарланған оқиғалардың астрал дүниесінде, одан соң физикалық дүниеде іске асып, оқиғаларға нәр беруші энергия саркылып, қармалық жоспар аяқталғаннан кейін барып жалған пайғамбарларды тудыратын.

Биік Тіршілік Иесі бұл дүниеден біржолата кеткеннен кейін босап қалған сахнаны иемденген жалған пайғамбарлар біраз уақыт бойы өздерінің алдамшы жоспарларын жазасыз іске асыруға мүмкіндік алатын.

Жалған Жөнімпаз болудың қауіптілігі — шын Жөнімпаздың өлі күнге дейін физикалық дүниеде өмір сүріп, қабаттас дүниелердегі қуаттар ағымын басқарып отырғандығында. Ал, енді осының үстіне Жөнімпаздың өзөзіл дүниесі қайраткерлеріне қатысты ерекше өкілеттерін еске түсірсек, онда, түнек иелері негізінен бұрынғы функционерлерден жасаған, жанары от шашқан «қаһарман» тұлғалардың пайда болуы нендей салдарға апарып соғатынын елестетуге болады.

Өзөзіл әулетінің қас дұшпанының жалған бейнесін олардың өздері жамылуы қайшылықты жағдайға алып келеді — астрал дүниесіндегі оқиғалар физикалық дүниеде өлі қайталанып біткен жоқ. Карма механизмі физикалық дүниеде қайталанатын өзара өбден қалыптасқан байланыстары бар пайда болған тұлғалармен ара қатынасқа түседі.

Сондықтан өлі аяқталмаған қармалық жоспарда бөгде кейіпкерлердің пайда болуы Түнек Иерархиясын да, қатардағы өзөзіл үмбетін де және олардың зомбилерін де болжаусыз салдарға ұрындыруы мүмкін.

Тозак пен Тазартқышты және Ұжмақтың Кіреберісін аралай жүріп, Ақ Сарбаз өткен ғұмырларының кейбір көмескі тұстарын анықтай түсу үшін өзінің бұрынғы өмірлеріндегі қармалық жаулары мен достары жүрген жерлерге дейін әдейілеп барды.

Центрлерді оятудың бірден-бір шарты — өткен өмірлердің зердесін қайта қалыпқа келтіру болып табылады. Мүмкін еместей қысқа мерзім ішінде Ақ Сарбаз өзінің эволюциялық сатыларын басынан аяғына дейін толық қалпына келтіріп үлгірді. Кез келген бөтен ғұмыр бұл тізбекті бұзып кетер еді.

Кейініректе бұл жұмысты зерттеуші ретінде жалғастырған ол аталған есімдердің арасындағы нәзік қарма байланыстарын зерттей отырып, жазмышын орындау үшін өзіне қандай күштердің көмекке араласқанын ұқты.

Алтыншы цикл

Эволюциялық Құрылысшы

Ақ Сарбаздың балалық шақтан 27 жасқа дейінгі барлық өмірі Лермонтовтың ғұмырын қайталайтындықтан өткен өмірлер зердесін қалпына келтіру осы есімнен басталды. Ұлы ақын қалдырған мұраны зерттеу үстінде Ақ Сарбаз Лермонтов өлеңдерінің астарын ұқты, бұрынғы өмірлері жайлы жасырын мәліметті анықтады. Ақ Сарбаздың өткен ғұмырлары зердесінің оянуы ауыр естеліктерді, жан күйзелісін, өткен өмірінде орын алған сырқат пен қасіреттерді ілестіре келді. Осының бәрі, өзінің өткен ғұмырларын есіне түсірген бұдан қармалық қарыздарын қайтаруды талап еткен ұшы-қиыры жоқ секілді көрінген жұрттың мазалаған легімен ауырлай түсті. Ақ Сарбаз бұл кісілердің ішінен өзінің бұрынғы тізесі батқандарды танып, қолынан келгенінше олардың алдындағы борышын өтеді. Бұл қарыздар біреулеріне әкімшілік билік, екіншілеріне пайдалы мамандық ретінде қайтарылды, үшіншілеріне өз отбасыларын көтеру үшін немесе білім алу үшін қолайлы жағдай жасалды. Қармалық есеп бойынша қарызын алғандардың көпшілігі өздерінің жарылқаушысын арсыздықпен сатып кетті. Олардың рақымсыз қылықтарын көрген Ақ Сарбаз қарызым өтелді деген қорытындыға келді — өздеріне жақсылық жасаушы ұстазды сату арқылы бұл тұлғалар өткен ғұмырлардағы қармалық борыштың қалдығын түгел жойып еді.

Ақ Сарбаздың топтық қармасының қалыптасуы қиын болған жоқ. Ол шиыршықталған жол бойымен осы өміріндегі өзінің оқып, еңбек еткен жерлерін аралап шығып қалған қарыздарын қайтарды.

Ең қиыны Шыңғыс тұқымының қарызын қайтару болды. Қарма заны бойынша жиһангер әулеті, ең соңында әулет қармасын өтеушіні туғызуы керек. Әмір Темірдің ауыр қарыздарын оның ұрпақтары Ұлықбек, Бабыр және Әқбар патша өтеп шықты.

Шыңғыс ханның тікелей ұрпақтары Жәнібек, Қасым, Абылай хан және басқалары қазақтың өз мемлекетін құрып, оны қорғау арқылы ауыр әулет қармасының үлкен бөлігін ақтап шықты.

Өз тегінің шежіресін зерттеу үстінде Ақ Сарбаз, өзі сүйген, дос болғысы келген адамдардың бұны неге тастап кеткенін, ал ұнатпайтын аламдардан ұзақ жылдар бойы неге құтыла алмағанын түсінді. Ол адамдар бұның тарапынан бір кезде әділетсіз жазаланған немесе бұл осы адамдарға өткен ғұмырында зорлық көрсеткен екен.

Әрі қарай рухани өрлеу барысында Ақ Сарбаздың мойнына ұлттық карманың бұдан да ауыр қамыты келіп киілді.

Ақ Сарбазға оның артта қалған, болашағы жоқ ұлттың өкілі екендігін ескертіп, үнемі бетіне салық қылушы еді. Сол себепті ол студенттік кездің өзінде-ақ өмірлік мақсатым — елімнің егемендігі мен бостандығы үшін күресу деп белгіледі.

Бұл үшін ол көп жыл бойы ұлт-азаттық қозғалыстар тәжірибесін, олардың жеңуінің, яки жеңілуінің сырын зерттеді.

Өз халқының бостандығы үшін күреске дайындала жүріп Ақ Сарбаз құпия, астыртын ұйымдардың тәжірибелерін санасына сіңірді. Содан кейін ұлт-азаттық қозғалыстарды басып-жаншудағы армиялардың, арнайы қызметтер мен барлау органдарының тәжірибесін бажайлай зерттеген ол, Индиядағыдай бағынудан бас тартудың, тоталитарлық тәртіп жағдайындағы астыртын күрестің толық жеңіліске, қисапсыз құрбандыққа ғана ұрындыратынын түсінді.

Ақ Сарбаз өз халқының тек рухани өсу арқылы ғана бостандыққа жететінін ұқты. Карма заңын зерттеп тану барысында, Ақ Сарбаз, егер эволюцияның алтыншы сатысы ендігі пайда болса, онда езгідегі қазақ халқының кармасы — Ғарыштың сатылап өрлеу Заңын бұзбай, эволюциялық қысқа мерзім ішінде ұлттық кармадан мемлекеттік кармаға өсуі керек деген қорытындыға келді.

Тек қана егеменді мемлекет құрғаннан соң барып алтыншы саты халқының планеталық, ал кейіннен күрмеуші — Ғарыштық Кармасы пайда болар еді.

Осы заңдылыққа сүйенген және қазақ халқының келешектегі Эволюцияның алтыншы деңгейінің негізі етіп таңдалынғанына сенген Ақ Сарбаз өзінің өмірлік мұратына жетті. Алтыншы саты халқының егеменді ел болуы шындыққа айналды.

Бүкіл Түнек Иерархиясы Империясының барлық күдіреті Ғарыш Заңдарының алдында әлсіздік көрсетті. Алтыншы саты халқының бостандығына дұшпан болған күштердің барлығы өздерінің жан кешті қарсылығына қарамастан күл-талқан болды. Тәуелсіздікті Империяның өзге халықтары да алды — бірақ күтпеген жерден келген бостандықтың салдары әр елдің ұлттық кармасына орай түрліше өрбіді.

Ақ Сарбаздың бұдан кейінгі әрекеті халқының ұлттық санасын, оның тілін, мәдениетін, музыкасын жаңғыртып оны планета игілігі дәрежесіне дейін көтеруге бағышталады.

Түнек иелерінің айрықша мүдделерінің басты нысанасына айналмақ алтыншы саты балаларына ерекше қамқорлық көрсетіледі.

Бұл шаралар Қазақстанда, әсіресе алтыншы саты халқының астана-сында, әуелі рухани деңгейде шешуші, соңғы шайқас салу үшін бүкіл Түнек күштерінің жиналуы себепті туып отыр.

Алтыншы саты балаларын өздерінің тұзағына түсіру үшін түнек иелері ең айлалы тәсілдерді қолданатын болады. Түнек тыншыларының ең жағымды, сөзге шешен, сендіру қабілеті ең күштілері астана мен ел ішін аралап іріткі салады. Оған қоса алуан секталар, жалған пайғамбарлар, «елшілер» мен «әулиелер» пайда болып өз идеяларын қызу насихаттайды және олардың басты нысанасы қазақтың балалары болмақ.

Бұның бәрі үшінші және төртінші саты құрлықтарының құрдымға кетер алдында болған өзәзіл дүниесінің жын-ойнағына ұқсайды.

Бірақ, бұл ойнақ шексіз жалғаса бермек емес.

АЛТЫНШЫ САТЫ ХАЛҚЫНЫҢ ПЕРЗЕНТТЕРІ БУДАН БЫЛАЙ БҮКІЛ ҒАРЫШТЫҢ ИГІЛІГІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ, СОНДЫҚТАН ҚҮДІРЕТТІ КҮШТЕР ӨЗӘЗІЛ ОЙНАҒЫН ТОҚТАТУ ҮШІН КЕЗ КЕЛГЕН ШҰҒЫЛ ШАРАҒА БАРА АЛАДЫ.

Ақ Сарбаз түнек иелерінің мақсаты мен айла-шарғыларын жете зерттеп оған қарсы өз шарасын дайындап отыр.

Түнек құратын тұзақтарды көріп Ақ Сарбаз оларды джунглидегі маймылдарды аулау тәсілімен салыстырды. Ол үшін аңшы ішіне маймылдың қолы ғана сиятын тар мойын құмыра алады. Ыдысты ағашқа байлап, ішіне бір уыс жаңғақ салған аңшы аулағырақ барып тұрады. Ағаш басындағы әуесқой маймылдар жерге түседі де олардың біреуі құмыраға қолын тығып жаңғаққа жармасады.

Мұны көрген аңшы асықпай-ақ олжасының қасына келеді. Маймыл секіріп, үрейлене шыңғырғанмен жұдырығын жазып алақанындағы жаңғақты тастай қашу ойына да кіріп шықпайды. Маймылдың санасында олжадан бас тарту қалыптаспаған. Осындай қарабайыр рефлексінің кесірінен ол торға түседі.

Тура осылай адам да өзінің нәпсісіне, пайдақұмарлығына орай Саятанның тұзағына түседі. Эволюциялық жолда жетілген адамдардың көбісі махаббат тонын киген нәпсісінің, немесе онай табыстың тұзағына түспей айналып өтеді, бірақ биліктің сиқырлы күшіне қарсы тұра алмайды. Тек эволюциялық тәжірибесі жоғары жан ғана диктатор, жаулаушы, қанішер мен бүлікшінің қандай қарма тұзақтарына түсетінін пайымдай алады.

Жауыздық, нәпсі мен билікқұмарлықтан жерініп дағдыланғандар, бір уыс жаңғақ — бойдан арылмаған атак пен лаңққұмарлықтан ұсталады.

Өз эволюциясында белгілі бір сатыға жеткенде ғана адам бұл жалған дүниенің барлық тұзағынан айналып өтіп Төңірге бағыт алады.

Құдайлық ой әлемімен тұтасудан құдіретті өнер туындылары дүниеге келеді. Әуелі ол өлмес жанның Биік Дүниелермен ынтымақтастықтағы сезімін ең ұғымды түрде бейнелей алатын музыка өнерінде көрініс табады.

Діни сенім Жаратушыға жақын болған сайын оның музыкалық шығармаларының мәні арта береді. Католиктердің «Ave, Maria» гимнінің кіршіксіз тазалығы, православиелік ән-өуендерінің салтанатты сыршылдығы мен жиырмасыншы ғасырдың аяғындағы сектанттық музыка арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Бұл шығармалардың бір бөлігі, көбейіп кеткен секталардың, жалған пайғамбарлардың сансыз рет қайталанатын мантралары мен дұға, дуалары эволюциялық тұрғыдан жетілмеген балауса сананы улап, адамды зомбиге айналдырудың қаруы болып отыр. Өлмес жанның құтқарылар бір ғана жолы бар. Ол — ұлттық сана мен ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылатын ұлттық салт-дәстүрге қайтып келу.

Алтыншы сатының адамдары үшін өзәзіл ырғақтарынан қорғандың ең сенімді жолы — қазақтың халық музыкасы болып табылады. Дала күйлері мен халық әндері жын иектегенді жазалы, ақын мен жазушының, жалпы өнер адамының әлсіреген рухына, өше бастаған шабытына нәр береді, жаңа бағыт көрсетеді.

Қазақтың халық музыкасының алдында бүкіл әлем қарыздар, себебі, 1986-шы жылғы Алматы қаласында өткен желтоқсанның қанды оқиғаларынан кейін және осыдан соң болған Ғарыш Соты кезінде, Ақ Сарбаз, тек осы жүрек елжіретер ән мен күйге иіліп қана қанішерлерге адам айтқысыз зауал жіберуден бас тартты. Халық музыкасының құпия ырғақтарынан өз жұртының болашақ тағдыр-талайын таныған Ғарыш Сарбазы түзелмес кателіктерге ұрынған жоқ.

Ақ Сарбаздың физикалық дүниедегі мүмкіндіктері әуелі менталдағы, одан кейін астралдағы жоспарды физикалық дүниеде іске асыруға қажетті уақыт аралығынан келіп шығады.

Алтыншы саты халқының жерінде істеген адам айтқысыз жауыздығы үшін сайтаншыларды жазаламақ ниетпен Ақ Сарбаз қабаттас дүниелерде қарсы әрекетке кірісті.

Өзі іске асырмақ зауалдың нобайын пысықтау ниетімен Ақ Сарбаз қаза болған қаңдастарын, астрал дүниесінде қыркы өткенше барып көрді. Ол әрбір құрбанның, әсіресе өз тайпасының Ғазиз Жас Аруларының әрқайсысының қандай жағдайда өлтірілгендігін егжей-тегжейлі зерттеді.

Анықталған жәйттердің сұмдықтығы сонша, қаны қайнап қаһарланған Ақ Сарбаз, бұндай жеңдеттерді туғызғандардың бәрін өздерінің төсілін өздеріне өлденеше есе күшейте қолданып, түгелдей құртып жібермек болды.

Бірақ Ғарыш Сарбазының әділетті ниетіне құрбандардың берген жауабы Ақ Сарбазды қайран қалдырды. Айуандық қорлау мен азапты өлімді басынан өткізген жандардан ол мұндай өтініш күтпеп еді. Ақ Сарбаз құрбандардың жеңдеттер үшін бұдан да сұмдық жаза талап ететініне сенімді болатын. Алайда олар өздерінің Ақ Сарбазынан азаптаушыларға кешірім қылуын сұрады, өз өтініштерінің мәнісін — зауал кезінде жазықсыз жандардың, әсіресе сәбилердің қырылатындығымен түсіндірді.

Төннен ажыраған олардың бойында көріпкелдік қасиет ашылып, өздері үшін және туған халқы үшін Ғарыш Сарбазы зауалының болашақта неге соқтыратынын білді. Сол себепті олар Ақ Сарбаздан қаһарын шектеп, мүмкіндігінше Мейірбандық заңына сүйенуін өтінді.

Кейінірек Ақ Сарбаз қазақ халқының құрбан болған перзенттері осы арқылы өздерінің шынында да алтыншы саты халқы екенін дәлелдегенін, алтыншы саты халқының соңғы, ең қатал емтиханның өткенін түсінді.

Қазақ елі перзенттерінің ешқашан Зұлымдық жолымен жүрмейтініне, бұрынғы сатылардың жантүршігерлік жолын қайталамайтындығына Ғарыш Бауырластығының әбден көзі жетті. Ғарыш Бауырластығы тарихындағы бұл елеулі оқиғаның арқасында, 1987-ші жылдың 16-шы сәуірі күні болған Ғарыш Сотында, алтыншы саты халқына және Ақ Сарбазға Жерұйыққа қоныс аудару туралы ұсыныс жасалды.

Жетінші цикл

Жаңа Әлемдерді Ашушы

Бұл оқиғаның түнек иелері үшін құпиясы жоқ еді. Адам ұрқының басқа Галактикаға көшірілу мүмкіндігінен олар өз жоспарларының құлталқаны шыққанын көрді.

Түнек Иерархиясының көсемдері өздерінің заңғар ақылдарымен, материализм кеменгерлерінің есіне келмеген бұл Ғарыштық КӨШУДЕН өздерін бұлтартпас өлім жазасы күтіп тұрғанын есептеп шығарды да Жер бетіндегі ең соңғы ұлы кеңесінде кенеттен қалыптасқан ахуалға сай өздерін құтқарудың ерекше жоспарын жасап үлгірді.

Олар тоналып болған Ресейді тастап шығуды, енді мағынасы жоқ өлемдік биліктен, тіпті уақытша өздерінің ілімінен бас тартуды және барлық күшін алтыншы саты халқының арасына сыналап кіріп, сіңісіп кету жолына жұмсауды ұйғарды. Бүкіләлемдік Зұлымдық күштері өзәзіл Империясының басты орталықтарынан Жетісу өңіріне ауысып, алтыншы сатының өскінімен бірге жасырынып жаңа планетаға енуді, содан соң мезгілі жеткенде зұлымдықтың жаңа, заңғар шеңберін қайтадан бастауды көздеуде. Жаңа планета сайтаншылдарға жаңа карма беріп, Ғарыш Сотын өлшеусіз кешеуілдетер еді.

Келешектегі күтулі оқиғаларға қарамастан Ғарыш Бауырластығы алтыншы саты перзенттерін Жер планетасынан көшіріп, Жерұйық деп аталатын Отанға қоныстандырады. Бұл Ғарыш шиыршығымен қантөгіссіз өрлеуді талап ететін және өлтірілген өзәзіл әулеттеріне Жаңа Мекенде қайтадан ғұмыр бермеуді көздейтін Ғарыш Заңдарының тәртібінен шығып отырған шешім.

Алтыншы саты перзенттері көшіріліп болғаннан кейін Ғарыш Сарбазы барлық сенушілерге Жарық пен Түнектің Жер бетіндегі соңғы

шайкасын жария етеді. Осы арқылы Бір Құдайға сенушілер Әлемдік Зұлымдықтан өз қанымен тазарып, келесі эволюциялық өрлеуге мүмкіндік алады.

Еркін Ерік заңына сәйкес, адамдар өздерінің болашақ эволюциясын өздері таңдауға, күресе жүріп, еңбек ете жүріп өзінің Өлмес Рухын құтқарып, жана планетада дүниеге келуге хақысы бар. Не болмаса жарамсыз коқыс секілді эволюциялық күресінге лақтырылып эволюцияны ен төменгі сатыдан қайта бастайды, өйткені Өлмес Рухтың қалдығы қанша ұсақ болғанымен ешқашан құрымақ емес.

Ғарыш Күштері шайқас нәтижесіне сәйкес адамзаттын да планетанын да тағдырын белгілейді. Егерде Ізгілік күштері жеңіп шығатын болса адамзат Жер планетасында алтыншы сатыны толықтырып әрі қарай өмір сүре алады және Эволюцияны жеделдету жолында жана Отанмен екі арада рухани озық жандар арқылы қарым-қатынас жасайды.

Осы сәттен Ақ Сарбаздың Жер планетасындағы ғұмырының ен соңғы кезені және эволюцияның өзі үшін белгіленген жана сатысына шығуға дайындығы басталмақ.

Отан енді Жерде мүлдем қолдануға болмайтын білім ашыла бастады. Ақ Сарбаз Құдіретті Күштердің әділетті екендігіне, ешкімге артық білім бермейтіндігіне ешқашан да күмән келтірген емес.

Ол өзіне ашыла бастаған білімнің неге керектігін қайта-қайта зерделеп түсінуге тырысты, ақырында ол өзінің бұл Жер планетасында қонақ екенін, мына дүниедегі сапарының көп ұзамай аяқталатынын ұқты.

Сол себепті, Ақ Сарбаз өткен жолының естеліктері үзілмес үшін өзінің Жер бетіндегі соңғы ғұмырының егжей-тегжейін қалпына келтіре бастады.

Өзінің Эгоцентризмінің, Мінсіз Физикалық Денесінің және Ақылының кіші сатыларымен жылжи отырып Ақ Сарбаз күрмеуші алтыншы кіші сатыға кеп жетті. Өз эволюциясының макро-, мини- және микродәуірінде Ақ Сарбаз туған қазақ тіліне, сазына, ойлау жүйесі мен халқының өмір салтына біржолата қайтып оралатын болады.

Өмірінің соңында Ақ Сарбаз балалық шағына, Саһараға қайтып кеп өзінің қайта туған туысқандары мен Итін қайыра кездестіреді де алтыншы саты халқының эволюциясын жалғастыруға дайындалады.

Сонда оның жетеуден жеті ретке созылған соңғы ғұмырының үлкен бір кезеңі тұйықталып, физикалық дүниенің кемерінен ары қарай бағытталған қозғалысы басталмақ.

Ақ Сарбаздың Даламен қатынасы ешқашан да үзілген емес. Бұл жерден ол рухани күш алды, өзін қинаған жауаптардың шешімін тапты.

Жұмыс кезінде Ақ Сарбаз өз демалысының бұлжымас кестесін жасап қоятын. Бұл аңшылық маусымының басталатын — қыркүйек пен қазан айлары еді. Бұл жолы ол қырдағы туысқандарына жалғыз баратын болды. Ғарыш Шайқасының алдындағы осындай бір сапардан кейін, ол жолы түскен бір машинамен саяттан қайтып келе жатты. Машинаның жүргізушісі малшыларға шай, ыдыс-аяқ, киім-кешек сияқты заттарды әкеліп

береді екен. Жол бойы жүргізуші күздеуде мал бағып отырған қойшы қоныстарына соғып тапсырылған заттарды қалдырып кетіп отырды. Ең ақырында ол соңғы тұраққа кеп тоқтады да машинадағы жүкті түсіре бастады.

Киіз үйден қыр өлетімен үй иелері шығып Ақ Сарбазды дәм татуға шақырды. Шанырақ иелері уыздай жас малшы отбасы екен.

Олардың кішкентай баласы қонақтың тізесіне кеп шығып отырды да, бойы жылынған соң қалғып кетті, ал оның ата-анасы болса мейманға үнсіз қарап отырды. Жүргізуші, әкелген затына айырбастағанды тиемек болып сыртқа шығып кетті де үйде мейман мен үй иелері онаша қалды.

Ақ Сарбаз өз қандастарының сенгіш, мейірлі жүздерінен төгілген ішкі жан нұрын анық сезді де, олардың өз үйлеріне Кімнің келгенін біліп отырғанын түсінді.

Ешқандай сөздің, ешқандай жазба куәліктің, ешбір хан киімінің керегі жоқ екен — киіз үйде жай ғана үнсіз отыру жеткілікті болды.

Өз халқына деген махаббат толқыны қайта көтеріліп Ақ Сарбаздың санасынан жеке бастың күйініш-сүйінішін ығыстыра жөнелді. Міне, ақырында ол, өзінің бұл өмірден шаршай іздегенінің бәрі, оған қоса өзінің данқы мен сәттілігінің, өзі жайлы шежіренің, өлмес рухының өз халқының бойында жатқанын анық көрді.

Оның санасында бұның туған халқына, мына жас отбасыға алыс болашақта бұйырылған ауыр азап пен қасіретті сынақтардың бейнелері ақыл жетпес жылдамдықпен жалт етіп өте шықты.

Ақ Сарбаздың мүздай суық ақылы қайтадан шамырканып, қарсыласа бастады, бірақ қасіреттің ауыр суреттері кенеттен ғайып болды да санала өзінің халқы, осы отырған отбасы және өзі мүлде жаңа бейнеде тіршілік кешпек ғажайып сұлу мекен өзінің қанық, ажарлы бояуымен жарқырап шыға келді.

Бұл күй көзді-ашып жұмғандай уақытқа созылды, бірақ Ақ Сарбазға мың жыл өткендей көрінді. Ол Құдіретті Күштермен өзінің елі арқылы Келісім жасағанын түсінді және Жаратушыдан — «елімнен ешқашан айыра көрме» — деп тіледі.

Жас жұбайлар қонақты жолға аттандырып салуға сыртқа ілесе шықты да, қоштасарда қимас көңілдің айғағындай «Айналайын!» — деп бір-біріне жүректің ең ыстық ықыласын білдірді.

Көшпенділер Эволюция шиыршығын бұдан бірнеше мың жыл бұрын білген және әрқашан Ғарыш Зандарынан ауытқыған жоқ.

Бұл білім көшпенділердің көне дәстүрінде сақталды. Алыс та, қатерлі жолға аттанарда қазақ, алдымен шеңбер бойынша, өзінің бала-шағасы, әйелі, ата-анасы отырған от басын бір айналып шығып:

— Айналып кетейін! — деген.

Мұнан кейін ол өзінің ауыл ішіндегі туыстары мен көрші-қоланды аралап шығып:

— Айналайын, ауылым! — деген.

Ақырында ол атына мініп жақын-туыскандарымен коштасқан сон ауыл жиегімен үлкен шеңбер жасап:

— Айналайын, атамекен! — деген.

Осыдан кейін, өз сапарының соңында айналып үйіне оралатынына нық сенген ол ең ұзақ төртінші шеңбермен жолға шығатын.

Сонда катерлі жолдан аман қайтқан ол, ауылды айнала шеңбер жасап:

— Айналайын, туған ел! — деген.

Содан соң кішірейе берген шеңбермен жүріп:

— Айналайын, ауылым! — деген.

Ақырында аттан түскен ол, есікті ашып үйге кіріп, ошақты айнала жетінші шеңбер жасап, ақбасты әкесі мен кәрі шешесі, әйелі мен балалары — әрқайсысымен «Айналайын!» — деп құшақтасып көріскен.

Көненің қасиетті дәстүрін орындап шиыршық шеңберімен осылай айналған сайын, көшпенді, бір ғұмырдың кіші шеңберімен үйге қайтуды, немесе жорықта мерт болса, Өмір Айналымының Үлкен шеңберімен туған Даласына қайта оралатынын білген. Сонда ол өз өулетінде, баласының немесе немересінің отбасында Құбылу заңына сәйкес қайтадан дүниеге келер еді. Осылайша, оның Отанға деген, туған халқына деген, өз ошағына деген адал сезімінен өрбитін, Жиһанмен берік байланысы үзілмей жалғаса берген.

Алыс әлемдерге жол бастаған Ақ Сарбаз өз ұлтының көне салтына бас иіп:

АЙНАЛАЙЫН, ТУҒАН ЕЛ! — дейді.

VIII. АЛТЫНШЫ САТЫНЫҢ ХАЛҚЫ

Дүние өзінің Құтқарушысын, алтынды менсінбейтін, қонақты құдайындай сыйлайтын көшпелі Яһуди тайпасынан тапты. Яһудилер Жақып пен Лияның төртінші ұлынан тарайды және Жақыптан тараған он екі буын елдің бірі болып саналады. Бұл халықтың он буыны өзінің заңдарын толығымен орындай алмағандықтан б. д. дейінгі VIII—VII ғғ. Құдіретті Әмірге бағынып, «уәде етілген жұртты» тастап кетті.

Бұл жайында Ездраның (Эзра) 3-ші кітабының 13-ші бабында былай деп жазылған:

«40. Бұл он буын Осия патшаның заманында өз жерінен тұтқындалып айдалған еді, ал оның өзін Ассирия патшасы Салманассар тұтқын етіп, және оларды өзеннен ары асырды, және олар басқа мекенге аударылды.

41. Ал олар өз кеңестерінде көп мәжусиді тастап шығып, ешқашан адам баласы тұрмаған мекенге кетуді ұйғарды,

42. өз жерінде бұрын орындай алмаған өз заңдарын енді сол жерде сақтап орындау үшін.

43. Тар қойнаулармен олар Евфрат өзеніне келді;

44. өйткені, Жаратушы олар үшін сол кезде ғажайыппен, олар өтіп болғанша өзен арнасын тоқтатып тастады;

45. бұл мекен арқылы олар ұзақ, бір жарым жыл бойы жүрді; бұл жұрт Арсареф деп аталады.»

Ел мен елді тұтастырған, кейіннен Ұлы Жібек жолы атанған ұлы жолмен жүріп олар ұлы саһара мен таулы мекен — бүгінгі Жетісуға жетті. Ата буындарының бір бөлігі осы жерді қоныстанып жергілікті тайпалармен араласып кетті. Сақталып қалған жерорталық генотипі осы араласудың нәтижесі болып табылады. Бүгінде сары шашты казактардың дені Сырдария мен Семей өңірінде қоныстанған. Бұл өңірлердің нысанаға алынып экологиялық геноцидке ұшырауы тегін емес.

Қалған буындар ұшы-қиыры жоқ саһараны қиып өтіп Батыс Европаға дейін барды, ал яһуди буыны Жоңғар қақпасы арқылы елсіз шөл алқабына сұғына енді де көккөз, жирен шашты жұмбақ тайпалардың негізін қалады. Бұл бұынның қалдықтары Онон мен Керулен өзендерінің аңғарында көшіп-қонған борджигин тайпасында сақталған. Осы тайпадан кейіннен Шынғыс хан атанған Тэмучжин туған.

Қазақ жұртын билеген Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ханнан төре деп аталатын қазақ хандарының тұқымы тарайды. Жошы ханнан:

Тоқайтемір
Өзтемір
Қожа
Бадақұл
Орыс хан
Құтлық Бұқа
Құтыжақ
Барак хан
Жәнібек хан (1456 жылы қазақтарды Ташкент түбіндегі Көк Ордадан Жетісуға бөліп алып кеткен. Қазақ мемлекетінің басы осы жылмен есептеледі.)

Жәдік
Шығай хан
Есім хан
Жәңгір хан
Уәлибақи
Абылай
Уәли
Әбілмансұр (Абылай хан).

Өзінің бабасы Абылайдың есімін алған Әбілмансұрдың жер қайысқан көп ұлынан қазақтың соңғы хандары тарайды.

Абылай хан тұқымының ішінде азғантайы ғана арғы бабасы Шыңғыс ханның «Яса» заңын аяғына дейін орындап, кез келген басқыншыларға қарсы қолына қару алып күресті.

Октябрь төңкерісінен кейін ханның бас имеген асау тұқымдары жоспарлы қырғынға ұшыратылды да, қалғандары қазақ арасына сініп кетті.

Бас имеген, ата заңын аяғына дейін орындаған осы әулеттердің бірі дүниеге Жәнімпазды берді. Жаратушының Иеремиа пайғамбар арқылы айтқан бұйрығы орындалды:

1-ші бап, 10. «Қарағын, Мен сені осы сертті күні қиратсын да талқандасын, ойран етсін, ақыр соңында гүлдендірсін деп халықтардың, патшалықтардың үстінен әмірші етіп тағайындадым.»

30-шы бап, 21. «Міне, көсемі оның өзінен туады, әміршісі оның өз ортасынан шығады; Мен оны Өзіме жақын етемін, ол да Маған жақын болады; себебі, өз еркімен, кім, жүрегі дауалап Маған такай алады?— дейді Иеміз.

22. Міне, сендер Менің халқым боласындар, Мен сендердің Құдайларың боламын.»

Жәнімпаздың Саһарада тууға бұйырылғаны жайлы 40-шы бапта Исаяя пайғамбар сәуегейлікпен айтқан:

«3. Иен даладағы зарлының үні: Иемізге жол дайындандар, саһарадағы жолдарды біздің Құдайымызға арнап түзу етіндер.»

Исайяның бұл сөзін Матфей 3.3. бапта келтіреді:

«Себебі ол жайында Исайя пайғамбар айтқан: шөлдегі зарлының үні: Иемізге жол дайындандар, ***** жолдарды Оған арнап түзу етіндер!»

Тура осы сөз Марк (1. 3) пен Лукада (3. 4) жазылған. Және үшеуінде де түпнұсқадағы «саһарадағы» деген шешуші сөз алынып тасталған.

Израиль дінбасылары өз текстерін бұрмалаусыз ғасырлар бойы сақтаған, яғни бұндай кателерді олар жібермес еді. Тіпті, солай болғанның өзінде, классикалық көне яһуди мектебінде тәрбиеленген, «Гамалиилдің тақымында отырып өскен, ата занынан мұқият өнеге алған» (Істер 22. 3.) апостол Павел түпнұсқа мен екі арадағы ақылға симас алшақтықты байқар еді.

Бұл кате Көне өсиеттегі пайғамбарлардың текстерін жаңсақ ұғындырудың нәтижесінде, және, Құтқарушымыз дүниеге келгеннен соң екі мың жыл кейін адамзат тарихында болуға тиіс оқиғалар жайлы мәліметтің жоқтығынан пайда болған. Құтқарушымыз Өзінің шәкірті үшін осы оқиғаларды Өзі тағайындағаны Лука жазған Інжіл нұсқасында баяндалады:

12-ші бап, 49. «Мен Жер бетіне от түсірмекке келдім және оның лаулап жанғанын көрсем деп тілеймін!»

Енді Інжілді зерттеушілерде, Қасиетті кітаптың өзгертілгендігі жайлы ешқандай күмән болмауы керек. Бұдан Қасиетті Інжілдің руханиетіне ешбір нұқсан келген жоқ, бірақ сайтаншылдар бұл өзгерістерді белгілі мақсатпен енгізген еді. Құтқарушымыздың күдіретіне бетпе-бет төтеп беруге олардың шамасы жетпеді, сондықтан олар өздерінің байырғы тәсіліне салып, дұшпанының киімін киіп, өздеріне қас ілімді тонын теріс айналдырып уағыздауға көшті.

Құтқарушымыз осылай боларын болжады, сол себепті Өзінің шәкіртіне, барлығын тура Өзінің айтқанына сәйкес қалыпқа келтіруді бұйырған.

Құтқарушының Жұбатушы-Параклет атанған бұл шәкірті жайлы апостол Иоаннан бұзылмай жеткен Інжілде былай делінген:

14-ші бап.

«15. Егерде Мені сүйсендер — Менің низамдарымды орындандар.

16. Сонда Мен Әкемнен өтініп, сұрап аламын, сонда Ол сендерге басқа Жұбатушыны береді, сендермен мәңгі болсын ол.

17. Ақиқаттың Рухы — Оны бұл жалған қабылдай алмайды, өйткені Оны көре алмайды және де Оны білмейді; ал сендер Оны білесіндер, себебі Ол сендердің бойларында бар және бола бермек.

18. Сендерді жетім етіп қалдырмаймын: сендерге келемін.

26. Әкем Менің жолыма айтып жіберетін Киелі Рух — Жұбатушы, сендерді бәріне үйретеді және Менін сендерге айтқанымының барлығын дәстеріне салып береді.»

15-ші бап.

«26. Әкемнен алып Менің сендерге жіберетін, Әкемнің Өзінен тарайтын Ақиқат Рухы — Жұбатушы келгенде, Ол сендерге Мен туралы куәландыру сөзін айтады;

27. Сондай-ақ, сендер де куәландырасындар, себебі сендер әу басынан Менімен біргесіңдер.»

16-шы бап.

«7. Бірақ та Мен сендерге ақиқатты айтамын: сендер үшін Менің қайтқаным жақсы, өйткені егер Мен қайтпасам, сендерге Жұбатушы келмейді, ал егер Мен қайтсам, Оны сендерге жіберемін.

8. Мінеки, сонда Ол келіп, дүниенің күнәсін және шындығын ашып, соттың таянғанын айтып:

9. Маған сенбегендердің күнәға батқанын айтып;

10. Менің Өз Әкеме қайтып келгенім жайлы, енді Мені көре алмайтындықтарын жайлы шындықты айтып;

11. Бұл дүние сұлтанының айыпталғандығы жайлы, сот туралы айтып берелі.

12. Әлі де айтарым мол сендерге; бірақ енді сендер оны бойларына сиғыза алмайсындар.

13. Ал Ақиқаттың Рухы — Ол келгенде, Ол сендерді ауқымды ақиқатқа қанықтырады; өйткені Ол Өз атынан сөйлемейді, естігенін айтады, болашақты аян етеді, сендерге.

14. Ол Менің данқымды арттырады, себебі ол Менен алып сендерге паш етеді.

15. Әкемдегі бардың бәрі Менікі; сондықтан Менен алып сендерге паш етеді деймін.»

Жұбатушы өзінің соңғы өмірінде Ұстазының өсиетін орындап ақиқатты қалыпқа келтіреді, Құтқарушымыз хақында куәландырады.

Данте Алигьери өзінің соңғы рет дүниеге келетін мекенін «Күдіретті комедиясының» бас жағында жұмбақ өлең жолдарымен белгілеп кеткен:

103. Оның тататыны фәни берер Сый емес,
Ол, киіз туырлықтың астында

105. Абырой, махаббат пен даналықтың дәмін татпақ.

(Бірінші жыр)

Бұл жолдарды төмендегідей түсінген абзал:

103. Люцифер оны өз тұзағына түсіре алмайды,

Саһарада, қазақтың киіз үйінің киіз туырлығының астында

105. Өскең оған, Жаратушының рақымы қайтып оралады.

Жаратушының Жақып-Израильге арнап сызған жазмыштың барлығы Қазақ халқы Перзентінің бойынан табылды. Жаратушының Өзі таңдап алған халықтан дамыған бұтақ қазақ топырағына егіліп, алтыншы саты халқының ортасынан көптен аңсаулы жемісін берді.

Жақыптан шығып оның өзіне тіпті генетикалық тұрғыдан қайтып келген мың жылға созылған эволюциялық цикл тұйықталды. Исайя пайғамбарда осы жайлы жазылған сөз бар:

41-ші бап, 2. «Шындықты ту еткен ерді шығыстан кім өрлетті, оны кім сонынан ертті, оған кім халықтар мен патшаларды бағындырып берді?»

46-шы бап, 11. «Мен шығыстан, алыс елден, Менің өмірімді орындайтын қыранды шақырдым. Мен айттым, Мен осыны орындаймын, жазмыш сыздым, соны шын етемін.»

Ақ Сарбаздың эволюциялық міндетін, оның қабаттас дүниелердегі сапары мен азапты жолының аяқталу ахуалын Исайя пайғамбар ашып көрсеткен:

41-ші бап, 3. «Ол оларды ешқашан өзінің аяғымен баспаған жолмен жайымен қуып келеді.»

Әрине физикалық дүниеде бұлай ету мүмкін емес, сондай-ақ астрал дүниесіне де «аяқ басу» мүмкін емес, ал ментал дүниесінде бұл әуелден қолдан келмес шаруа.

Эволюцияны жалғастыру үшін болашақта тандалмақ жана халық туралы Исайя пайғамбар айтқан:

65-ші бап, 1. «Мен Өзім туралы сұрамағандарға ашылдым; Мені іздемегендер Мені тапты.»

Ездраның 3-ші кітабының 1-ші бабында былай делінген:

«37. Келешекте келер олардың перзенттері Мені көзбен көрмесе де Менің айтқандарыма рухымен сеніп шаттанған адамдарға шапағатымды тигіземін.

38. Ал енді қарағын, бауырым, неткен данк, — шығыстан келе жатқан адамдарға қара,

39. Мен Ибраһимді, Ысқақты және Жақыпты, және Осияны, және Амосты, және Михейді, және Иоильді, және Авдийді, және Жүністі,

40. және Наумды, және Аввакумды, Софонияны, Аггейді, Зехәрияны және Иеміздің Періштесі атанған Малахияны көсем етіп беретін адамдарға қарағын.»

Осия пайғамбардың 2-ші тармағында былай делінген:

«23. Міне, Мен оны Өзіме бағыштап жерге себемін де, Кешірілмегенді кешіремін, және Маған тән емес халыққа „сен Менің халқымсың“ деймін, ал, ол „Сен менің Құдайымсың!“ — дейді.»

Қазақ халқы қыпшақтардан тарайды. Қыпшақтардың арғы атасы, іргесін ғұндар мен түркіттер қалаған Ұлы Түрік қағанатының сынығы — «көктің түркілері» болып табылады. Сол себепті, қазақ халқы ХХ-шы ғасырға дейін үнемі қалыптасу үстінде болды да пассионарлық жарылысқа жетерлік рухани потенциалды өлі жинап үлгірген жоқ. Жетісу өңірін үйсін деп аталатын көк көзді, сары шашты халықтың мекендегені, олардан

казактың сары үйсін тайпасының тарайтындығы тарихи құжаттардан белгілі. Осындай тайпалар Оңтүстік-Батыс Сібірдегі Минусинск ойпатында мекендеген. Олар «динлиндер мен енисейлік қырғыздар» деп аталды. Осы сары шашты генотип б. д. дейінгі VIII—VII ғғ. Тигр мен Евфрат арасындағы Мәуреннахрдан Жетісуға қарай көшкен яһудилерге де тән.

Көк көзді үйсіндердің көршілері болашақ ұланғайыр түрік суперэтностының бір бөлігіне айналған ақсары өнді сақтар еді.

Сақтардың әскери дәстүрі қазақтардың соғыс өнерінде үлкен із қалдырды. Саһара шерігінің басты күші барлық уақытта темір құрсаңған ауыр атты әскер еді. Ұзын найзаларын алға ұмсынып, сызаты жоқ тығыз шеппен шабуылға шыққан атты әскер дер кезінде шешуші соққы жасар еді. Шаншыла тиген ауыр соққы жаудың сапын ойрандап тырым-тырақай қылатын. Бұндай шепте тұру үшін жауынгерге үлкен күш пен қажыр және ұзын найза сияқты жойқын қаруды игерерлік үлкен әдіс керек болатын. Ат пенен үстіндегі адамның салмағы шабуылдың екпінімен еселеніп найзаның ұшына жинақталады. Енді осы ауыр тегеурінді нысанаға тура бағыттамақ керек. Сол себепті әрбір қазақ, бала жасынан құрықты қару ретінде меңгереді. Осы қарапайым құралмен-ақ қойшы қойды өргізіп жусатқан, қасқырды жасқаған, керек болса барымташымен де алысқан. Құрыққа қыл арқан іліп жылқыдан ат ұстаған. Болашақта жауға мінер қазанатты тек осылайша ғана немесе, өлі басбілігі болмаған асау айғырды екі жақтан қыспаққа алып ұстайтын болған.

Бұл болашақтағы ер қанаты — атты қорлап белең алдырмас үшін жасалатын лаж еді.

Көшпелілер шалманы ежелден-ақ шебер тастайтын, алайда бұл тәсіл ұрыс кезінде жаудың ауыр қаруланған жаяу әскерінің шебін ту-талақай ету үшін ғана қолданылатын. Сондай-ақ, шалманы жүйрік атты барлаушылар жау ордасынан тұтқын алып шығу үшін пайдаланатын. Алайда ердің серігі, қолқанаты болып саналатын атқа шалма салу қылмыс болып саналар еді. Көшпенділердің жан серігі, өмір серігі болғандықтан атқа ерекше құрмет көрсетілуі қажет.

Ұшы-қиыры жоқ саһарада атсыз тұрмыс кешу аса қиын нәрсе, ал ұрыс кезінде жауынгердің өмірі көп жағдайда астындағы атына тәуелді болатын.

Көшпелілер тамаша сұрыптаудың нәтижесінде жылқының түрлі тұқымын өсіріп шығарды. Бұлардың бірі бөйгеге шапса, бірі аса төзімділігінің арқасында алыс, ауыр жолдарға пайдаланылатын.

Жорыққа, соғысқа арнап көшпелілер жылқының ерекше бір тұқымын өсіріп шығарды. Бұл аса төзімді, ауыр қару асынған адамды қиналмай көтеретін қазанаттар еді.

Ал жау үшін ең қорқыныштысы, бұл аттардың дию мінезді болуы және ұрыс кезінде үстіндегі иесімен тең дәрежеде шайқасып, алдыңғы аяқпен тарпып, дұшпанды тістеп ерден сыпырып түсіретіндігі еді.

Қыпшақтардың және кейіннен монғолдардың саны аз атты шеріктерінің көршілес елдердің атты әскерлерінен үстем шығуы осы саһара жылқысының биік қасиеттеріне байланысты.

Ескендір Зұлқарнайынның фалангасы сияқты, сактын, одан кейін қазақтың атты әскері қапталынан әлсіз болып келетін. Бүйірді қорғау үшін ұшқыр атпен жарақталған жеңіл атты әскер қолданылатын.

Жеңіл атты әскердің басты қаруы — әрі ықшам, әрі тегеурінді, құрама садақ еді. Таутекенің мүйізінен жасалған бұл садақпен 300—400 қадам жердегі нысананы дәлдеп атып түсіруге болатын. Бұл садақтың оғы европалық сауытты тесіп өтеді.

Жақсы садақшы бір сәтте бірнеше оқ атады. Яғни, бірінші оқ нысанаға жеткенше садақшы басқа нысаналарға бағыттап тағы бірнеше оқ атып үлгіреді деген сөз.

Басқа халықтардың садақ ату өнерінен саһаралық садақ тарту өнерінің айырмасы — бұнда садақтың адырнасы құлақтан асырылып желке тұсқа дейін тартылады. Осының арқасында садақтың оғы ерекше жылдамдық пен тегеурінге ие болады. Европалық жауынгерлердің бірде-біреуі саһара садағының адырнасын кере алмаған, себебі бұл садақты тарту үшін бала жастайынан жаттығып арнайы бұлшық еттерді өсіруі керек.

Алыс нысаналы атыс қаруынан кеткен есесін қалайда толтыру үшін отырықшы халықтар арбалет қаруын ойлап шығарған, алайда бұл қару қарымы жағынан садаққа жақындағанымен, атыстың жылдамдығы мен жиілігі жағынан ұтылатын.

Әскердің мінсіз ұйымы, ұрыстың тамаша тактикасы, жетік қарудың арқасында далалық атты әскер от қаруы пайда болғанға дейінгі ұзақ ғасырлар бойында үнемі жауынан үстем шығып отырды.

Қазақ халқы барлық уақытта тек қана қорғаныс соғыстарын жүргізді. Ұланғайыр даланы қорғау үшін Қазақ Ордасы жүз деп аталатын үш әкімшілік аймаққа бөлінді.

Жаудың шағын шабуылы бір немесе бірнеше іргелес рудың күшімен тойтарылатын. Егерде жау үлкен қосынмен кірсе, онда бүкіл жүздің барлық әскери күші көтерілетін болған.

Көп жағдайда жауды жеңіп, қуалай отырып жерді тазартуға, дұшпанды жазалап, салық салып күн төлетуге бір жүздің күші толық жететін. Бұл, белгілі дәрежеде жүздердің, кейде тіпті рулардың арасындағы бакталастық пен бәсекеге апаратын. Эволюцияның алтыншы сатысына өтуге және егеменді мемлекеттің ірге көтеруіне байланысты қазақ халқының жүзге, руға бөлінуінің ешқандай мағынасы жоқ.

Көшпелілер ұстанған Тәңірі діні Бір Жаратушыға сенетін алғашқы монотеистік дін болып табылады. Бұл дін Құбылу заңымен таныс болатын, сол себепті көшпелілер өзінің аталасын жерлегенде оның кабіріне қымыз сеуіп, марқұмның аруағына — қайтып кел, бізге пана бол, сүйеу бол, — деп сиынаған.

Сондықтан қазақтар өлім дегенді түсінбеген, көбіне «қайтыс болу» ұғымын тұтынған. Бұл — физикалық дүниеде өлген адамның «аруақтар дүниесі» деп аталатын қабаттас дүниелерге қайтып барғанын білдіреді.

Қазақтар мен жапондықтардың арасында кең тараған «атаның аруағына» деген наным құбылу заңына сүйенеді, алайда бұл жерде тіршілік айналымы ескерілмегендіктен бұл білім үзік-үзік күйде ғұмыр кешкен.

Егерде физикалық дүниеде өлгеннің рухы әзірге астрал дүниесінде болса, онда онымен байланыс астралды формалар дүниесінде өтеді. Ментал дүниесіндегілермен қатынас ой формалары күйінде болады. Ал Ақ Сарбаздың құбылуларынан көрініп тұрғанындай, баяғыда өлген тұлға өмірге қайтып келе алады және онымен физикалық дүниеде қатынасу әбден мүмкін.

Бүкіл түрік әулетінің тотем-символы қасқыр болып табылады. Түріктердің аспан түстес зенгір байрағында алтын жіппен бөрінің басы кестеленіп бейнеленген.

Жетісуда қоныс тепкен он буынның ішінде Вениамин аталығы да бар еді, бұл әулеттің белгісі де қасқыр болатын. Жакып-Израиль өлдерінің алдында ұлдарын жанына шақырып, олардың әрқайсысының мұратын анықтап береді. Сонда Вениамин туралы былай депті:

Болмыс, 49-шы бап, 27: «Вениамин, жыртқыш қасқыр, таңертең олжасын жейді, кешке тапқанын бөледі.»

Мұса пайғамбар өлерінің алдында, Екінші заңның 33-ші бабының 12-ші тармағында былай деген:

«Вениамин жайлы айтқаны: Иеміздің сүйген құлы Оның үйінде қатерден ала өмір кешеді, оған күнде Құдайдың мейірімі түседі; ол Оның аясында отыр.» Бұл — дүниеге Ғарыш Сарбазын сыйлайтын халық туралы айтылған астарлы сөзгеуейлік.

Қазақ халқы тұрақты армия, сот, полиция, абақты, ақша — қысқасы мемлекетке тән белгілердің бірде-біреуін ұстамаған.

Соғыс кезінде төре тұқымынан хан сайланатын болған. Қазақтың рубасылары ақ киізге көтеріп халыққа оның ханын таныстырар еді. Осыдан кейін дәстүрге сай, ханның малы мен барлық дәулеті елге үлестірілетін. Бұл оның жеңілуді ойына да алмауы үшін керек. Малы жоқ, тіленіп күн көруді ар санайтын хан майданда болсын, дипломатияда болсын тек қана жеңіске ұмтылады.

Ханның өкілеттілігі соғыспен бірге аяқталатын. Әскерлер үйді-үйіне тараған соң, өзіне тиесілі олжасын алған хан да ауылына қайтатын болған. Бұдан кейін ол ешкімнен кем де емес, артық-та емес, тек атағымен ғана текті болып күн кешер еді.

Қазақ халқына алтынның билігі жүрмеген. Саһара жұрты ежелден қолайына күмісті алған, оның өзін де зергерлік жұмысқа керекті шикізат деп қана. Ыдыс-аяқ, белбеу мен түрлі өшекей, қару-жарақ пен ат өзбелі сияқты халықтық қолөнер үлгілері тек қана күміспен зерленген.

Жалпы қазақ халқы ақшаның не екенін білмеген, ал саһараға келетін ақша парсы мен қытайдікі, кейінірек европалықтардікі еді, оның өзі бірден өшекейге айналатын.

Жолаушы, ақын, әншінің Саһараны көктей өткенде қонған үйінің иесіне көрген сыйының төлемі ретінде ақша ұсыну деген тіпті оның

ойына да келмеген. Жолаушыны асырау, керек болса киіндіріп жіберу — саһара жұртының қасиетті салты болып табылады.

Саһараның ежелгі салтын орындау арқылы, қазақ, Ғарыштық Карма занын орындап игілікті іс тындыратын.

Саһара заны қанды кекке тыйым салған — өлтірілген ағайын үшін қарсы жақтан құн алынады және төрелік арқылы құн алынып болғаннан кейін барлық дау-дамай тыйылатын.

Елден қуылу — көшпелі үшін ең ауыр жаза болған. Мал-жаны аман, дүниесі бүтін болғанына қарамастан саһара перзенті үшін бұл — қасірет еді. Ел мен рудан айрылу қайғысын көтеру өте қиын, бұған кез келген адам төзе бермейді.

Көшпелінің санасына адамды еркіндіктен, Құн нұрынан, кен дүниеден айыру ойы мүлдем сыймайтын.

Көшпелі тұрмыс қазақ мінезіне ерекше із тастады. Саһара жұрты сәби мінезді болып келеді. Оның дүниетанымында ертегілік сипаттар басым. Бесінші саты адамдары көшпелілердің мінез-құлқын пайымдағанда, осындай қасиеттерін дұрыс түсініп бағалай алмай дал болады.

Көшпелінің малының бар немесе жоқ болуы күннің райына байланысты еді. Жерді жылқының болат тұяғы сындыра алмайтын көк мұз жауып, саһараны жұт жайлағанда мал қисапсыз қырылатын болған.

Бұл саһарада белгілі бір уақыт кезеңдерінен кейін айнамастан болып тұратын құбылыс. Табиғаттың бұл қатыгез мінезімен жақсы таныс көшпелі саяқ отыратын, ең таңдаулы өсім малын айдап, киіз үйін жығып саһараның арғы шетіндегі жекжаттарына ауа көшетін. Туыстар ағайынды қыстан шығарып береді. Малының санын қалпына келтіріп алған қазақ өзінің жұртына бет алады. Келесі кезекте жұттан ыққан ағайыны бұған келсе, бұл да малы мен жайылымын бөліп беріп, туысына пана болмақ.

Міне, «өркеніетті халықтар» үшін түсініксіз болып көрінетін қасиет — Мәңгі рухты жалған дүниеден биік қою — осындай ахуал үстінде қалыптасқан. Қазақ тіпті өз баласын да меншіктене алмаған, ал қонақты «құдайы қонақ» деп қарсы алған. Міне, жеріне жасалған басқыншылықтың барлығын тойтарған саһара жұрты, терістіктен қазақ жеріне мындаған босқын мен мүскін төгілгенде, өз заңының алдында әлсіз болып шықты. Өзінің жылы орнынан әдетте жазда қозғалатын босқындар саһараға қара күзде азып-тозып, ашығып жетті. Саһара халқының қонақжайлығы болмаса келімсектердің қыстағы тағдыры немен аяқталатыны белгілі еді.

Ал көктемде аталмыш мүскін келімсектер жердің ең шұрайлысын егінге тартып алып, қамал салып, жер иесін шөл мен сорға ығыстырып тастады. Қазақ халқының ауыр қасіреті осыдан басталды да 1917-ші жылғы Ресейдегі коммунизм жеңісінен кейін ашықтан-ашық геноцидке айналды. Қолдан ұйымдастырылған аштық, маскүнемдік, халықтың тілі мен діліне жасалған басқыншылық қазақты күшінен айырды, алайда оның өміршең қабілетін жеңе алмады. Қазақ халқы өзінің миссиясын орындап цүниеге Ғарыш Сарбазын да, алтыншы саты перзенттерін де өкелді.

Бұдан былай Эволюцияның Алтыншы Сатысы Адамзатының тілі болатын Қазақ халқының дархан тілі — оның ең маңызды игілігі.

Өзінің бейнелік, дыбыстық ерекшеліктерімен қазақ тілі келешекте мәліметтің басым бөлігін өте ықшамды түрде жеткізе алатын, ал кейіннен ойша тілдесудің тиянағы болатын деңгейге жақындады. Жер халықтарының арасынан, әсіресе қазақ халқының ішінен пайда болған алтыншы саты перзенттері қазірдің өзінде бір-бірімен ойша мәлімет алмасады.

Бойына ерекше рухани күш-қуат жинақтап, өзінің ырғағымен Ғарыш энергияларының вибрацияларына жақындап келе жатқан Қазақтың халық музыкасы алтыншы саты адамдарының екпінді эволюциялық өрлеуіне мүмкіндік береді. Сондықтан, қазақ тілін білмейінше, қазақ елінің ән-күйлерін жан-дүниенімен түсінбейінше ешқандай да рухани өркендеуін мүмкін емес.

Бүгінде қазақ халқы, қиянат пен жаманшылық, лас жыныстық қатынастарды уағыздайтын бұқаралық ақпарат құралдарының үлкен шабуылына ұшырап отыр. Өмір салтының арқасында ғасырлар бойы ізгілік аясында тәрбиеленген көшпелілер руханиетіне «өркениеттің» бұндай «жетістіктері» таныс емес еді.

Эволюцияның жаңа сатысына көтерілерде міндетті түрде қосарланып келетін күйреу процесін барынша әлсірету үшін Әлемдік Қауымдастық Қазақ жерін Ғарыш Қорығы деп жариялауы керек. Көшпелілер бұдан кейінгі эволюцияның міндетті түрде керекті тиянағы — машинасыз өркениетті қалыптастыруы үшін, бүкіл адамзат бірігіп көшпелілердің табиғи тіршілік ортасын қалпына келтіруі қажет.

Азаматтары Қазақ жерінде тұратын мемлекеттердің халықтары мен үкіметтері, дүниеге Ғарыш Сарбазын берген халыққа қарсы жасалған қылмыстардың қандай ауыр салдарға ұрындыратынын түсініп тиісті қортынды шығаруы керек. Алғашқы соққылар бұл халықтардың жерлеріне қазірдің өзінде-ақ жауып жатыр — қандастарының жат жердегі қылмысына жауапты адамдар қырғын табуда.

Қандай да болмасын төгілген қан қармалық спираль бойынша құрбандықпен кездесуге ұрындырады, — енді кісі өлтіргіштің өзі құрбандыққа айналады. Бұл жолы қанның қарызын алушы өз өкілетінен асып кететін болса, келесі кездесуде енді өзі қарыз төлеуге мәжбүр болады. Екі адамның біреуі дұшпанын мейірбандық салтымен кешірмейінше алма-кезек кек алысу осылайша жалғаса бермек. Кешірген жағдайда, шиеленіскен кектің түйіні шешіліп, кешіруші адам қарманың басқа, қолайлы шиыршығына енеді. Сондықтан желтоқсан оқиғаларынан кейін Ғарыш Сарбазы өз халқынан кектенбеуін, сабырлы болуын өтінді.

Бұл адамзаттың болашақ тағдыры үшін шешуші сәт еді. Қазақ халқы өзінің көпғасырлық тарихында барлық жаугершілікті тойтарып, ұланғайыр жерін сақтап қалды. Намысқа мінген халықтың кек алуға ниеттенуі заңды табиғи құбылыс. Алайда қазақ халқы өзінің Иерархиясын қиратқан жоқ, Ғарыш Заңын бұзған жоқ. Сондықтан, қорлыққа төзгеннен гөрі өлімге барғанды лайық көрген қазақ халқы жүрек қалауына еріп, өзінің заңды өміршісінің тілегін орындады, қиянат ізін жалғастырмады.

Алтыншы сатыға тән Мейірбандық іс арқылы Қазақ халқы Құдіретті Күштердің зауалын тоқтатты, себебі, бұл кезде жалпы адамзаттық карма калыптаса бастаған еді.

Алтыншы саты халқының калыптасуын барынша жылдамдату үшін, Жәнімпаз, қазақ халқының ежелгі салтына орай оған лайық бауырлас халықты тандады. Бұл халықтың бітімі төмендегі принциптерге сәйкес болуы керек:

— Ғарыш заңдарын ұстанған және мұрагерлігі үзілмеген Иерархиясы бар;

— адамзаттың жинақтаған эволюциялық игіліктерінің барлығын бойына сіңірген және бесінші сатының шынына шыққан;

— қазақ халқымен арадағы ауыр кармалық байланыстарының болмауы;

— қазақ халқымен рухы, ізгілік дәстүрлері және әдет-ғұрыптары жағынан сиыса алатын.

Бесінші саты халықтарының көбі осы шарттарға сай келеді. Қиын істі бүкіл адамзаттың мүддесіне сай етіп шешу үшін Жәнімпаз өзінің барлық эволюциялық тәжірибесін жұмсады.

Тандаудан кеткен кәте бүкіл адамзат үшін үлкен апат әкелер еді, сол себепті Ғарыш Құрылысшысы түйіндеуге асыққан жоқ. Б. д. 1990-шы жылы ғана Құдіретті Күштермен ақылдасып барып өз шешімін айтты. Ғарыш Бауырластығы қазақ халқының бауырлас халқын ұнатып толығымен құптады. Сенім жолындағылар Ғарыш Құрылысшысының еркін құрметпен қабыл алып, болашақтағы эволюциялық жолдың барлық ауыртпалығын көтеретін бауырлас екі халыққа көмек көрсетуге міндетті.

БҮДАН БЫЛАЙ ЖӘНЕ МӘНГІГЕ — ҚҰДІРЕТТІ КҮШТЕРДІҢ ӘМІРІМЕН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА БАУЫРЛАС ХАЛЫҚ ЕТІП, МЕЙІРБАН ЖӘНЕ ТАЛАПТЫ ЖАПОН ХАЛҚЫ БҮЙЫРЫЛАДЫ.

Қазақ халқы эволюция сатыларымен бірге жүрмек өзінің аталған бауырларын қуанышпен құшақ жая қарсы алады.

XX-шы ғасырдың екінші жартысында Жер планетасы ғарыш циклдары бойынша Күн жүйесімен бірге қозғала отырып қуатты Ғарыш энергияларының ағынына кірді. Бұл тірі организмдердің және ең алдымен саналы тіршілік иелерінің бойында бұрыннан жоспарланған процестердің оянуына түрткі салды.

Жаңа эволюциялық принцип — Мейірбандық пен Ізгілік иелері пайда болды. Жер халықтарының бітімін ұзақ сараптау мен байыптаудың арқасында, адамдар арасында Мейірбандық пен Ізгілік иелері — алтыншы саты перзенттері пайда бола бастады деген қорытынды жасалған. Бұл балалардың дені Қазақстан жерінен табылған. Ал бұл құбылыстың ең үлкен ұйысқан жері — Жетісу өңірі, оның ішінде Алматы шаһары болып табылады. Бұл жерді мекендеген жүзден астам ұлт ішінде, алтыншы саты перзенттерін ең көп тудырған — жойыла бастаған қазақ халқы болып шыққан.

Бұның таңданарлық ештенесі жоқ, себебі Мұса, Будда, Құтқарушымыз, Соңғы Пайғамбар Мұхамет — бұлардың барлығы да саны аз, езгідегі

халықтардан шыққан, «құрылысшылар керексіз деп тапқан тас, бұрыштың ірге тұсына қаланды» (Мф. 21. 42.) — да, одан болашақ жалпы адамзаттық тұрақты құрылысы басталады.

Ғарыш Заңдарына сәйкес, алтыншы сатыға негіз боларлық халықты таңдау ерекше құпия болатын, сондықтан жаңа білім иесі пайда болғанға дейін бұл сыр аса мұқият сақталды. Олай етпегенде Түнек Күштері бұл шағын халықты жер бетінен құртып жіберер еді. Қазақ халқының жоюдың әрекеті өлденеше рет болған, алайда басқыншылардың өздері жойылып кетіп отырған. Енді жаңа сатыға көшу жағдайында алтыншы саты халқына жасалған қиянаттың қайсысы болмасын планетарлық апатқа апарарды. Адамзат өз проблемаларын шешерде ең әуелі осы факторды есепке алғаны жөн.

1986-шы жылдың желтоқсанында Алматы қаласындағы қанды оқиғаның салдарынан тоталитарлық жүйенің апат жолымен күйреуі, Ғарыш Заңдарын меңсінбеудің бұдан да ауыр салдарға апаратынын аса нанымды көрсетті. Ал алтыншы саты халқын және оның жерін қорғаған жеке адамдар мен халықтар, ізгілік жүйесінің мызғымас байланыстарына сәйкес жедел өрлеп өздері де алтыншы сатыға енеді.

Игі іс, жақсы сөз, ізгі ой адамдардың, әсіресе алтыншы саты перзенттерінің тіпті сыртқы келбетін де өзгертеді. Бұлар нәсілдік тұрғыдан өздерінің ата-аналарына да ұқсамайтын болады.

Эволюция спиралі бойынша, халық, дамудың жаңа кезеңін бастау үшін бастапқы генотипке қайтып келді.

Жаңа дүниеде ұлт пен нәсілге деген бөліну болмайды. Іс жүзінде, Қазақстан жерінде жаңа ұлт пайда болады. Қазақстанды өздерінің тарихи отаны деп таныған барлық халықтар бұл ұлттың құрамына кіре алады. Жаңа суперэтностың қалыптасуы барысындағы Ғарыш заңдарын сақтаудың жалғыз шарты — қазақ халқының менталитетін, тілін, музыкалық мәдениетін және жартылай болса да өмір салтын қабылдау болып табылады.

Тарихи ахуалға сәйкес Қазақстан жерінде оны мекендеген халықтардан жаңа алтыншы саты суперэтностын қалыптастыруға жетерлік қор жинақталды.

XX-шы ғасырдың аяғында қазақ халқы бесінші сатының алтыншы Мейірбандық бұтағына төн адамдардан және жарым-жартылай бесінші Ақыл сатысының адамдарынан, Төнді дамытқан төртінші саты адамдарынан және тіпті экстрасенстер түріндегі, эволюциялық тұрғыдан дамымай қалған күйде кездесетін үшінші саты адамдарынан және ұлттың ұлтсызданып жүнжіген бөлігінен тұратын конгломерат болып табылады.

Бұл конгломераттың азғантай бөлігі ғана құнарлы, ал қалғанын өңдеуге мүлдем келмейтін жұтан егістік ретінде елестетуге болады. Бұл, эволюциялық тұрғыдан озық құнар XX-шы ғасырдың аяғында бірнеше жүз ғана алтыншы саты адамдарын тудырды. Жердің барлық халықтары да бірігіп, саны бұларға таяу жаңа сатының адамдарын берді. Алтыншы саты адамдарының басым көпшілігі балалар. Бұлар 1978-ші жылдан кейін, эволюциялық кемел жетілген о дүние аруақтарының физикалық дүниеге жаппай ұмтылуы кезінде туған еді.

Физикалық дүниеге қайтып оралған алтыншы саты перзенттері мен-тал дүниесінен өздерінің болашағы, Ғарыш Шайқасы және Ақ Сарбаз туралы білім мен мәлімет алған. Олар Жерде бір-бірімен міндетті түрде кездеседі және Жаңа білім іздеп Ғарыш Сарбазына келеді.

Әрбір қазақтың Универсал Ғарыш Модуліне, туған кезінде, қазақ халқының болашақ орны жайлы, Ақ Сарбаз бен Жерұйық жайлы мәлімет салынған. Халықтың аңызға сенгіш сөбі көңіліне сай, Зұлымдыққа ермейтін керемет төзімділігін осы біліммен ғана түсіндіруге болады.

Басқа халықтардың болашақ тағдыры олардың алтыншы саты халқына деген ниетіне байланысты. Алтыншы саты халқын сақтаған әрбір жеке тұлға да, бүкіл адамзат та өзінің болашағын қамтамасыз етеді. Өткен сатылардың барлық эволюцияланған тұлғалары алтыншы саты адамдарының ішінде дүниеге келеді.

Алтыншы саты халқын, әсіресе алтыншы саты халқының әйелдерін қорғау арқылы әрбір адам өзінің болашақ құбылуын, өзінің ізгі қоғамын, халқын және оның өзіне өткен өмірден тиесілі тән мен жан беретін болашақ анасын қорғайды.

Ғарыштық Карма заңына сәйкес адамзаттың жаңа сатыға өтуі, бұл процеске құбылудан бұрынырақ шыққан барлық тұлғалардың да қатысуын талап етеді. Армагеддонға қатысу үшін, немесе бейбіт бірақ азапты жолды жалғастыру үшін, барлық Жер халықтарының эволюциялық кемел дамыған тұлғалары осы сәтке сәйкес, физикалық дүниеде туылып дайын тұруы керек.

Мейірбандық жолымен жетілген тұлғалар, өз халықтарының басына төнген осындай қиын, өтпелі кезеңде, қабаттас дүниелерде рахатқа шомып жата алмайды.

Түнек Иерархиясы астрал дүниесінде талқандалғаннан кейін бүкіл өзәзіл әскері физикалық дүниеге шоғырланғандықтан, Жарық Күштерінің барлық сарбаздары Армагеддонға қатысу үшін, немесе бейбіт шешім болған жағдайда жаңа суперэтностын қалыптасу ағымына кіру мақсатымен, 1978-ші жылдың 12-ші және 17-ші мамырынан кейін өз халықтарының қалың ортасында дүниеге келе бастады.

Қазақ ұлтының асыл мақтанышы болған барлық адамдар, оның ішінде күні кеше ғана қайтыс болғандары да бар — өз жұртының ортасында, өз оулеттерінде қайтадан дүниеге келді.

ЖЕРДЕГІ СОҢҒЫ ШАЙҚАС ЖӘНЕ ЖЕРҰЙЫҚҚА БАРЫП ТІРЕЛЕТІН СОҢҒЫ КӨШІ, ИІСІ ҚАЗАҚ НӘСІЛІНІҢ БІР ЖЕРГЕ ЖИНАЛУЫН ТАЛАП ЕТЕДІ.

IX. ЖЕРҮЙІКТЫҢ ЖАСЫЛ ЖҮЛДЫЗЫ

1. Ғарыш Соты

Көптен күткен алтыншы сатының нығайып бүкіл адамзатқа ықпал етуі үшін Ғарыш Сотының үкіміне кешеуілдік беріледі.

Бұл ықпал күшейген сайын Жер бетінде дін, ізгілік, адамгершілік, отбасы низамдары қайтара жаңғыруда. Адамзаттың көптеген тайпаларынан алтыншы саты перзенттері пайда бола бастады.

Жалпы адамзаттық қарманың жаңа арнаға бұрылып, сайтаншылдар жоспарлаған эволюциялық тығырықтан шығуы Зұлымдық күштері үшін ажалға тең. Адамзатты апатқа ұрындырарлық күш оларда өлі де жетерлік. Планета Қожасының Жердегі физикалық дүниесіне тигізетін ықпалы қашанда күшті болмақ, бойында өмірдің Қасиетті Үшқыны бар өрбір пенде сияқты Люцифер үшін де кешірілу мүмкіндігі сақталады.

Эволюция заңына сәйкес кез келген түлға өмірдің қандай да болмасын деңгейінен бастап өрлеуге хақылы. Түнек Иерархиясының ымырасыз қайраткерлері ғана физикалық дүниедегі өздерінің артықшылық ахуалдарын осы, соңғы өмірлері өткенше сақтауды және алтыншы саты халқын қайткенде де жоюды ұйғарды.

Бұл үшін сайтаншылдар, осы күнгі адам санасына өсер ететін барлық құралдар мен адамның өзін-өзі жоюына дейін апаратын генетикалық кодты пайдалана алады. Қазақ даласына әкелінген емі жоқ індеттер Ғарыш Бауырластығының барлық еңбегін жоққа шығаруы мүмкін. Ал саһара перзенті өзінің қонағынан, туысынан, досынан ақы алуға мәжбүр болған күн — адамзат басына келген ең қасіретті күн болмақ. Европалықтардың көзімен қарағанда бұндай қылықтың еш ерсілігі жоқ, алайда қазақ үшін бұл — рухани тұрғыдан алғанда, азғандық болып саналады. Сайтаншылдардың түп нысанасы да осы.

Алтыншы саты халқының рухани өлімі адамзат эволюциясының тоқталуына апарады, ал бұл өз кезегінде бүкіл Ғарыштық эволюция спиралі бойынша жоғарыға да, төменге де бағытталған тізбекті апатқа ұрындырады.

Сондықтан, алтыншы саты халқының жерінде, 1986-шы жылдың желтоқсан айындағы оқиғалардың ізімен 1987-ші жылдың 16-шы сәуірі күні болған Ғарыш Сотында, Ғарыш Бауырластығы алтыншы саты халқын басқа планетаға көшіру жайлы шешім қабылдады.

Барлық Тіршілікті Дүниелердің өкілдері қатысқан бұл Кенесте әуелі сот болды. Бұл сотқа зөбірленуші ретінде, 1986-шы жылы Алматы қаласындағы желтоқсан құрбандары астрал денелерімен қатысты.

Жер планетасы астрал дүниесінің жоғарғы деңгейлеріне орналасқан Ғарыш Соты залымен энергетикалық арналары арқылы байланысқан барлық Тіршілікті Дүниелер, сайтаншылдардың қазақ халқы перзенттеріне қарсы, әсіресе Ұлы Аналық Негізге қарсы жасаған жантүршігерлік қылмысының егжей-тегжейіне қанғанда естен ғана үрейленген.

Құрбандардың, әсіресе мүлдем жас ару қыздардың астрал саналарының астарынан алынған айуандықтың кенеусіздігі сондай — бұл құбыжық планета туралы қауесеттен ғана білетін Тіршілікті Дүниелер, Құдіретті Күштердің болашақтағы, Түнек Күштеріне қарсы жұмысалатын соккысының қорына пульстену тербелісі арқылы энергия құя бастады.

Ғарыш Сотына Ақ Сарбаз астрал денесінде куә ретінде ғана қатысты, өйткені, ол бір жақты ғана қолдап, қарсы жақтағылардың өрекеттеріне объективті баға бере алмас еді. Алайда Зұлымдық Күштерін талқандаған Жеңімпаздың: «Планета барлық тұрғындарымен бірге жойылсын», — деген үзілді-кесілді талабын сот есепке алды. Ғарыш Сарбазы тіпті, өзінің физикалық денесінің генокодында кейіннен оның өзінен сайтаншыл тұлғаны өсіріп шығаруға бағытталған кезуші бағдарламаның жазылған-жазылмағанын да кесіп айта алмас еді. Олай болғанда есіл еңбек пен барлық құрбандықтар бекер болып, жаңа денені иемденген сайтаншылдар зұлымдықтың бұрынғыдан да қанды шеңберін бастар еді. Ал, Ұлы Ғарыш Зандарын бұзбай, Жарық Күштері ендігі жерде жеңе ала ма, — ол белгісіз еді.

Бұл дәлелдер Ғарыш Бауырластығын адам генофондының тағдырын шешуді мүмкін болар барлық себеп-салдар байланысын тереңірек сараптау үшін кейінге қалдыруға мәжбүр етті.

Ғарыш Сотының барысында, күмәнсіз қабылданар қатаң Үкімді өзгерткен ұлы оқиға болды. Соттың егжей-тегжейін естіп тұршыққан, Ғарыш Бауырластығының құрамына кіретін ізгі өркениеттердің бірі Жер тұрғындарына эволюциялық дамуын жалғастыру үшін көшіп баруына өз планетасын ұсынды.

Бұл Ғарыш Қауымдастығы үшін күтпеген ұсыныс емес еді, себебі байырғы жоспар бойынша Жер адамдарының бұл планетаға көшірілуі үшінші мыңжылдыққа белгіленген болатын. Алтыншы саты да сол мерзімде қалыптасуы керек еді. Ғарыш Шайқасынан кейінгі, Жердегі оқиғалардың апатты түрде өріс алуына байланысты біздің ғарыштық бауырларымыз өздерінің Күміс Планета деп атайтын Ғарыштық Тұрағын бізге босатып беруді ұйғарды.

Эволюция сатыларына сәйкес, бесінші сатының алтыншы бұтағы Ұлы алтыншы саты болып өсіп шығады. Эволюциялық тығырығы болмағандықтан алтыншы саты өзінің жетінші бұтағынан тура соңғы, жетінші сатыға өтеді.

Бесінші сатыдағы адамзаттың даму деңгейін сүті тамшылаған балауса дөңдермен салыстыруға болса, алтыншы саты адамдары кемеліне келген, жерге қайыра егуге жарайтын дөңдер сияқты. Сондықтан, оның эволюция-

ланып жетілген сатысын жаңа Отанға көшіру арқылы адамзатты құтқаруға Биік Күштері үшін мүмкіндік туды.

Адамзат тарихындағы осы ұлы оқиғаның барысында жаңа, әлдеқайда биік деңгейге көтерілген кармалық спираль өзінің бастауына келіп тұйықталады.

Ғарыш Қауымдастығының эволюциялық қозғалысында тоқырау сипаттары байқала бастады. Сондықтан бұл ағынға өлі жас, пассивтілік энергиясы кемерінен асып тасыған, жаңа білімге құштар, Ғарыштың ұшы-қиыры жоқ жазираларын кезді аңсаған Жердің алтыншы саты халқының қосылуы аса қажет еді.

Тағдырдың бұлтартпас қиысуымен Күміс Планета, өзінің жолы үлкен бауырлары — Жер тұрғындарынан Эволюцияның эстафетасын қабылдап алуға тиіс өркениеттің бесігі еді, алайда бәрі де керісінше болып шықты. Эволюциялық дамуында алысқа ұзап кеткен бұл өркениет, өзінің қырылып бара жатқан бауырларына бүкіл көңілімен, жүрегімен иіліп, менмендік оты тасыған Люцифердің ойына да сымайтын жаңа іске бел буды. Біздің жасы кіші ғарыштық бауырларымыз өздерінің игеріп болған ғарыштық тұрақтарын өз эволюциясының шешуші кезеңінде бізге ұсынып отыр. Өйткені олар да дамудың алтыншы сатысында тұр. Біз енді ғана бастаған кезеңді олар аяқтау үстінде.

Сол себепті бұл планета, Жерден қоныс аударған алтыншы саты адамдарының эволюциялық жетілуі үшін аса қолайлы. Жаңа планетаны игерудің алғашқы сәтінен бастап Ғарыштың үзілмей жалғасқан эволюциялық спиралінде жасы үлкен өркениет, жасы өзінен кіші болғанымен эволюция деңгейімен озып кеткен өркениетпен орын алмастыратын бұрма пайда болады.

Бұл планета Жаратушы тарапынан Көне Өсиетте Исаяя пайғамбар арқылы жаңа адамдарға өсиеттелген (65-ші бап):

«17. Міне, Мен, жаңа аспан мен жаңа жерді жараттым, енді бұрынғылары еске де келмейді, жүректі де тебіренпейді.»

Жаратушының бұл ұлы жарылқауын жеті ғасырдан кейін Жаңа Өсиетте апостол Иоанн растаған (Сыр, 21-ші бап):

«1. Және, мен, жаңа аспан мен жаңа жерді көрдім, себебі бұрынғы аспан мен бұрынғы жер келмеске кетті, және теңіз де жоқ.»

Ғарыш кеңістігіндегі жеті циклды Эволюцияның өз жалғасын табуы Жаратушы мен адам ұрқы арасындағы Соңғы Өсиет — Құранда белгіленген (23-ші, Мүминүн сүресі):

«17. Біз сендерден жоғары етіп жеті жол жараттық. Біз пенделердің қамын ойладық.»

Оқиғаның осылайша өрбуіне орай Ғарыш Бауырластығы, алтыншы саты халқының эволюциясын жаңа планетада жалғастыру үшін Ғарыш Сарбазынан, жетінші дәрежелі Ғарыш Құрылысшысының лауазымын қабылдауын ұсынды.

Бұл білім Ақ Сарбазға, төмендегі өмір деңгейлеріне өз ықпалын жүргізуіне мүмкіндік береді:

1. Минералдар Дүниесіне.
2. Өсімдіктер Дүниесіне.
3. Жануарлар Дүниесіне.
4. Саналы тіршілік иелерінің Дүниесіне.
5. Астралды тұлғалар Дүниесіне.
6. Менталды тұлғалар Дүниесіне.
7. Биік Тіршілік Иелерінің Дүниесіне.

Жетінші саты Ақ Сарбазға, өзі үшін жаңа — Жаратушылық міндеті арқылы эволюциялық қабілеттерін Ғарыш Серіктестігіне барынша пайдалы етіп жұмсауы үшін берілген.

Осы тағайындалумен бір мезгілде, тұрғындарды бір Галактикадан екіншіге көшіру барысы Эволюция заңына сәйкестелді. Галактикааралық кеністіктердегі өмір ағынын реттеу хұқығы тек Жетінші дәрежелі Құрылысшы өкілетінен ғана өрбиді. Сондықтан Ақ Сарбаздың, өзін жетінші деңгейдегі Ғарыш Құрылысшысы дәрежесіне жеткізген халықтың өзімен бірге көшуіне келісім беруінің арқасында Ғарыш Бауырластығы Ғарыш Зандарының барлығын мүлтіксіз орындап шықты.

I. Эволюция Заңы, алтыншы саты халқының эволюция спиралінде сақталуының арқасында орындалады.

II. Карма Заңы, Жерұйықта Ақ Сарбаздың кармасына оның туған халқының кармасы өрілуімен орындалады.

III. Иерархия Заңы, тіршіліктің жетінші деңгейінің Құрылысшысы ретіндегі Ақ Сарбаздың келісімімен және қолқабысымен сақталады.

IV. Тіршілік Айналымының Заңы, Жер адамдарының басқа планетаға көшуімен орындалады.

V. Ұқсастықтар Заңы, Жерұйық планетасы мен оның тұрғындарының, Эволюцияның алтыншы сатысынан табылуымен сақталады.

VI. Еркін Ерік Заңы, қазақ халқының менталитетінде барлық уақытта Жерұйық жайлы асыл арманның бар болғандығымен сақталады.

Бұл жерде, Күдіретті Күштердің адамзат Кармасына араласпауының кепілі болған Ғарыш Хұқығы бұзылмай сақталады. Басқа планетаға көшіру жөніндегі эволюциялық жоспарды іске асырушы адам, тіршіліктің жетінші деңгейінің Құрылысшысы ретінде Ғарыш Бауырластығының құрамына кіретін Ақ Сарбаз болып табылады.

VII. Құрбандық Заңы, өзінің тұрағы — Жерұйықты Жер адамдарына берген Күміс Планета тұрғындары тарапынан орындалған. Эволюция жолына жасаған осы құрбандығы үшін оларға өз эволюциясы жолында барынша жылдам даму қабілеті сыйға тартылады.

2. Ғарыштық бауырластар

Қалаулы шешім қабылдау үшін Ақ Сарбаз, өзінің физикалық денесінен тыс, 1987-ші жылдың күзінде Ғарыш Бауырластығының Өкілетті Мүшесімен бірге Жерұйыққа алдырылды. Бұларды әуелі Жүйелік Құрылысшы,

артынан осы планетаны құрған, және оны физикалық дүниедегі оның саналы бөлігімен бірге Эволюцияның Алтыншы Сатысына жеткізген Жерұйықтың Планеталық Рухы қабылдады.

Жұлдыз жүйесіне таянған кезде, Ақ Сарбаз, Жасыл Жұлдыздан кейін төртінші болып тұрған, күміс дискінен достық вибрациясы тараған планетаға назар аударды. Планета Құрылысшысы бұның сол, Жер адамдарына арналған планета екенін ұғындырды.

Бұл жұлдыз жүйесі физикалық жұлдыздық жұп болып табылады. Ортасында — біздің Күн сияқты, сары сәулелі жұлдыздар класына жататын шырағы бар. Тек Жерұйықтың шырағы өзінің биік бөлігімен бірге өрлеген, Эволюцияның алтыншы сатысының жұлдызы болып табылады. Ол біздің Күнге ұқсамайтын жасылдау сәуле шашады, сондықтан Ақ Сарбаз оны Жасыл зүбәржат Күн деп атады. Жасыл Күннің қуаты алтыншы саты адамдарының эволюциясына лайықталған, сондықтан оның сәулесі күйдірмейді — жылытады. Осыдан Күміс планетадағы тіршіліктің ерекше формалары келіп шығады.

Екіншісі, сөніп бара жатқан орасан ауыр Ақ қортық болып табылады да түнгі аспанда бұл Күміс планетаның екінші шырағы болады.

Жерұйықтан кейін соңғы, бесінші планета орналасқан, ал оның ар жағында Ақ Қортық тұр. Бүкіл жүйе мұз кесектері және қатып қалған газдардан құралған астероидтар өрісімен қоршалған. Ақ Қортықтың Жасыл Жұлдыздың айналасында созылыңқы эллипстік орбита бойынша жүйенің центріне біресе жақындап, біресе одан алыстап айналуына байланысты өрістердің орналасу тәртібі үнемі өзгеріп отырады.

Жүйенің бес планетасының тәртеуінде физикалық тіршіліктің өртүрлі деңгейде дамыған формалары бар.

Жасыл Жұлдызға ең жақын орналасқан планетада минералдар дүниесі дамуда.

Екінші планетада минералдармен бірге өсімдіктер дүниесі дамыған.

Үшінші планетада минералдар, өсімдіктер және жануарлар дүниесі бірлесе даму үстінде.

Төртінші, ең үлкен Жерұйық планетасында физикалық тіршіліктің барлық төрт деңгейі — минералдар, өсімдіктер, жануарлар және Саналы тіршілік иелерінің дүниесі дамып жатыр.

Бұл планетаның тұрғындары оны өте ертеден Күміс планета деп атайды. Ғарыш Кеністігінен көз тастаған Ақ Сарбаз, Жасыл Жұлдыздың асыл нұрымен шағылысқан алтын түстес серіктерінің, планетаның күміс белдеуімен дөңгелеп кетіп бара жатқанын көргенде планета тұрғындарының көне білімінің нақтылығына қайран қалған.

Планета көгінің еңкею бұрышы шамамен 12 градусқа тең, сондықтан Жерұйықтың басым бөлігінде жыл маусымдары шұғыл өзгерусіз ауысады.

Планетаның әр түрлі көлемдегі сегіз серігі бар, және Жерұйықтың түнгі аспаны Жер аспанына ұқсамайды.

Тіршіліктің алты деңгейінің Ғарыштық Құрылысшысы бұл планетаны, тұрғындарының жоспарлы эволюциялық өрлеуі үшін ыңғайлы етіп

күрған. Сондықтан планета, Жердегідей алуан түрлі тіршілік жағдайлары мен формаларынан ада.

Биік саналы бөлігімен бірге тірі жан иесі — Жерұйық планетасы да кемел дамыды. Бұл өз кезегінде планета тұрғындарының биік қарқынмен өрлеуіне септесін болды. Планетаның астрал дүниесі оның астрал денесі болып табылады, ал Жерұйық тұрғындарының игілікті биік ойынан туындаған ментал дүниесі планетаның ментал денесі болып табылады.

Жердегі астрал және ментал дүниелері өзара екі бөлікке бөлінген. Бір бөлігі физикалық дүниеде өмір сүрген адамның астрал және ментал дүниелерінде өрекет етуіне арналған. Басқа бөлігі — физикалық дүниеде өлген тұлғаларға арналған. Бұл астрал дүниесіне, физикалық дүниеде өмір сүретін қарапайым адамның кіруіне тыйым салынған.

Жерұйықта бұндай шекара жоқ деуге де болады, және планетаның астрал дүниесінде Тозақ пен Тазартқыш жоқ. Сол себепті Жерұйықтың жана тұрғындары физикалық дүниені тастап шыққан туыстарымен емін-еркін қарым-қатынаста болады, ал ажал деген ұғым олар үшін көп ұзамай ұмыт болады.

Эволюция жолымен биік дамыған ментал дүниесінің астрал өресіне, одан ары физикалық дүниеге таңбалануы жанартаулардың жойылуына өксіген. Таза ноосфераның өсерінен тектоникалық және атмосфералық апаттар тыйылған, сондай-ақ Жерұйық тұрғындарының алтыншы — Мейірбанды сатысына өтуіне байланысты жердің сілкінуі, дауыл, аңызак пен топан су сияқты құбылыстар өзді-өзінен тоқтаған.

Планета Құрылысшысы өз ісінде Ғарыш Зандарын мүлтіксіз орындаған, өз планетасының тұрғындары үшін жылдам Эволюцияның барлық қолайлы шарттарын жасаған. Ал бұл, өмірдің барлық деңгейлеріне арналған мейірбан карма жасау жолымен ғана мүмкін болатын нәрсе.

Жерұйықта жыртқыш аңдар ғана емес, паразит өсімдіктер де жоқ. Бұл, алтыншы саты финалына жеткен планетада бір тұлғаның өз тіршілігі үшін басқа тұлғаны өлтіру дағдысының және тіршіліктің паразит түрлерінің жоқтығымен түсіндіріледі.

Одан ары Планеталық Рух Жер адамдарының қолайына жаққан планетаның атмосферасы, оның химиялық құрамы жайлы айтты. Содан кейін бұлар планеталық ұшақпен айнала ұшу барысында Жерұйық планетасының солтүстік жарты шарымен таныса бастады.

Планетада мұхиттардың жоқтығы көзге бірден шалынды. Көлемі жағынан бұл планета Жерден үлкендеу, бірақ ядросының онша тығыз еместігінен, мұндағы тартылыс күші жердегімен шамалас. Планета сирек көлдері бар, аса терең емес, ағысы баяу өзендермен тамырланған құрлық екен. Үлкен шөл-далалар, орасан биік таулар және экватор маңайында құрғақ субтропиктер де кездеседі. Планетаның екі жотасы мұзбен және жентектелген қармен болар-болмас қапталған.

Алайда бұдан арғы көргені Ақ Сарбазды жанын тебіренге таңдандырды. Мың сан шөп пен бұтадан құралған шеті-шегі жоқ бұл мұхит ақылға сымас үлкен болса да Ақ Сарбазға туған даласын елестеткен еді.

Жерұйықтың бұрынғы кезде ең көп игерілген жері осы түс еді, ал Жерұйықтың алтыншы саты тұрғындары өркениетінің қалдықтары, адамдардың Эволюция спиралі бойымен табиғат аясына оның ажырамас бөлігі ретінде қайтып келгендігінің тілсіз куәсі еді. Қалалардың ескі жұрты үлкен екен. Бұларды жою үшін әлі көп уақыт керек. Жерден қоныс аударғандар өздерінің жаңа отанының ең шұрайлы бөлігін игеруге келгенде планетада бұрынғы өркениеттің жұрнағы да болмауы қажет. Ғарыш заңдары бойынша жаңа өркениет бұрынғы өркениеттің жетістіктеріне байланбай, дербес түрде дамуы керек.

Бұл, саһаралықтардың арасында неше түрлі фетиштер мен табынушылық рәсімдерін және өздерінен әлдеқайда жоғары дамыған өркениеттің көмегіне сүйену үмітін тудырмау үшін қажет, өйткені шегіне жете шыыршақталған уақыт спиралінің жағдайында қайталанған сайын осының бәрі қарқындап ұлғая беретін қиын салдар мен өте ауыр қарманы сонынан ілестіре өкелетіні анық.

Ғарыш Бауырластығының адамзатты жаңа Отанға көшірудегі жоғары мүмкіндікті бұл өрекетінің түпкі мақсаты — Бірінші Ғарыш заңы — Эволюция заңын орындау және соның барысында «Құдайдың кейіптесі және ұқсасы» болып жаратылған Адамды жоспарлы түрде Ғарыш ағымына енгізу болып табылады.

Саһарада өскен Ақ Сарбаз ұланғайыр планеталық ресурстар мен Жер планетасының эволюциялық тұрғыдан кемел жетілген тұрғындарының Универсал Ғарыш Модульдерін бұдан кейін де көшірудің үлкен мүмкіндіктерін көрді.

Планетаны таныстырушылар Ғарыш Сарбазын жақсы танытын. Сол себепті олар әуелі Жерұйықтың ең шұрайлы жері болып саналатын алып Даланы көрсетуден бастады. Ақ Сарбаздың көз алдынан таусылмас ұзақ уақыт ішінде оның туған даласынан жүрегін елжірете айнамайтын саһара шексіз созылып өте берді. Жалғандық пен сатқындықтың, алыпсатарлық пен зинакорлықтың тиянағы болар қалалары жоқ, тек қисапсыз мал өрген Ұлы Далада өзінің арманының орындалатынына, өз тайпасының Ғарыш заңдарын сақтап табиғатпен бірлікте күн кешетініне Ақ Сарбаз нық сенді.

Ұлы Даладан кейін экватордан сәл жоғарырақ, төңірегі шыңдармен құрсауланған көл мен тау жотасы жылт етті де ары қарай шөл дала басталды. Қонақтарды қабылдаған Ғарыш Құрылысшысы — Жерұйықтың Планеталық Рухы планетаның бұл бөлігінің қорық екенін түсіндірді.

Осыдан біраз бұрын эволюцияның бесінші сатысына шыққан Күміс планета тұрғындары үшін эволюциялық тығырыққа тірелудің қаупі туған. Ал бұл кезде планетаның шөлейт аймағында тұратын ізгілігі биік көшпелілер дамудың алтыншы сатысына жеткен еді. Осы ортадан шыққан рухани көсем жаңа білім алып келді де, сол білімнің арқасында бүкіл планета өз тұрғындарымен бірге эволюцияның алтыншы сатысына көтерілді.

Ұлы Шөлдің бірнеше жазираларында техникалық өркениетпен қабаттаса көшпелі малшылардың машинасыз өркениеті дамыған. Ізгілігі мен руханиеті биік, көшпелі өмірден туындаған орта алтыншы сатының алғашқы перзенттерінің жаралуына себеп болды.

Өздерінің центрлерін ашқан олар бір-бірімен кез келген қашықтықтан ойша тілдесуді, ауа райын басқаруды, затты тудырып және жоқ етуді үйренді. Бұған керекті биік энергияны олар Ғарыштан алады. Бұл энергияны олар өз центрлері арқылы түрлендіреді де жарым-жартылай өз ағзаларының энергетикалық шығындарының орнын толтырып отыру үшін пайдаланады. Сондықтан олар, бесінші сағы перзенттеріне қарағанда ас-суды, табиғи қуат көздерін, өмірді қамтамасыз ететін заттарды өте аз мөлшерде жұмсайды. Көшпелілер артына ешқандай коқыс қалдырмайды, ал жанбайтын заттар біраз уақыттан кейін ыдырап табиғатқа қайтып оралады.

Бірте-бірте қала тұрғындары жаңа рухани ілімді қабылдай бастады, артынша көшпелі тұрмысқа ауысты.

Күміс планетада бұндайды іске асыру қиын емес еді. Ұлы Дала қайтадан Эволюция спиралі бойымен бұрынғы қала тұрғындарының мекеніне айналды.

Осылайша планета тұрғындары өз Эволюциясының соңғы алтыншы сатысына өтті. Алтыншы сатының туып-өрбіген отанына құрмет ретінде Ұлы Шөлді Қасиетті қорық етіп жариялау шешімі қабылданған. Планетаның қасиетті мекенін шырышы бұзылмаған таза күйінде сақтау үшін оны тек үлкен мереке күндері ғана зиярат етуге болатын.

Ақ Сарбаз қыр адамына тән әдетпен шөл даланың ең еңсіздеу жері таудағы көлдің тұсында екенін байқап қалған. Бұл көлдің, Жерұйықтың басқа көлдерінен үлкендігі сондай — Ақ Сарбаз оны жердегідей планетаның Дария-Мұхиты деп атады. Ақ Сарбаздың ойын қатесіз оқып отырған Жерұйықтың иесі, бұл тұшы судың ең үлкен қоймасы — планетаның басты байлығы екенін ұғындырды.

Ұлы шөлден кейін шөлейт аймақ ашылды да артынша қайыра шексіз Далаға ұласты. Планета бір айналым жасап шыққанша бұл көрініс үзілген жоқ. Жерұйық планетасының шамамен үштен екісін алып жатқан, қиял құшағына симас орасан зор Дала Ақ Сарбаз санасынан сайтаншыл қылмыскерлерге арналған қорқынышты жазанын суреттерін ығыстырып шығарды. Жер адамдарының ешқайсысы, тіпті өлденеше ғұмыр кешсе де, мал үйіріне жай ғана ілесіп отырып бүкіл Жерұйық жайылымдарын аралап шыға алмас-ау, — деген ой туды.

Ақ Сарбаздың жанында бірге жүрген Ғарыш Бауырластығының ерекше лауазымы бар өкілі, Ғарыш Сарбазын адам ұрқының эволюциясын жаңа Отанда жалғастыруға және жер адамдарына арналған Армагеддонды тоқтатуға көндірудің қолайлы сәтінің келгенін ұқты.

Ұшы-қиыры жоқ дала суреттері Ақ Сарбаз санасында орныққан өзәзіл үмбетіне жасалатын зауал — жерді Ғарыш Флотының күшімен белгісіз қирату қаруын қолдану арқылы жоюдың кекті ойларын бөліп жіберді. Сондықтан ол бейбіт шешімге өзінше келісімін берді. Өз эволюциясының мақсаты — Армагеддонды іске асырып өзәзіл ұясын талқандауға керекті уақыт әлі бар еді. Ол Ғарыш Зандарына сәйкес, бұл әрекеттің бүкіл Ғарыштық эволюциялық жоспарды нендей салдарға жетелейтінін жақсылап ойлап алуы керек

болатын. Зұлымдық Империясы солдаттарының киімін киген қанішерлер мен зорлаушыларды ең азапты өлімге қию және алтыншы саты халқының перзенттеріне қарсы қылмысты ұйымдастырушылар мен дем берушілерді ерекше жазалау, Өзөзіл Империясының ұланғайыр территорияларын өртеп жок ету — міне, Ғарыш Сарбазы қазір өз санасындағы осындай кекті ойлардан, ашу мен ызадан арылуы керек еді.

Бойындағы жан толқынысын басып, өз сезіміне ие болғаннан соң, фәни дүниесін төрк ете тазарғаннан кейін барып ол Ғарыш Сарбазына тиесілі күшке ие болар еді. Бұдан кейін оны ешкім де тоқтата алмас еді. Алайда Жерұйық Ақ Сарбаздың бүкіл жан дүниесін елжіретіп, оны сайтаншылдарға дайындаған жан түршіктіретін ең сұмдық жазаны қолданудан қатты айнытқан еді. Сондықтан Ақ Сарбаз, 1978-ші жылдың 20-шы ақпаны күнгі Ғарыш Шайқасын енді физикалық дүниеде жалғастырмақ үшін Ғарыш Флотын құруды ары қарай жалғастыру және Ғарыш Флотын жарым-жартылай немесе түгелдей бейбіт жолымен алтыншы саты адамдарын Жерұйыққа көшіру ісіне бұру туралы шешім қабылдады.

Көңілі жадыраған Ғарыш Күштерінің өкілі Ақ Сарбаз бен бұларды қабылдап алған Жерұйықтың Жүйелік және Планеталық Рухтарына Жерұйықты Жердегі бауырларға беру туралы шешімді тиесілі келісіммен бекітуді ұсынды.

Ғарыш Сарбазына алтыншы саты балаларын жердегі тұтқыннан алып шығуға және содан соң Өзөзіл ұясын Ғарыштың қуатты күшімен талқандауға мүмкіндік беретін бұл жоспарды Ақ Сарбаз сөзсіз қабылдады.

Содан кейін Ақ Сарбаз бен Планеталық Рух бірлесе отырып қоныс аударушылардың Жерұйықты жайлау тәртібін тиянақтады. Планета Өміршісінің физикалық денесі де бар еді, және «Өз еңбегінмен аяғына жеткізген ісін ғана ақиқат болмақ, сол ғана шын өмір сүрмек», — деген Ғарыш Құрылысшысының Намыс Кодексіне және Ғарыш Заңдарына сәйкес ол осы бірлескен жоспарды өзі іске асыруға міндетті болатын.

Олар біріге отырып қоныс аударушылардың жолын белгіледі. Бұл жолда олар планетаның жергілікті тұрғындары былай тұрсын, тіпті бұрынғы өркениеттің ізін де кездестірмеуі керек еді. Кейде оларға, осыдан бірнеше күн бұрын ғана құрылысты қирату жұмыстары жүрген жерлерден өтуге тура келеді. Жерұйық тұрғындары оңтүстік жарты шарға қарай ығысып өмір сүруде. Жер планетасынан көшіп келушілер олар тұрған аймаққа жеткенше талай уақыт өтпек. Бұл мерзімде эволюциялық даму үстіндегі байырғы тұрғындардың қалған бөлігі өз өркениетінің барлық ізін жойып үлгіреді де планетаның физикалық дүниесін тастап шығатын болады.

Бұл жоспар бойынша планета иелері уақыттан үлкен ұтыс алып жақын планеталарға барынша аз шығынмен қоныс аударады. Күміс планетаның сегіз серіктерінің бірінде бақылау станциясы құрылады. Бұл станция Жерұйықтың адам баспас жерінде жасырын қалатын зерттеушілермен байланыс жасау үшін керек.

Жоспарды қиыстырып болғаннан кейін меймандос Планеталық Рух дәстүр бойынша құрметті қонақтарды үйіне шақырды. Өтініш қабыл

алынып планеталық ұшақ төмендей бастағанда Ақ Сарбаз планетаның киырсыздығына тағы да бір тәнті болды. Экватордың шартты сызығының түстігінен шалынып қалған күміс су айналардың бірі суы кермектеу, аралдары бар теңіз болып шықты.

Қабылдау рәсімі Планеталық Рухтын резиденциясы орналасқан осы аралдардың бірінде өтті. Осы жерде планета тұрғындары Ғарыш Сарбазының киімін киінген тірі жер адамын алғаш рет тамашалады. Бұл қабылдау жергеі думандарға ұқсамалы. Бұл рух мерекесі еді. Екі өркениет кездесіп, көңілдерін салтанатты қуаныш биледі.

Көзі үйренген Ақ Сарбаз белгілі бір сипаттар арқылы, қатыскандардың көбі Күміс планетаның физикалық дүниесінде өздерінің физикалық денелерінде өмір сүретінін түсінді. Үй иелері де қонақтың, өзінің биік мәртебесіне қарамастан физикалық денесі бар екенін байқады.

Екі жақ та бір-бірін қызықтай тамашалаған. Планета иелері, Жер адамдарының мінсіз денеге ие екені жайлы көп естіген-ді. Олар Қонақтың астрал денесіне қарап отырып сөздің растығына көздерін жеткізді.

Ақ Сарбаз да олардың жүзіне байыппен зер салды. Оған әсіресе ұнағаны — олардың, самайларына қарай созылған үлкен көздері еді. Осы көздері арқылы олар күрделі сезім күйлерін бере алады екен. Мәлімет алмасу оларда негізінен ойлық деңгейде өтіп жатты. Олар Ақ Сарбазбен де осылайша, оның ой формаларын оқып, өздерінікін оған жіберіп сұхбаттасты. Осы мәлімет алмасу кезінде Ақ Сарбаз зерттеуші ретінде өзіне бастапқы кезеңде қажетті барлық мәліметті алды.

Әуелі ол планета иелерінің көне күндерден осы уақытқа дейінгі аралықтағы тарихын білмекке ықылас танытты. Бұл тарих, өзіндік қиындықтары бар, Эволюция сатыларымен кезеңдер арқылы жоспарлы бағытпен өрлеудің суреттемесі болып шықты. Бұнда қиындықтар да, құрбандықтар да болыпты, әсіресе келесі сатыға өту кезеңдерінде. Тіршілік айналымы бұл құрбандықтарды қайтарып отырыпты. Планеталық Рух, оларды жеткен деңгейлеріне қанағаттандырмастан ары қарай, келесі сатыға жетелеген. Сондықтан олар, белгіленген Эволюциялық мерзімді бұзбай барлық бес сатыдан өтіп, алтыншы сатысын аяқтауға тақаған. Бұл кезеңде олар қалауынша ұзақ өмір сүре алар еді, алайда өзінің алтыншы сатысына аяқ басқан Жер адамдарының сұмдық азабын көрген бұлардың жүрегінде аяушылық сезімі оянды.

Олар, Жер адамдарына физикалық дүниедегі қалған жолын өтсін деген ниетпен өздерінің Күміс планетасын беруді ұйғарды.

Кезінде олар, техногендік тығырықтан шығып Эволюция спиралі бойынша табиғат аясына оның бөлігі ретінде қайтып келу жолында бірнеше ұрпақтың ғұмыры барысында ауыр еңбек еткен еді.

Олардың ойша қойылған сұрақтарына жауап ретінде Ақ Сарбаз өз планетасы тарихының бір бөлігін ғана ашты. Олардың санасына ең алдымен мәдениет, ал содан кейін — ғылым мен техникалық даму туралы мәлімет берілді.

Үй иелері Жер адамдарының рухын танымак мақсатта әуелі мәдениет жайлы білуге ықылас білдірген. Өздеріне керекті мәліметті Ақ Сарбаздың,

оның өткен ғұмырларынан, әсіресе кейінгі, алтыншы саты халқының перзентінің санасынан алған олар, мәдени игіліктердің, Жер халықтарының әндері мен күйлерінің куәсі болып балаша қуанған.

Алайда, барынша шыншыл болуды ұйғарған ол, үй иелеріне ой формаларының көмегімен жердегі соғыстардың, аштықтың, індеттің сұмдық көріністерін ұсынып, концентрациялық лагерьлерді және бейбіт қалалардың үстіндегі атом жарылыстарын көрсеткенде, көрермендерден тараған үрей толқынына қарап Ақ Сарбаз осымен тоқтады.

Шомудан шыққан үй иелерінің жүзінен олардың қатты түршіккендері байқалды. Бұл жоғары дамыған тіршілік иелерінің өсері еді. Олардың, жер адамдарының ауыр тағдырына көңілдерімен иілгені, Ғарышта бұндайдың қайталанбасы үшін қолынан келген көмегін аямайтындығы көрініп тұрды. Және осының бәрі қонақты өз аянышымен ренжітіп алмауды көздеген үлкен мәдениетті көрсетті. Ғарыш азаматтарына айнала бастаған Күміс планетаның бұл тұрғындарының мейірімді сұлу көздерінен Ақ Сарбаз олардың қандай сезімдердің өсерінде болғанын түсінді.

Саһарада өскен менің халқым да осындай инабатты, мейірбан ғой, — деген ой жалт етті.

Қабылдауға түрлі дәрежедегі Планета Құрылысшылары қатысқан. Олармен ойша тілдескен Ақ Сарбаз өзінің халқына жаңа отанды игеруге қажетті мәліметке қанықты.

Қонақтармен бірге аралды серуендеуге шыққан Ақ Сарбаз пурпур түсті теңізге, судың түбі мен жағада шашылып жатқан түрлі-түсті тастарға, хош иісті гүлдері бар, шиыршықтала өскен өсімдіктерге назар аударып біраз тұрды да — есіне түсірді! Бұл оның сәби кезіндегі түсінен көрген мекен еді. Өзінің Жер планетасында дүниеге келерінің алдында осы гүлденген аралда болғаны есіне түсті. Осы арал мен осы теңіз, Ұлы Дала және туған халқының қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған құтты мекен туралы ізгі арманы осы күннен бастап шындыққа айналмақ. Ақ Сарбаз бен оның халқы осы планетада өмір сүретін болады. Осыған бағыштап Ақ Сарбаз өзінің центрлері мен энергетикалық арнасын іске қосты.

Қазақ халқының құт дарыған Жерұйық жайлы мыңжылдық арманынан Ақ Сарбаз тиесілі ой формаларын қалыптастырды. Ғарыш заңдарына сәйкестендірілген бұл ой формаларын Ақ Сарбаз өзінің алтыншы центрі арқылы энергетикалық арна бойымен Жерұйықтың ментал дүниесіне жолдады. Бұл ойлар осы жерде өмір сүре бастады.

Ақ Сарбаздың Жерұйыққа жасаған зияраты осымен аяқталды. Ой формаларын жана Отанның астрал дүниесінде, одан соң физикалық дүниесінде іске асыру ғана қалды.

Жерұйық тұрғындарымен және Планеталық Рухпен қоштасқан Ақ Сарбаз планеталық ұшақпен жұлдызаралық кемеге жетіп, артынша Ғарыш Бауырластығына аттанды.

3. Кеме

Бекітілген шешім бойынша Ғарыш Сарбазы Қиратушыдан Тудырушыға айнала отырып өз мойнына Ғарыш Құрылысшысының міндетін алуы керек еді.

Тіршіліктің жеті деңгейінің Құрылысшысын Нысандау ырымы жасалғаннан кейін Ақ Сарбаз Жер адамдарын көшіру жоспарын іске асыра бастады.

Жерұйықтың ментал дүниесінде Жер адамдарына керекті ахуалды тудырғаннан соң Ғарыш Құрылысшысы Жер планетасының астрал дүниесінде Жерұйыққа көшірілетін алтыншы саты адамдарын іріктей бастады.

Астрал дүниесінде зат тасымалдайтын кемеңі жасауда Ғарыш Бауырластығы белгілі бір қиыншылықтарға душар болды. Өздерінің Эволюциялық дамуында едәуір алға суырылып озып кеткен ғарыш өркениеттері физикалық және астрал дүниелерін баяғыда тастап шыққан еді. Сондықтан астрал кеңістігінде жылжуға жарайтын және кейіннен осы жобамен физикалық дүниеде қайталанатын жұлдызаралық және жүк кемелерінің лайықты жобасын табу үшін түрлі өркениеттердің көне архивтерін біраз ақтаруға тура келді. Бір кісілік ен қолайлы шағын кеме, жетінші дәрежелі жана Ғарыш Құрылысшысы — Ақ Сарбазға берілді. Ақ Сарбаз оны «Жұлдыз қайығы» деп атады.

Ғарыш Бауырластығы Жер уақытымен өлшегенде бес жылдың ішінде астрал материясын тасымалдауға лайық ескі үлгідегі жұлдызаралық және жүк кемелерін құрастырып болды. Осымен қатар, астрал дүниесіндегі оқиға физикалық дүниеде қайталануы үшін, бұл жұлдыз кемесінің физикалық сыңары жасалып жатыр.

Астрал және физикалық кемеңің екеуі де бір-ақ рет пайдаланып, үшу аяқталғаннан кейін жойылуға бұйырылған.


Жер адамдарын бір жолдық кемемен Жерұйыққа көшіру жоспарын Ақ Сарбаз Жетінші Дәрежелі Құрылысшының құрметті киімімен бірінші рет Ғарыш Бауырластығының Кеңесіне қатысқан кезінде ұсынды. Сонымен қатар Ақ Сарбаз өзінің жаңа, Тудырушы болмысына сәйкестігін анықтайтын сыннан өтті.

Ақ Сарбаз бір жолдық кеме туралы ұсынысын былайша жүйеледі:

— Бұл Ақ Сарбаздың ментал санасынан астрал және физикалық дүниеге таңбалана орындалуға тартылған жобаның бастапқы қармалық байланыстарын жеңілдетіп қысқартуға мүмкіндік береді.

— Қайтарылмалы кемеңің жобасы физикалық дүниеде де қайталанғанда музейге қоюға лайық кемеңің, өзінің аттанған нүктесіне қармалық спиральдің үзілмей жалғасуы үшін қайтып келуін талап етеді. Сонымен қатар бұндай ауыр жоба астрал және одан кейін физикалық дүниеде іске асуы үшін көп уақытты қажет етер еді.

— Астрал және физикалық дүниелердегі бір жолдық Ғарыш Кемелерінің бірін-бірі дәлме-дәл қайталайтын траекториялары, астралдағы оқиғаның физикалық дүниеде қайталануына қажетті уақытты барынша қысқартады.



ЖҮК КЕМЕСІМЕН ЖҮЛДЫЗ КЕМЕСІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ӨЛШЕМІ

— Төмен түсірілетін модульдің ішінде бір орындық шағын астрал кемесіне бөлме дайындалған. Бұл аппаратпен Ақ Сарбаз Жер планетасының астрал дүниесіне қайтып келіп, артынша өзінің физикалық денесіне енуі керек.

— Бұл оқиға астрал дүниесінен физикалық дүниеге үзілмей танбалану байланыстарына кедергі келтірдімейді. Астралды жоспарға сәйкес физикалық кеме жер адамдары мен Ақ Сарбазды Жерұйыққа жеткізіп салады. Осы жерде Ақ Сарбаздың, жаңа Отанның физикалық дүниесіндегі эволюциялық жолы аяқталады да, шағын кеме оны эволюция жолындағы еңбегін ары қарай жалғастыруы үшін Ғарыш Бауырластығына алып барады.

— Бір жолдық кеме экономия тұрғысынан да қолайлы, себебі жұлдызаралық кеменің түрлендіруші қозғалтқышы үшін жұмсалатын қисапсыз қуат көлемін үнемдейді. Ал қуат көзінің, кеменің өзіне қарағанда өлшеусіз қымбат екенін ескеретін болсақ, онда бір жолдық кеменің артықшылығы дәлелдеуді керек етпейді.

— Қайтарылмалы кемеге қарағанда бір жолдық кеме конструкциялық тұрғыдан да әлдеқайда қарапайым, себебі, бір-ақ рет пайдаланылатын кеменің конструкциясын күшейтудің керегі жоқ, оның қозғалтқышы мен корпусының белді элементтері жеңілденген.

Кенес бұл айтылғандардың барлығын құптап қабылдады. Ақ Сарбаз өзінің жаңа міндетке лайық екенін көрсетті. Аталмыш жоспар іске асырыла бастады.

Астрал кемесінің экипажы бұрын ғарышкер болған Жер адамдарынан құралған. Олар Жерұйықтың астрал дүниесінде қалады.

Болашақ физикалық жұлдыз кемесі мен жүк кемесінің экипаждары физикалық дүниеде өмір сүріп жатқан ғарышкерлерден құралатын болады. Бұлардың барлығы да Жерұйықта қалады.

Осылайша, байырғы ізбен, астрал дүниесінің оқиғалары физикалық дүниеде қайталанып, бұл ұлы оқиғаның уақыттық және кармалық байланыстарының спиралі үзілместен сақталады.

Жүк кемесінің Жер планетасының астрал дүниесінен аттанысын Ақ Сарбаз 1992-шы жылдың 16-шы сәуіріне белгіледі. Бұл күні жер адамдарын Жерұйыққа көшіру жайлы шешімнің қабылданғанына бес жыл толды.

Осы уақыттың ішінде 1986-шы жылдың желтоқсанында Алматы қаласында қаза болған қазақ халқының перзенттері Тозақ пен Тазартқыштан аса жылдам өтіп, Ақ Сарбаздың бастауымен олар Ұжмақтың ғабалдырығына келіп тұрды. Бұнда Жердің басқа халықтарының да көптеген өкілдері бар еді. Олар өздерінің ізгі өмірімен Жерұйықта ғұмыр кешудің хұқығын алғандар. Бұлардың ішінде б. д. 1932-ші жылы болған аштықта өлген, Империяның абақтыларындағы азапты өлімнен өлген, екінші дүниежүзілік соғыста қаза болған Ақ Сарбаздың қаңдастары да көп еді.

Көшірілуге бұйырылған бұл жандардың барлығының да Универсал Ғарыш Модульдері тиесілі жолмен Жердегі тіршілік айналымынан шығарылды. Бұлар енді Жердің физикалық дүниесіне кіре алмайды. Адамзат бұл биік жандарды мәңгілікке жоғалтты, сондықтан оларды, әсіресе 1986-шы

жылдын желтоқсанында каза болған қазақ халқының перзенттерін мәңгі есте сақтауы керек.

Ғарыш Бауырластығы Түнек иелерінің бірде-біреуін Жерұйыққа жібермеу мақсатында адамның өлмес жанын тандап тексеріп, өткізудің ерекше амалдарын ойлап шығарған.

4. Қошу

Белгіленген мерзімде астралды жұлдызаралық кеме күнмаңайы кеңістігіне келіп жетті де, одан бөлінген жүк кемесі Жердің Ұжмағының Кіреберісіндегі табысу орнына түсірілді.

Ақ Сарбаз үй жануарлары мен төрт түлік малды сұрыптаудың барлық мүмкін болатын жайттарын егжей-тегжейлі ой елегінен өткізді. Бұл Жерұйық табиғатының тепе-теңдігін бұзбау үшін қажет болды.

Адам мен арадағы Келісім-Шартты бұзбай сақтаушы малшы иттері далалықтардың бірінші көмекшілері болып табылады. Сол себепті иттер жүк кемесіне алғашқы болып енгізіліп, өздеріне арналған модульге орналастырылды. Мұнан кейін түз жылқыларының белді тұқымынан бастап ең жүйріктеріне дейінгі үздік түрлері тандап алынды. Бұдан соң ел қолында сұрыпталған, өмір сүруге ерекше бейім қойдың барлық құнды тұқымдары әкеліп тиелді. Кемеге ең соңынан түйелер келесі кіргізілді. Ойсылқараның асыл текті түрлері болмаса Жерұйықтың алып даласы мен сортаңды тақырларын, әсіресе шөлді аймақтарын кесіп өту мүмкін емес еді.

Содан кейін жана планетаның жағдайында бейімдену мерзімінде қажетті киім-кешек пен азық-түлік тиелді. Жүк кемесінің бөлек қуысына Ақ Сарбаздың кейіннен Жердің астрал дүниесіне қайтып келетін Галактикааралық қайығы орналастырылды.

Ақырында жер тұрғындарының туған планетасымен қоштасар ең бір қиын да қимас сәті кел жетті. Жана Отанға көшуге еңбегі сіңіп жолы ашылған жандар ғана аттанатын орынға жиналды. Олардың әрқайсысы қариялардың қатан комиссиясының алдында жас мөлшеріне сай емтихан тапсырды. Өз халқының салт-дәстүрін ана тілінде айта білу мен Жерұйық табиғатына жақын жағдайда өмір сүре алу қабілеті сынға салынды. Сынақ соңында әркім халық өнін орындап беруге тиісті болды. Өйткені өн салғанда қазақтың барлық жан сыры ашылатын еді.

Сол себепті кеме төңірегіне жиналғандардың ішінде түбегейлі шешімге келмеген кездейсоқ жандар болған жоқ. Олардың әрқайсысы барлығын ой елегінен өткізіп, өлшеп-пішіп түбегейлі, қайтпас шешімге бекінгендер еді. Алайда туған планетамен мәңгіге қоштасып күн жүзіне соңғы рет қарауды ұсынған Ақ Сарбаздың сөзі естілгенде көпшілігі көз жастарына ие бола алмай қалды.

Әйелдің ашық дауысы зарлы әнді бастай жөнелді. Бұл ел өмірінің осындай ауыр сәтінде айтылар ұлттық гимн «Елім-ай» әні, — туған жермен қоштасу әні еді.

Халық осы әнді айтқан бойымен қариялардың артынан еріп кемеге кіре бастады. Ең соңынан Ақ Сарбаз келіп енген кезде ауызғы люк те жабылды. Тура алдын ала есептелген уақытта жүк кемесі планета бетінен ұшып шықты.

Сөйтіп, жер уақытымен 1992-ші жылдың 16-шы сәуірінде Адамзат тари-
хының жаңа дәуірі басталды.

Күн жүйесінен тыс белгіленген нүктеде жүк кемесі жұлдыз кемесімен
кездесіп, оның түмсық жағындағы бөлігінің ішіне тартылып, орналастырыл-
ды. Мұнан кейін жұлдызаралық ұшақ шекті жылдамдығына жеткенше шап-
шандығын арттыра берді. Сонан соң ноль-кеңістікті өту нүктесі айқындал-
ғаннан кейін кеңістікті түрлендіруші қозғалтқыш іске қосылды. Түрлендіруші
қозғалтқыш, қуаттың қарқындауы өзінің өте жоғарғы нүктесіне жеткен кезде
жұлдыз кемесінің бүкіл массасын ішіне тартып алды да, аса жаңа жұлдыз-
дай жарк етіп жанды. Осының серпінімен жүк кемесі көзді ашып-жұмғанша
белгіленген Галактикадан бір-ақ шықты. Бұл жағдайда жұлдызаралық кеме-
нің материясы түгелге жуық кеңістікті түрлендіруші қозғалтқыштың іске
қосылған жерінде бір болып қойды. Ал, тасымалданған жүк кемесі болса жалпы
материяның ең бір қалмашы бөлігін ғана құрайтын. Қысқартылған карма
интервалымен қозғалу жоспары осылайша жүзеге асты.

Жасыл Күннің жұлдызды жүйесі өз Галактикасының киыр шетінде
орналасқан. Бұл галактика жер планетасында Шетен шокжұлдызы деген
атпен танымал жұлдыздар тобының бағытында орналасқан шарлы шоғыр-
лардың бірі болып табылады.

Тасымал өте дәлдікпен іске асты да жүк кемесі Жасыл Жұлдыз жүйе-
сінің белгіленген нүктесінен келіп шықты. Бұл жүйенің Ақ қортыққа кара-
ма-қарсы жағы болатын. Экипаж жүк кемесінің қозғалтқышын іске қосты
да кеме астероидтар өрісін жанап өтіп Жерұйық планетасына қарай қозғала
басталды.

Астралды жүк кемесі болашақта физикалық кеме келіп түсетін жерге
өкеліп қондырылды. Бұл Ақ Сарбаз Қаратау деп ат қойған таудың етегі,
шөлдін шеті және орасан тұщы сулы көлге қарама-қарсы шамамен 40 гра-
дустай солтүстік ендікте болып еді.

Жүк кемесі келіп қонғаннан кейін қоныс аударушылар біршама уақыт
бейімделу кезеңінен өтті. Кемелің тұрғын бөлігіне Жерұйықтың ауасымен
аралас ауа жіберу әуелгіде аз-аздап басталып, бірте-бірте көбейтіле берді. Жер
бетінен келгендерді Жерұйықтың ерекше атмосферасына бейімдеу біртіндеп
жүзеге асты. Ақырында планета бетіне аяқ басуға шешім қабылданды.

Бұл айрықша оқиға қыр халқының салтына лайық таң жаңа атып келе
жатқан кезде болды. Жүк кемесінің экипажы шлюздер мен ауызғы люкті
ашты. Жер бетіне күміс түстес жылжымалы көлбеу баспалдақ шығарылды.
Осыдан кейін тұрғын бөліктің есігі ашылды. Дала иерархиясының заңына
сай Ақ Сарбаз шашын қырау шалған ақсақалды елді бастап, Жерұйық бетіне
бірінші болып шығуға шақырды.

Ол болса түз әдебін ұстанып уәде етілген мекенге бірінші болып Ақ
Сарбаздың өзінің шығуын өтіне бастады. Алайда Ақ Сарбаз мынау ме-
кенде өзінің бұрын да болғанын, тіпті жемісін жеп, суын ішіп те көргенін
айтып ұсыныстан бас тартты. Қария осы кезде, мына жаңа дүниеге бо-
лашақтың рухани бастаушысы болмақ әйел адамның алғашқы болып
шығуын қалайтынын білдірді. Дала иерархиясының дәстүрінде тәрбие-
ленген ана, қарияның беделін түсірмеуді ойлап бұған келісе қоймады. Дала

кішіпейілділігінің бұл тайталасы әлі біраз уақытқа созылып, акырында карт кісі елдің еркіне мойынсұнып қадам басар ма еді. Бірақ жаңа дүниенің бетіне тұңғыш қоныстанушыны шығару туралы Ақ Сарбаз ойлаған қасиетті ырым аяқ астынан, күтпеген жағдайда бұзылды. Әлдебір толқу пайда болып, айқайлаған ана дауысы шықты:

— Айналайын, тоқта! Жүгірме! Құлайсың!

Артына бұрылған Ақ Сарбаз жылжымалы жолмен сары шашты, шәй көзді үш жастар шамасындағы қыз баланың оң аяғына сылти басып жүгіріп бара жатқанын көрді. Мынау сәбилі Жер планетасында бұрын көргені есіне түсті. Шығар люктің аузында топырлап тұрғандар естерін жиып үлгіргенше қыз бала өзіне үйреншікті құм үстіне секіріп түсті де түп-тұра жарқырап жаңа шығып келе жатқан Жасыл Жұлдызды бетке алып жүгіре жөнелді.

Ол осылайша жер бетінен келушілердің жадында қалып қойды. Жер-ұйықтықтардың келесі ұрпақтары үшін Жасыл Жұлдызға қарай жүгірген Сәби аңызға айналмақ.

Ең бірінші болып есін жиған қыздың шешесі жолмен тұра жүгірді. Қалғандары да оның артынан шығып жұмсақ құмды құшақтап ізет етіп, Ұлы Қайырымдылығы үшін Күліретті Жаратушыға алғыстарын жаудырды. Өз перзенттерін анасы қалай қарсы алатын болса, бізді де Жаңа Отан солай қабылдаса екен, — деп құдайдан тіледі. Жерұйыққа бірінші болып сәбидің қадам басуын және оның Ұлы Әйелдік Негізден болуын жұрт Құдайдың қалауымен жасалған, — деп біліп, бұны жақсы ырымға жорыды.

Халықтың Жаңа Отанмен қауышқан қуанышты сәтіне қарап тұрып Ақ Сарбаз планета да өзінің жаңа балаларын бауырына алып қабылдағанын сезді. Бұның дәлелі ретінде өзіне таныс Тәңіртау жақтан көл үстімен жылжып бұлт келіп жетті де, адамдардың үстінен Жерұйықтың жылы жанбыры жауып қоя берді. Бұндай жерде жанбырдың өте сирек жауатынын Ақ Сарбаздың айтуымен білетін ел, бұл нышанды — өздерін Жаңа Отанның қабылдағаны деп түсінді. Құдайға алғыс дұғасын арнай отырып қариялар көктің бұл нұрына алақандарын тосып жаңа сумен жүздерін жуды. Әке-шешелері сәбилерін қолдарына көтеріп жаңбырға шомылдырды. Сөйтіп жаңа су адамзат балаларының бойынан бақытсыздық пен азап атаулыны мәңгіге шайып, жоқ қылсын, — деп тіледі.

Жауын қалай күтпеген жерден басталса, дәл солай сап тыйылды да, бұлт сейіліп, Жасыл Жұлдыз қайтадан жарқырап шыға келді...

Бұдан көп жыл бұрын болғандай Ақ Сарбаздың алдынан бүкіл Жиһан ашылды да, ол өз халқының болашағын көрді. Осынау Ұлы Білімнің бір бөлігі оның мынау сарғыш шашты, шәйкөзді қыз баланың немересі болып қайтадан дүниеге келетінін әйгілейтін еді. Бәрі де қайталанбақ. Сөйтіп олар Эволюцияның жаңа сатыларымен Ұлы Өмір Айналымында тағы да бірлесе жылжитын болады!

Бұл білімге шому күйінен Ақ Сарбазды кеме командирінің үні алып шықты. Жүк контейнерлері мен мал тұрған бөлікшелерді түсіру жоспарын өзгеріссіз бастай беруге бола ма? — деген сұрақ қойылып еді. Рұқсат берілгеннен кейін экипаж жұмысқа кірісіп кетті де кешке дейін жүктің барлығы кеме айналасына орналастырылып болды.

Жерден әкелінген түліктерді ел әуелгіде ерекше күтімге алды. Себебі бөгде планетада өмір сүрудің бірден-бір көзі енді малға байланысты еді. Планета ерекшелігін бірінші сапарынан білетіндіктен Ақ Сарбаз малшы адамзат ұрқын көшіру уақытын дәлме-дәл белгіледі.

Жерұйықтың солтүстік жарты шарында көктем жаңа туып келе жатқандықтан мынау алғашқы жанбыр жердің жандануына жайлы болды. Туған даладағы сияқты айнала көктеп, Эволюцияның алтынғы сатысында тұрған планетаның шөбіне аузы тиген мал тез күйленіп шыға келді. Өсімдіктің көпшілігі туған жердің шөбіне өте ұқсас еді. Ал, бұл планетада зиянды, улы өсімдіктер мен жыртқыш аңдардың жоқ екенін Ақ Сарбаздың аузынан естіген кезде малшылардың күдігі мүлдем тарқап кетті.

Нұх пайғамбардың құтқарғыш кемесіндей болып көрінген Ғарыш Кемесі ұзақ уақыт бойына көшпенділердің үйіне, үйреншікті ауа мен суы, азық-түлігі бар қуат көзіне айналды. Олар біткен кезде, тек қана ұсталмайтын қор қалды.


Бейімделу кезеңінен өткеннен соң Ақ Сарбаз өз жоспарының негізгі бөлігін атқаруға кірісті. Жерұйықтың жаңа тұрғындары бұл уақытта кеме маңын зерттеп су мен азық-түліктің жеткен жеріне дейін айналаны шарлап шығып еді. Әкелінген хабар көңіл жұбатарлықтай болған жоқ. Оңтүстікті сусыз, шөлді жазық алып жатты. Шығыс жақта сортаң тақырлар басталады, сондықтан күншығысқа қарай жылжу тым қауіпті еді. Батыстағы тауларға қарай тура тартуға терең аңғар бөгет жасайды. Алда солтүстікке барар жол ғана қалды және сол жақтан келген шолғыншылардың әкелген хабары да жақсы болды. Солтүстікке қарай еңдеп жүре түскен сайын жайылым да қалындай береді екен, тек бұлар орналасқан жазирадан гөрі ауа райы салқындау бола бастайды.

Ақ Сарбаз өз халқының ерікті еркіне араласқан жоқ және алдарындағы жағдайды қандастарының өздері ой сарабынан өткізіп бағамдауына мүмкіндік берді. Ол бұны, олардың Жерұйықтағы көшін өздерінің еркімен, Ақ Сарбаздың жоқ кезінде де жалғастыра алсын, — деп әдейі істеді.



Мұнымен қатар Ақ Сарбаз өз халқының жан-дүниесі мен ашы тәжірибесін ескерді. Қазақ даласындағы қырық руға бөлініп, пышырап талқандалған жүздер шын құрып кету қаупі төнгенде барып бастарын біріктіретін еді. Қысталаңнан құтылар жалғыз жол қалған кезде ғана ойшыл, момын жанды қыр халқы тастүйін боп бірігіп, табанды да ынтымақты бола түсетін.

Сол себепті ақсақалдар кеңесі, солтүстікке қарай аңғарды жиектей жылжып, қарлы Тәңіртауға бағыт ұстау үшін құздан өтер өткел іздеу туралы өз беттерімен дұрыс шешім қабылдаған кезде Ақ Сарбаз онша таң қалған жоқ. Алдағы көш ауыртпалығын көтеруге дәрменсіз, Жерұйық ауасына әбден үйрене қоймағандарды, өзгенің мойнына масыл болмауды қалаған өз еріктеріне сай, кеме жанында қалдыруға уағда жасалынды.

Кімде-кім тау етегіне тұяқ іліктірсе көштің аяқталғанын өйгілеп түтін салып белгі бермекші болып келісілді. Көш сәтті болған жағдайда артта қалған жұрт алдыңғылардың ізімен жылжи отырып қайта қауышатын еді.



АҚ САРАЗДЫҢ БУ БАЙІМЕН
 КЕРУЙІНТАСЫ КИШКЕН ЖОЛЫ



Бөл Дала.

Халықтың бұдан арғы қозғалысы тек қана батысты бетке ұстау болсын, планетаны көше отырып айналып шығып, ақырында кемеге келесі жағынан қайтып оралу қажет деген шешім қабылданды.

Сондай-ақ кеме қасында оны қадағалау мақсатымен ғарышкерлер экипажы да тұрақты мекен тепті. Мұнымен қатар Киелі Құпияны Сақтаушылар да осы жерде қалдырылды. Олар хабарлар жазулы голограммалары бар компьютер орналасқан Білім Қоймасына ену құқығына ие болғандар еді. Бұл өшпес хабарларда Адамзат тарихының шежіресі түгелге жуық жазылып, халықтардың рухани және мәдени мұрасы жинақталған. Мұның өзі Эволюцияның бұрынғы сатылары туралы естеліктің ұмытылмай сақталып Уақыт Жібi үзілмеуі үшін қажет.

5. Жаңа Отан

Тәңіртауды бетке ұстап сапар шегу қиын болды. Әйтсе де Ақ Сарбаз барлығын күнбұрын ескеріп қойған еді. Малды көктемгі жас өскінді қуалай жая отырып солтүстікке қарай көшу үшін кеме ерте көктемде ұшып келді. Оның өткен өмірлері мен балалық шағынан жинақталған тәжірибесі пайдалы болды. Ел мұны кәдуілгі қыстаудан жазғы жайлауға көшетін үйреншікті тұрмыс секілді қабылдады.

Сол себепті көшпенділер тайпасы шығынға ұшырамастан, малдың бір бөлігін ғана жоғалта отырып тау етегіндегі тұшы сулы көлге келіп жетті. Біраздан соң қайратты жігіттердің бірнешеуі жақын жердегі қияға көтеріліп, кеме жанында қалғандарға көштің сәтті аяқталғанын айғақтап түтін салып белгі берді.

Суы қайтқан көлдік жерлердегі тамаша жайылым мен тау етегіндегі жайлауға ауызы тиген малдың саны көбейе бастады. Малшылар иесіз қалған Жерұйықтың үй жануарларын асырай бастады. Осылай Жерұйықтың жануарлары Өмір Айналымының осы кезеңін сәтті аяқтау үшін Саналы Тіршілік Иелері Дүниесіне қызмет етуді жалғастырды.

Жерұйық үй жануарларының бір бөлігі планетаның астрал дүниесінде өз қожайындарымен бірге өмір сүріп, Иерархияның келесі деңгейі — Саналы Жандар Дүниесіне өтетін шақты күтуде.

Ал, өз планетасының Саналы Тіршілік Иелері Дүниесінің тұрғындарымен тығыз байланысын, қалтқысыз қызмет ете білу қабілетін әлі түгел қалыптастырып үлгірмеген Жерұйықтың көптеген хайуанаттары өмір айналымына ерікті түрде тартылып өздерінің жана иелерімен жағымды қатынасқа түсе бастады. Өмірдің барлық деңгейіндегі тіршілік иелері осы үлгімен, өзін-өзі құрбандыққа ұсына отырып өздерінің эволюциясын жетілдетеді.

Арада Жерұйық уақытымен жарты жыл мерзім болған кезде күздің алғашқы салқын желі соғып өтті. Бұл кезде барлық отбасылар әлі де Тәңіртаудың шұрайлы қойнауларында мал бағып жатты. Көпшілігі жол тауқыметін ұмытып, тұрмыстарын түзеуге кірісті. Әйелдер киіз басып, жүннен киімдер тоқыды, қыштан күйдіріп ыдыс-аяқ жасады. Қой сүтінен май шайқап, құрт кептіріп ірімшік қайнатты. Ер адамдардың да айналысатын

жұмысы жеткілікті еді. Мал бағу, тері илеу. Қариялар болса ер-тұрман жасауды, ағаштан киіз үйдің сүйегін июді басшылыққа алды. Көшпенділер қауымындағы күт-берекенің басты белгісі жергілікті қарағай тұқымдас ағаштан жасалған алғашқы домбыра болды. Мұны жасаушы шебер дәстүр бойынша бірінші болып өзінің «Жерұйық» атты күйін орындап берді. Мұнан былай жүннен тоқылған киім мен теріден істелген аяқ киімдер тұрмысқа енді, тіпті жергілікті асыл тастармен безендірілген әшекей бұйымдар жасай бастады.

Алайда есендікпен ере дау мен сиыспаушылық келді және ең әуелі Ақ Сарбаздың бәрінен көбірек қауіптенгені болды. Өздерінің рухани басымдыққа тағайындалуын жаңсақ түсінген әйелдердің кейбіреулері далалық иерархия заңдарынан аттап өте бастады. Алдымен отбасында, содан кейін тайпаның ішінде, бұндай жағдайда бұлтартпай пайда болатын сиыспаушылық та орын ала бастады. Сондықтан, ананың басымдығы — оның рухани байлығында, мейірімділігінде және жаратылыстың сырын танып-білуінде екенін түсіндіріп, бас алқа сөзін айтуға Ақ Сарбазды мәжбүр етті. Халық өмірінің рухы мен ізгілігіне қатысты жағдайларда Ақсақалдар Алқасында шешімді сөзді әрқашан аналар айтпак, ал ол үшін олар өз елінің ізгілікті салт-дәстүрін сақтап, мейірімді, ақылды, сабырлы, әдепті, жаны таза болып, алтыншы саты халқының пайда болуына және Жерұйықта өмір сүруімізге жетелеген еліміздің барлық игілі дала заңдары мен салт-дәстүріне сай болуға тиіс екендігін айтуға тура келді.

Осыдан кейін барып жанжал басылды, бірақ болашақ конфликттердің туу мүмкіндігінің себебі табылып еді. Ақ Сарбаз мұны да ескерді. Көшу кезінде адамдардың бір-бірімен қандай тату және мейірімді, жаны ашығыш болғаны оның жадында жақсы сақталып еді. Ол өз халқының Жерұйық бетімен шектеусіз қозғалу жоспарын әбден кесіп-пішіп, көп ойланды. Әзірге оны Кеме маңында қалған тайпалас бауырларының жайы алаңдатып, кідірте берді.

Жаз аяқталған уақытта таудың ең биік беткейіндегі малшы тұрағынан қуанышты хабар келіп жетті. Алыстағы Қаратаудың шыңынан бірнеше күн бойы түтін бұдақтап шартты белгі беріліп жатқаны мәлім болды. Бұл бір жерде бас біріктіру үшін тайпаның қалған бөлігінің бұлардың ізімен жолға шыққанын әйгілейтін еді. Алайда бұл хабардың Ақ Сарбазға әкелген уайымы да көп болды. Ол арттағыларды, көктемгі шөп қурап кетпей тұрғанда, жаздың ортасынан қалмай шығып күзгі салқынға дейін тау баурайына жетіп үлгіреді деп үміттенген еді. Ол ментал дүниесі арқылы артта қалған бауырларымен байланыс жасауға бірнеше рет әрекеттеніп те көрді. Бірақ Жерұйықтың ғажайып ментал дүниесі оның ойын шашыратып, жұтып жіберетін. Бауырлары болса түсінде жана әлемнің шұғылалы көріністерін көргенде рахатқа бойсұнып Ақ Сарбаздың ой-бейнелі әзірше өздеріне жағымсыздау нұсқауларын нашар қабылдады. Күн жылы, шөп мол. Демек сүт те, май, ірімшік те жеткілікті. Әлсіреген туысқандарға, әсіресе қарттар мен балаларға әлі де демалыс пен күтім қажет еді. Сол себептен Кемеден солтүстікке қарай өне-міне қозғаламыз деп жүргенде жаздың аяғы да болып қалды, қалыптасқан дағдымен малдың сонынан отбасылардың басым бөлігі ере көшіп кеткенше кешеуілдеді.

Кеме жанында қалатын экипаж бен Білім Сақтаушылардың отбасылары үшін әкелінген азық-түліктің қажетті қорын қалдыру керек еді. Және оларға бөлінген малды келесі көктемге дейін тебінге жайып қыстан шығару қажет болды. Осыларды ескере отырып, Ақ Сарбаз тағайындап кеткен тайпалық кеңес артық адамдар мен малды Төңіртауға қарай көшіру туралы шешімге келді. Алайда олар кеш қалып еді. Таулы жазираға өтер асуға жақындаған кезде күзгі салқын басталды. Аузы шөпке жарымай жүдеген мал жолшыбай құлай бастады. Ал, адамдар арасында өсіресе қарттар мен әйелдерге ширығу мен тамақтың тапшылығынан әлсіреу басталды. Өйткені дала дәстүрімен соңғы азық балаларға берілуде еді.

Бұндай жағдайда бұлтартпай туатын айтыс-тартыс пен қарияларға кінә тағу басталды. Өздерінің азап шегуінің басты себепкері Ақ Сарбаз,— деп те естеріне алғандар болды. Ал, ауыр сапардан еңсесі түскендердің кейбіреулері тамағы тоқ Кеме маңына қайта оралу үшін кейін бұрылу керек деген ұсыныс айтты. Бірақ рухы биік далалықтардан тұратын тайпаның басты бөлігі бұл ниетке батыл тойтарыс беріп жолды жалғастыруды талап етті:

— Тіпті, біздің барлығымыз жолда қырылсақ та, Жерұйықтың ғажайып ой дүниесінде әрі қарай өмір сүретін боламыз! Біздің өз тайпамызға қарай ұмтылып, өз міндетімізді ақырына дейін адал атқарғанымыз себепті бізге Даладағы өз бауырларымыздың арасында тууға ерік беріледі!

— Ал, кімде-кім бұдан тайқып, кейін қайтуға әрекет қылса, бұл қимыл Жана Отанда да біздерді ақ жолын ұстаушы мен теріс жолға түсуші етіп бөліп жібермек. Ондай жағдайда Зұлымдықтың жана тармағы басталады да, біздің шеккен азабымыз бен сіңірген еңбегіміздің бәрі бекер болады!

— Ақ Сарбаз бен тайпаластарымыз бізді ұмытпайды, олар көмекке міндетті түрде келеді! Олар нағыз көшпендіге тән қимылмен сапарға көктемгі жайылымда шықты. Сіздер жолшыбай құлаған малдың өлімтігін, не болмаса кісінің моласын ұшыратқан жоксындар ғой! Ақ Сарбаз бәрін де ескерген және бірде-бір адамын жоғалтпай алып өткен. Өйткені ол шын мәніндегі бізге Биік Төңірдін Өзі жіберген Ғарыш Құрылысшысы!

Бұл жалынды сөздер төні қалжыраса да жаны жарқын адамдардың еңсесін көтерді. Әлі де күйкі Сананың құрсауында өмір сүруге дағдыланғандарға олардың кейін қайтуға болатын шектен әлдеқашан асып кеткендігі түсіндірілді. Енді ешқандай шығынға қарамай тек қана алға жылжитын жалғыз-ақ жол қалып еді! Халықтың жан сақтау жайлы көне түйсігі іске қосылды. Болдырған аттар мен түйелерден барлық жүк атаулыны сыпырып тастаған жұрт, көлікке балалар мен қарттарды мінгізді де аттарды жаяу жетектей отырып алға ұмтылды. Алда өмір мен өлім тайталасқан асу жатты!

Ел тарихында сирек кездесетін, қысталаннан жанкештілікпен құтыла білудің ғажап үлгісі жасалды. Ақ Жұлдыз деп аталатын Ақ Қортық жұлдыз бен Жерұйықтың бірнеше екпансеріктерінің түнгі әлсіз жарығының астында, ақырғы күшін сарп еткен жұрт асудан ұшып өткендей болып тез-ақ өте шықты да жазира қойнауына келіп түсті.

Халықта енді дәрмен қалған жоқ еді. Көпшілігі ес-түссіз құлап жатты. Тек ең рухы күштілер ғана ағаш қалдықтарынан отын жинап тау өзенінің

жағасына от жағуға кірісті. Тонған әрі әлсіреген адамдарды жылындыру қажет еді.

Бұл мезгілде Ақ Сарбаз да киіз үй, жылы киім және азық-түлікпен жабдыкталған керуенді бастап асуға қарай беттеп келе жатқан болатын. Бұл керуенді жасақтауда ол даушылдарды түгел алды және бірнеше тәжірибелі, мол қажырлы жандарды ілестірді. Ақ Сарбаз бірнеше рет медитацияға шомып, екінші көштегі қандастарының көмек сұраған ой-формаларын сезіп еді. Сол себепті Ақ Сарбаз қысқа ғана аялдамалар жасап керуенді суыт алып жүрді. Ол асуға бұрын жетіп, келе жатқандарды асудың арғы бетінде қарсы алуға асықты. Ал, таулы жазираға кірер ауыздағы жанған отты көрген кезде танқалды. Мұндағы қажыған ел болса төменнен пайда болған салт аттыларға үнсіз қадалып өз көздеріне өздері сенбеді...

Көпшілігі мұны ұйықтап кетіп ғажайып түс көріп жатыр екенмін деп ұқты. Алайда салт аттылар шұғыл бері жақындап, амандаса бастағанда және олардың ішінен өздерінің Ақ Сарбазын көрген кезде бұлар жәрдемге тайпаластарының келгенін ұқты. Олар бауырларын ұмытпаған екен ғой!

Туған тайпаға деген асқақ сезім мен шаттық толқыны шарасынан асып-төгіліп жатты. Ел қуанышында шек жоқ. Қуатынан айрылғандардың көпшілігі алдыңғы кеткен тайпаластарын қайта көруден үмітін үзіп еді. Бұндай екіталай жағдайда аман қауышқан жандар Дала дәстүрімен жылап көрісе бастады. Соғыста хабарсыз жоғалып кетті деп саналғандардың мүгедектер госпитальдан ауылға орала бастағанда елмен осылай жылап көріскеніне Ақ Сарбаз бала кезінде куә болып еді. Тіпті, қазасы жайлы қара қағаз келген бір ауылдасы тірі оралған еді.

Көңіл сезімін осылайша білдіруді Ақ Сарбаз бала жасынан жаны ауыра қабылдайтын, бірақ өз халқының дәстүріне араласпады. Ол бір шетке ығысып жас тайпаластарын қасына шақырды да отты көбірек жағып, тамақ пісіруді, жергілікті дәрі шөпті қайнатып ең әуелі балалар мен қарияларға және әлсірегендерге ішкізуді бұйырды.

Ақ Сарбаз келушілердің бәрін аралап көріп шықты. Қариялармен жолдың егжей-тегжейін әңгіме қылды. Өйткені біраз уақыттан соң адамдарды Жер планетасынан Жерұйықтың физикалық дүниесіне көшіргенде бұл жағдайдың міндетті түрде қайталанатынын білетін. Бәрінен бұрын Ақ Сарбазды тайпаның асудан шығынсыз бір түнде қалайша зу етіп өте шыққаны қызықтырды. Алдыңғы көш болса бұл асуды жайлы маусымда, шөптің қою кезінің өзінде бірнеше күн жүріп барып өткен болатын. Ешкім де бұл кереметке нақты жауап қайтара алмады. Бірақ Ақ Сарбаз артынан аңызға айналмақ бұл ұмтылыстың сырын анықтап, егжей-тегжейін сұрастыра берді.

Сол уақытта әлдекім оның жеңінен тартты да, сәби үні шықты:

— Ақ Сарбаз!

Бұл Жерұйық бетіне тұңғыш аяқ басушы, баяғы сарғыш шашты қыз бала еді. Оған қараған кезде Ақ Сарбаз осынау шәйкөзді қыздың өзінің ашық та таза қуат арнасы арқылы адамдарға жанқиярлық пен ерліктің жалынын беріп келгенін түсінді. Дәрмені бітіп қиналып келе жатқандардың қайдан

күш-куат алғаны енді белгілі болды. Бұл сәбидің бұрынғы ғұмырында кім болғанын, екеуін қандай ізгі қағынастар байланыстырып тұрғанын білетіндігіне Ақ Сарбаз енді шек келтірген жоқ. Оның ойын оқыған қыз бұған қарай қолдарын созған кезде Ақ Сарбаз сәбиді елжірей көтеріп көкірегіне қысты.

— Айналайын!

Өзінің айрықша өкілеттілігі мен Эволюция Туын оның кімге табыс ететінін және келешекте алтыншы саты халқын Жерұйық бетімен Кімнің бастап жүретіні айдан анық болды. Өзірге, сәби есейіп рухани қуатқа қолы жеткенге дейін тайпа Ақсақалдар Кеңесіне бағыналы.

Ақ Сарбаз елдің эволюциялық қозғалысын барынша жеделдетудің жолдарын іздестірумен болды. Ол халықты жікке бөліп, күйреуге ұшыратар ауыр салдардың қайталану мүмкіндігінен құтқарар жалғыз-ақ жол тапты. Кеше ғана мәмлеге келместей боп өштескен жандар бүгін әлсіз балалар мен қарияларды бірлесіп күтіп, сыйлап қолдарынан келгенше көмек жасауда. Олардың қимылындағы қиындықтан туған жарасымдылық пен кісілік қайырымға қарап тұрып Ақ Сарбаз мынандай тұжырымға келді:

Құтқарылу жолы тек қана үзілмес қозғалыста!!! Аял жасап, тоқшылыққа ұрындың-ақ болды — бөрі зая кетеді. Қызғаныш, өсек, ұрыс-керіс басталады да, ел бірлігі бұзылып, бас-басына бөлінген бөсеке, бакталасқа айналады. Өзірше Ақ Сарбаз тайпаластарының ес жиып, бекінуіне тиісті уақыт бөліп оларды сақтап қалуды ойластырумен болды. Ұлы Көшті бастау үшін күш жинау керек еді.

Қауышу тойы бірнеше күнге созылды. Ағайындар ата салтымен келушілердің алдына мал салып, дүние-мүліктерін түгендеп берді. Сөйтіп, барлығы Жерұйықтағы алғашқы қысты сөтті өткізді. Таулы жазираның бір қалыпты жағдайында жана келушілер тез оналды. Әдеттенбеген қарсыз қыс мал бағуға өте қолайлы еді. Елдің көпшілігі сапардың бастапқы кезеңінде бастарына түскен ауыртпалықты ұмыта бастады. Мынадай көл жағасындағы жәннатты жазирада біраз уақыт бола тұрсақ жаман болмас-ау, ірге аудармасақ тіпті жақсы болар еді, — деген күнкілдерді Ақ Сарбаз бірнеше рет естіді. Халық көлді Төтгісу деп атап кетіп еді.

Тайпаластар арасындағы күншілдік пен қараулыққа жаны күйзелетін Ақ Сарбаз жанжалға соқтырар жағдайдың пісіп келе жатқанын сезді. Ол Жасыл Жұлдыздың бататын бағытын бетке алып ерте көктемде қайтадан жолға шығу керек деп шешті. Өзі Жерұйыққа алғаш келгенде есіне сақтап қалған Ұлы Далаға тұяқ іліктіру қажет еді.

Алайда Ақ Сарбаздың жоспарына өмір өз өзгерістерін енгізді. Планета Құрылысшысы қонақтарына жәрдемдесіп, бейімделудің кезеңін өз планетасының ең қолайлы жерінде өткізуіне мүмкіндік бергенін ол білетін. Бірақ, келушілер бұл уақытта жазираның шөбін тауысып, көлді лаптап экологиялық тепе-теңдікті бұзып та үлгірді.

Сол себепті, Жерұйықтың нәзік, қорғансыз табиғаты көктемге жетпей-ақ, қонақтарына қозғалу туралы дабыл берді. Бірнеше рет жер сілкінді. Көлден толқын көтеріліп ауылдың бір бөлігін су алып кетті. Бұдан ешкім

зиян шеккен жок, себебі мал біткеннің бәрі көл төңірегіндегі шөп атаулыны түгел тауысып таудағы жайылымдарға шығып кеткен болатын.

Ақ Сарбаз да, елі де бұл қорықты кідірмей тастап шығу керек екенін түсінді. Таулы жазирамен қош айтысып, асу аузында Тәттісуға сонғы рет көз тастаған жұрт өздерінің шексіз көшу сапарын бастады. Тастакты, жартылай шөлді аймақты көптеген қиыншылықтармен басып өткен олар ақырында Ұлы Далаға келіп аяқ басты. Осы кезде Ақ Сарбаздың, Жерұйықтың астрал дүниесіндегі зиярат мерзімі бітті. Жердің физикалық дүниесінде калған, әлі дәмі таусылмаған физикалық денеге қайтатын уақыт жетті. Тек жетінші деңгейдегі Ғарыш Құрылысшысының ғана, физикалық денені ұзақ уақытқа тастап шығуға, астрал денесінде жүріп өз өмірінің біразын басқа Галактикада кешуге, содан кейін Жердегі өзінің физикалық денесіне қайтып оралуға мүмкіндігі бар.

6. Уәделі мекен — Жерұйық

Жерұйықпен қоштасар кез келгенде Ақ Сарбаз бүкіл тайпасын жинады да, өздерінің Жердегі алғашқы кездесуіндегідей Рахильден, бұл жолы Жерұйық құдығынан су алып келуін өтінді. Содан соң халыққа өзінің өлмейтіндігін, тек Жерге қайту керек екендігін жариялаған. Осыдан кейін Ақ Сарбаз өз халқының болашақ жолын көрсетіп, Жерұйықтың физикалық дүниесін Жерден келген туыстары жайлайтын мерзімін белгіледі. Ақ Сарбаз өзінің Ғарыш қайығын бұдан бұрынырақ шақырып алдыртқан. Жерұйық халқына өз ықтиярын білдірген ол Жер планетасының астрал дүниесіне, одан соң энергетикалық арна арқылы өзінің физикалық денесіне қайтып келді.

Осылайша астрал дүниесінде Жерұйыққа көшу іске асты. Ақ Сарбаз өз жоспарының денін орындап болды, енді бұл жоспарды физикалық дүниеде іске асыру ғана қалды.

Кейінірек, адамзаттың ықтиярына байланысты Ақ Сарбаз айтқан Ғарыш кемесі келуге тиісті.

Жер планетасының белгіленген адамдары Ақ Сарбазбен бірге туған планетасын тастап шығып Жерұйықта эволюцияның жаңа орамын бастайды.

Бұл жоспарды физикалық дүниеде, тек тиесілі центрлері жұмыс істеп тұрған, ғарыш энергиясын, ой формаларын, астралды модельдерді басқа планетаға өзінің энергетикалық арнасы арқылы өткізе алатын жер адамы ғана орындай алады. Сол себепті Ақ Сарбаз тіршіліктің жеті деңгейінің Ғарыштық Құрылысшысы болып тағайындалды. Ол Ғарыштың Карма Заңына сәйкес, оған өз өмірлерін сеніп тапсырған адамдармен бірге, жаңа планетадағы барлық ауыр сыннан өтуі керек.

Жерұйық планетасындағы физикалық денесімен Ақ Сарбаз, Жерұйықтың Планеталық Рухы белгілеген физикалық дүние заңдарын орындауға міндетті.

Жетінші деңгейлі Ғарыш Құрылысшысы өзінің центрлері және энергетикалық арнасы арқылы Жерұйықпен тікелей байланыста. Ол жақта Ақ Сарбаз Жерұйықтың астрал және ментал дүниелерін алтыншы сағы

адамдарына арнап дайындап жатыр. Бұл жұмыс сол сәтінде Жер планетасының ментал дүниесіне игі әсерін тигізіп жатыр, себебі Ақ Сарбаз Жердің физикалық дүниесінде әлі өмір сүріп жатыр, ал өзінің жетінші центрі арқылы Жерұйықпен байланысып тұр. Өзіне тиесілі рухани қызметтің денін ол Жерұйықта тындырады. Тек анда-сонда ғана Жердің тамыры тайыз жатқан болашақ оқиғаларын түзетіп жіберіп отырады.

Жердің ментал дүниесіне келетін Жерұйықтың ой формалары алтыншы саты адамдарының санасына танбаланып жатыр. Осының бәрі оларға тікелей қатысты болуының әсерінен олардың бойында ерекше сабыр және жана білімге деген құштарлық қалыптасқан. Тайпа қайтадан беймәлім мекенге бағытталған өзінің ең ауыр көшіне дайындық үстінде.

Жерұйықта өмір сүруге бұйырылғандар өздерінің центрлері арқылы Ғарыш Құрылысшысымен байланысқан және оның центрлері мен энергетикалық арнасы арқылы Жерұйықтың ментал дүниесінің ой формаларын қалыптастыруға қатысады. Олар бұл ой формаларын өздерінің болашақ Отандарының ментал дүниесінен астрал, одан әрі физикалық дүниесінде іске асырады.

Бұл әрекеттестік Жерұйық жайлы нақты мөлiмeттi бiлетiн алтыншы саты адамдары санасының күрт дамуына апаралды. Бүгінде олар өздерінің болашақ ғұмырларын егжей-тегжейіне дейін біледі. Бұл ой формалары Жерұйықтың ментал дүниесінен астрал дүниесіне әсер етіп жатыр.

Жер планетасына қарағанда, Жерұйықтың алтыншы дәрежелі Планеталық Рухы жетінші дәрежелі Құрылысшымен Әріптес болып эволюциялық процестерге белсене ықпал етеді. Бұл әрекеттестіктің арқасында өріс алған тегеурінді эволюциялық өрлеудің жалынында Ақ Сарбаз бен Жерден қоныс аударушылардың ауыр қармасы жанып кетеді. Ақ Сарбаздың да есебі осы болатын — Эволюциясының Жерден өрбіген бұтағынан Ғарыш өзінің көптен күткен жемісін татуы керек.

Жердегі эволюцияның бейбіт жалғасуы Ақ Сарбаздың өз халқымен бірге Жерұйыққа аттануына мүмкіндік береді. Ал Армагеддон болған жағдайда Ақ Сарбаздың Универсал Ғарыш Модулі Жерұйыққа тартылады да, сол жерде адамзаттық ана оған Жерұйықтың физикалық дүниесінде өмір сүруге жарайтын дене береді.

Бұл алтыншы саты адамдарының жана Отандағы эволюциясын жалғастырудың бірден бір шарты.

Ақ Сарбаз өзінің Сарыарқасымен, уланып былғанған, жыртылып, талан-таражға түсіп қор болған асыл Жұртымен қоштасып отыр. Ақ Сарбаздың жүрегі Отан үшін шеккен ауыр «жанын жегідей жеп өртеген» кайғыдан арылды. Ол өзінің соңғы ғұмырын аяқтағаннан кейін, қандастарына және Жер халқының басқа да перзенттеріне қосылып Ғарыш Кемесінің аттанып алаңына келеді.

Ақ Сарбаздың алғашқы жоспары бойынша тек Жердің физикалық дүниесінен көшірілген бірнеше жүз жандармен бірге астралдан көшірілетіндердің Универсал Ғарыш Модульдары ғана адамзаттың осы бөлігінің эволюциялық жолы толығымен аяқталғанша тіршілік айналымына қатысуы қажет еді.

Алайда Жер планетасындағы оқиғалардың одан ары өрбуі барысында Өзөзіл Империясының ыдырауы және алтыншы саты халқының егеменді мемлекетінің пайда болуы Жер планетасы тұрғындарының Эволюцияның алтыншы сатысына қарай жасаған алғашқы қадамы болды.

Алтыншы саты адамдарының пайда болуы — мыңдаған жылдар бойы жауыздық өргізген, Ғарыш Бауырластығының ең зор дұшпандарын тудырған Жер планетасын ақтайтын жалғыз ғана айғақ. Тірі жан иесі — Жер планетасы өзіне тиесілі жолмен ғарыштық тіршілік ағынына қайта ену үшін, өзін-өзі сақтауға жалғыз ғана мүмкіндігін сарқа пайдаланады да, планеталық тұлға ретінде дұрыс дамуын бастайды.

Алтыншы саты перзенттерінің энергетикалық арналары арқылы Жерге келіп жатқан ғарыш энергиясы, сырқат планета үшін, тереңде жатқан, жер бедерін айықтыруға бағышталған алып тетікті іске қосатын сигнал болып саналады.

Ішкі механизмге бағынған планета континенттердің бірін ішіне тартып, сыртқа жана құрлықтарды итеріп шығарады. Бұл қалайша іске асатынын Исаяя пайғамбар айтқан (41-ші бап):

«5. Аралдарды көрдік те үрейлендік. Жердің шеті дірілдеді. Бір-біріне таяп келіп, қосылды.»

Ал планета өзі, өзінің эволюциялық игілігі — алтыншы саты адамдарын қорғайды және Ғарышта көптен күтулі алтыншы саты перзенттеріне Жерұйықпен қабаттаса Жерде де өмір сүре алатындай ахуал тудырады. Уланған, тіршілік етуге жарамсыз жерлерді планета ішіне тартып алады. Қайнаған магма улы химиялық қосындылар мен экологиялық зиянды өндіріс қалдықтарын қайыра ыдыратады. Кез келген тірі организм сияқты, планета, бұл шлактарды өңдеп зарарсыздандырады да, өзінің мәнді ағзаларынан алыс жерге көміп тастайды. Бұрынғы құрлықтардың орнына планета өз ішінен жана құрлық — Жердегі Жерұйық пен аралдарды өсіріп шығарады. Осы құрлықтарға табан тіреген адамзат, Жерұйық өркениетімен қабаттасып, өзінің туған планетасында Эволюцияның алтыншы сатысына өрлей бермек.

Бұндай жағдайда Ғарыш Құрылысшысы Жер адамдарының Универсал Ғарыш Модульдерін Жерұйыққа өткізе алады. Галактикалар арасындағы туыстас өркениеттер мен тұлғаларды алмасу Ғарыштың «Кілікпеу туралы» хұқығына еш нұқсан келтірместен іске аса береді. Жерұйық тұрғындары мен Жер адамдары бірлесе әрекеттесіп ортақ кармалық спираль өреді. Жерұйық оқиғалары кейіннен міндетті түрде Жерде қайталанатын болады. Бұл заңдылық Жерұйық өркениетінің Жер өркениетімен салыстырғанда анағұрлым биік болуынан шығып отыр.

Уақыт өте екі планета да эволюциялық деңгейлерімен теңесіп біртұтас өмір ағынын қалыптастыруы керек.

7. Елім-ай

Физикалық дүниедегі белгіленген жеріне жүк кемесі қонған сәтте, Жер планетасының астрал дүниесінде Тозақ пен Тазартқыш жойылады.

Немесе Армагеддон отында планетамен бірге өртенеді, немесе Эволюцияның алтыншы сатысына бүкіл адамзаттың мүмкіндігінше Жердің планеталық Рухымен біріге жылжуына байланысты кармалық қажетсіздігінен Тозак пен Тазартқыштың тіршілігі мүлдем жоғалады.

Осы нұсқаның қайсысы іске асса да Жерұйыққа қоныс аударушылар бұл дүниеде енді орны да қалмаған Тозак пен Тазартқышқа қайтып орала алмайды. Осылайша карма заңы формальды түрде болса да орындалады.

Келмеске кеткендердің Универсал Ғарыш Модульдері, Эволюцияға сәйкестігі тексерілгеннен соң тіршілік айналымынан алынады. Алтыншы саты перзенттері Жерде соңғы рет отанымен қоштасып «Елім-ай» әнін айтады, содан кейін қасіретті халықтың Жаңа тарихы басталады.

Қоныс аударушылар, ракета жерден тебінгенде өздерінің туған планетасын соңғы рет тамашалап қоштасады, одан кейін біраз уақыт өткен соң өздерінің асыл шырағы — алтын Күнмен мәңгіге арыздасады.

Жерден жеткен өмір эстафетасын қабылдаған Ғарыш Кемесі галактикааралық кеңістікті жүзіп өтеді де, Жаңа Отанда Жиһанның негізгі заңы — Эволюция заңын іске асыру ары қарай жалғаса бастайды.

Жер адамдары Жерұйыққа тұтас әулеттер болып көшіріледі. Бұл әулеттік қарманы сақтау үшін және болашақта басқа деңгейдегі мейірбан қарманы қалыптастыру үшін керек. Қоныс аударушылардың арасында еңбектеген баладан бастап еңкейген қарияға дейінгі аралықтағы түрлі жас өкілдері болады. Бұл, эволюцияның бастауыш түйік кіші сатылары, Жаңа Отандағы саналы тіршіліктің табиғи айналымын қалыптастыру үшін керек. Барлық қоныс аударушылар және алғашқы керекті азық-түлік қоры, киіз үйлер, үй тұрмысының жабдығы, көшпелі малшылардың еңбек құрал-саймандары, Жерұйықтың шөлейтінде өмір сүре алатын малдың тұқымдары — осының барлығы жүк кемесіне тиеліп күнмаңайы орбитасында тұрған жұлдыз кемесінің тұрғын бөлігіне жеткізіледі.

Жұлдыз кемесінің аттануы мен Жерұйық орналасқан жұлдыз жүйесіне ұшу уақыты қатаң белгіленген.

Бұл аталмыш жұлдыз жүйесінің аса сирек қасиетімен түсіндіріледі. Бүкіл жүйе қатып қалған газ бенен мұз кесектерінен тұратын тығыз қалқанмен қоршалған. Осының арқасында бұл жұлдыз жүйесіне ешбір ұшатын аппарат ене алмайды. Туған күнінен бастап осы уақытқа дейінгі аралықта бірнеше рет қана, аспан механикасының заңдарына сәйкес бұл қалқан бойында қысқа уақытқа қуыс пайда болған.

Қазір Жерұйықтың жұлдыз жүйесінде дәл сондай, сирек кездесетін құбылыс басталды, яғни планеталардың бәрі бір сызық бойына реттеліп, олардың ортақ массасы екінші жұлдыз — Ақ қортықпен бірігіп белдеудің бір жағынан өте сиретілген кеңістік — қалқандағы қуысты тудырады. Жұлдыз кемесінен бөлініп шыққан жүк кемесі осы қуыс арқылы өтіп үлгіруі керек.

Жүк кемесі қоныс аударушыларды Жерұйыққа жеткізіп салғаннан кейін метеорит белдеуіндегі қуыс жабылады да жұлдыз жүйесінің ішінен

болсын, сыртынан болсын, барлық ұшатын объектілердің жолы ұзақ ғасырларға кесіледі.

Біздің ғарыштық бауырластарымыздың біразы астрал дүниесінде өмір сүреді. Қалғандары планетаны дер кезінде босатып Жерден қоныс аударушыларға тастап кету үшін, өздерін және туыстарын азапты құрбандыққа шалып, өздерінің физикалық денелерінің дәмін барынша тез тауысуға тырысуда.

Бірақ бұл құрбандықтары үшін оларға жылдам эволюция сыйы беріледі. Олардың астрал дүниесі физикалық дүние тұрғындары үшін ашық. Ол жердегі дүниелер арасындағы әріптестік ешқашан да үзілмейді, сондықтан олар ажал дегеннің не екенін білмейді, физикалық денелерін тастап шыққан жан-дар іргедегі қабаттас дүниеде өмір сүре береді.

Эвакуациялық шеріктер өз өркениетінің белгілерін жою жұмысын аяқтайды, биологиялық айналымдарды өзінің биік саналы бөлігінсіз тіршілік етуге түйықтайды. Бұрынғы өркениеттің орнын енді Жерден қоныс аударушылар басады. Жер адамының табиғатпен өрекеттесіп, тіл табысуы қандай болса, Жаңа Отандағы өмірі де соған сөйкес болады.

Қатаң мұрсатқа сөйкес Жерұйықтың жергілікті тұрғындары таяудағы планетаның біріне қоныс аударады. Ғарыш бауырластарымыз Жер адамдарын қабылдау үшін жүргізіліп жатқан дайындық жұмыстарын аяқтап қалды, бірақ белгіленген мерзімге үлгірмейтін түрі бар. Сондықтан Ғарыш Құрылысшысы бұрын өзі байқап қалған таудағы көлдің бет алдындағы құм мен шөлейттің түйіскен жерін қону алаңы етіп белгіледі. Ұлы Шөл осы тұсқа таяғанда едәуір тарылалы. Көшіп келушілер таяу арадағы адырлардан алыстағы биік тау шыңдарын тамашалай алады. Ақ Сарбаз бұл тауларды Төңіртау деп атады. Төбесін бұлт пен мұнар жапқан қарлы шыңдар мөлдір сулы, шүйгін жайылымды Жетісу мен Алтайды елестететін болады. Саһара жұрты үшін осы — Жерұйық болмақ.

Қоныс аударушылардың түсетін жері жан-жақты ойластырылған. Аталмыш жердің ауа райы, біркелкі өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, аса терең емес өзендер көшіп келушілердің тез адаптациялануына ықпал етеді. Олар біраз уақыт бойы кемелінің тұрғын бөлігінде болып Жерұйыққа аз-аздап үйрене бастайды. Кеме өзі үй, өзі қуат көзі және Уақыт Жібін үзбей, бұрынғы Эволюция Сатылары азапты тарих жайлы Шежірені бұзбай сақтау мақсатында жинаған адамзаттың рухани және мәдени қоры да болады. Бұл, эволюциялық Зейін мен Тәжірибені өшірмей сақтауды талап ететін алтыншы саты жоспарының орындалуының бірден бір шарты.

Жойылмайтын голограммалық мәліметті сақтайтын компьютер тұрған Білім Қорына әркім кіре бермейтін болады. Тек Киелі Күпияны Сақтаушылар ғана эволюциялық процестер мен пайда болған проблемаларды Жердің оқиғаларымен салыстырып пайымдауға хұқылы болады. Себебі, Жер қармасы әрбір адамның бойынан және тұтастай алғанда бүкіл алтыншы саты халқының абыройынан ажырамақ емес.

Жерұйық жұртының ортақ қармасына Ақ Сарбаздың қармасы өріледі.

Егерде ол өз халқымен бірге Жерұйыққа барып түссе, онда қоныс аударушылардың жолы аса ауыр болмайды, себебі Ақ Сарбаздың Жерұйық жайлы білімі олардың жаңа өмірге деген төзімін арттырады.

Алайда, Армагеддон болмай қоймаса, онда Жарық Күштерінің жеңісі үшін Ақ Сарбаздың сол кезде құрбан болуы шарт. Бұлай болғанда алтыншы сағи халқы өз ішінен жұлдызы жарқырап туатын ең асылын күтеді. Жаңа Отанда туған Осы перзенттің бойынан олар өздерінің Ақ Сарбаздарын жазбай таниды.

Карма спиралі бойынша, бірақ енді Жерұйықта Ақ Сарбаздың Саһарадағы, Әжесінің үйінде, туыстарының ортасындағы балалық шағы қайталанаты. Ол өзінің өткен ғұмырындағы астрал денесінде жүріп Жерұйықта көргендерін есіне түсіреді. Сонда туған тайпасы, жетінші дәрежелі Құрылысшының лауазымын, күдіретін және білімін иеленген жас баланың айтқандарын бұлжытпай орындайды.

Карманың бұлтартпас өміріне бағынған Ақ Сарбаз Жерұйықтың батысында моншақтай тізілген тауларға көшін бастап жүре береді. Төтесінен кесіп өтпек болған алғашқы әрекет сәтсіз аяқталады. Жол қарауға кеткен адамдар аласа Қаратау мен биік Төңіртаудың арасын қақ бөліп жатқан тік жарлы терен аңғардан мал-жанмен өту мүмкін емес екенін айтып, қайтып келеді. Тайпаның бір бөлігі шығысқа, шөлейтке қарай жылжып көреді, алайда көп ұзамай шөлейттің көлемі, жұтан жайылымы мен суаты малға қол емес, — деп кері қайтады. Сол кезде Ақ Сарбаз, ұрпақтар кейіннен аңыз қылып айтып, алғыспен еске алатын жаңа жол ашады. Бұл тұщы сулы Тенізге, одан ары Жерұйықтың Ұлы Даласына апарар жалғыз дұрыс жол болып шығады.

Ақ Сарбаздың елі малға жеткілікті шөбі мен суы бар жолмен солтүстікке өрлей жылжиды. Көгал мен суаттарды жағалаған Ақ Сарбаз әулеті тауға жетіп ойдағы көлге құлап, осы жерде ұзақ тұрып қалады. Таудың шынынан олар түтін салып қалған жұртқа белгі береді. Олар да Ақ Сарбаз көшінің сонынан еріп таудың көлі мен гүлденген жазираға келеді. Шырышы бұзылмаған табиғаттын аясында жер қайысқан көп халықтың ұзақ уақыт қоныс тебуі Жерұйықтың ментал және астрал дүниесіндегі жарасымды бұза бастайды. Планетаның физикалық дүниесінде апаттың лебі білінеді.

Сондықтан Ақ Сарбаз қайтадан Ұлы Даланың ішіне қарай еңдей көшеді.

Жол бойында Ақ Сарбаздың тайпасы Жасыл Жұлдыздың батар тұсын маңдай сүбеде ұстап жайылым мен суаттарды жағалай көшпелілердің ирек бағытымен жүреді. Осы жолдың бойында қарт адамдар өз эволюциясының алтыншы кіші сағисын бір ғұмырда төмамдайды. Барлық пен молшылыққа бөккен қандастарына бата берген олар, туыстардың құрметіне бөленген күйде Жерұйық планетасының физикалық дүниесін тастап шығады.

Жерұйықтың физикалық дүниесінен қайтқандар оның астрал, одан кейін ментал дүниесін жайлайды. Олар қабаттас дүниелерде әуелі қысқа ғана ғұмыр кешеді.

Жерұйықтың жаңа тұрғындарының Универсал Ғарыш Модульдері ментал және астрал дүниесінің сапасы жаңа материясын өзіне тартып алып

планетаның физикалық дүниесінде жаратылады. Бұл өз кезегінде, Жерұйықтың жаңа тұрғындарының дене бітімдерінің өзгеруіне апарып соғады. Балалардың сыртқы келбеті ата-аналарына ұқсамайтын болады. Олардың бет-әлпеті нәзік болады, ал ұзынша үлкен көздері Жаңа Отанының барлық бояуы мен реңкін көретін болады. Олардың денелері Ғарыш энергиясымен қоректенуге лайықтала бастайды.

Қабаттас дүниелерде не болған эволюциялық нышандар мен қабілеттер жаңа дүниенің жаңа азаматтарын аса жылдамдаған эволюцияға бастайды. Астрал және ментал дүниелері физикалық дүниемен және оның жаңа тұрғындарымен үздіксіз қатынасқа түседі. Жасыл Күннің биік қуаты жұмсақ, жылы және шашыранқы сөулелену күйінде тарайды. Жерұйықтың бояуы қанық табиғат суреттері алтыншы саты адамдарына берілген сый болады. Осының барлығы Жерұйықтың физикалық дүниесінен қайтқандардың тұратын мөлдір астрал дүниесімен оңай да қарапайым қатынастың арқасында жалпы рухани өрлеуге бастайды.

Ұлы Даламен көшудің барысында көптеген ұрпақ ауысады. Жерұйықтың қабаттас дүниелеріндегі қандастар физикалық дүниеде жаратылып, тайпа есе бастайды. Бұл кезде олар Жерұйықтың астрал дүниесіндегі өмірін аяқтайды. Бұл жерге олар Ғарыштық жұлдыз кемесімен Галактикааралық Соттың, адамзатты басқа планетаға көшіру туралы үкімі шығарылғаннан кейін жеткізілген болатын.

Жылдам өрлеген олар ментал дүниесіне өтеді де, алғашқы қоныс аударушылар физикалық дүниені тастап шыға бастағанда, бұлар ментал дүниесіндегі қысқа ғұмырларын аяқтайды. Олардың Универсал Ғарыш Модульдері физикалық дүниеге тартылып, жаңа денеде, жаңа планетада, Жасыл Жұлдызы жарқыраған жаңа аспан аясында дүниеге келеді.

Жерұйықтың жаңа тұрғындары аса қолайлы жағдайда, рухани жолда жылдам жетілетін болады. Бұл жайында Бірінші Әсиетте Исаяй пайғамбар айтқан (66-шы бап):

«22. Міне, сонда, Мен жаратқан жаңа аспан мен жаңа жер дәйім Менің көз алдымда тұратыны сияқты сендердің үрқын да, есімің де солай болмақ, дейді Иеміз. »

Жаңа Әсиетте апостол Петр бұл жайында өзінің Екінші сөлемінде былай деген (3-ші бап):

«13. Біз, Оның өсиетімен, ақиқат қана жасайтын жаңа аспан мен жаңа жерді күтудеміз. »

Соңғы Әсиеттің 14-ші сүресінде былай делінген:

«49. Жер — басқа жерге айналған, ал аспан — басқа аспанға айналған күні олар барлығын бағындырған бір Құдайдың алдына келіп тұрады.»

БҮДАН БЫЛАЙ ҚҰДАЙДЫҢ АЛДЫНДА ТҮРҒАН АЛТЫНШЫ СЫДАН ПЕРЗЕНТТЕРІ ЕНДІ ЕШҚАНДАЙ КЕЛІСІМДІ КЕРЕК ЕТПЕЙДІ. ОЛАР БІРТҮТАС ҒАРЫШ АҒЫНЫНДА ЖЕДЕЛ ДАМИТҒЫН БОЛАДЫ.

Жерұйықтың аса жылдам дамыған тұрғындарының Универсал Ғарыш Модульдері Ғарыш Құрылысшыларының деңгейіне жеткеннен кейін, өз еркімен Жер планетасында жаралып адам қоғамының эволюциясына игілікті ықпалын тигізе алады. Осының арқасында адамзат, байтақ ұмтылыс жасап саналы айуан дәрежесінен Ғарыш адамы дәрежесіне көтеріледі. Бұндай адамның Жерде жетерлік дәрежеде дамыған Универсал Ғарыш Модулі арқылы Жерұйықта туып, жердегімен салыстырғанда өлшеусіз биік ахуал үстінде өзінің эволюциясын жалғастыруға мүмкіндігі бар.

Көшпелілер Ұлы Даланы жайлап болғанша оның бұрынғы тұрғындары өз өркениетінің барлық белгісін жойып үлгіреді де олардың Ғарыштық жоспары толығымен орындалған болып саналады. Ұлы Дала миллиардтаған адамды асырай алады. Жерұйық тұрғындарының келесі әулеті Жер планетасының астрал және ментал дүниелерін тастап шыққан, Жерұйықта дүниеге келудің жұқығын алған тұлғалардың Универсал Ғарыш Модульдерінің есебінен көбейе алады.

Ұлы Даладағы сапары кезінде Ақ Сарбаз өзінің тозған физикалық денесін тастап шығып, Жерұйықтың қабаттас дүниелеріне өтеді. Содан кейін Ақ Сарбаз шамамен төртінші буында қайта туып Жерұйықты толық айналтып шығады.

Жерұйықта дүниеге келген әрбір буын бұрынғыларына қарағанда планетадағы тіршілік құру жағдайына әлдеқайда бейімделген болады. Тайпа қатыгез шөлейттен қиналмай өтіп Кемеге қарсы тараптан қайтып келеді. Бұлар Тіршілік Айналымының заңына сәйкес туған, бұрынғыға қарағанда кемелі биік денені иеленген сол баяғы 1-ші көшпен қоныс аударушылар болады. Оларды, бұлар сияқты жаңа денені иемденген, Кеменің жанында қалып қойған қандастары қуана қарсы алады. Тауға қарай көшіп кеткендерді бұлар көп уақытқа дейін ұмытпай естеріне сақтайды, ал уақыт өте көзден тайғандар бұлар үшін аңызға айналады.

Араларында бір ғана реніш, көлеңке болады. Кеме жанында қалып қойған отырықшылар өздерінің көшпелі қандастарынан бет әлпетімен де андағайлап ажырасып тұрады. Кеме манайындағы кеңістікті игеру барысында бұлар Жер планетасындағы өздерінің қыстауларына ұқсас тұрақ салып алады. Жарым-жартылай бұрынғы тұрмысты, тіпті айырбас сауданы жаңғыртады. Бұның барлығы руымен бір адам үшін, бір адамы бүкіл ел үшін құрбан болып үйренген көшпелілерді қатты түнілдіреді. Ұлы Даламен көшкен заманда бір біріне сүйеу және құрбан болу қағидасын ұстанып қана аман қалып эволюциялануға болар еді. Сондықтан Ақ Сарбаз отырықшыларға да, алғашқы табантнер тұраққа қайтып келгендерге де таудағы Теңізге, одан ары Ұлы Далаға қарай көшуге өмір етеді. Бұл сапарды Ақ Сарбаз бітпеске, мәңгіге, Жерұйықтағы физикалық тіршілік аяқталып, халық Эволюциясының жаңа, жетінші сатысына өткенше бұйырады.

Осы — әуелі Ғарыш Кемесінен басталған, одан кейін Ұлы Даладағы ұшы-қиыры жоқ жолға ұласқан сапарда Жер планетасында басталған Кармалық Спираль өзінің бастапқы Нүктесіне келіп тұйықталады. Қабылшы тастап, адамзат, Құдайдың сүйген құлы — көшпелі Абылға келеді, одан кейін

Адам ата мен Хауа ананын ұрпағы алтыншы сатының аяғында астралды Жаннатқа қайтып оралады. **ҰЛЫ ДӘУІР ӨЗІНІҢ БАСТАПҚЫ НҮҚТЕСІНЕ КЕЛІП КҮРМЕЛЕДІ.**

Құдайға кейіптес, ұқсас етіп жаратылған адам, оянған центрлері арқылы өз бойында биік қасиеттерді сомдайды. Осы қасиеттердің көмегімен ол эволюциялық қысқа мерзімнің ішінде алтыншы сатыдан өтеді де жаңа Отанының физикалық дүниесін тастап шығады, содан кейін планеталық Эволюцияны түйіндейтін жетінші сатыны игеріп астрал дүниесіне өтеді де, одан ары Жерұйық планетасының ментал дүниесін көктей өтіп шексіз Ғарыш Кеністігіне шығады.

Эволюцияның осыдан миллиондаған жыл бұрынғы, ілкі ахуалы осылайша өзінің толық қалпына келеді.

Жасы үлкен адамзат өзіне лайықты эволюциялық орнын иемденеді, ал бізге кезінде өздерінің Ғарыштық Тұрағын босатып берген жасы кіші бауырларымыз Эволюция деңгейімен енді ересек болып шыққан Жер планетасындағы бауырларының көмегін қуана қабылдайды. Осылайша Эволюциялық Ғарыш Спиралі қалпына келеді де Ғарыш циклы жалғаса береді.

ЖИҢАНЫҢ ОСЫНДАЙ СЫН САҒАТЫНДА, ТӨҢІРІМ, ҚАЗАҚ ЖЕРІН, ҚАЗАҚ ЕЛІН САҚТАЙ ГӨР!

Мазмұны

	б.
Автордан	3
Екінші басылымға алғысөз	4
I. Эволюция сатылары	5
II. Кабаттас дүниелер	26
III. Жиһан құрылымының заңдары	45
IV. Ғарыш шайқасы	57
V. Армагеддон	71
VI. Өткен құбылулардың сыры	84
VII. Ақ Сарбаз	114
VIII. Алтыншы сатының халқы	185
IX. Жерұйықтың Жасыл Жұлдызы	198

Жиһан Желтоқсан
Ақ Сарбаз

Редактор *Ж.Т.Әбілпейісов*
Суретші *Ж.Қажытайұлы*
Техникалық редактор *В.А.Клопов*

Басуға 18.12.97 қол қойылды.
Гарнитура Таймс. Пішімі 84x60/16. Баспа табағы 14.5.

«Көкіл» баспасы. 480002, Алматы, Шәмші Қалдаяқов к-сі, 25.

«КӨКІЛ»